

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 378.02:37.016;81'373;81'38

Қолжазба құқығында

СУЛТАНИЯЗОВА ИНДИРА САГИНДИКОВНА

**Қазақ тіліндегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің
лингвостилистикалық қызметі: теориялық және әдістемелік аспектілер**

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі
Филология ғылымдарының докторы,
профессор А.Қ. Жұмабекова

Шетелдік ғылыми кеңесшісі
Phd доктор, профессор
Emine Yilmaz

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2015

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТЫҢ ЛОГИКО-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	10
1.1 Лексикалық жүйедегі қарама-қарсылықтың логико-философиялық негіздері	10
1.2 Антонимия теориясының қазіргі қазақ тілі біліміндегі бағыттары	19
1.3 Қарама-қарсылыққа негізделген антонимия теориясының метатілі	43
1 тарау бойынша тұжырым	60
2 ҚАРАМА-ҚАРСЫ МАҒЫНАЛЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ӘРТҮРЛІ СТИЛЬДЕРДЕГІ МӘТІНДЕРДЕ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ	62
2.1 Публицистикада кездесетін антонимдік оппозициялардың стилистикалық қызметтері	62
2.2 Жарнама тіліндегі оппозициялардың прагматикалық функциялары	77
2.3 Көркем шығармалардағы қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметі	85
2 тарау бойынша тұжырым	107
3 ЛЕКСИКАДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ	109
3.1 Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері	109
3.2 Жоғары оқу орны оқулықтары мен оқу құралдары негізінде антонимия құбылысын оқытудың лингводидактикалық қағидаттары	121
3.3 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттарға арналған «Қазақ тіліндегі антонимия» курсының құрылымы мен мазмұны	142
3 тарау бойынша тұжырым	161
ҚОРЫТЫНДЫ	163
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	168
ҚОСЫМШАЛАР	183

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер – антонимияны кең ұғымда қарастыруға мүмкіндік беретін, яғни қазақ тілі лексикасындағы қарама-қайшы қатынастар мен қарама-қарсы мәнді тілдік құбылыстарды семантикалық және стилистикалық жағынан түгел қамтитын гипероним. Адам санасы қоршаған дүниені әлемдегі заттар мен құбылыстарды салыстыру, бір-біріне қарсы қою арқылы қайшылықта таниды. Қарама-қайшылыққа негізделген әлем бейнесін тілде қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер береді.

Тіл білімінде антонимия құбылысын зерттеу Н.Ф.Калайдович [1], П.Аккерман [2-3], В.И.Шерцль, J.Fernald [4;5], А.М.Пешковский еңбектерінен басталып [6 мәліметі бойынша], кейін Hartrampf A.Gustavus, Pohl J. Les, E. Clark, A. Roceris, F.C. Sainz de Robles, B.A.Borgmann, D. Gran еңбектерінде [7-13], сондай-ақ, Л.А.Введенская, Л.А.Новиков, В.А.Иванова, Ю.Д.Апресян, М.Р.Львов, Е.Н.Миллер, Н.М.Шанский, А.А.Киреев, В.Н.Комиссаров, Э.И.Родичева, Н.Л.Соколова, А.А.Уфимцевалар еңбектерінде жалғасын тапты [2; 14-24]. Қазақ тіл білімінде антонимдер Қ. Аханов, Ә. Болғанбаев, Ғ.Қалиұлы, М.Белбаева, С.Төлекова, Ж.Қонақбаева сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылса, Ж. Мусин антонимия құбылысын арнайы зерттеді [25-32].

Қазіргі тіл білімінде J.Lyons, A.Heinrichs, Cleary P.Brian, A.Markowski, Л.В. Балахонская, Ю.К.Лекомцев, Е.Н.Миллер, М.Р.Львовтар антонимияның жұмсалымдық жағын қарастырады [33-38;19;18]. Қазіргі отандық ғалымдарымыз қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді жұмсалымдық бағытта келесі қырларынан зерттеп келеді: салғастыру арқылы (А.Қ.Жұмабекова, М.Г. Нұрбердиев, Қ. Есімбекова, С.С. Мұхтарова, А.С.Кожажметова) [39-43]; көркем мәтін негізінде (Ж.Қ.Әділбекова, А.Е.Жүсіпов, А.А.Әбдісадықов, А.Б.Жүсіпбекова, Ж.М.Мақешова, Н.М.Қабылдина, А.Х.Бекбосынова, Ғ.Исамалинова) [44-49]; синонимия, полисемиямен байланыста (Ғ.Қ.Резуанова, А.Р.Найманбай) [50;51], фразеологиялық тұрғыда (Г.Т.Сырлыбаева) [52], тарихи жағынан (Б.Р.Құлжанова) [53]; оқыту әдістемесі бойынша (Р.Бегалиева, Р.Өтепова, А.Есдәулетова) [54-56].

Қазіргі зерттеу объектіден субъектіге ауысқан, ғылымның адам санасы мен түйсігіне, психологиялық ахуалына бет бұрған заманында антонимия мәселесі де жаңа арнаға, ұлттың таным-түсінігіне қарай ойысуы заңды. Соңғы жылдары антонимия құбылысын танымдық қырынан зерттеген еңбектерде (Б.Қ.Ақбердиева, Ұ.Б.Серікбаева, С.Ғ.Қанапина, С.А.Жиренов, Ж.Т.Қошанова, А.Ж.Шалбаева) кейбір антонимдік жұптарға танымдық тұрғыдан тұшымды талдау жүргізілген [57-62].

Антонимия құбылысы жұмсалымдық бағытта зерттелген мақалалар басылым беттерінде жариялануда. Мақалаларда орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі антонимдер, көркем шығармалардағы антонимдік және

энантиосемиялық құбылыстар, антонимдердің стильдік қызметтері, олардың сезімге әсері қарастырылады. Сонымен қатар, салғастырмалық бағыттағы зерттеулер жалғасын тауып келеді, антонимдерді оқыту әдістемесі мен фразеологиялық антонимдердің табиғаты ізденушілердің назарынан тыс қалмады.

Ғылыми еңбектердегі, зерттеу мақалаларындағы ғалымдардың пікірлері бірде ұштасып, бірде бір-біріне қайшы келіп жатса да, тәуелсіздік кезеңінде антонимия теориясының жаңа сатыға көтеріліп, тың бағыттарда зерттелу үстінде екенін көрсетсе керек. Жұмсалымдық бағытта жүргізілген зерттеулерден антонимия теориясында талас тудыратын мәселелердің бір ізге түсіріліп, ұсынылған теориялар жан-жақты талдауды қажет ететіні көрінеді.

Тіл мен сөйлеудегі қарама-қайшылықтың семантикалық мәні жан-жақты ашылмай келеді. Қазіргі тіл білімі басты мағыналық бірліктердің бірі болып табылатын қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді анықтауда бірізді әдісті ұсына алмай отыр. Антонимдік қатынастар мәселесі жекелеген еңбектерді есептемегенде, тілдік антонимдерді талдау жолымен шешіліп келді. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді зерттеу түрлі жанрдағы мәтіндер, мысалы, қарама-қарсылық жиі кездесетін публицистика, көркем шығарма және жарнама мәтіндері негізінде жүргізілуі тиіс.

Қазақ тілінің контрастқа негізделген антитеза, амфитеза, диатеза, антиметабола сияқты стильдік фигураларына жекелеген ғалымдардың еңбектерінде түсініктеме берілгені болмаса, зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. Сол себепті, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі арнайы зерттеуді қажет етеді.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер зерттеу жұмыстарында әр түрлі аталып, бұл құбылыстың тек кейбір қырлары ғана ашылып келді. Олар бір ізге түсіріліп, жүйеленбеген.

Антонимдерді оқыту барысында тіл лексикасындағы антонимия, синонимия, полисемия және олардың бір-бірімен байланысы сияқты логико-философиялық негізі бар, жүйелік парадигмалық қатынастар туралы ұғымдар қалыптастырылмайды.

Осы айтылып өткендер антонимия құбылысын зерттеуде төмендегідей қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетті:

- антонимия теориясының метатілі толық анықталмауы және қазіргі кезге дейін терминдердің бір ізге түсірілмеуі;
- қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің қызметі стилистикалық
- тұрғыдан зерттелмей келуі;
- қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде оқыту әдістемесі жасалмауы.

Осы аталған қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру зерттеу тақырыбын «Қазақ тіліндегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің линвостилистикалық қызметі: теориялық және әдістемелік аспектілер» деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу нысаны: қазақ тіліндегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер.

Зерттеу пәні: қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың қолданыс барысындағы қызметі.

Зерттеу болжамы. Егер, магистратураның филология мамандықтарына «Қазақ тіліндегі антонимия» курсы оқытылса, онда лексикадағы жүйелік қатынастар туралы білімдері жетілген кәсіби мамандар дайындап шығуға мүмкіндік туады, өйткені курс қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің семантика-құрылымдық, стилистикалық қырларын публицистика, жарнама, көркем шығармалар негізінде толық меңгертуге, магистранттардың тілдік, қатысымдық, танымдық, тұлғалық, ұжымдық, шығармашылық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталады.

Зерттеу жұмысының мақсаты: антонимия теориясы терминдерін жүйелеп, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде оқыту әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің міндеттері:

- антонимия теориясының қазіргі қазақ тіл біліміндегі бағыттарын айқындау;
- антонимия метатіліне сипаттама беру және оны жүйелеу;
- қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметтерін көрсету (публицистика, жарнама, көркем мәтіндер негізінде);
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде антонимия құбылысын оқытудың лингводидактикалық қағидаттарын ұсыну.

Зерттеудің жетекші идеясы: қазақ тіліндегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметін магистранттарға меңгертудің лингводидактикалық жүйесін жасау кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан жоғары мектеп маманын даярлауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының әдіснамасын логика, философия, лингвистика, психология аясындағы сыйыспайтын ұғымдар, қарама-қарсылық, қарама-қайшылық туралы тұжырымдар мен қағидалар және лексикология, стилистика мен әдістеме саласындағы ғалымдар А.Қ.Жұмабекова, Т.Г.Хазагерров, Л.С.Ширина, Р.Н.Бегалиевалардың басты ұстанымдары мен заңдылықтары құрайды.

Зерттеу әдістері: Диссертациялық жұмыс талдау, жинақтау, жүйелеу, топтастыру, саралау, семантикалық талдау, стилистикалық талдау сипаттау, модельдеу, әдістерінің кешенді түрде қолданылуы негізінде орындалды.

Атап айтқанда:

Талдау әдісі: диссертация тақырыбы бойынша лингвистикалық және әдістемелік ғылыми еңбектерге талдау жасалынды;

Жинақтау әдісі: зерттеу тақырыбына қатысты еңбектер жинақталып, жүйеленді;

Жүйелеу әдісі: антонимия метатілі жүйеленді;

Топтастыру әдісі: антонимия құбылысын қарастырған ғалымдардың еңбектері зерттеу бағыттарына қарай топтастырылды;

Саралау әдісі: ғалымдар көзқарастары сараланды;

Семантикалық талдау әдісі: қарама-қарсы мағыналық тілдік бірліктердің мағыналық-құрылымдық топтары талданылды;

Стилистикалық талдау әдісі: қарама-қарсы мағыналық тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі талданылды;

Сипаттау әдісі: контрастқа негізделген стильдік фигуралардың табиғаты, қызметтері сипатталды;

Модуль әдісі: «Қазақ тіліндегі антонимия» курсының модулі жасалынды;

Сауалнама әдісі: магистранттарға түрлі тапсырмалар, жаттығулар мен тест беру арқылы сауалнамалық сұрақтарға жауап алынды;

Эксперименттік әдіс: эксперимент және бақылау топтарына бөліп оқыту арқылы эксперимент жүргізілді және оның нәтижелеріне математикалық және статистикалық талдаулар жасалынды.

Зерттеу жұмысының кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2012–2013 жылдар) зерттеу тақырыбы, пәні, нысаны анықталды, мақсаты мен міндеттері белгіленді. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдіснамалық еңбектер мен публицистика, жарнама және көркем мәтіннен қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерге мысалдар жиналып, сұрыпталды. «6М011700 – қазақ тілі мен әдебиеті», «6М020500 – филология» мамандықтары магистранттарының сабақтарына қатысылып, оқу үдерісіне бақылау жасалды, сауалнама алынды. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқытатын таңдау курсының қажеттілігі, курстың оқу-әдістемелік кешенін жасаудың маңызды қырлары анықталды.

Екінші кезеңде (2013-2014 жылдар) жиналған ғылыми-теориялық материалдар мен терілген мысалдарға ғылыми тұрғыдан талдау жасалып, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік және стилистикалық қызметтері сараланды. Оларды магистратурада оқытудың ғылыми-әдістемелік жолдары зерделеніп, «6М011700 – қазақ тілі мен әдебиеті», «6М020500 – филология» мамандықтарына арналған «Қазақ тіліндегі антонимия» таңдау курсының бағдарламасы жасалды. Тәжірибе алды тексеру нәтижелеріне сүйеніліп, оқу-әдістемелік кешені бойынша курс апробациядан өткізілді.

Үшінші кезеңде (2014-2015 жылдар) оқыту тәжірибесі бойынша қорытынды жасалып, әдістеменің нәтижелері мен жетістіктері анықталды. «Қазақ тіліндегі антонимия» таңдау курсы қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметінің теориялық-әдістемелік аспектілері негізделді. Курстың болашақ жоғары оқу орны оқытушысының бойында кәсіби құзыреттіліктер қалыптастырудағы рөлі айқындалды. Зерттеу нәтижелері мақұлдаудан өтіп, оқу үдерісіне енгізілді. Іріктелген материалдар ғылыми зерттеу жұмысы ретінде рәсімделді.

Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде антоним теориясына, семантикаға, стилистикаға, әдістемеге қатысты теориялық тұжырым-пікірлер негізге алынды және ХХІ ғасырдағы қазақ жазушыларының шығармалары мен басылым материалдары, жарнама мәтіндері қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы

–қазақ тіліндегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметінің теориялық және әдістемелік негіздері жасалды.

–қазақ тіл біліміндегі антонимия теориясының зерттеу бағыттары айқындалып, метатілі жүйеленді. Зерттеу барысында публицистика, жарнама, көркем мәтіндерінде кездесетін қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер жан-жақты зерделеніп, контрастқа негізделген стильдік фигуралар тұрғысынан талданылды.

–магистратураның «6M011700 –қазақ тілі мен әдебиеті», «6M020500 – филология» мамандықтарына таңдау пәні ретінде «Қазақ тіліндегі антонимия» курсының бағдарламасы дайындалып, болашақ жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі ұсынылды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Диссертацияның басты тұжырымдары қазақ тіл біліміндегі антонимдер теориясы, лексикология, лексикография мен семасиология, стилистика, риторика салаларын ғылыми тұрғыдан толықтырады. Зерттеу материалдары мен теориялық қорытындылары тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеудің өзара қарым-қатынасын терең түсінуге, қарама-қарсы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметін ЖОО-дан кейінгі білім беруде оқытуға белгілі дәрежеде үлес қосады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Аталмыш зерттеудің материалдарын, нәтижелері мен пайымдауларын жоғары оқу орындарында «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», «Қазақ тілінің семантикасы», «Стилистика», «Риторика», «Тіл мәдениеті» пәндері бойынша оқытылатын дәрістерде, тәжірибелік сабақтарда, антонимия, стильдік фигуралар мәселелеріне қатысты арнаулы курстарда, антонимдік сөздік құрастыруда пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: зерттеу жұмысының нәтижелері әдіснамалық тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу әдістерінің тиімділігімен, зерттеу еңбектеріне талдау жасалуымен, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мен Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетіндегі магистратураның «6M011700 – қазақ тілі мен әдебиеті», «6M020500 – филология» мамандықтарына «Қазақ тіліндегі антонимия» таңдау курсының оқу үдерісіне енгізілуімен қамтамасыз етілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

– қазақ тіл білімінде антонимия теориясы құрылымдық (дәстүрлі антонимдер) және жұмсалымдық (салғастырмалық қырынан, көркем мәтін негізінде, синонимия, полисемиямен байланыста, фразеологиялық антоним түрінде, әдістемелік жағынан) бағыттарда дамып келе жатыр. Соңғы жылдары жекелеген мағыналық оппозицияларға жүргізілген когнитивтік талдаулардан шынайы өмір құбылыстарындағы айырмашылықтардың адам санасында бейнеленуі тұрғысынан алғанда зерттеулердің линвофилософиялық тәсілі көрінеді.

– қазіргі қазақ тілі білімінде қарама-қарсылық жұмсалымдық бағытта қарастырылуда. Антонимия метатіліне келесі терминдер кіреді: *антонимия, оппозиция, контраст, антоним, энантионим*. «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер» – антонимияны кең ұғымда қарастыратын, яғни қазақ тілі лексикасындағы қарама-қайшы қатынастар мен қарама-қарсы мәнді тілдік құбылыстарды семантикалық және стилистикалық жағынан түгел қамтитын *гипероним*. Семантикалық-құрылымдық қырынан қарағанда қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік қызметі *оппозиция* болса, қарама-қарсылық пен қарама-қайшылық тәсілдерімен берілетін стилистикалық қызметі *контраст* болып табылады.

– қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің қызметін олар жиі қолданылатын публицистика, жарнама, көркем мәтіндер негізінде жүргізген тиімді. Қарама-қарсылық – публицистикада авторлық позицияны жеткізу құралы, мысалы, соңғы жылдардағы газет беттерінде *билік – халық* оппозициясы жиі қолданылған. Жарнама мәтінінің көркемдеуіш құралдарының бірі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер салыстырмалы жарнама, драмаланған жарнама, жұмбақ-жарнама жасалады. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер мәтінде *қарама-қарсылық, салыстыру, бөлу, кезектестіру, қарама-қарсылықтарды біріктіру, барлық құбылыстарды қамту, қарама-қарсылықты жоққа шығару* қызметтерін атқарады.

– жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде антонимия құбылысын кең мағынада кешенді оқыту магистранттардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқыту үдерісінде сөйлесім әрекетіне, шығармашылық ізденіске бағытталған тапсырмалардың берілуі, антонимдер сөздігін пайдалану магистранттарда қатысымдық, ұжымдық, шығармашылық, тұлғалық, танымдық құзыреттіліктерін қалыптастырса, қарама-қарсылықты мәтіндерді талдау арқылы оқыту қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің жүйелік, семантикалық байланыстарын, стилистикалық қызметін меңгертуге көмектеседі. Магистратурада модульдік технологияға негізделіп құрылған «Қазақ тіліндегі антонимия» атты таңдау курсына қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді интерактивті оқыту нәтижелі болмақ.

Зерттеу жұмысының апробациясы: Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен нәтижелері Н.Оралбайдың 85 жылдық мерейтойына арналған «Заманауи филологиялық ғылымдар» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2013), «Kluczowe aspekty naukowej dzialalnosci» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (Przemysl, Poland, 2015), «Профессор Қ.Қ.Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (Алматы, 2015) баяндалды.

Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны: Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Диссертациялық жұмыстың кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, зерттеу нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері, болжамы, әдіснамалық негіздері,

жетекші идеясы мен зерттеу әдістері, ғылыми жаңалығы, алынған ғылыми нәтижелерінің дәлелділігі мен сенімділігі, зерттеу жұмысының апробациясы, ұсынылатын тұжырымдар мен еңбектің теориялық және практикалық маңызы көрсетілген.

Диссертацияның «Қарама-қарсылықтың логико-философиялық және лингвистикалық негіздері» деп аталатын тарауы «Лексикалық жүйедегі қарама-қарсылықтың логико-философиялық негіздері» «Антонимия теориясының қазіргі қазақ тілі біліміндегі бағыттары», «Қарама-қарсылыққа негізделген антонимия теориясының метатілі» деген тармақтардан тұрады. Бұл тарауда қазақ тіл біліміндегі антонимия теориясының зерттелу бағыттары анықталып, ғылыми еңбектер талданды. Сондай-ақ, ғалымдардың антонимия құбылысына қатысты қолданып жүрген терминдері сараланып, метатілі жүйеленді.

«Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің әртүрлі стильдердегі мәтіндерде атқаратын қызметтері» атты екінші тарау «Публицистикада кездесетін антонимдік оппозициялардың стилистикалық қызметтері», «Жарнама тіліндегі оппозициялардың прагматикалық функциялары», «Көркем шығармалардағы қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметі» тармақтарынан тұрады. Екінші тарауда қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің публицистика, жарнама, көркем шығармадағы тілдік, стилистикалық қызметтері анықталды. Мәтіндер оппозиция және контраст тәсілімен талданылды.

Үшінші тарау «Лексикадағы қарама-қарсылықты жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде оқытудың әдістемелік аспектілері» деп аталады. Бұл тарау «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері», «Жоғары оқу орны оқулықтары мен оқу құралдары негізінде антонимия құбылысын оқытудың лингводидактикалық қағидаттары», «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттарға арналған «Қазақ тіліндегі антонимия» курсының құрылымы мен мазмұны» тармақтарынан тұрады. Тарауда қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқыту арқылы магистранттардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары бағамдалды.

1 ҚАРАМА-ҚАРСЫ МАҒЫНАЛЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЛОГИКО-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Лексикалық жүйедегі қарама-қарсылықтың логико-философиялық негіздері

Жүйелілік идеясы антикалық дәуір философтары Евклид, Платон, Аристотельдердің жұмыстарында көрініс тапқан болатын. Олардың еңбектерінде тұрмыстың белгілі бір тәртібі мен тұтастығы ретінде түсіндірілген.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйе ұғымы ғылымның түрлі салаларында қолданыла бастады. Бұған Ч. Дарвиннің даму теориясы, қатысымдылық теориясы, кванттық физика, құрылымдық лингвистика және т.б. қалыптасуы бастама болды. Бұлар жүйе ұғымының нақты анықтамасын құрып, оны талдау тәсілдерін анықтау міндетін қойды. Бұл бағыттағы қарқынды зерттеулер XX ғасырдың 50-60 жылдары қолға алынды. «Жалпы жүйелер теориясы» бағдарламасын алғашқы болып биолог Л.фон Берталанфи жасаса, 50-60 жылдары кибернетиканың дамуына байланысты жалпы жүйелік концепциялар ұсынылып, жүйе ұғымына анықтамалар беріле бастады.

Жүйелілік ұстанымы нақты ғылымдардан алынған табиғат туралы білімдерді жинақтауға ұмтылған натуралистік философия шеңберінде қалыптасты. Ғалымдар пәндік білімдер қарапайым, орташа болып келетіндігін айтып, «одан күрделі, жүйелі білімге көшу» қажеттігін, сонда ғана пәннің кең жүйенің құрамында қарастырылатындығын дәлелдеді [63, 3-9; 64, 613].

Барлық жаратылыстану ғылымдарының әдіснамалық базасы жүйелілік тәсілі болып табылады. Ол зерттеуді объекті мен оның механизмдерінің тұтастығын ашуға, күрделі объектілердің көпқырлы байланыс түрлерін, олардың тұтас теориялық бейнесін анықтауға бағыттайды. Жүйелілік тәсіл қызметі құрылымдық сипатқа ие және зерттеу пәнінің жетімсіздігін, жаңа ғылыми міндеттерге сәйкессіздігін табу, сондай-ақ, білімді түсіндіру мен құруда қолданылып отырылған ұстанымдар мен тәсілдердің жетіспейтіндігін анықтау болып табылады [65, 613].

И.В.Арнольд пен Н.Н.Буга жүйе теориясының даму кезеңдерін үшке бөледі: детерменизм, стохастизм, адаптация. Ғалымдар бұл жүйе түрлерінің ерекшеліктерін келесідей анықтайды: «Детерменизмдік деп уақытқа байланысты жағдайдың ауысу заңымен жүретін жүйені атаймыз. Онда әрбір келесі жағдай алдыңғы жағдаймен, яғни зерттеушіге белгілі фактормен анықталады. Жүйенің келесі жағдайын алдыңғы жағдайдың негізінде толық болжауға болады.... Стохастикалық моделдеудің алдыңғы жүйемен ұқсас тұсы мынада: зерттеушіні қызықтыратын объект емес, оның моделі зерттеледі. Мұндай зерттеулер бұрын белгілі емес жаңа объектілер мен ұғымдар туралы ақпараттарды мәтінде беруге мүмкіндік беретін және шектеу кодына жасалатын бұрмалаушылықтан тұратын хабарламалардың әсерінен кодтың бейімделуін ескермейді» [65, 69-70]. Мақала авторлары детерминистік тәсіл тіл білімінде қолдануға келмейтіндігін (оған тіл табиғаты қайшы келеді), ал

стохатистикалық ұстаным тіл білімінде белгілі бір мақсаттарға жету үшін қолданылатындығын (мысалы, жиілік сөздігін жасауда) айтады. Ғалымдардың пікірінше, тіл сипатына бейімділік тәсілі сай келеді. Детерменистік және стохатастикалық ұстанымдарға қарағанда бейімділік жүйесіне қызмет жағдайына қарай жүйенің өзіндік бейімделуі үшін қажетті ақпараттың өзгермелілігі сипаты тән... Қазіргі басқару теориясында бейімделетін жүйе ретінде қызметтің сыртқы жағдайы мен объект қасиеттерінің өзгерістеріне бейімделіп, белгіленген басқару сапасы жүйенің өлшемі мен құрылымын өзгертуге бағытталуын қамтамасыз ететін жүйелерді таниды. Осы мақсатта бейімделу жүйесі қоршаған орта жағдайынан үздіксіз ақпарат алып отыру қабілетіне ие болуы және сол ақпаратты өз қызметін іске асыруда қолдануы шарт. Бейімделу жүйесінің өзара реттелуіне бір жағынан жүйе ішіндегі қасиеттер тепе-теңдігінің бұзылуы немесе қызмет міндеттері арасындағы қарама-қайшылық негіз болса, екінші жағынан жүйе мен оның элементтері қасиеттері арасындағы қайшылықтар себеп болады. Лексикада тепе-теңдіктің бұзылуы үздіксіз болып тұрады, ол экстралингвистикалық жағдайға байланысты қарқындылық бойынша өзгереді [65, 70-71].

Философия ғылымы жүйе мен ортаның тұтастық, құрылымдылық, иерархиялық, өзара тәуелділік сияқты жалпыжүйелік ұстанымдарын алға тартады. Аталған алғашқы үш ұстаным *жүйе* және *құрылым* терминдерінің аражігін ажыратуда маңызды. *Тұтастық* – әрбір элементтің, қасиет пен жүйе қатынасының бүтін ішіндегі орны мен қызметі және т.б. тәуелділігі. *Құрылымдылық* жүйені оның құрылымы, яғни жүйенің байланыстар желісі мен қатынастары, тұрғысынан сипаттауға мүмкіндік тудырады. *Иерархиялық* жүйенің әрбір құрылымдық бөлшегі жүйе ретінде қарастырылуы мүмкін, бұл жағдайда зерттеліп отырылған жүйе одан да кең жүйе бөлшегі болып табылады.

Иерархиялық, көпдәрежелік, құрылымдылық құрылым, жүйе морфологиясы қасиеті ғана емес, оның мінез-құлқы да: жүйенің жекелеген дәрежелері мінез-құлықтың кейбір аспектілеріне негізделеді, ал тұтас қызмет оның барлық қыры мен дәрежелерінің өзара әсер нәтижесі болып табылады [66, 610].

Философияның теориялық қағидаларын тілдік қырынан қарау арқылы тіл мақсатқа бағытталған, өзгермелі, кеңейтілген жүйе деген қорытындыға келеміз.

Тілдің түрлі жүйелік-құрылымдық құрылымдардағы орнын В.М. Солнцев жан-жақты айқындаған.

Н.Б. Мечковская тілді күрделі динамикалы жүйе ретінде айқындайды. Автор тілдің келесі белгілерін көрсетеді:

1. Тілдің өзгермелілігі – тілдің ішкі табиғатын ашатын қасиет.

2. Тілдік жүйе бейімделгіш, ол бір жағынан, жүйенің ашық сипатын білдірсе, екінші жағынан болуы мүмкін өзгерістерді адамның психофизиологиялық мүмкіндіктеріне қарай шектеу шекарасын белгілейді.

3. Тілдік жүйе өзін-өзі реттеуге қабілетті: жүйенің бір бөлігіндегі өзгерістер басқа ішкі жүйедегі өзгеріске себеп болады.

«Тілді күрделі динамикалы жүйе ретінде тану тілді жүйелі ұйымдастыру сипатындағы терең тілдік өзгерістер алдына үңілуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл жалпы тілдің даму үрдістерін анықтауға жол ашады. Ол үрдістер, біріншіден, адамның қатысымдық және танымдық қызметтерінің өзгермелі шарттарына тілдік жүйенің бейімделуінен, екіншіден, тілдік жүйенің тілдің кейбір ішкі жүйесі мен дәрежелеріндегі корреляциялық өзгерістер арқылы өзін-өзі реттеуінен көрінеді [67, 194-195].

Тілді жүйелік тәсілмен зерттеу қазіргі структурализмнің негізін салған Фердинанд де Соссюр мен Бодуэн де Куртенэ есімдерімен тығыз байланысты екені мәлім. Ф де Соссюрше айтсақ, тіл «барлық бөлігі синхрониялық тұрғыдан өзара негізделген, зерттеуге болатын және зерттелуі қажет жүйе» [68, 120].

Құрылымдық лингвистиканың пәні ретінде өзара әсер етуші элементтер жүйесінің ішкі ұйымдасуы түріндегі құрылым қарастырылды. Бұл жағдайда тіл ұзақ уақыт бойы статистикалық кесте ретінде көрінді (Мысалы, Р.Карнап, Л.Ельмслев еңбектеріндегі құрылымның абсолюттенуі).

Философиялық интерпретациядағы құрылымдық әдістің негізі «кейбір қайта құру барысындағы инварианттылық, қатынастар жиынтығы ретіндегі құрылымды анықтау» болып табылады. Құрылым объектінің «қаңқасы» емес, бір объектіден оның элементтерінің орнын ауыстыру және және басқа да кейбір симметриялық өзгертулер арқылы екінші, үшінші және сол сияқты объектілер алынуы мүмкін ережелер жиынтығы» [69, 657].

Структурализм тілдік жүйені субъектіден тіл құрылымының белгілер жүйесі ретіндегі санасыз, жасырын, терең механизмдерін барынша ғылыми объективті зерттеу мақсатында әдейі бөліп қарады. Бірақ, кез-келген тілдік талдауды ойлау, сөйлеу қызметіне ие шынайы субъекті адамсыз жүргізу ақылға сыйымсыз. Зерттеушілер тек кейбір тілдік ұжымдардың ерекшеліктерін ғана емес, одан да кең тілдік жүйеге енетін «тіл қолданушысының жеке концептілік жүйесін» де [70, 4] қарастырады.

А.П.Комаров құрылымдық әдіс тілді аналитикалық талдау тәсілінің логикалық жалғасы деп орынды көрсеткен. «Тілдің құрылымдық тәсіліне қатысты тіл білімі ғылымындағы үлкен танымдық жетістік белгілі регреспен қатар жүрді. Соңғысы тілдік форманың абсолюттенуі мен гипостазиялануынан көрінеді. Компаративистика және структурализм бүтіннің маңызды құрылымдық бөлшегі ойлау мазмұнын экстралингвистикалық құбылыс деп алып тастады. Тіл ретінде талдауға ыңғайлы тілдік форма ғана түсіндіріле бастады. Бөлшекті бүтін ретінде таныған компаративистика мен структурализм метафизикалық тығырыққа тірелді» [71, 133].

Бүтін мен оның бөлшектері арасындағы өзара қатынас ерекшеліктерін түсіну үшін жалпы ғылыми еңбектерге жүгінсек, логикада анықталған нәтижелер бүтінге бөлшектердің қатынасы ретінде қарау әр бөлшектің ерекшеліктері мен бүтіннің мазмұнын анықтауға мүмкіндік бермейді. Құбылыстарды тектік-түрлік қатынастарға жіктеп, оның негізінде бүтінді құрайтын ортақ, ерекше және жекелік қасиеттерін анықтау сыртқы белгілеріне ғана негізделеді, олардың табиғи бірлігін ашпайды. Әрбір бөлшек айрықша

форма немесе субъектінің тіршілік ету және даму тәсілі ретінде «өзіндік ерекшелікке» ие. «Бүтіннің даму үдерісі формалардың шығу бірлігі мен түпкі туыстықтан бөлек, сыртқы ұқсастық пен айырмашылыққа, сыртқы қарама-қарсылыққа қатысы жоқ. ... Шындығында бүтін бөлшектердің өзара әсері емес, бүтін, нақты шынайы субъект ретінде өзін, өз табиғатын жасайтын формаларды тудыру және даму үдерісі» [72, 248].

Шынайы бүтінде бөлшектердің біреуі ғана негіз болып, басқа бөлшектердің табиғатын ашатындығы туралы ереже аса маңызды. Шынайы бүтіннің дамуы табиғаты жағынан бүтінге тең субстанциялық бөлшек формасында көрінеді. Бұл нақты бүтінді тану үдерісі, сәйкесінше, дамуынан бүкіл бүтін қалыптасатын субстанциялық бөлшекті табу болып табылады. Бүтіннің үнемі өндірістегідей қозғалысы және өзін-өзі өзгертуі өзінің басқа бөлшектерін тудыра отырып, өзін сақтап қалған бастапқы бөлшек қозғалысынан ерекшеленеді. Бұл бастапқы бөлшек әрбір өзгеріс сайын өзіне қарама-қайшыға айналып, бірнеше метаморфоздан өткеннен кейін өзінің бастапқы қалпына басқа, толықтырылған жаңа мазмұнда қайта келеді.

«Диалектикалық талдаудың негізгі танымдық міндеті заттың барлық қыры мен қасиеттерін тұтас бүтінге байланыстыратын негізді тауып, осы негізден дамиды бүтіннің заңдылықтарын анықтау болып табылады [72, 213].

Бұл ойларға тілші ғалымдардың пікірлері де дәлел бола алады.

А.И. Кузнецова: «Тілдік жүйені талдауда зерттеудің атомистикалық тәсілі жарамайды. Бұл жағдайда тілдің кез-келген дәлелін оның жүйедегі басқа элементтермен қатынасы тұрғысынан зерттеу қажеттігіне негізделген әдістерді қолданған жөн» – деп баса айтады [73, 5].

Ф. де Соссюр: «Тілдік жүйе мүшелеріне қандай да бір дыбыстардың қандай да бір мағына беретін қарапайым байланысы ретінде қарау – үлкен қателік. Мұндай жолмен жүйе мүшелерін анықтау – оны ол кіретін жүйеден алшақтату деген сөз, бұл жүйе мүшелерінен бастап, оларды бір-біріне қою арқылы жүйе құрастыруға болатындай қате көзқарасқа алып келеді. Дұрысында, жиынтық бүтіннен талдау арқылы оны құрайтын элементтерге жетуге болады» [68,146].

Егер жүйе бөлшектері арасындағы байланыс мықты болса, онда жүйе ажырамайтындай болады. Тіл жүйесі, соның ішінде, оның ішкі лексикалық жүйесі сондай жүйеге жатады. Мұндай жағдайда логика ғылымы оларды бөлшектеуге емес, барынша жалпылық мәнге ие болып, қайта құрылатын ерекше субстраттық, құрылымдық бірліктерді іздеп, анықтауға бағытталады.

Жүйе ұғымын философиялық әдіснамаға сүйеніп, тек тілдік жағынан ғана емес, жүйелік қырынан да зерттеу қажет. Өйткені, жүйе ретінде тіл өзінен кең жүйе құрамына енеді.

Лингвистикалық ойлардың әрі қарай даму перспективасы алдыңғы зерттеулердің нәтижелерін, соның ішінде, лингвистикалық структурализм мойындаған, дау туғызбайтын жетістіктерін қазіргі тіл білімі үрдістерінде танымдық және антропоцентристік тұрғыдан қарастырып, кешенді жинақтау

арқылы жүзеге аса алады. Сонымен қатар, басқа да жаратылыстану, дәл және гуманитарлық ғылымдардың нәтижелерін синтездеу қажет.

Әдебиеттерді талдау *жүйе* және *құрылым* терминдерінің аражігін ажыратуға мүмкіндік береді. *Жүйе* – өзара байланысты элементтердің (тілдік бірліктер) жиынтығы, *құрылым* – жүйеішілік байланыстар жиынтығы [74, 13].

Тілдік жүйенің негізгі бірлігі сөз болып табылады. Сондықтан да, тілдің лексикалық жүйесін, оның құрамындағы бірліктердің құрылымдық байланыстарын зерттеу маңызды. Лексикалық жүйені басқа да тілдік бірліктермен қатар қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер де құрайды.

Қарама-қарсылық пен мағыналық ұқсастық байланысынына негізделген тілдік бірліктер мағыналық қырынан алғанда лексиканың жүйелі ұйымдасуындағы мықты құрал екені жасырын емес. Антонимдер мен синонимдерді қоладану – ауызша да, жазбаша да қатынаста жиі кездесетін құбылыс. Олар мәтіннің барлық түрінде де (көркем, ғылыми, публицистикалық, жарнама, ресми) көрініс табады. Күнделікті өмірді, тартыс, пікірталас, телебағдарламаны қарама-қарсылықсыз елестету мүмкін емес.

Логика мен тіл білімі табиғи тілді дәстүрлі бағытта зерттейді. Тілді кеңірек, философия мен тіл білімінің тоғысқан тұсында қарастырған жөн. Тілді талдау барысында тілдің, ойлау мен шындық қатысы және адами таным механизмдерін ашу мәселерін аттап кете алмаймыз [75]. Антонимия құбылысының табиғатын дұрыс тану үшін қазіргі логика мен философия көзқарасы тұрғысынан қарау дұрыс болмақ.

Көптеген логиктер мен философтардың синонимия, антонимия және т.б. семантикалық категорияларды философияның (соның ішінде гносеологияның) маңызды да қызықты мәселелерінің бірі ретінде қарастырулары орынды.

Платон мен Аристотель де ұғым арқылы болмыстың түпкі және көрнекті қасиеттері түсінілетіндігін айтып кеткен болатын. Қазіргі логика мен тіл білімінде ұғымдар қасиеттерін, белгілері мен қатынастарын қоса алғандағы заттар мен құбылыстар туралы ой ретінде анықталады. Қасиет, белгі мен қатынас ұғым ретінде жалпы және заттар мен құбылыстардың түрлеріне қарай ерекше белгілер болып табылады. Ұғымдық ойлау талдау мен қорыту, алшақтату мен айыру және біріктіру сияқты күрделі ой операциялары арқылы жүзеге асады.

Адамдардың қоршаған орта туралы алған ақпараттары тіл мен сөйлеуде көрініс табатыны талас тудырмаса керек. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда, адамдарға ерекшеліктерді айыру қасиеті тән.

Шынайы өмірдің үздіксіздік сипаты адам санасында көрініс табу үдерісінің үздіксіздігіне негізделеді. Кез келген заттың бірнеше қыры болады, адамдар оны әр түрлі қырынан таниды. Оның бір белгілері көмескіленіп, жаңа белгілері ашылып жатады [76, 71].

Адамның шынайы өмірді тану үдерісі шексіз. Айтушы не жазушы шынайы өмірдегі қандай да бір затты не құбылысты білдіруде оның сипаттамасын басшылыққа алса, сол зат не құбылысты өз мақсатына жетуде пайдалану үшін оны басқа зат не құбылыспен салыстыра қолданады.

Антонимияны философиялық және логикалық көзқарас тұрғысынан талдау бұл құбылыстың табиғатына терең үңілуге мүмкіндік береді.

Қарама-қайшылық қай дәуір, қай мәдениет дәрежесінде болмасын, адамдық танымның негізі болған. Тіршіліктің дамуы да болмыстағы құбылыстарды бір-бірімен салыстырып, қайшылықтарын танып, талдау арқылы жүзеге асқан. Адамзат танымындағы, санасындағы қарама-қайшы заттар мен құбылыстардың, сапа мен қасиеттің, түсініктің атауынан тілде қарама-қарсы мәнді бірліктер пайда болды. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің табиғатын тану үшін қарама-қарсылық ұғымын түсіну қажет. Диалектикалық логикада сыйыспайтын ұғымдар категориясына жататын бұл ұғымдар қайшылықты және қарама-қарсылықты болып екіге бөлінеді. Антонимия теориясында қарама-қарсылық ұғымы – орталық белгі, оның табиғатын тану антонимияны зерттеудегі басты міндеттердің бірі десек те болады. Белгілі бір жағдайларға байланысты түрлі заттар мен ұғымдар қарама-қарсы қойылуы мүмкін, сәйкесінше, сөздер де бір-біріне қарсы жұмсалады. Болмыстағы кез келген затты не құбылысты зерттеу барысында оның қарама-қарсы жақтарын анықтауға тура келеді. Қарама-қарсылық және қарама-қайшылық ұғымдарының философияда талданылуына тоқталған жөн.

Қарама-қайшылық – бүтіннің қарсы жақтары, өйткені олар бір-біріне қарама-қарсы орналасқан деген көзқарас бар. Бұл жерде сонда «қарама-қарсылық» дегеніміз не деген орынды сауал туындайды. «Қарама-қарсылық» және «қарама-қайшылық» ұғымдары кейбір философиялық және лингвистикалық әдебиеттерде бір мағынада жұмсалып келеді. В.Т.Карданов қарама-қайшылықты қарама-қарсылықтар арасындағы қатынас ретінде қарастыруды ұсынады. Үдерістер мен құбылыстар қарсы жақтары бар не дамудан тұратын қарама-қайшылықтар деп біледі. Диалектикалық қарама-қайшылық қарама-қарсы жақтар мен дамулардың бірлігі, өзара негізделуі ретінде сипатталады. Қарама-қайшылықта әрбір жақ бір-бірін жоққа шығара отырып, басқа нәрсені меңзейді [77, 26-30].

Өзара бір-бірін жоққа шығаратындардың өзара әсері, бір объектідегі бір-бірін қарама-қарсылыққа негіздеу қарама-қайшылық болып табылады. Философияда былайша анықтама беріледі: «қарама-қарсы, бір-бірін жоққа шығаратын жақтардың және өзара қозғалыс пен даму көзі ретінде ішкі бірлікте болатын заттар мен құбылыстар дамуының өзара әсері» [78, 545].

Бұл табиғи, қоғамдық және танымдық үдерістердің барлығына тән. Диалектикалық қарама-қайшылық – табиғат, қоғам және ойлаудағы қозғалыстың ішкі бірлігі [79, 5].

Қарама-қайшылық «қарама-қарсылықтың бір жағы болып табылатын нақты тұтастықтың күресуші сәттердің біреуі. Сыртқы және ішкі қарама-қайшылықтарға бөлінеді: сыртқы қарама-қайшылық бір-бірінің бар екендігін мойындай тұра, толықтай жоққа шығаратын, бірақ жеке де қолданылатын қарама-қарсылықтың қарсы жақтары (полюстері) (мысалы, пролетариат пен буржуазия) болса, ішкі қарама-қайшылық бір-бірін жоққа шығара отырып,

өзара қатынаста болады(мысалы, өндірістің қоғамдық сипаты және жеке капиталистік әдіс)» [78, 543].

Қарама-қайшылық өзара әсер формасы ретінде тек қарама-қарсылыққа ғана тән емес, сонымен қатар басқа да айырмашылықтардың ішкі мазмұны болып келеді. Айырмашылықтар өсе келе қарама-қарсылыққа өтеді. Қарама-қарсылықтар арасындағы қатынаста қарама-қайшылық толық дамиды да, ерекшеленетін жақтардың бір-бірін алшақтату жүретіндіктен айқын көрініс табады [80, 32].

Қарама-қарсылық – қарсы жатқан және қарсы тұрған жақ емес, түбірлік белгісі жағынан бір-бірінен ажыратылатын, арасындағы қарама-қарсылық соңғы шегіне дейін өскен жұп. Мұнда бір қарама-қарсылықтың болуы, дамуы келесі қарама-қарсылықтың болуы мен дамуын шектейді [81, 24-27]. Екі жақтың бір-біріне диалектикалық қарама-қарсы болуында өзінің басқа «өзі» болады. Бұл олардың өзара ауысуына негіз болады. Мысалы, сандық өзгерістер сапаға ауысса, жаңа сапа жаңа сандық өзгерістерге алып келеді [82, 90-91; 83, 5; 80, 29].

Логикада ұғым жалпы (заттың негізгі, ерекше белгілерін білдіретін формальды) және күрделі (заттың барлық белгілерін, басқа заттармен арақатынасын, байланысын тұтас қамтитын) деп екіге бөлінеді.

Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңы диалектиканың негізгі өзегі болып табылады. Дүниеде қарама-қарсылықсыз ештеңе жоқ екендігіне Аристотель сөзі де дәлел: «Тіршіліктегі заттар мен мәндер қарама-қарсылықтардан тұратынын бәрі де мойындайды; кемінде бастама қарама-қарсылықта екенін бәрі де хабарлайды, айталық біреулер тақ пен жұпқа, басқалар жылы мен суыққа, үшіншілер шектілік пен шексіздікке, төртіншілер – махаббат пен қастандыққа нұсқайды». Ежелгі грек диалектигі Гераклит: « Бәрі де ағыста, бәрі де өзгерісте. Теңіз суы әрі таза, әрі лас», – деп нақтылап айтқан болатын. Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күрес заңын жан-жақты зерттеген Гегель қайшылықта дамитын табиғат та, қоғам да емес, адам санасы, абсолюттік идея деген тұжырымға келді. Идеялистік пікірдегі философтар өмірде ешқандай қайшылықтар жоқ, ол тек адам санасында болады дейді. Диалектикалық материализм адам санасындағы қайшылық өмір қайшылығының бейнесі деп түсіндіреді. Қарама-қарсылықтың бірлігі дегеніміз – қарама-қарсы жақтардың бір-бірінің өмір сүрмейтіндігі. Олардың бірлігі жойылған жағдайда, қарама-қарсылықтың өзі де мәнін жояды. Философия оқулығында: « ақ пен қара қарама-қарсы. Ал ақ болмаса, қараны түсіну мүмкін емес. Сондай-ақ, ұзын мен қысқа, жақсы мен жаман, пролетариат пен буржуазия, осылардың қарама-қарсы жақтарын алып тастасаңыз онда олардың мәні жойылады. Мәселен, ұзынды қалай түсінеміз, қысқа болмаса, жақсыны қалай түсінеміз, егер жамандық болмаса, адам бостандықтың бақыт екенін түсінбес еді, егер тұтқындық болмаса», – деп түсіндіріледі [84, 113].

Қарама-қарсылық пен бірлік заңының сәйкестік, айырмашылық, қарама-қарсылық, қайшылық ұғымдары мен категорияларынан тұрады. Сәйкестік әрбір заттың өзіне-өзі және басқа заттармен теңдігін білдіретіндігі белгілі. Сәйкес,

тепе-тең деген заттардың арасында да басқа қырынан алып қарағанда айырмашылық болады. Сәйкестік пен айырмашылық арасында диалектика бар, бұл заттардың арақатынастары тепе-тең еместігін көрсетеді. Заттар қарама-қарсылығының бастапқы не соңғы кезі айырмашылық болып табылады. Мұның өзіндік диалектикасы бар, айырмашылықтың ең тереңдеген шегі қарама-қарсылық екенін Г.Гегель пайымдауынан да көруге болады: «Үйлестік айырмашылыққа, ал айырмашылық қарама-қарсылыққа өтеді» [85, 63-64].

Қарама-қарсылық – табиғат, қоғам, адам санасындағы бірін-бірі жоққа шығаратын, бір-бірінсіз өмір сүре алмайтын заттар, құбылыстар, тенденциялар арасындағы қатынастар. Олардың бірінің-біріне әсерін, қатынастары қайшылықтар деп аталады.

Логико-философиялық ой-тұжырымдарға үнілгенде, «сапа» категориясы «қасиет», «жағдай», «түр» категорияларынан бөлек қарастырылғанын байқауға болады. Аристотель «заттарды анадай-мынадай деп айтуға келетіндердің» сапа болатындығын баса айтады [86, 72]. Сапаның төрт түрін анықтайды: тұрақты, ауыспалы, сезіну және сапалық-сипаттық. Алғашқы және екінші түрді бір сапаның бір-біріне қарсы қойылған екі қыры ретінде қарастырды: «Бір сапа түрлері ретінде тұрақты және ауыспалы қасиеттерді түсінеміз. ... Ауыспалы қасиет не жағдай деп жылыдан суыққа, немесе саудан ауруға айналуы сияқты жылы мен суық, ауру мен сау және т.б. құбылмалы, тез өзгеретін қасиеттерді атаймыз» [87, 72-73]. Сапаның үшінші түріне тәтті, ащы, ақ, қара секілді қасиеттер жатады. Аталған әрбір сапа адам сезіміне әсер етеді: «тәттінің әсерінен дәм сезсе, жылыдан денеге әсер және басқа сапалардан да сәйкесінше әсер алады» [86, 74].

Аристотель төртінші сапаға әрбір заттың сыртқы сипатын жатқызады, мысалы, түзу, қисық және т.б. Ол сападағы қарама-қарсылыққа ерекше мән береді: «әділеттілік әділетсіздікке, ақ қараға қарсы қойылады». Сонымен қатар, Аристотель сапаның азырақ және көбірек дәрежесін қарастырды: ағырақ не аздап ақ екені айтылады, басқаға қарағанда әділеттірек нәрсе, келесімен салыстырғанда әділеттілігі төменірек болуы мүмкін. «Үшбұрыш» және «төртбұрыш» сияқты кейбір сапалар салыстыру дәрежесіне ие болмауы мүмкін, бірақ кез-келген сападан үлкен дәреже болуы мүмкін [86, 77].

Антикалық риторика кезінен бері қарама-қарсылықты білдіретін стилистикалық фигура ретінде анықталып келе жатырған антитезаға ғалымдар ерекше көңіл бөлген. Оны қарама-қарсылық ретінде танитын Аристотель қарама-қарсылық қатар тұрса, түсінікті екенін, ал силлогизмге ұқсастығы оны одан сайын түсінікті ететіндігін айтады. Өйткені жоққа шығару қарама-қарсылықтардың қосылуы екені рас. Өз кезегінде Аристотель былай деген болатын: «Мына үш нәрсеге ұмтылу қажет: 1) метафора, 2) қарама-қарсылық, 3) көрнекілік» [87, 185]. Ал Цицерон антитеза туралы келесідей хабарлады: «Гректердің антитеза деп жүргені әр түрлі ұғымдарды өзара қарсы қою, ол арқылы ешқандай жасандылықсыз шешендік ырғақ пайда болады» [87, 245]. Теофраст (Дионисий Гилицарнаасский, Лисий) болса, «Антитеза болудың үш жолы ғана бар: бір құбылысқа қарама-қарсы қасиет телінеді не қарама-қарсы

құбылыстарға бірдей қасиет беріледі, әлде қарама-қарсы құбылыстар қарама-қарсы қасиеттерге ие болады» деп есептейді [89, 272]. Квинтиллиан өз еңбегінде: «Қарама-қарсылық, біреулерше айтқанда, салғастыру, грекше антитеза әр түрлі жолдармен жасалады: жеке сөздер, жұптар, бүтін фраза бір-біріне қарама -қарсы қойылады [87, 273]. И.Рижскийдің еңбегінен қарама-қарсылық туралы жазған мындай ақпаратты кездестіреміз: қарама-қарсылық – бір сөйлемде бір-біріне қарсы ұғымдардың қатар кездесуі не бір-біріне қарсы сөйлемдердің қатар алынуы [88, 58]. И.Н.Стефановский антитезаға «біздің әсерді қарама-қарсыға тез ауыстыра алатын қабылдау қабілетімізге негізделген фигура» деген анықтама береді. Сол сияқты біздің ағзамызда әсердің біреуінің екіншісіне тез ауысқанын жылдам сезеді, мысалы ыстықтың суыққа ауысуы. Танымымызда да өзара қарсы сезімдер жан-дүниемізге қатты әсер етері сөзсіз. Сондықтан да, суреткерлер күштірек әсер ету үшін қарама-қарсы суретті әдейі бейнелейді [89, 47-48]. Е.Л.Пастернак болса, антитезаның зат туралы айқын түсінік тудыру үшін қажетті фигура деп есептейді. Антитеза арқылы берілген заттар ерекше әсер етіп, жан-дүниемізге еніп қана қоймай, түсінуге де жеңіл болады екен. Бір-біріне қарсы қойылған заттарды бірі екіншісі арқылы танылатыны белгілі: ақ түс қараның қасында ағырақ көрінеді [90, 142].

Гносеологиялық зерттеулер антонимияның тілде пайда болуын шынайы өмірмен тығыз байланыста қарастырады. Қарама-қарсылық өмірдегі заттар, құбылыстар мен үдерістер арасындағы қатынас түрі ретінде түсіндіріледі. Бұл үдерістер мен құбылыстар санаға қатыссыз, шынайы, олар тілде лексикалық және синтаксистік антонимдер ретінде көрініс табады. Десек те, шынайы өмірдің адамның тілдік санасында көрініс табу қарапайым, пассив үдеріс емес. Құбылыс, зат пен сапа арасындағы байланыс мағыналық қарама-қарсылықтың объективті негізі болып табылады. Қарама-қарсылық категориясы мұнымен шектелмейді. Л.П.Петухованың айтуынша, қарама-қарсы ұғым адам тәжірибесі мен қызмет нәтижелерін санада реттеу арқылы да пайда болады [79, 4]. Мысалы, заттың үш күйі бар: қатты, сұйық, бу. Олардың бір-біріне ауысуы қарама-қарсы күйді береді: қату – еру, қатаю – еріту, булану – суға айналу. Е.Н.Миллер тілде санадан тыс орындалатын қатынастар ғана емес, санада пайда болған қатынастар да көрініс табатындығын орынды көрсете білген [91, 21].

Шынайы өмірде қарама-қарсылықтардың болуы және оларды адамның тану үдерісі оларды тілдік құралдар арқылы бейнелеу қажеттілігін тудырды. М.А.Николаева антонимия гносеологиялық, логикалық, психологиялық аспектілері бар жалпы қарама-қарсылық категориясының тілдегі бөлшек бейнесі деген пікірде [92, 50].

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің логикалық аспектісі тілдің мағыналық жағын логикалық ойлау категориясында талдау арқылы көрінеді. Қазіргі тіл білімі логикамен, соның ішінде соңғы кезде қарқынды дамып келе жатқан формальды логикамен тығыз байланысты сезінеді. Логиктер де тіл мәселелеріне қызығушылық танытып отыр. Логика тіл білімі мәселелерінің табиғатына терең бойлап, оның даулы мәселелерін шешуге септігін тигізе

алады. Сондықтан да, тілші-ғалымдар тілдік құбылыстарды беруде қазіргі логикадағы оппозиция, бинарлық және т.б. ұғымдарын пайдаланады. Бұл терминдерді таза логикалық не тілдік деп бөлуге болмайды, тілдегі және логикадағы қарама-қарсылықтардың өзіндік ерекшеліктері бар. Антикалық дәуірдің өзінде еңбектерінен логика мен оның заңдылықтары бастау алған Аристотель қарама-қарсылыққа айырмашылықтың екі шегі ретінде анықтама беріп, екі түрін (конрарлық, контрадикторлық) анықтаған болатын. Қазіргі логика ғылымы да Аристотельдің жіктеуін қолдайды.

Конрарлық ұғымдар тең ұғымдардың біреуінде бар белгілерді екіншісі жоққа шығарып қана қоймай, басқа оны жоққа шығаратын белгімен ауыстырады [93, 486].

Контрадикторлық ұғымдарда біреуі бір белгілерге нұсқаса, екіншісі оны жоққа шығарады, бірақ басқамен ауыстырмайды [94, 35]. Контрадикторлық ұғымдардың арасында аралық мүше болмайды [93, 486].

Конрарлық та, контрадикторлық та антонимияның логикалық базасына жататынына А.А.Уфимцеваның тілде бір белгідегі қарқындылықтың екі шетіне жататын антонимдер де, белгінің бар/жоғын білдіретін антонимдерде бар екендігін айтқан пікірі дәлел [95, 191-194]. А.В.Исаевтың антонимдерді зерттеу жалпы сыйыспайтын ұғымдар категориясы шеңберінде қарастырылуы керектігі туралы айтылған ойымен келісе отырып [96, 56], осы ұғымдарды біріктіретін құбылыс антонимия деп түсінген жөн, ал олар тілде қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер арқылы беріледі.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер барлық тілде бар. Бұл – антонимия негізінде адамның ойлау жүйесінде жатқан салыстыру, ұғымдарды қарсы қою сияқты жалпы сипаттардан хабар берері хақ.

Тіл – таным құралы. Оның бірліктері көптеген күрделі құбылыс, сапа, белгі, қасиет, қатынастардың қарама-қарсылық табиғатын түсінуге мүмкіндік береді. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер ойымызды терең, толық және анық беру үшін қажет.

1.2 Антонимия теориясының қазіргі қазақ тілі біліміндегі бағыттары

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулер құрылымдық бағыттан жұмсалымдық бағытқа қарай ойысты. Антонимия мәселесі де жалпы тілдік зерттеуден нақты сөйлесімдік, қолданыстық бағытта зерттеле бастады. Сондықтан да, зерттеу пәні аумағы да кеңеюде. Тіл білімінде антонимия теориясына қатысты көптеген зерттеулер бар: Н.Ф.Калайдович [1 мәліметі бойынша], П.Аккерман [2-3 мәліметтері бойынша], В.И.Шерцль, J.Fernald [4;5], А.М.Пешковский еңбектерінен басталып [6 мәліметі бойынша], кейін Hartrampf A.Gustavus, Pohl J. Les, E. Clark, A. Roceric, F.C. Sainz de Robles, B.A.Borgmann, D. Gran еңбектерінде жалғасын тапты [7-13]. Орыс тіл білімінде антонимия мәселелерін мағыналық тұрғыдан зерттеген Л.А.Введенская, Л.А.Новиков, В.А.Иванова, Ю.Д.Апресян, М.Р.Львов, Е.Н.Миллер есімдерін атап өткен жөн [14; 15; 2; 16-18]. Сондай-ақ, антонимия құбылысының жеке қырларын зерттеуде Н.М.Шанский, А.А.Киреев, В.Н.Комиссаров, Э.И.Родичева, Н.Л.Соколова,

А.А.Уфимцевалар елеулі үлес қосты [19-24]. Қазақ тіл білімінде антонимдер Қ.Аханов, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиұлы, М.Белбаева, С.Төлекова, Ж.Қонақбаева сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылса, Ж.Мусин антонимия құбылысын арнайы зерттеді [25-32].

Тіл білімінде сөздерді мағыналық жағынан қарсы қою құбылысы баяғыдан болғанымен, антонимияны зерттеу кейінірек қолға алынды. В.И.Иванованың пайымдауынша, "антоним" сөзін алғашқы болып Н.Ф.Калайдович 1826 жылы қолданған [1]. Оның синонимдік-антонимдік сөздік жасау туралы ұсынысы басқа орыс тілшілері арасынан қолдау таппады. В.Цаунмюллердің библиографиялық сөздігіне сүйенсек, П.Аккерманның француз тіліндегі антонимдердің алғашқы сөздігі кейінірек, 1842 жылы шыққан [3 мәліметі бойынша].

1883 жылы В.И.Шерцльдің энантиосемия үрдісін талдауға арналған мақаласы жарық көрді [4]. М.Д.Лесник орыс тілі әдебиеттерінде "антоним" сөзін А.М.Пешковский 1928 жылы "Как вести занятия по синтаксису и стилистике в школах взрослых" еңбегінде алғашқы болып қолданғанына сенімді [6]. Антонимия ерекше тілдік құбылыс ретінде зерттеу 50-жылдар ғана қолға алына бастады. Сол кезде М.Д.Лесник, А.А.Киреев, В.Н.Клюева, В.Н.Комиссаров, Л.Ю.Максимовтардың мақалалары жариялана бастайды [6; 20; 97; 21; 98].

60-жылдар антонимия құбылысы тек орыс тілінде ғана емес, басқа да тілдерде кеңінен зерттеле бастады [99; 100]. Бұл кезеңде бұрынғы КСРО-да алғашқы антонимдер сөздіктері жарық көре бастады [99; 101]. Л.А.Введенскаяның теориялық зерттеулерінің негізінде орыс тілі антонимдерінің алғашқы сөздігі шықты [14].

70-жылдары антонимия мәселесіне қызығушылық артты. Н.П. Колесников пен М.Р.Львовтың антонимдер сөздігі жарыққа шықты [101; 17]. Зерттеу аясы кеңейіп, антонимия тілдің барлық дәрежесі мен сатысында, яғни, сема [102], лексикалық [16], морфологиялық [103; 104], сөзжасамдық [15] зерттеле бастады. Антонимияның жұмсалымдық аспектісі де назардан тыс қалмады [105; 106]. Қарама-қайшылық категориясының психологиялық аспектісін зерттеу қолға алынды [107-109]. Антонимия теориясы дамуының жаңа кезеңі Л.А.Новиковтың "Антонимия в русском языке" монографиясының шығуымен ерекшеленеді [15]. Антонимдерді зерттеудегі жүйелік әдіс В.А.Иванова монографиясынан да көрінеді [2]. Е.Н.Миллер монографиясында антонимияны көп қырлы құбылыс ретінде қарастырып, осы мәселенің лингвистикалық /оның ішінде синхрондық және диахрондық/, психологиялық, логикалық және философиялық аспектілерін анықтайды [18].

80-90-жылдардағы зерттеулер екі бағытты ұстанды: бірі – белгілі тілдік дәрежедегі антонимдер [110; 111], екіншісі – антонимдердің категориялық табиғатын ашу [109]. Бұл кезеңде антонимияны кеңінен қарастыруға бет бұрды [37; 38; 18].

Жаңа кешенді оқу сөздігінде лексемалар тілдің әр түрлі мағыналық топтарының өзара әсерінде беріледі. Синонимдік, антонимдік және т.б. лексика-әдістемелік топтарын біріктіретін сөздерді оқушыларға түсіну

қиындығын ескеріп, сөздік авторлары лексикалық синонимдер мен антонимдерді берілген сөзге мағынасы жуықтығы мен қарсылығына қарай бірге берілген [112].

Қазақ тіл білімінде антонимия теориясын дамытуға елеулі үлес қосқан

Ж.Мусин антонимдерге алғашқы болып арнайы зерттеу объектісі ретінде қарады, қазақ тіліндегі антонимдер сөздігін жасады, тілдің барлық дәрежесіндегі (лексика, сөзжасам, морфология, фразеология, стилистика) антонимдік қатынастарды зерттеді [31]. Ол диалектикадағы сыйыспайтын ұғымдар категориясын басшылыққа алып, оларды қайшылықты және қарама-қарсылықты ұғымдар деп екіге бөледі. Ж. Мусин қайшылықты ұғымдарға *жер – жер емес, сулы – сусыз, айт – айтпа* жұптарын мысалға алады. Ол бұл сөздердің бір-бірін тікелей жоққа шығаратынын, олардың арасында аралық мүше болмайтындығын айтқанмен, оларды болымсыздық категориясы деп көрсетеді. Ал қарама-қарсы ұғымдарға «логикалық қатардың ең шеткі мүшесі болып табылады» деп анықтама бере отырып, олардың бірін-бірі жоққа шығарып қана қоймай, затқа, құбылысқа жаңа баға беретіндігін айтады. Бұл ұғымдарды антонимдер деп атайды [31, 5]. Ғалым антонимге келесідей анықтама береді: «Антонимдік қарама-қарсылық тек бір логикалық қатарға жататын, яғни тектес ұғымдар қарама-қарсылығына негізделеді» [31, 8]. Оның пікірінше, антоним болу үшін жұп сыңарларының қарама-қарсылық мәні бір-біріне тең болу керек, егер қарама-қарсылық мәні сәл жоғары не төмен болса, антоним бола алмайды. Бірақ, оларды зерттеуші контекстік немесе стильдік антонимдер деп атайды. Ж.Мусин антонимдердің семантикалық мағынасын ашып, оның синонимия мен полисемиямен байланысына, фразалық антонимдерге анықтама береді. Ол антонимдер сөздігінде негізгі антонимдермен қатар, туынды антонимдерді де қамтыған. Сөздікте кейбір сөздердің бірнеше мағынасындағы антонимдік жұптары беріліп, есімдіктен, көмекші есімнен болған антонимдер де көрсетілген [32].

С. Төлекова алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдерді зерттеген ғылыми еңбегінде антонимия мәселесіне соқпай кетпеді [29].

Оқулықтар мен оқу құралдарында да антонимия мәселесі талданылып, түрлі тұжырымдар берілді. Мәселен, Ғ. Мұсабаев, сонымен қатар Ә. Болғанбаев антонимдердің контексте келуін төмендегідей жіктейді:

1. Антонимдердің бір сөйлем ішінде қатар қолданылуы.
2. Іргелес сөйлемдерде қолданылуы.
3. Бірнеше антонимдердің бір сынары одан кейін келуі.
4. Антонимдерді аралас қолдану [26; 113].

М. Белбаева антонимдік контекстерді мағыналық және тұлғалық жағынан бөлуде Ж. Мусиннің жіктеуін қолдайды:

1. Жалпылық мәнде болатын антонимдер (бір сөйлем ішінде қатар келеді).
2. Тікелей қарама-қарсылық мәнде болатын антонимдер (сөйлемнің бірыңғай мүшесі ретінде, қарсылықты жалғаулықтар не болымсыздық мәндегі сөздермен бірге келеді).
3. Альтернативтік мәнде болатын антонимдік контекст (сөйлемнің бірыңғай мүшесі қызметін атқарады).

4. Философиялық ой, түйін, тұжырым, пікір, мәнде болып келетін антонимдік контекстер (бірнеше антонимдік жұп, тұтасып, бір түйдек жасайды).

5. Антоним сөздер субъект-предикаттық қатынаста болып келетін контекстер (шешендік, нақыл сөздерде, фразеологиялық тіркестерде, поэзияда жиі кездеседі).

6. Оксюморон метафора (жеке алғанда бір-біріне қарсы мағынада болып, антонимдік жұп құрайтын сөздер тіркесі).

7. Сөз өзінің негізгі мағынасына кері жұмсалуды (мысқылдау мақсатында сөзді әдейі кері мағынада қолдану).

8. Антономазия (жалпы есім орнына жалқы есіммен немесе керісінше атау әдісі) [28; 43-45].

Кеңес кезеңінде тақырыбына антонимдерді арқау еткен мақалалар да жарияланып тұрды [25; 114].

Ж.Т.Қонақбаева антонимдерді салғастырмалық тұрғыда зерттеп ғылыми жұмыс жазды [30]. Ж.Т.Қонақбаевадан кейін антонимия құбылысын салғастырмалық бағытта зерттеген А.Қ.Жұмабекова антонимдер логика, философия, психология, лингвистика ғылымдарының түйіскен тұсында зерттелуі қажет деп есептейді [39]. Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев «қазақ тілінде антонимдерді топтастыру жайында екі көзқарас бар» дей келіп, бірі ұғымдарды белгілі бір логикалық қатардағы қарама-қарсылығына негізделген тіл бірліктерінің қарама-қарсылығын білдіретін антонимдік жұптар тұрғысынан топтайтын Ж.Мусиннің, екіншісі антонимдерді логикалық, грамматикалық, психолінгвистикалық қатынастарға негізделген универсалды құбылыс деп қарайтын А.Жұмабекованың антонимдік жұп құрауға негіз болған бірліктерді оппозиция әдісі бойынша топтастыру қажет деген пікірі екенін айтады [115, 120]. Сонымен, кеңес тіл білімінде құрылымдық жағынан толық зерттеліп, бір ізге түскен антонимия құбылысы қазіргі қазақ тіл білімінде жаңа қырынан, соны бағытта зерттеле бастады.

Қазіргі тіл білімінде J.Lyons, A.Heinrichs, Cleary P.Brian, A.Markowski, Л.В. Балахонская, Ю.К.Лекомцев, Е.Н.Миллер, М.Р.Львовтар антонимияның жұмсалымдық жағын қарастырады [33-38;19;18]. Қазіргі қазақ тіл білімінде антонимия мәселесін жұмсалымдық бағытта зерттеу қолға алынды: салғастырмалық бағытта А.Қ.Жұмабекова, М.Г.Нұрбердиев, Қ.Есімбекова, С.С.Мұхтарова, А.С.Кожаметова [39-43], көркем мәтін негізінде Ж.Қ.Әділбекова, А.Е.Жүсіпов, А.А.Әбдісадықов, А.Б.Жүсіпбекова, Ж.М.Макешова, Н.М.Қабылдина, А.Х.Бекбосынова, Ғ.Исамалинова [44-49], синонимия, полисемиямен байланыста Ғ.Қ.Резуанова, А.Р.Найманбай[50;51], фразеологиялық тұрғыда Г.Т. Сырлыбаева [52], тарихи жағынан Б.Р.Құлжанова [53], танымдық бағытта – Б.Қ.Ақбердиева, Ұ.Б.Серікбаева, С.Ғ.Қанапина, С.А.Жиренов, Ж.Т.Қошанова, А.Ж.Шалбаева [57-62], оқыту әдістемесі бойынша – Р.Бегалиева, Р.Өтепова, А.Есдәулетова [54-56].

Қазіргі қазақ антонимия теориясын А.Қ.Жұмабекова еңбектерінен бастаған жөн. Өйткені, ол антонимия мәселесімен Ж.Мусиннен кейін арнайы

айналысқан, жұмсалымдық бағытта зерттеген ғалымдардың басы болып табылады. А.Қ.Жұмабекова антонимдік бірліктерді ортақ белгілеріне қарай жіктеп, узуалдық және контекстік оппозицияларды қатысымдық тұрғыда талдайды. Жұмыста салғастырмалы-типтік зерттеу барысында антонимдік қатынастардың табиғаты жан-жақты жүйеленген. Ол тілдік және контекстік антонимдерді талдау нәтижесінде «узуалдық антонимдік оппозиция» және «контекстуалдық антонимдік оппозиция» терминдерін анықтайды. Ғалым тілдік жүйеде қарама-қарсы мағынасы жоқ антонимдік бірліктер ішкі және сыртқы факторларға ие деп есептей келе, контекстік антонимдердің қарама-қарсы қойылатын лексемаларында ортақ архисема болатындығын ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Ол диссертациялық жұмысында 426 қазақ, соншалықты орыс мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерді, көркем туынды үзінділерін салғастыра келе, екі тілге де ортақ антонимдік оппозициялардың бар екендігіне көз жеткізген болатын [116, 21-27]. Ол градуалды оппозиция эквиполентті оппозицияға қарағанда өнімді, орыс тіліне қарағанда қазақ тілінде контекстік антонимдер көп деп тұжырымдайды. А.Қ.Жұмабекова ұлттық дүниетанымдық сипатқа тән оппозиция халықтың тұрмыс-тіршілігін көрсететіндігін, оның басқа тілде қарама-қарсы қойылмайтын әр тілдегі ерекшелік екенін баса айтқан. Сондай-ақ, жұмыста қарама-қарсы мәнді беретін стильдік фигуралар толық талданып, олар тек узуалдық оппозицияларды ғана емес, контекстік оппозицияларды да беретіндігі нақты мысалдар арқылы сараланған. Ол қатысым үдерісіндегі антонимдік бірліктерді зерттеу нәтижесінде мынадай түйін жасайды: «Антонимдік оппозиция соншалықты ашық, өзгермелі, құрылымдық және жұмсалымдық жағынан алуан түрлі тілдік материал» [39,148].

2000 жылы «Қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлар» тақырыбында диссертация қорғаған Ғ.Қ.Резуанова қазіргі қазақ антонимия теориясына А.Қ.Жұмабековадан кейін сүбелі үлес қосқан ғалымдардың бірі болды. Ол өз зерттеу еңбегінде көп мағыналы сөздердің синоним, омоним, антониммен байланысын қарастырған. Жұмыста көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлар айқындалған. Ғ.Қ.Резуанованың «Антонимді тандап алуда сөзді мән бере түсіну керек, ал ол үшін оның сөйлем ішінде, контексте қалай қолданылып, қандай мағына беретінін аңдау қажет» деген пікірі дұрыс [50, 114].

Зерттеуші антонимдердің лексикалық-семантикалық сипатына тоқталып, «антоним» ұғымы туралы анықтамаларға шолу жасайды. Ол антонимдер жалпы ұғымдық мағынасында емес, белгілі бір мағынасында ғана жақындасатынын айтады да, төмен сөзінің биік сөзіне ғана антоним болмайтынын ұшу мағынасында *төмен – жоғары*, хал-қуатқа байланысты *төмен – жақсы* антонимдерін мысалға алып дәлелдейді. *Мейірбан* сөзіне жомарт мағынасында – *сараң*, қайырымды мағынасында – *қатыгез* сөздерін антоним ретінде алуы орынды.

«Сөздік құрамдағы сөздер – іштей бір-бірімен тығыз байланысып мидай араласып жататын жүйелі құрылым. Бұлардың байланысы синтагмалық

сипатынан айқын көрінеді» дей келе, келесі мысалдарды ұсынады: *алғыс* (ізгі ниет, ықылас) – *қарғыс*, *алғыс* (ресми құрмет) – *сөгіс*, *айығу* – *бұлттану*, *айығу* – *асқыну* [50, 113].

Диссертацияда антонимдерге бірнеше бет қана арналғанына қарамастан, көп мағыналы сөзбен байланысты 44 антонимдік қатар анықталып, қосымшада берілген. Ғ.Қ.Резуанова ғылыми еңбегінде көп мағыналы сөздер мен омоним, антоним, синоним категориялары жүйелі түрде бір ғана парадигмалық қатынасқа енетіндігін дәлелдейді.

Одан соң, А.Е.Жүсіпов «Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары» зерттеу тақырыбымен антонимия теориясына тың көзқарастар әкелген болатын. Ол объективті және прагматикалық қарама-қарсылықты көрсететін тілдік бірліктерге кеңінен тоқталады [45].

Энантиосемияны алғаш ашып көрсеткен В.Щерцль болатын [4]. Қазақ тілі зерттеушілері Ш.Сарыбаев пен Х.Нұрмұханов энантиосемияны «антонимия» мен «омонимияның» қиылысуы ретінде қарастырса [118], А.Жүсіпов оны антонимия құбылысы шеңберінде қарастырады. Ол ішкі антонимия бірлесу және ауысу(айналу) тәсілдері арқылы жасалатындығын айтып, мысалдармен дәлелдейді. Ол А.Н.Гвоздевтің «Антонимдер стилистикалық құрал ретінде көркем мәтін мен публицистикада кеңінен қолданылады» деген пікірін басшылыққа ала отырып [119, 32], антонимдердің жалпыхалықтық тілімізде, оның ішінде көркем шығарма тілінде, синонимдерден кейінгі көбірек қолданылатындығын, олардың мағыналық табиғатының өзі тіл реңділігін туғызуға арналғандығын айтады [45, 110]. Антонимдердің көркем туындыдағы рөлі мен қызметін қарастырып, төмендегідей тұжырымдайды:

1) Антонимдер бейненің негізгі қасиеттерін ашуға және көрсетуге көмектеседі.

2) Антонимдер ақын-жазушыларға кейіпкерлердің сезімдерін, ішкі-жан дүниесін жете тануға мүмкіндік беретін тәсіл ретінде қолданылады.

3) Антонимдер кейіпкерлердің бір-біріне деген көзқарасын көрсету үшін де қолданылады (кейіпкерлер сөзін стильдеуге таптырмас тәсіл) [45, 112].

А.Е. Жүсіпов осылайша антонимдердің туындылардағы негізгі рөлін атай келе, атқаратын бейнелеуіштік қызметтерін ашып көрсетеді. Ол бұл қызметтердің көптеген жағдайда стильдік антонимдер арқылы жүзеге асатындығын баса айтып, оларға арнайы тоқталған. Зерттеуші стильдік фигуралардың басты міндеті ретінде басқа қызметтермен қатар контрасты атайды. Жұмыста қарама-қарсылық мәнді беретін стильдік фигуралардың шендестіру, акротеза, амфитеза, диатеза, альтернатеза, антиметабола, оксюморон сияқты түрлеріне тоқталынып, формулары ұсынылған.

А.Е.Жүсіпов оксюморонның эпитеттен айырмашылығын былайша ашып көрсетеді: 1) эпитет бір сөзден, оксюморон кем дегенде екі сөзден құралған сөз тіркесінен тұрады; 2) эпитет нәрсенің не құбылыстың қасиетін көрсетеді, бір нәрсе туралы көзқарасты жекешелендіріп нақтыландыра түседі, ал оксюморон осы қасиеттерге қоса, табиғатына тән объективті құбылыстардың қарама – қайшылығын ашып көрсетеді [45, 115]. Ж.Қ.Әділбекова да өз жұмысында

шендестірудің түрлері ретінде амфитеза, альтернатеза, диатеза, оксюморон, антономация, антифразис, энантисемияға тоқталып, нақты мысалдар келтіреді [44].

Қазақ тіліндегі түбірлес антонимдер мәселесі төңірегінде ғалымдардың пікірлері екіге айырылады. Ж. Мусин, Ж. Әділбекова, Г. Сырлыбаевалар зерттеу жұмыстарында бір түбірлі антоним жоқ деген тұжырым жасаса,

А.Жұмабекова, А.Жүсіпов сынды ғалымдар антонимге барлық қарама-қарсылықтарды жатқызады. Ж.Мусин диссертациялық жұмысында «біріншіден, қарама-қарсы ұғымдар мен антонимдердің арасында (*сулы – құрғақ, бақ – сор*), екіншіден қарама-қарсы ұғымдар мен болымсыздық категориясын білдіретін сөздер арасында (*сулы – сусыз, бақытты – бақытсыз*) тікелей байланыс бар» деп *бақытты – бақытсыз* сөздерін болымсыздық категориясына жатқызады [35, 178]. А.Е.Жүсіпов өзінің зерттеу жұмысында: «Біздіңше, *бақытты – бақытсыз* сөздерін антоним деп қараған дұрыс, себебі, сөз тудырушы жұрнақ жаңа сөз жасайды да, лексика-грамматикалық категорияның құрамына енеді. Ал *келді – келмеді, кетті – кетпеді* деген жұптардағы *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* жұрнақтары сөз түрлендіруші жұрнақтар болып табылады» – дейді [45, 21]. Ал Ж.Қ.Әділбекова *-сыз, -сіз* жұрнақты сөздері *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағына аяқталған туынды сөздеріне антоним бола алмайтынына, ол жұрнақтар тек болымсыздық мәнін ғана беретіндігіне сенімді [44].

Қарама-қарсы тілдік бірліктерді Г.Т.Сырлыбаева диссертациялық жұмысына арқау еткен. Ол фразеологиялық антонимдерді семантикалық жағынан топтастырып, басқа семантикалық категориялармен байланысын, жасалу жолдарын, контекстегі стильдік қызметі мен прагматикасын зерттеген. Зерттеу барысында көркем шығармалардан мысалдар жинақтаған. Жұмыста қарсы мәнді фразеологизмдердің жалпы тіл білімінде зерттелу тарихына шолу жасалады. Сондай-ақ, зерттеуші лексикалық және фразеологиялық антонимдер арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды айқындайды.

Ол антонимдердің қасиеттері ретінде келесі белгілерді атайды:

1) Тілдегі қарама-қарсы ұғымдар бір-біріне байланыста болады, бірінсіз бірі өмір сүрмейді. Мысалы, *ақ – қара, жақсы – жаман*.

2) Антонимдік жұптар бірі-бірін жоққа шығарып, затқа жаңа баға бере алады. Мысалы, *ақылды – ақылсыз* деген жұптарда *ақылсыз* сөзі *ақылды* деген сөздің мағынасын мүлде жоққа шығарады, бірақ адамға тән қасиетке жаңа баға бермейді. *Ақылды* деген сөзге мүлде кереғар ұғымды білдіріп, адамның жаңа бір қасиетін беретін сөз – *ақымақ*. Сонда *ақылды – ақымақ* – антоним сөздер, *ақылды – ақылсыз* – болымды-болымсыз тұлғалар.

3) Антонимдер үнемі бір-біріне қарама-қарсы қолданыла келе, мүлде жақындасып, кірігіп кету қасиетіне ие. Мысалы, *жақсылы – жаманды* өмір сүру, істің *бас – аяғы* [52, 13].

Осы антонимдік қасиеттерді негізге ала отырып, Г.Т.Сырлыбаева компоненттері бірдей сөзден болған, тек сөз түрлендіруші жұрнақтар арқылы жасалған фразеологизмдерге антонимдік қасиет тән еместігін айтады. Дәлел

ретінде *бақытты – бақытсыз* деген мағынаны беретін *бағы жану – бағы жанбау* фразеологиялық жұптарын алады да, «мұндағы *бағы жану* фразеологизмі *бағы жанбау* деген фразеологизмнің мағынасын жоққа шығарады, бірақ адам халіне баға бермейді» деп түйіндейді [52, 33]. Осы келтірілген *бақытты – бақытсыз* қарама-қарсы мағыналы ұғымдарын



А.Қ.Жұмабекова привативті оппозицияның түбірлес мүшесіне жатқызған.

Сондай-ақ, Г.Т.Сырлыбаева Е.Н.Миллердің «бір ғана фразеологизмнің құрамында лексикалық антонимдердің қатар келуі антоним фразеологизм жасай алмайды» деген пікірін басшылыққа алады да [18], антонимдік қасиетке ие болу үшін фразеологизмдер қарсы мәндегі екі жұптан құралуы, жұп фразеологизмнің біріндегі компонент екіншісіндегі бір компонентпен жеке алғанда антоним болуы керек деген шарттарды ұсынады. Ол: «Болымсыздық аффикстері мен бір фразеологизмнің құрамында ұшырасатын антоним компоненттер қарсы мәнді фразеологизмдерді жасауға негіз бола алмайды» – деп, тұжырымдайды [52, 35].

Зерттеуші фразеологиялық антонимдік-синонимдік парадигмалар мәселесіне қатысты бір қатарлы және екі қатарлы антонимдік-синонимдік түрлерін анықтайды. Бір қатарлы антонимдік-синонимдік топтарда фразеологизмге синонимдік қатардағы фразеологизмдер түгелдей антоним болып келетініне келтірген мысалы айқын дәлел бола алады:

	<i>ажал нәубеті жету</i>
	<i>ақ кебінге орану</i>
	<i>дәм-тұзы таусылу</i>
	<i>дүние салу</i>
	<i>дүниеден көшу</i>
	<i>дүниеден қайту</i>
	<i>жаны пида болу</i>
	<i>жаны жаһаннамға кету</i>
<i>дүниеге келу</i>	<i>жер қабу</i>
	<i>жер жастану</i>
	<i>топырақ жамылу</i>
	<i>көзі жұмылу</i>
	<i>қаза болу</i>
	<i>қайтпас сапарға кету</i>
	<i>үзіліп кету</i>
	<i>сағаты біту</i>

Г.Т.Сырлыбаева фразеологиялық антонимдерді А.Қ.Жұмабекованың антонимдік оппозиция жіктелімін басшылыққа ала отырып, үш топқа жіктейді. Сатылы (градуалды) фразеологиялық антонимдер уақыт мөлшеріне қатысты, жас мөлшеріне және қашықтыққа байланысты сирек болса да ұшырасатындығын айтып, өлшемдік шкалаға салып, келесі сызбаларды ұсынады:



таң сәріде тапа-тал түс қас қараю көрдей қараңғы [52, 68].

Қос мүшелі (привативті) оппозицияға *ақ жүрек – қара жүрек, ақпа құлақ–құйма құлақ* мысалдарын келтірсе, тепе-теңдік (эквиполентті) оппозицияға *кәріне міну – жауы тарқау* сияқты мысал береді.

Ғалым контексте қолданылу ыңғайына қарай фразеологиялық антонимдерді тар және кең көлемдегі деп жүйелей келе, олардың контексте берілу жолының тоғыз түрін анықтаған. Лексикалық антонимдер барлық стильде қолданылса, фразеологиялық антонимдердің көркем стиль мен публицистикада ғана қолданылатындығын айтып, көркем шығармада қарсы мәнді фразеологизмдердің стильдік қызметін акротеза, альтернатеза, амфитеза, диатеза, бірлесу амалдары деп саралады. Сонымен қатар, фразеологиялық антонимдер прагматикалық қызмет ауқымында да қарастырылған.

Г.Т.Сырлыбаеваның зерттеу еңбегінде фразеологиялық антонимдер жан-жақты талданып, келелі ғылыми тұжырымдар жасалса, Ж.Қ.Әділбекова оның көркем мәтіндегі қызметіне тоқталады. Ж.Қ.Әділбекова зерттеу еңбегінде қарама-қарсылық және қарама-қайшылық ұғымдарына анықтама беріп, ішкі және сыртқы қарама-қайшылығының келесі түрлерін атап көрсетеді (терістеуші қарсылықтар, шарттасушы қарсылықтар, контрасты қарсылықтар) [44, 13].

Ол тілдік антонимдерді бір өлшемді қарама-қарсылықтар, контекстік антонимдерді көп өлшемді қарама-қарсылықтар деп көрсетеді.

Одан басқа, Ж.Қ.Әділбекова қарама-қарсылықты келесі түрлерге бөледі:

- ерсілі-қарсылы қарама-қарсылық (контрарлы) – бір-біріне мүлдем сәйкес келмейтін өзара түбегейлі қарсы құбылыстар;
- терістеу қарама-қарсылығы (контрадикторлы) – екі нысанның өзара шеткі нүктелері арқылы ғана емес, аралық қарсы мәнді бере алатын үшінші нысанмен де қарама-қарсы қоюға болатын қайшылық.

Зерттеуші қарама-қарсылық түрлерінің төмендегідей топтары бар деп қорытындылайды:

- логикалық қарама-қарсылық / *контрарлы қарама-қарсылық* «Анти А» ≠ «А емес»; *контрадикторлы қарама-қарсылық* «Анти А» = «А емес»/;
- мағыналық қарама-қарсылық / *привативті қарама-қарсылық* қарама-қарсы мағыналары контрадикторлы (комплементарлы) ұғымдарды танытады; *эквиполентті қарама-қарсылық* қарама-қарсы мағыналары контрарлы әрі комплементарлы ұғымдарды танытады; *полярлық қарама-қарсылық* қарама-

қарсылық әрекетіндегі шынайы және әлеуеттік нәтижені танытатын мағыналық компоненттер/ [44].

Ж.Қ.Әділбекова жай сөйлемдердегі қарама-қарсылық ойдың мағыналық көріністерін былайша береді: «қарсылық мағыналы жай сөйлем, альтернативті сұрақты білдіретін сұраулы сөйлем, қарсылықты құрмалас сөйлемдерге синонимдес жай сөйлем, логикалық-психологиялық таным қарама-қарсылығына құрылған сөйлем» [44, 124]. Жұмыста қарама-қарсылықты қатынаста келген құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары мен ішкі мағыналық реңтері қарастырылған. Ғалым зерттеу еңбегінде көркем шығармадағы антитезаның грамматикалық, лексикалық қабаттарының рөлін көрсетіп, композициялық жағынан назар аударады. Сонымен қатар, кейде көркем шығармада қарама-қайшылық туғызатын оппозицияның біреуі айқын көрініп, екіншісі соның астарынан ғана аңғарылатыны дәлелденген. Қарсылықты шылаулардың көркем шығармада белгілі бір контексте бірнеше қайшылықты ұғымды қабаттастыра, кейде ұштаса тереңдетіле беретін түрлеріне де талдау жасалған.

Ж.Қ.Әділбекова ғылыми еңбегінде көркем мәтінде қарама-қарсылықты берудегі антоним сөздердің орнын айқындап, «Көркем шығарма бірлігін құрайтын негізгі ұйымдастырушы құбылыс қарама-қайшылықтардың тілдік көрсеткіші болып табылады», - деп қорытындылайды [44, 126].

Қазіргі қазақ тілі білімінде қарама-қарсылықты салғастырмалық бағытта А.Қ.Жұмабекова қазақ және орыс тілдері негізінде антонимдік оппозиция тұрғысынан зерттесе, М.Г.Нұрбердиев араб және қазақ тілдеріндегі контрастивтер құрылымына негіздеп зерделеді. Ол 2009 жылы «Контрастивтердің тіларалық баламалығы (қазақ, араб тілдері)» атты ғылыми жұмысын қорғаған. М.Г.Нұрбердиев *контрастивтер* термині қарама-қайшылықты барлық жағынан жеткізе алады деп есептейді. Ол контрастивтер терминін антонимдер мен энантионимдерді түгел қамтитын ортақ атау ретінде алады.

Жұмыста энантиосемияның зерттелу тарихы мен оның тілдік құбылыс ретіндегі ғылыми негіздері, қолданылуы жан-жақты талданылған. Ғалым номинативті энантиосемия өнімсіз, эмоциональды-бағалауыштық энантиосемия өнімді деп тұжырымдайды. Ол энантиосемиялық сөйлемдердің экспрессивтілігі синтаксистік құрылымынан көрініс табатындығын айтып, «қарама-қарсылық лексикалық контекстегідей бір сөздің қайталануынан емес, актуалданған бірлікті көрсетуден туындайды, ол – экстралингвистикалық контекст» деген пікір білдіреді.

Зерттеуші қазақ және араб тілдеріндегі контрастивтерді топтастыру барысында Н.С.Трубецкойдың оппозиция әдісі арқылы талдауды жалғастырып, оларды А.Қ.Жұмабекова мен Г.Т.Сырлыбаева сияқты градуалды, привативті және эквиолентті оппозицияларға жіктейді. Ол талдау нәтижесінде градуалды оппозиция өнімді, қазақ тілі антонимдерінің өзегін құрайды, привативті оппозицияның жиілігі төмен, эквиолентті оппозициялар өнімсіз деген қорытындыға келеді.

М.Г.Нұрбердиев қазақ және араб тілдеріндегі энантионимдерді ортақ белгілеріне қарай топтарға жіктейді де, әр топқа нақты мысалдар келтіреді. Зерттеуші құрылымдық-морфологиялық тұрғыдан атау энантионимдер, етістік энантионимдер, қосымшалы энантионимдер, үстеу энантионимдер деп бөледі. Ол атау энантионимі ретінде «шебер» сөзін алып, кейде мысқыл арқылы «олақ» деген мағынада қолданылатынын айтып, келесі мысалдарды келтіреді: *Толыбай ағашқа да, темірге де елден асқан шебер. Өзін шебер қылып көрсеткісі келгенін көрмейсің бе?* [40, 85]. Етістік энантионимдерге тарады, алды, исіну секілді етістіктерді атайды. Мысалы, «Қазақтелеком» компаниясы *Серікті жұмысқа алды. Екі аптадан соң Серікті жұмыстан алды* [40, 92]. Қазақ тілінде септік жалғаулары әсерінен пайда болатын қарама-қарсылыққа тоқталады да, «-қа, -ке, -ға, -ге және -нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен септік жалғаулары арқылы кейбір етістіктерде қарама-қарсы мағына үстелетіндігін» айтады. Ол *есепке алынды – есептен алынды* сияқты мысалдар келтіреді. Ол кейбір тілшілер энантионимдерді омонимияға жатқызса, тілшілердің келесі бір тобы антонимияның бір түрі ретінде танитындығын айта келе, «семантикалық компоненттері болғанымен, энантиосемияны омонимияға жатқызуға болмайды, өйткені омонимдер дыбысталуы жағынан және сыртқы көрінісі жағынан бірдей болғанымен, мағынасы жағынан ортақ компоненттері жоқ, сондықтан да олар мазмұндық тұрғысынан да әр түрлі болып келеді» деп тұжырымдайды да, қазақ тіліндегі «күн» сөзі (планета), *күн* (тәуліктің бір кезі), *күн* (күн көру- тіршілік) деген мысал келтіреді. Ол антонимия мен энантиосемияның екі түрлі құбылыс екенін дәлелдер келтіре отырып, баса айтады. Сондай-ақ, энантиосемияны полисемия мен омонимия арасындағы өтпелі құбылыс ретінде қарайтын пікірлерге қарсылығын оларға берілген анықтамаларды талдай отырып білдіреді. Ғалым А.Жүсіповтың номинативті және эмоционалды-бағалауыштық энантиосемия деп бөлуіне келісіп, ол да номинативті энантиосемия өнімсіз, эмоциональды-бағалауыштық энантиосемия өнімді деп тұжырымдайды.


Қазақ тілі антонимдер сөздігін алғашқы болып Ж.Мусин құрастырса, 2000 жылы жарық көрген А.Қ.Жұмабекованың «Қазақ тілі антонимдер сөздігінде» қазақ тіліндегі антонимдер жаңа бағытта қарастырылған. Онда антонимдердің жүйелік сипаттамасы беріліп, оның басқа жүйелік категориялармен байланысы көрсетіледі. Жұмыста антонимия құбылысының зерттелуіне тоқталынып, осы құбылыс төңірегінде әлі де зерттелуі тиіс мәселелер атап көрсетіледі. Ғалым «антонимия – бір-біріне қарама-қарсы мағыналарға ие лексикалық бірлік тұлғалардың семантикалық қарым-қатынасы» деген анықтама беріп, «логикалық қарама-қарсылық» пен «тілдік қарама-қарсылық» түсініктерінің ара-жігін ажыратады [117, 12].

Зерттеуші Н.С.Трубецкойдың оппозиция әдісіне сүйене отырып, қазақ тіліндегі антонимдерді градуалды, привативті және эквиполентті деп жіктейді. Ол «градуалды антонимдік оппозициялардың мүшелері белгілі бір қасиеттің, сапаның ең ақырғы шекке дейінгі дәрежесін білдіретіндігін» айтып, оларды симметриялы градуалды оппозиция және ассиметриялы градуалды оппозиция деп бөледі [117, 16].

Қасиет-сапа ортаңғы мүшеден бірдей қашықтықта болатын симметриялы градуалды оппозицияның қарқындылық шкаласын келесі сызба арқылы түсіндіреді:



Асимметриялы градуалды оппозиция мүшелері аралық элементке қатысы жағынан өлшемдік шкалада әр түрлі орналасатындығын бірнеше сызба арқылы дәлелдеген. Қасиет-сапаның әлдеқайда жоғары дәрежесіндегі тең емес қатысты көрсететін қисық – *tin-tik* мысалын мынадай сызба арқылы береді:



Автор привативті оппозиция мүшелерінің арасында аралық мүше болуы мүмкін емес дей келе, бұл қатарға әр түбірлі (*бар – жоқ*) және түбірлес (*жанды – жансыз, таныс – бейтаныс*) лексемалары енетінін айтады.

А.Қ.Жұмабекова эквиоленттік антонимиялық оппозиция мүшелерінің арасында ассоциативті қарама-қарсылық бар екендігін айта келіп, бұл оппозицияның құрамына енетін төмендегідей сөз топтарын ұсынады:

1) іс-әрекеттің, хал-жағдайдың қарама-қарсы бағытталғандығын білдіретін лексемалар: *кіру – шығу, қашу – қуу, қуану – ренжу, барыс – келіс*.

2) Лексикалық конверсивтер: *ұту – ұтылу, жығу – жығылу*.

3) Үйлесімді ұғымдарды белгілеуші сөздер: *үсті – асты, оң – сол, арғы – бергі*.

4) Жыныстық, туыстық нышандары (*әке – шеше, бала – қыз*), тәулік уақыты (*күн – түн*), әлеуметтік қатынастары (*мырза – құл*) бойынша компоненттері қарама-қарсы қойылған, бір-бірінен мағыналық жағынан ажыратылмайтын жұптар.

Сондай-ақ, жұмыста контексті антонимдер арнайы қарастырылып, узуалды антонимиялық оппозиция мен контекстік антонимиялық оппозициялардың айырым белгілерін ашып көрсетеді. Узуалды және контекстік антонимиялық оппозициялардың стилистикалық қызметтері болып табылатын *акротеза, амфитеза, диатеза, альтернатеза, антиметабола, антитеза, оксюморон* сынды стильдік фигураларға жеке-жеке тоқталынып, дәйекті мысалдар келтірілген.

Сөздік негізгі бөлім мен сөздікке енген антонимиялық жұптардың көрсеткішінен тұрады. Әліпби тәртібімен орналасқан әр түбірлі және түбірлес антонимдердің жұбы негізгі бөлімде берілген. Әр антонимдік жұп мүшесі көркем шығарма мен халық ауыз әдебиеті үлгілерінен алынған мысалдармен дәлелденуі сөздіктің құндылығын арттыра түсері сөзсіз. Еңбекте көп мағыналы сөздің антонимдік жұбы, антонимдік жұптың туынды тұлғаларының да антонимдері қоса келтірілген.

А.Қ.Жұмабекованың антонимдер сөздігі – қазақ тіл біліміне қосылған жаңалық, ол қарама-қарсылықты зерттеудің қазіргі ғылымдағы жаңа бағытын көрсетсе керек.

Адам санасында қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы ұғымдар пайда болады. Ол белгілі бір ұғымға қатысты зат не құбылысты және олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсас қасиеттерді логикалық ойлау арқылы ажыратады. Адам танымындағы әлем бейнесі оның өмірлік тәжірибесі мен түсінігіндегі қарама-қайшылықты қасиеттерден құралған дүние болып табылады. Қарама-қарсылық дүниені, болмысты, өмірдегі заттар мен құбылыстарды танып білудің нәтижесінде қалыптасады. А.Ә.Жанабекова «тілдің қызметі қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас құралы, адам ойының материалдық көрінісі» деп атай келе, тілдің аталған екі қызметі де әлемді, дүниені танушы белсенді субъект, сол дүниенің тілдік бейнесін жасаушы басты тұлға адамға бағытталатындығын айтады. Әр халықтың ұлттық санада қалыптасқан стереотиптер жүйесі ғаламның тілдік бейнесін жасайды. Адам – тіл дамуының қозғаушы күші, яғни тіл тек ауызекі сөйлесудің, қарым-қатынастың құралы ғана емес, тіл адамның ішкі дүниесінің, дүниетанымының, ұлттық болмысының, аялық білімінің, көркемдік әлемінің, менталитетінің, талап-талғамының көрінісі [120]. Тілдік санада қалыптасатын тілдің терең құрылымдары логикалық, философиялық, психологиялық, әлеуметтік т.б. негіздер арқылы санада абстракцияланып, когнитивтік модель арқылы тілде көрініс табады [57].

Қазақ тіл білімінде антонимия когнитивтік бағытта арнайы зерттелмесе де, кейбір қарама-қарсы мағыналы жұптардың когнитивтік мәндері айқындалып, концепт тұрғысынан зерделенген еңбектер бар. Когнитивті концептілер ретінде зерттеліп жүрген *ақ - қара, өмір – өлім, байлық – кедейлік, жақысылық – жамандық* жұптарының оппозициялық концептілер де екені дау туғызбаса керек [121, 426-432]. Б.Ақбердиева: «Адамдар үшін ең әуелі аспан мен жерді, оңы мен солын, алды мен артын, яки дүниенің тараптарын тану өмірлік қажеттілік еді. Осының бәрі сана арқылы сараланып, тілде көрініс табады», – дейді [57, 65]. Ол адамдар айналасындағы дүниені жақсы жаман, пайдалы – зиянды принципі бойынша бөлгеннен кейін олардың арасындағы буынды іздейтінін айта келіп, үш дүниенің негізгі символы ретінде *ақ – ала – қара* үштігін атайды. *Ала* орта дүниенің, жер бетінің символы ретінде көптеген ұлттық әдет-ғұрыптарда маңызды орын алатындығын айтады.

Ақ түс – жоғары дүние – тәңірлер мекені, тазалық пен пәктік символы;

ала – орта жер беті – екі шеткері дүниелер арасындағы медиатор – ол ақ пен қараның, жоғары мен төменнің сипаттары мен қасиеттерін араластыра сіңірген тіршілік, от, аласапыран;

қара түс – төменгі дүние, жер асты, су – зұлымдықтың ордасы, өлім, о дүние [57, 103].

Б.Қ.Ақбердиева *күн – түн, от – су, ақ – қара, көк – жер, оң – теріс, аталық – аналық* сияқты жұп символдардың танымдық мәнін ашып, фразеологиялық тіркестер беріп, көркем шығармалардан мысалдар келтіреді.

Мысалы, абстрактілі ұғымдағы *бақ – сор* жұп символдарына *бағы ашылды – бағы жанбады, бағы асты – бағы кесілді* деген фразеологиялық жұптарды ұсынады. Ол «оң жақтың мәні маңызды, жақсы болса, сол жақтың мәні жаман, нашар» деген пікір айтады да, *оңға басты – оңға баспады* мысалын келтіреді. Қос тағанды фразеологизмдер таған аралық компоненттердің контрастивті мағынасы негізінде жасалса, мифтік танымның негізгі құрылымдық белгісі бинарлық қарама-қарсылықтан тұратындығын айтып, қос тағанды фразеологизмнің А+В моделін ұсынады: *аз да болса // көптей көр, күле кіріп // күңірене шығып* т.б.

Ұ.Б.Серікбаеваның зерттеу жұмысында да «ақ» және «қара» атауларының мағыналық даму аясына тоқталынып, негізгі және әр түрлі когнитивтік мағыналары айқындалып, нақты контекстер арқылы дәйектеледі. Ол «ақ» және «қара» түр-түс атауларының қарама-қарсы мағынада жүйелі түрде қолданысы олардың өздеріне ғана тән, ерекше құбылыс ретінде қарастырады. Ғалым: «Бұл құбылыс – белгілі логикалық жүйеде өзара қалыптасқан жұп ұғым, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ылғи екіұдай болып, бір-бірімен контрастивті, қарама-қарсы тұру арқылы сипатталатын заттар мен құбылыстардың ішкі сырын ашуға қажет дүниетанымдық мәні бар фактор», – деп қорытындылайды [58, 122]. Сондай-ақ, тілде кездесетін «ақ» және «қара» атауымен тіркесуі арқылы жасалған күрделі сөздерді қарама-қарсы мағынасы контрастивтік жүйеде өз алдына қолданылатын тіркестер, контрастив жүйеге енген, қарама-қарсы мағыналары ортақ бір нысанға тіркелген жұп тіркестер, контрастив жүйеге енген, ортақ нысанды, қарама-қарсы мәні ауыспалы мағынада қалыптасқан жұп тіркестер деп үш топқа жіктеген.

Ұ.Б. Серікбаеваның пайымдауынша, адам баласының өзін қоршаған дүниені танып-білуі о баста осы түстерге байланысты екен. Ол осы екі түс әлемдегі заттар мен құбылыстарды бір-бірінен айырып жіктеуге қолайлы, басқа түстерге ұйытқы болатындығы туралы айта келіп, «ақ» пен «қара» түстерді бір тәулікті екіге бөліп тұратын күн мен түннің символына теңейді. Оның «ақ» және «қара» түс атауларына таңылып жүрген қосымша (когнитивтік) мағыналардың біразы бір тілде кездесе, екінші бір тілде кездеспеуі де мүмкін, кездесе қалса сәйкес болмауы мүмкін» деген пікірі өте орынды [58, 13]. Ол «ақ» атауы сүт тағамдары деген мағынаны жеке тұрып та, мәтін құрамында тұрып та бере алатынын айтады. «Ақ» түсі «қара» түске қарама-қарсы мағынасында барша түркі тілдерінде бірдей десе де болатындығын айтып, қазақ тілінде ақтың номинативті мағынасына жүздеген фразеологизмдер мен мақал-мәтел бар екендігін тілге тиек етеді. «Ақ» атауын этностың өзіндік болмысына, салт-дәстүр, дүниетанымына байланысты талдап-тарату турасында Ә.Қайдар, З.Ақтамбердиева, Б.Өмірбекова, Ф.Ахметжанова, Қ.Қайырбаевалардың еңбектері бар. Бұған дейін Ә.Қайдар, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбековалар «қара» атауын арнайы зерттеп, 24 түрін көрсетсе, Ұ.Серікбаева осы атаудың ауыспалы мағыналарының 33 түрін атап, оның когнитивтік мағыналарын анықтаған. Когнитивтік мағыналарының бірі – майсыз, қатықсыз дайындалған ас. Оған мысал ретінде оның келесі келтірген

тұжырымын алсақ, көшпелі малшы қазақтың ертеден қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрпында негізгі қорегі сүт, май, ет, қымыз, қымыран, шұбаттан тұрған. Барша тамақты үлкен екі топқа бөліп, майлы тамақтардың баршасы ақ, сары түске баланып, ал майсыз тамақтар қара түске баланғандығын байқауға болады. Осыдан қара түс барша майсыз, сүтсіз тамақтың ауыспалы мағынасына ие болған. Өзімізге таныс *қара кесек ет* (майы жоқ ет), *қара талқан*, *ақ май* сияқты тіркестер Ұ.Б. Серікбаеваның пікірінің дұрыстығына дәлел болса керек. Ғалым «ақ», «қара» түстері қазақ ру-тайпаларының өмір сүрген аумағын білдіретіндігін «әдетте күннің шығатын жағы ашық, жарқын болып келеді де, «ақ» түспен белгіленеді, ал күн батыс жақ қара түске ауыса бастайды да, «қара» атауымен аталады» деген пікірмен жеткізеді [58, 29]. Сондай-ақ,

Ұ.Б.Серікбаева *Ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс* деген мысалды келтіріп, «қара» сөзінің астарында өтірік, айыптаушы, жазғырушы, кінәлі деген пікір жатқандығын айтады. Шындығында да, алғыс сөзіне ақ атауының телінуінде мән бар, халқымыздың дәстүріндегі *ақ бата*да ризашылық, жақсылық тілеу мәні жатса, «*қараға*» реніш, жамандық атаулыны телітініміз рас. Зерттеушінің «қара» түсті қазақтың наным сеніміне сай жын-шайтан, албасты сияқты «қара күш» иелеріне қосып айтады» деген пікіріне қосыла отырып, «ақ» түсті осы мағынаға қарсы мәнде аруақ, періштелерге теңейтіндігін айтуға болады. Зерттеу жұмысында «ақ» және «қара» атауларының тілдік болмысы, этнолингвистикалық сипаты ғана қамтылып қойған жоқ, ұлтымыздың осы түстер негізінде дүниетану құндылықтарын ашып берді [121].

Түр-түс арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоциялық қалпын, адамгершілік түсініктерін білдіретіндігін С.Ғ.Қанапинаның да еңбегінен де көре аламыз: «Басқа халықтардағыдай қазақ халқы үшін де әлем екі түске *ақ* пен *қараға* бөлінген. Оның бірі *ақ* түс – күллі игі, жақсы қасиеттер бейнесі болса, көп жағдайда *қара* түс – жамандық біткеннің бедеріне ие: «*Ақ дегені – алғыс, «Қара» дегені – қарғыс*», «*Ақ*» пен «*Қараны*» шындық айырар» [59, 101].

Зерттеуші «*ақ бата*», «*ақ жол*», «*ақ тілек*» символдық мағыналарына мысалдар келтіріп, Қыдыр атаның сипаты ақ сақалды, ақ сәлделі, ақ шапанды қария ретінде қабылданатындығын айтады. С.Ғ.Қанапина ақ жаулықтың әлеуметтік-гендерлік ерекшелігін көрсетіп, оның ұлтымызда жас келіншектің, әйелдің символын беретіндігіне тоқталады. «Ақ байлау» сөзі де ұлттық символға ие екендігін бесіктің басына ақ байлау, ашытқысы жоқ адамдардың, қымызы бар үйлерден сабасына ақ байлап, қымыз құйып алу сияқты салт-дәстүрлер арқылы ашып түсіндірген. Ал қара түске қатысты ұлттық танымды *қара жамылды, қара қағаз, қаралы ат, қаралы дауыс, қаралы күн* сияқты сөз оралымдары арқылы көрсетеді. С.Ғ.Қанапина «қазақ мәдениетінде *ақтың* антиподы ретінде *қара* түс қолданылып, *ақ – қара* бинарлық жүйесін құрайды. Сонымен бірге, ол Ұ.Б. Серікбаеваның көзқарасымен үндес «*ақ – күннің, қара – түннің* символдық бейнесі» деген пікір білдіре келе, дүниеде қарама-қарсылықсыз еш нәрсе жоқ екендігін, қарама-қарсылықсыз дамудың жүзеге

аспайтындығын айтады. Ол: «Өмірдің мәні қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресін тану, жеңу болса, сол түсінік қазақ ұғымында ақ пен қара айналасынан орын алады. Сонда қуаныштың, адалдықтың, сән-салтанаттың, жақсылықтың символына айналған *ақ түске* қарама-қарсы қайғы-қасіреттің, жамандықтың белгісі ретінде *қара түс*» – деп тұжырымдайды [59, 103].

Қазақ тілінде өмірдегі қарама-қарсылыққа негізделген құбылыстарды қамтитын концептілердің жүздеген түрі бар. Қазақ тіл білімінде қарама-қарсылыққа негізделген концептілерді С.А.Жиренов, Ж.Т.Қошанова, А.Ж.Шалбаевалар зерттеу объектісі етіп алды.

С.А.Жиренов зерттеу жұмысында «*өмір – өлім*» концептісінің танымдық табиғатын ақын-жыраулар поэзиясын негізге ала отырып айқындаған. Ол когнитивтік лингвистиканың басты категориясы концепт дей келе, концептке келесідей анықтама береді: «этностың аялық білімін жүйелейтін, реттейтін, жіктейтін логикалық модельдердің жиынтығынан пайда болатын өзара синонимдік, ассоциативтік, бинарлық т.б. қарым-қатынастағы тілдік модельдердің біртұтастығын көрсететін тілдік құбылыс» [60, 144].

Зерттеуші концептіні лингвокогнитивті танымдық бірлік ретінде алады да, «*өмір – өлімді*» этностың өзіндік менталитетіне сай ерекше «концептілік мәнге ие доминант» деп есептейді. Ол өмір концептісінің танымдық табиғатын бірден тікелей тану адамның когнитивтік механизмдеріне ауыр соғатындығын айта келе, адам өмірді бөлшектеп таниды деп түйеді. Сондықтан, жұмыста жыраулар шығармашылығындағы «*Өмір*» макроконцептісінің мәнін құрамдас компоненттері *дүние, дәурен, заман, тағдыр, тіршілік* сияқты микроконцептілерінің фреймдік тізбегі арқылы лингвофилософиялық тұрғыдан зерделейді. С.А.Жиренов *Өмір – уақыт, Өмір – мектеп, Өмір – қызық, Өмір – сәуле, Өмір – күрес, Өмір – қымбат, Өмір – опасыз т.б.* логикалық модельдерді анықтап, оларды түзуші тілдік модельдер екенін айтады. Ол ұлттық– мәдени концепт «*Өмір мен Өлімді*» қамтитын аралық концепт ретінде «*Жан мен тән*» бинарлық жұбын атайды. Зерттеуші «*Жан мен тән*» бейнелеуінің астарында этностың ойлауы жатқанына сенімді. Ғалым этнос дүниетанымында «*Өлім*» макроконцептісін адамзат атаулыға ортақ лингвофилософиялық бірлік деп қарап, оның ажал, қаза сынды құрамдас бірліктерін атайды. Жұмыста «*жоғары мен төмен*», «*бұ дүние мен о дүние*», «*жоғарғы – ортаңғы – төменгі*» әлемдерді қамтитын әмбебап құбылыс «*Өлім*» концептісі ақын-жыраулар поэзиясында «*өлім болмай қоймайтын құбылыс*», «адамзатқа ортақ процесс», «*мәңгілік сапар*» т.б. логикалық модельдерді білдіретіндігі нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. С.А.Жиренов зерттеу нәтижесінде «жыраулар поэзиясындағы «*Өмір – Өлім*» концептілерінің ішкі құрылымындағы этномәдени танымдық соқпақтар адамзат дүниетанымымен астасып жатыр, этносқа тән ерекшеліктерді жекелеген индивидтердің дүниетанымы арқылы танып білуге болады» деп тұжырымдайды [60].

Қарама-қарсы мәнді *өмір – өлім* антонимдік жұптарының танымдық мәні ашылған бұл ғылыми жұмыс антонимияны танымдық қырынан зерттеуге белгілі дәрежеде үлес қосты.

Ж.Т.Қошанованың зерттеу жұмысында «байлық – кедейлік» концептісінің танымдық негіздері когнитивтік сипатта зерттелген [61]. Зерттеуші *бай – кедей, байлық – кедейлік* қарама-қарсы ұғымдары әлеуметтік теңсіздіктен туғандығын айта келіп, осы ұғымдарды этнолингвистикалық, танымдық, когнитивтік теориялар тұрғысында оппозициялық концепт деңгейінде қарастырған. Ол «бай – кедей» сөздерінің қарама-қарсылық тұрғыда зерттелуіне тарихи тұрғыда келіп, осы мәнді беретін сөздерді түркі тілдерімен салыстыра отырып, шығу тегін саралаған еңбектерге жүгінеді. Жұмыста этнолингвистикалық тұрғыдан «байлық – кедейлік» концептісін қарастырған Ә.Қайдардың, оппозициялық концепт ретінде талдаған А.Н.Самойлович және т.б. ғалымдардың, танымдық тұрғыда В.Гумбольдті ілімін негізге ала зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалған. «Байлық – кедейлік» сөздерінің тарихын А.Н.Самойлович төрт кезеңге бөліп қарастырса, Ж.Т.Қошанова XX ғасырдың басынан қазіргіге дейінгі кезеңді «байлық – кедейлік» қарама-қарсы концептісінің бесінші кезеңі деп көрсетеді. Ол зерттеу еңбегінде «талданған концептілер индивидтер санасында ғасырлар бойы сәулеленген сезімдік-заттық, танымдық тәжірибенің негізінде қалыптасқан концептілердің ядросы болып табылатын сезімдік-заттық бейнелер (кодтар) белгілі бір нысандарды жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді, соның нәтижесінде концептілердің мазмұны кеңейіп, концептілік өрісі ұлғаяды» дей келе, мысалға «байлық» сөзін ядро ретінде алып, бай, би, бек, төре, сұлтан т.б. ядроның концептілік компоненттері, яғни өрісі деп көрсетеді [61, 48]. Бұдан басқа зерттеуші осы сөздің жанама (*текті, күшті, мал, дәулетті*) және ассоциативті қатысты атаулар (*құт, береке, ас*) сияқты ядро қабаттарын атайды. Ол қазақ тілінде бай, байлық ұғымын білдіретін сөздерге қарағанда, соларға қарама-қарсы кедей, кедейлік ұғымын білдіретін ақпараттық сөздерде аяушылық, есіркеушілік, жаны ашу сезімін білдіретін эмоциялық қосалқы мағыналар айқын сезіледі деген пікірде. Сонымен қатар, ғалым «байлық» және «кедейлік» концептілерінің фреймдерін, яғни қосалқы бөлшектерін көрсетеді. Жұмыста «байлық – кедейлік» концептісі қарама-қарсылық сипатта жүргізіледі де, осы концептіге жататын тіл бірліктерінің тура мағынасында градуалды оппозицияға жатса, бірқатары эквиоленттік оппозицияға жататындығы анықталған. Ж.Қошанова сатылы оппозицияға мысал ретінде зерттеліп отырған концептінің жанама атауларын алып, келесі ортаңғы мүшелерді атайды: *дәулетті – дәулеті шамалы – дәулетсіз, бар – тапшы – жоқ, бар – аз – жоқ*. Ол эквиоленттік концептілік оппозициялар ретінде *хан – құл, төре – қара, ақсүйек – қарасүйек, ақсүйектер – тобырлар, шенеунік – қарапайым адам, қалың – қалыңсыз* мысалдарын ұсынады. Зерттеуші: «байлық – кедейлік» оппозициялық концептісін жасайтын ақпараттық тіл құралдары бір деңгейдегі, атап айтқанда, лексика-семантикалық деңгейдегі тіл бірліктері болып табылады. Олар түбір сөздер, туынды сөздер немесе тұрақты тіркестер түрінде кездеседі», – дейді [61, 16].

Ж.Т.Қошанова «байлық – кедейлік» оппозициялық концептісінің кумулятивті қызмет атқаратын, қазақ халқының тіршілік, кәсіптік бейнесі мен болмысын білдіретін ақпараттық тілдік бірліктерді талдауға баса мән берген.

Ол «байлық», «кедейлік» концептісіне жататын жеке атаулардың концептілік қызметін талдап, көркем шығармалардан мысалдардың мол қорын жинаған. Сондай-ақ, осы концептіні жасауға ассоциативті, жанама түрде қатысатын әр түрлі ақпараттық тіл бірліктерінің қорын жинастырып, концептіге байланысын айқындаған. Ж.Т.Қошанова «байлық – кедейлік» концептісіне жанама қатысты ақпараттық тілдік бірліктерді оппозициялық **лексикалық бірліктер**: *тарлық – кеңдік, тапшылық – баршылық, аш – тоқ, мықты – әлсіз, рақат – бейнет, күйлі – күйсіз, жуан – жіңішке, ырыс – сор, азаттық – құлдық, текті – тексіз* т.б. және **жұптық оппозициялық фразеологизмдік бірлік**: *жалғанды жалпағынан басты – жапа шекті, аузынан ақ май ақты – аузы асқа жарымады* деп екіге бөледі [61].

Ж.Т.Қошанованың зерттеу жұмысы «байлық – кедейлік» концептісінің танымдық-теориялық негіздерін жасап, оппозициялық сипаты мен кумулятивтік қызметін айқындаған, антонимияның когнитивтік бағытында зерттелген елеулі еңбек екені сөзсіз.

А.Ж.Шалбаеваның зерттеу жұмысында қазақ және орыс тілдеріндегі *жақсылық/жамандық* ұғымдарын салғастырмалық бағытта зерттеледі. Жұмыста концепт ұғымына анықтама беріліп, оның лингвокогнитивтік және лингвомәдени бағыттары анықталады. Осы бағыттарға А.Ж.Шалбаева келесідей анықтама береді: «лингвокогнитивтік концепт – бұл индивидуалдық санадан мәдениетке бағыт, ал лингвомәдени бағыт – мәдениеттен индивидуалды санаға бағыт» [62, 100].

А.Ж.Шалбаева қоршаған әлемді ұлттық қабылдауы мен бейнелеуі ақиқат болмысты әр түрлі кодтауға алып келетіндігіне, сондықтан да *жақсылық/жамандық* концептілерінің тілдік сипаты фразеологиялық, паремалогиялық қордан, фольклорлық мәтін мен көркем әдебиетте толық көрініс тапқанына сенімді. Ол: *жақсылық/жамандық* концептілері әрбір этникалық мәдениетте әмбебап категория болып табыла отырып, аталмыш концептілердің ұғымдық және басқа компоненттерінде көрінетін ұлттық ерекшеліктері бар екендігін айтады. Бұл концептінің басты белгісі бір нәрсеге деген қарым-қатынасы, бағалау көзқарасы екенін айта келе, бағалаудың ең басты мақсаты негізінен жақсы немесе оған қарама-қарсы жаман түсінігін беру екенін айырықша айтады.

Зерттеуші *жақсылық/жамандық* концептісін барлық этникалық топқа ортақ жалпы адами таным парадигмасына жатқызады. Десек те, ол аталмыш концептілердің екі тіл иелері санасына ортақ және өзгеше ассоциалық өрістерін ажыратып топтастырады. Жұмыста *жақсылық/жамандық* концептісінің бейнелік, символикалық бөліктерін арнайы кестеге салынған, онда *жақсылықтың* жан, жүрек, сұлулық, оң жақ, жарық нұр, ақ түс символдарына *жамандықтың* жанның жоқтығы, жүрексіздік, сұрықсыздық, сол жақ, қараңғылық, кара түс сияқты символдары қарсы қойылып, екі тілде ортақ мағына деп беретіндігін анықтайды. Ұлттық ерекшелік ретінде қазақ тілінде *жақсылық* символына Қызыр ата берілсе, *жамандық* символына дию, пері берілген деген пікірде.

А.Ж.Шалбаева қарама-қарсы мағынада берілген сөздерде халықтың дүниетанымдық ой-сүрлеуі жатыр дей келе, мақал-мәтелдерде *жақсылық/жамандық* лексемаларының жұп құрап жиі кездесетіндігін келесі мысалмен дәйектейді: *Жамандықты көп қуған бір пәлеге жолызар, Жақсылықты көп қуған бақ, дәулетке молызар*. Ол «халық даналығы қандай да бір болмыстың, құбылыстың қарама-қарсылықта дамитынын аңғара білген, жамандықты көрсете отырып, жақсылыққа шақырған» деп ой түйеді [62, 75].

Зерттеуші ассоциациялық өріс құрамын талдау ұлттардың дүниетанымынан, психологиясынан, тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен мол ақпарат алуға жол ашатындығын айтып, екі ұлт өкілдеріне ассоциациялық эксперимент жүргізеді. Эксперимент нәтижесінде қазақ халқының ұлттық менталитеті бойынша өзін емес, өзгені бірінші орынға қою қасиеті басым деген қорытындыға келеді. Экспериментке қатысушылардың берген жауаптарын көрсете отырып, тек қазақ ұлттық танымындағы ұғымдарды былайша талдайды: «Қазақтарда *ата-ананы құрметтеу, сыйлау, бағалау жақсылық* өрісінің аясына кіреді. Бұдан халық дүниетанымындағы бауырмалдық, үлкенді сыйлау ерекше көрінеді. *Жақсы сөз, жақсы ой, ақ тілек, ізгі ниет* тіркестердің ұшырасуы қазақтың сөзге мән беретіндігін, сөз құдіретін түсінетіндігін, аталы сөзге тоқтай білетіндігін көрсетеді» [62]. Зерттеуші қазақта *жақсылық* пен *жамандық* егіз ұғым деп, жамандық сөзінің тек қазақ тілдік санасында орын алған ассоциациялық өрісіне, тәжірибе қорытындысына сүйене отырып, өтірік айту, біреуді алдау, қайғы-мұң, қасірет, жаман сөз, өлім мен сатқындықтарды жатқызады. А.Ж. Шалбаеваның зерттеу жұмысында қарама-қарсылық мәнге ие *жақсылық/жамандық* концептілері қарастырылғандықтан, еңбекте келтірілген тұжырымдар қазақ тіліндегі антонимия мәселесінің когнитивтік бағытта зерттелуіне қосылған үлес болды.

С.Ғ.Қанапина зерттеу еңбегінде мақал-мәтелдің танымдық бейнелілігін зерттеліп, олардың халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, рухани мәдениеттің негізі екендігін зерделенген. Зерттеуші: «мақал-мәтелдердегі антоним, синоним, омоним қарапайым сөздер семантикалық сыйымдылығына қарай әр түрлі сөздермен тіркесіп, жаңа мағыналық реңктерге ие болады» – дейді де, сөз-символдар ұлттық-танымдық, ұлттық-мәдени, фондық мағыналарға ие болатындығын айтады. Ол «*Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйрер. Атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке сүйрер*» деген мақалды алып, ұлттық ұғымдағы төр символына тоқталады. Ол «төр» мен «есік немесе босағаны» қарама-қайшылықта қарастыру жоғары-төмен моделі бойынша динамикалық дамуды – жас мөлшеріне байланысты өмір жол, балалар төменде, ал үлкендер жоғарыда –төрде орналасу моделін де көрсетеді» дей келе, жоғарыдағы мақалда «төр» құрмет символын, «есік» сөзі құрмет, абырой, беделден айырылу мағынасын білдіретіндігін, қарама-қайшылықты ұғымда жұмсалып отырғандығын айтады [59]. Зерттеу жұмысында антонимия мәселесі арнайы көтерілмесе де, мақал-мәтелдердегі қарама-қарсылық ұғымы тұрғысында айтқан пікірлері құнды.

Когнитивтік бағыттағы зерттеулерде қарама-қарсылыққа негізделген стильдік фигуралар да назардан тыс қалмаған. Атап айтсақ, Б.Қ.Ақбердиева антитеза тәсілімен жасалған жұп фразеологизмдерге *торқалы той – топырақты өлім, тілінде шоқ – ұртында мұз* тәрізді сөз үлгілерін жатқызады. Ол антитеза жолымен жасалған жұптардың бір-біріне қайшы келуі антонимдік параллель туғызып, көркемдік әсерлікті күшейтетініне сенімді. Оксюморонға *ақсақты тыңдай, өтірікті шындай қылу, өлгені тіріліп, өшкені жану* сияқты мысалдарды беруі өте орынды. Б.Ақбердиева жұмысында тұрақты сөз орамдарындағы қарама-қарсы мәнді мифтік таным негізінде ашып талдаған.

Жоғарыда талданған еңбектер қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді когнитивтік бағытта зерттеу қолға алынғандығын, антонимияның когнитивтік аспектісі қалыптасу үстінде екенін көрсетеді. Танымдық тұрғыдан зерттеуге алынған антонимдік жұптар қарама-қарсы тілдік бірліктерді когнитивтік бағытта жан-жақты зерттеуге негіз болады деген ойдамыз. Ал әзірге қарама-қарсы тілдік бірліктер жұмсалымдық бағытта терең зерттелу үстінде. Оған дәлел ретінде соңғы жылдары басылым беттерінде жарық көрген мақалаларға тоқталып кеткен жөн.

Б.Р.Құлжанова орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі антонимдерді қарастырады. Ол «Құтадғу билиг» және «Ғибат-ул хақайиқ» ескерткіштерінен антонимдік жұптарды тауып, бүгінгі тілде қолданыста бар-жоғын анықтайды. Ол қазіргі кезде қолданыста бар ескерткіштер тіліндегі келесі антонимдерді атап, ескерткіштен мысалдар келтіреді: *тоғар-батар: Тоғардан батарға иорып тезгинүр (Шығыстан батысқа дүниені кезіп; қыш-йай Қадыр қышқа йанды йанды йарумыш йайы (жарқыраған жазы қатал қысқа айналды); баш – адақ (бас-аяқ): Өкуз азақы болғынча бузағу башы болса иег(өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болған жақсы).* Ол істің басталуы мен аяқталуы сынды ауыспалы мағынасындағы антонимдер де қазіргі тілімізде сақталғандығын айтады.

Зерттеуші күн – түн антонимдік қатары көне түркі заманынан біздің заманымызға дейін формасы мен мағынасы жағынан өзгеріске түспей жеткендігін айтады: *Түнәтүр түнүңни күнүн кетәрип күнүң кетәрип баз йарутур таңа (Күнніңді кетіріп қараңғы түн етеді, Күнніңді келтіріп қайтарып жарық таң етеді).*

Б.Р.Құлжанова ескерткіштен *бал – ағу* жұбын мысалға алып, қазіргі қазақ тілінде де *бал – у* сөздері антонимдік жұпқа жататындығын айтады. Сондай-ақ, *бай – чығай, байлық – чығайлық* жұптарын алып, антонимдік жұптың бір сыңары *чығай* сөзі қолданыстан шығып қалса да, ол заманда да *кедейлік* ұғымын бергенін нақты мысалдармен дәлелдейді. Ол қазақ қолы ашық адамды «сақы» деп атайтынын айтып, *ақы – саран (жомарт – саран)* жұбын антоним ретінде алады, сонымен қатар орта ғасыр ескерткішіндегі келесі антонимдік жұптарға да тоқталады: *кувәнч – қазғу (қуаныш – қайғы) уштмағ – тамуғ (жұмақ – тамұқ), чын – иалған (шын – жалған), ач – тоқ (аш – тоқ).* Ғалым екі сөзі де көнеріп тілімізден шығып қалған антонимдермен қатар бірен саран бір

сыңарын қазақы ұғым алмастырғандар, фонетикалық өзгеріске ұшырағандар да бар екендігін айтады [53].

Қоғамдағы кез-келген зат, құбылыс атауы қарама-қарсылықтан, салыстырудан пайда болады. Ол шынайы өмірдің көрінісі болып табылатын көркем шығармада да жиі көрініс тауып отырады. Келесі мақалалар авторлары көркем туындыларда кездесетін антонимия құбылыстарын саралаған.

Ж.М.Мақешова, Н.М.Қабылдина «Антонимдік қолданыстардың көркем прозадағы орны» атты мақалада Ғ.Мұстафин шығармаларында кездесетін антонимдік және энантиосемиялық құбылыстарды талдаған. Мақалада энантиосемияның грамматикалық және лексикалық жолмен жасалатындығын айтылады да, оның «басты белгілерінің бірі – эмоциялық қызметте жұмсалуда» деп түйінделеді. Авторлар «Антонимдік қатынастар – көркем шығарма тілінде қарама-қарсылық мағыналық жүк көтеріп, үлкен стилистикалық қызмет атқарады» деген тұжырымды ой айтады [47, 80].

Г.А.Қажығалиева мен М.Жарбаеваның мақаласында көркем әдебиеттегі антонимдердің сезімге әсері сөз болады. Авторлардың ойынша поэтикалық контекстегі көркемдеуіш құралдардың ұтымдысы эмоционалды қарама-қарсылық болып табылады. Мақалада көптеген ақындардың көркемдеуіш құралына айналған антитезаның ақынның көңіл-күйін беруде, оқырманды сендіруде таптырмас құрал екендігі мысалдармен дәлелденіліп, оның сезімге әсері риторикалық сұрақтар мен риторикалық қайшылықтармен күшейтілетіні айтылады: «Көркем сөйленісте антонимдік фигуралар шынайы құбылыстардың қарама-қайшылығын, автордың басынан кешірген сезімдердің қым-қиғаштығын толық беруге мүмкіндік береді» [122, 6-9].

Г.С.Қосымова «Білім-ғылым мазмұнды шешендік» атты мақаласында кейбір сөз шеберлерінің шешен тілдерін талдай отырып, мағыналары қарама-қарсы сөздердің поэтикалық қызметіне де тоқталады. Ол Абайда тілдік антонимдер де, контекстік антонимдер де кеңінен қолданылғанын, өлеңдеріне антонимдердің поэтикалық өң беретіндігін айтады [123, 25].

Ғ.Исамалинова мақаласында антонимдердің толымсыз тілдесімдегі көріністері қарастырылып, көркем шығармалардан мысалдар келтіріледі. Автор толымсыз тілдесімді антонимдер кейіпкер сөздерінде модаль сөз ретінде жиі кездесетінін айта келіп, келесі түрлерге бөледі: толымсыз тілдесімді толық антонимдер; толық емес антонимдер; жанама антонимдер [49, 283-286].

Абай шығармаларындағы антонимдік қолданыстар ізденуші

А.Мейренбекованың мақаласына арқау болған. Мақалада поэзия тілінің ең бір қажетті құралы ретінде антонимдер ақын ойын дәл беру, образды әсерлі ету сияқты шарттарды орындайтыны айтылады. Абайдың өмірге көзқарасы мен философиялық ой-түйіндерін беруде антонимдерді шебер қолданғандығы ақынның өлеңдерінен үзінді беру негізінде талданады. Автор Абай тіліндегі антонимдік қолданыстарды келесідей жіктейді: жалпылық мәндегі антонимдік контекстер; тікелей қарама-қарсылық мәнде болатын антонимдік контекстер; философиялық ой-түйін, тұжырым пікір түрінде болып келетін антонимдік

контекстер; антоним сөздер субъективті-предикаттық қатынаста болатын контекстер [124, 129-136].

А.А.Әбдісадықов пен А.Б.Жүсіпбекова мақаласында Ғ.Мұстафиннің «Миллионер», «Шығанақ» романдарындағы антонимдердің стильдік қызметтері қарастырылып, аталған шығармаларда антонимдер әсерлігімен, мағыналылығымен, ырғаққа қатысуымен оқырманын ойлауға жетелейтінін айтылады. Антонимдерге «мағыналық табиғатының өзі тіл реңділігін туғызуға арналған» деп баға беріледі [46, 53]. Мақалада жазушы шығармаларында кездесетін антонимдерге сөз таптарына бөліп мысалдар келтірілген. Авторлар антонимдер салыстыру, шендестіру, баяндау, суреттеу, жинақтау қызметін атқарып, шығарма мазмұнын тереңдетіп, эмоциялық сезімін дәл көрсетеді деп есептейді.

Қазақ тіліндегі лексикалық қордың антонимдік қатынастар арқылы қолдану өрісі мен стильдік дәрежеленуін жеке қарастыру тілдік талдау жұмыстарын қажет етеді. А.Е.Жүсіпов антонимдерден болған стилистикалық фигуралар көптеп кездесетіндігін, олардың көркем бейне жасап, шығарманың идеялық мазмұнын ашуға мол мүмкіндік беретіндігін айтады. Ол: «Текске ерекше экспрессивтік-эмоциялық бояу, ырғақтық, интонациялық тұтастық беріп, оның көркемдегіш бейнелі табиғатын ашып тұру үшін көркемдегіш тәсіл ретінде қарама-қарсы мағынадағы сөздер қолданылады», – дейді [125, 148]. Ол оксюморон тұтас мағына беретін кемі екі құрастырушы сыңардан тұратын бірлік компоненттерінің бір-біріне лексикалық мағына жағынан қарама-қарсы болуы деп есептейді. А.Е.Жүсіпов: «Көркем шығармаларда антонимдерден болған басқа да стилистикалық фигураларды кездестіреміз. Бұларды ғалымдар шартты түрде акротеза, амфитеза, диатеза деп атап жүр. Оксюморон мен антитезадан осы фигураларды айыра білу керек», – дейді. [125].

А.Х.Бекбосынова «Синонимдік және антонимдік теңеулердің стильдік сипаты» атты мақаласында айтайын деген ойды әсерлі, шебер жеткізу үшін мағынасы қарама-қарсы ұғымдарды пайдалану әр ақынның шығармашылығында жиі кездесетін құбылыс екендігін айта келіп, С. Мәуленов өлеңдеріндегі антонимдік теңеулерді талдайды. Автор антонимдік теңеуде теңеу образдары мен теңеу белгілері де қарама-қарсы мәнде келетінін нақты мысалдармен дәлелдейді [48, 3 -7].

А.Р.Найманбай «Антонимдік-синонимдік парадигмалар» деп аталатын мақаласында қарама-қарсылықты «бір мағынаның шеткі айырмашылықтарына дейін дамуы» деп тұжырымдайды. Ол антонимдік қарама-қарсылықты ішкі және сыртқы қарама-қарсылықтың болуына қарай абсолютті және ауыспалы деп бөледі. Оның пайымдауынша, абсолюттіге ауыспалы емес, еркін қарама-қарсылық жатады да, көзқарасқа, нақты коммуникативті жағдайға байланысты қарама-қарсылық ауыспалы болып табылады. Абсолютті антонимдер нақты өмірде, тіршілікте бар құбылыс, үрдіс, қасиеттердің қарама-қарсы мағыналарын көрсетеді (*шығару – жату, қату – еру, бөліну – бірлесу*), ауыспалы антонимдердің қарама-қарсылығы шартты, нақты бір салада, нақты бір қарым-қатынас кезінде қолданылады (*бай – кедей, алыс – жақын, биік – аласа*),

дәстүрлер, нақты бір өмір сүру жағдайына байланысты құбылыстар, қасиеттердің қарама-қарсылығы, субъективті көзқарас негізінде қабылданатын объективті айырмашылықтар да ауыспалы антонимдерге жатады (*ащы – тәтті, мейірімді – қатыгез, жақсы – жаман*). Автор бұ дүние – о дүние, орынды – орынсыз сынды жұптарды да ауыспалы антонимдерге жатқызады. Мақалада антонимдік және синонимдік қатарлардың бір-бірімен жұп құру мүмкіндігі кеңінен қарастырылады. Бұл жұптардың көркемдік мүмкіндіктеріне қатысты А.Найманбай келесідей қорытынды жасайды:

- лексикалық синонимдер мен антонимдік жұптар көркем әдебиет тілінде еркін меңгеріліп, орнымен жұмсалып, айтылар ойды тереңдетіп беруге жұмсалады;

- синонимдік-антонимдік жұптар еркін тіркесу нәтижесінде шығарма тілінің эмоциональды-экспрессивті бояуын ашып отырады;

- антонимдік-синонимдік жұптар радиалды линейлы қатынасқа түсіп, жұп-сыңарлар құрайды;

- бір мағына беретін бірнеше сөзді және қарама-қарсы мағыналы сөзді ұтымды қолдана отырып, жазушы шығармалары тілінде сұлу да өрнекті бейне жасалады [51, 96-100].

Сондай-ақ, А.Найманбай антонимдік компаративтік құрылымдардың мәнін ашып, құрылымын талдауға мақала арнайды. Бұл мақалада компаративке келесідей анықтама беріліп: «Компаратив деп – кез-келген заттың, құбылыстың, ұғымның сапалық белгісін, сапалық мағынасын болмыстағы басқа бір заттың, құбылыстың, ұғымның сапалық белгісімен салыстыру арқылы анықтайтын тілдік құрылымды атаймыз», оның элементтерін ашып көрсетеді. Автор антонимдік компаративтерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай жалпыхалықтық және авторлық деп бөлсе, құрылымына қарай есім негізді антонимдік компаративтер және етістік негізді антонимдік компаративтер деп ажыратады. Ол антонимдік компаративтерге келесі мысалдарды келтіреді: ***Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер. Ортақ өгізден, оңаша бұзау артық*** [126,190-194].

Антонимия құбылысын салғастырмалық бағытта зертеу де өз жалғасын табуда. Оған басылым беттерінде жарық көріп жатқан мақалалар дәлел.

С.С.Мұхтарова қазақ және ағылшын тілдеріндегі дене мүшелерінің атауларында да антонимиялық қатынас бар екендігін айтады. Мақала авторы әлемдегі бүкіл адамдардың дене мүшелерінің атқаратын қызметтері, олардың дене бөліктерінде орналасу реті бірдей болғандықтан, аталған тілдердегі дене мүшелері атауларының өрісінде қарама-қарсы мағынада жұмсалатын лексикалық бірліктер бірдей деген тұжырым жасайды. Ол дене мүшелері өрісіндегі қарама-қарсылықты *окказионалды антонимия* деп атайды.

С.С.Мұхтарова *окказионалды антонимдерге бас-аяқ, қол-аяқ, алақан-табан, кеуде-арқа* жұптарын жатқызады да, мақалада олардың қарама-қарсы қойылу себептерін түсіндіреді [42, 47-49].

Қазақ тіліндегі антонимдерді салыстырмалы бағытта зерттеуге ат салысқан мақала авторларының тағы біреуі А.С.Кожаметова болды. Ол

антонимдерді түбірлес антонимдер, әр түбірлі антонимдер, энантиосема деп жіктейді, *-сыз, -сіз* жұрнақтары арқылы антоним жасалатынына *тиімді-тиімсіз, өнерлі-өнерсіз* жұптарын мысалға келтіреді. Автор қазақ және ағылшын тілдеріндегі антонимдерді жіктеуде ұқсастықтардың көп екендігін ғылыми әдебиеттерден нақты мысалдар келтіру арқылы дәлелдейді [43, 54-58].

М.Г.Нұрбердиев «Қазақ және араб тілдеріндегі антонимдерге оппозитивті талдау» атты мақаласында аталған тілдердегі антонимдерді оппозиция тұрғысынан жіктеп, мысалдармен дәлелдейді [127]. Ал Қ.Есімбекова мақаласын ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық антонимдердің құрылымын талдауға арнайды. Мақалада фразеологиялық антонимдердің бойында «антонимдердің критерийлерінің бәрі бірдей табыла бермейтіндігі» туралы айтылып, олардың антонимдік қатынасқа түсу шарттарын айқындайды. Автор фразеологиялық антонимдердің құрылымдық ерекшеліктерін әлі де терең қарастыру керектігін атап өтеді [41].

Сондай-ақ, антонимдерді оқыту әдістемесі де зерттеушілердің назарынан тыс қалмады. Р.Бегалиева диссертациялық жұмысын 5-сынып оқушыларының тілін антонимдер сөздігі арқылы дамыту мәселесіне арнаса [54], осы бағытқа бірнеше мақала арналған. Р.Өтепова өзінің мақаласын антонимдер сөздігін қолдану әдістемесіне арнайды. Мақалада Ж.Мусиннің, А.Жұмабекованың антонимдер сөздігі талданылып, бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуға арналған тапсырмалар мен білімін тексеруге арналған тест сұрақтары ұсынылады [55, 52-54]. А.Есдәулетова «Антонимдер» тақырыбы бойынша сабақ жоспарын ұсынады. 5-сыныпқа арналған сабақ жоспарында деңгейлік тапсырмалар орындатылып, антонимдердің негізгі белгілерін жинақтау көзделген. Десек те, жаңа сабақ түсіндіру барысында қарама-қарсы мағыналы сөздер беріліп, «антонимдер мен болымды-болымсыз мағыналы сөздер бірдей емес» деп айтып кетеді де, ашып түсіндірілмейді. Бұдан антонимия теориясына қатысты пікірлердің бір жүйеге түспегені айқын көрінеді [56, 22-24].

Қазіргі қазақ тілі білімінде қарама-қарсылықты салғастырмалық бағытта А.Қ.Жұмабекова қазақ және орыс тілдері негізінде антонимдік оппозиция тұрғысынан зерттесе, М.Г.Нұрбердиев араб және қазақ тілдеріндегі контрастивтер құрылымына негіздеп зерделеді. Ж.Қ.Әділбекова қарама-қарсылықтың көркем мәтіндегі көркемдеуіштік қызметін талдаса, А.Е. Жүсіпов қарама-қарсылық коннекторларын көркем мәтін негізінде саралаған. Қарама-қарсылықтың синонимия, полисемиямен байланысын Ғ.Қ. Резуанова анықтаса, Г.Т.Сырлыбаева фразеологиялық антонимдердің жаңа теориясын жасады. Аталған ғалымдардың басты ұстанымы антонимдердің жұмсалымды қызметі болып, зерттеулерінде көркем мәтіндерге жүгінді. Қазіргі зерттеу объектіден субъектіге ауысқан, ғылымның адам санасы мен түйсігіне, психологиялық ахуалына бет бұрған заманында антонимия мәселесі де жаңа арнаға, ұлттың таным-түсінігіне қарай ойысуы заңды. Арнайы қарама-қарсы бірліктер деп айдар тақпағанмен, кейбір антонимдік жұптарға танымдық тұрғыдан тұшымды талдау жүргізген еңбектердің барлығы да көңіл қуантады. Б.Қ.Ақбердиева лексика-

фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдарды, Ұ.Б.Серікбаева «ақ» және «қара» түр-түс атауларын,

А.Ә.Жаңабекова қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасын,

С.Ғ.Қанапина мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігін талдау барысында антонимия құбылысына да тоқталып өтсе, С.А.Жиренов «өмір – өлім»,

Ж.Т.Қошанова «байлық – кедейлік», А.Ж.Шалбаева *жақсылық/жамандық* концептілерін қарастырды. Сондай-ақ, Р.Бегалиеваның диссертациялық жұмысында ұсынылған 5-сынып оқушыларының тілін антонимдер сөздігі арқылы дамыту әдістемесі де құнды. Антонимия құбылысын зерттеу жалғасын тауып келеді. Соңғы жылдары Б.Р.Құлжанова мақаласында орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі антонимдерді қарастырса, Ж.М.Макешова, Н.М.Қабылдина Ғ.Мұстафин шығармаларында кездесетін антонимдік және энантиосемиялық құбылыстарды, А.А.Әбдісадықов пен А.Б.Жүсіпбековалар Ғ.Мұстафиннің «Миллионер», «Шығанақ» романдарындағы антонимдердің стильдік қызметтерін, Г.А.Қажығалиева, М.Жарбаевалар көркем әдебиеттегі антонимдердің сезімге әсерін, А.Мейірбекова Абай тіліндегі антонимдік қолданыстарды, Г. Қосымова Абай мен М.Әуезов шығармаларындағы антоним, синоним сөздерді, Ғ.Исамалинова көркем шығармалардағы толымсыз тілдесім антонимдерін өз мақалаларының зерттеу объектісі етіп алды. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі антонимдік қатынастарды С.С.Мұхтарова, А.С.Кожамбетова өз мақалаларына арқау етсе, осы тілдердегі фразеологиялық антонимдерді Қ.Есімбекова зерттеді. А.Х.Бекбосынова, А.Р.Найманбай антоним мен синонимді қатар алып зерттесе, А.Е.Жүсіпов мақалаларын антонимдерден болған стилистикалық фигураларды саралауға арнаған. Р.Өтепова антонимдер сөздігін қолдану әдістемесіне мақала арнаса, А.Есдәулетова антонимдерді оқыту сабағының жоспарын ұсынады.

Жоғарыда талданған ғылыми еңбектердегі, зерттеу мақалаларындағы ғалымдардың пікірлері бірде ұштасып, бірде бір-біріне қайшы келіп жатса да, тәуелсіздік кезеңінде антонимия теориясының жаңа сатыға көтеріліп, тың бағыттарда зерттелу үстінде екенін көрсетсе керек. Жұмсалымдық бағытта жүргізілген зерттеулер антонимия теориясында талас тудыратын мәселелердің бір ізге түсіріліп, ұсынылған теориялар жан-жақты талдауды қажет ететінін көруге болады.

1.3 Қарама-қарсылыққа негізделген антонимия теориясының метатілі

Қазіргі кезеңде қазақ тіл білімінде антонимия теориясы қарқынды даму үстінде. Оған түрлі ғалымдардың зерттеу еңбектері, ұсынған тұжырымдары мен келтірген мысалдары дәлел. Олардың еңбектерінде жаңа бағыттағы зерттеулер ұсынылып, жаңа көзқарастар білдіріледі. Сәйкесінше, антонимия теориясында тың терминдердің пайда болуы да заңды. Қарама-қарсылықты беруде *антиномия, антонимия, оппозиция, коннектор, контрастив, антоним, энантионим, антитеза, антифразис, контраст* және т.б. терминдер қолданылады.

Тілші ғалым Ғ. Қалиев антиномияға мынадай анықтама береді: «Антиномия дегеніміз (грек.*anti* қарсы, *nomos* заң) – логикалық түрде дәлелденіп қабылдана тұра, бірін-бірі жоққа шығаратын екі заңдылықтың қарама-қайшылығы» [115, 24]. Антиномия – адам ойының ұшқырлығы мен танымдық механизмдерінің сөз жүйесін түзуге қатысатын өзара қайшылықтан тұратын үрдіс.

Тілдегі қарама-қарсы мәнді беруде қолданылатын тағы бір термин – *антонимия* құбылысы. Ғ.Қалиевтің пайымдауынша, «Антонимия (ағыл.*antonymy*) – дербес және көмекші сөздер арқылы берілетін семантикалық қарама-қарсылық» [115, 25]. *Антонимия* – бір-біріне қарама-қарсы мағыналарға ие лексикалық бірліктұлғалардың семантикалық қарым-қатынасы. *Антонимия* үшін адамның ой-санасының объективті дүниедегі заттар мен құбылыстар туралы ұғымдарды салыстыру және осы ұғымдарды бір-біріне қарама-қарсы қою қабілеті негіз болады [117, 12].


Осы екі терминнің берер ұғымдарының теңдігі ескеріліп, жұмыста *антонимия* термині қолданылады. *Антонимия* – қарама-қайшылық ұғымы, логикалық құбылыс. «Антонимия – қарама-қарсы мәнді тілдік бірліктердің мағыналық қатысының түрі. Қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстардың арасындағы айырмашылық тілде қарама-қарсылық болып табылады. Антонимия – бір табиғат ішіндегі қарама-қарсылық [128, 35-36].

Антонимия құбылысының, яғни қарама-қайшылыққа негізделген әлемнің тілдегі бейнесін *қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер* береді. Алғаш рет осы жұмыста қолданылып отырған терминге төмендегідей анықтама берген жөн: *қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер* – қазақ тілі лексикасындағы қарама-қайшы қатынастардың, қарама-қарсы мәнді тілдік құбылыстарды семантикалық және стилистикалық жағынан түгел қамтитын гипероним.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік қызметін атқарып, семантикалық қырын ашатын – *оппозиция*. Оппозицияның келесі түрлері бар: градуалды, привативті, эквиполентті.

Градуалды антонимдік оппозиция белгі мен қасиеттердің қарама-қайшылығының арасында аралық мүшелердің болуымен ерекшеленеді. Аралық мүше даму шкаласында қарқындылық белгісі бойынша екі шеткі қарсы мәннің арасында орналасады. Мәселен,

Қиыншылық атаулы бізбен кетті, сендерге қалғаны рахат тұрмыс, сейіл серуен дегенді айтуға неге құштар екен сол үлкендер [129, 48]. Бұл сөйлемде берілген «қиыншылық» пен «рахат тұрмыстың» ортасында қалыпты өмір тұрғаны, оның екі қарама-қайшы ұғымнан тең ара қашықтықта орналасқаны белгілі:




Градуалды антонимдік оппозиция сапалық сын есімдерден, соған сай зат есімдер мен үстеулерден жасалады. Мұндай лексемалар сапалық-сандық

сипатқа ие және белгілердің бір-біріне карама-қайшылығы тұрғысынан қарқындылық парадигмасын құрады. Олар симметриялы градуалды оппозиция және ассиметриялы градуалды оппозицияға бөлінеді.

Симметриялы градуалды оппозиция мүшелері қарқындылық белгісі шкаласында аралық элементтен бірдей ара қашықтықта орналасады. Бұл дәстүрлі антонимдер болып келеді:


*Рамазан әкенің **ыстық**, **суық** қабағында көріп өсті* [130, 251].



Бұл арада (Z) аралық мүше болып табылады. Келтірілген мысалдарда кездесетін антонимдердің ортасында аралық мүшенің бар екені айқын және аралық мүше антоним сөздерден бірдей ара қашықтықта тұр.

Ассиметриялы градуалды оппозиция мүшелері орталық мүшеден әр түрлі арақашықтықта болады:

*Айырмасы – концерт залдарында бағасы сәл **қымбаттау**, мұнда **су тегін арзан*** [96, 266].



Сызбада (X), (Y) белгілерімен берілген аралық мүшеден (Z) бірдей қашықтықта орналасатын антонимдер *арзан* және *қымбат* ұғымдары, X арзаннан кішірейтілген сөйлемдегі *су тегін арзан* сөзі болса, Y қымбатқа жетіңкіремейтін *қымбаттау* сөзі болып келеді [131].

Оппозицияның келесі түрі *привативті антонимдік оппозиция* градуалды оппозиция сияқты бірінің белгілерін бірі жоққа шығарады, тек олардың арасында аралық элемент болмайды. Привативті оппозиция элементтері ұғымдық жағынан бір-біріне тең:

Барды-жогын әкесінің алдына тосып, қолдарынан келгенше күтіп-ақ жатыр [132, 298].

Эквиполентті антонимдік оппозиция мүшелері арасында тілдік тәжірибеге сүйенген ассоциативті карама-қайшылық бар. Оған келесілер жатады: а) іс-әрекеттің, хал-жағдайдың карама-қарсы бағытталғандығын білдіретін лексемалар. Мысалы, *Ол **қашады**, біз **қуамыз*** [130, 135]. *Өздері жұмыс арасында **келіп-кетіп** тұратын болса керек* [129, 241]; ә) лексикалық конверсивтер. Мысалы, *Бұл жолда **ұтты** ма? **Ұтылды** ма?* [129, 170]; б) үйлесімді ұғымдарды (бағыттарды) белгілеуші сөздер. Мысалы, ***Асты-үстің** қосып есептегенде, әй, жеті-сегіз бөлме бар шығар-ау! **Алдыңғы** шепте, қан майданда жүретін көзсіз батырларға құдай қуат берсін! Мұның міндеті – **артқы** шепте солардан қалғанды талғажау етіп, жер бетін артық-ауыстан тазарту ғана* [133, 192]. г) коррелятивті жұптар (жыныстық, туыстық

нышандары, тәулік уақыты, әлеуметтік қатынастары бойынша компоненттері қарама-қарсы қойылған, бір-бірінен мағыналық жағынан ажыратылмайтын жұптар). Мысалы, *Күндіз-түні жорық сап, шеру тартып, үдере де, үрдіс те келеміз* [130, 187]. *Қыз жәй басып кеп, шешесінің жанына отыра кетті* [134, 453].

Қазіргі таңда антонимия мәселелерін зерттеу аумағы да кеңейуде. Осы орайда, қолданылып жүрген терминдердің бірі – *конверсивтер*. В.Н.Комиссаров, А.А.Уфимцева конверсивтерді антонимия шеңберінде қарастырса, ал J. Lyons бен Ю.Д.Апресян конверсивтерді антоним мен синониммен қатар тұратын бөлек категория ретінде таниды [21; 24; 33; 16]. А.С.Кожихметова да антонимдерді конверсивтер құрамында қарастырып, оның басты белгілері ретінде келесілерді атайды:

- бір іс-әрекетті екі жақты қарау қабілеті;
- іс-әрекеттің бағытын білдіру қабілеті [43, 55].

Дж. Лайонз да антонимдер мен конверсивтер екі түрлі нәрсе деп есептейді, алайда, олардың арасында белгілі бір байланыстың да бар екенін жоққа шығармайды [135, 493]. Диссертацияда *конверсивтер* эквиполентті оппозиция құрамында қарастырылды.

М.Г.Нұрбердиевтің диссертациялық жұмысында контрастивтер терминін қолданады. Оның пікірінше, *контрастивтер* антонимдер мен энантионимдерді логикалық тұрғыдан қамтиды да, антонимдер мен энантионимдер соның шеңберіндегі гипонимдер болып табылады [40]. Жұмыста контрастивтер термині қолданылмады, өйткені қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік қызметі мен мағыналық қырын түгел қамтитын оппозиция термині алынып отыр. Ал контрастивтің зерттеу аймағы тар, ол оппозиция атқаратын қызметтің белгілі бір тармағын ғана қамтиды. Оппозиция құрылымдық-мағыналық жағынан антонимдер мен энантионимдерге ажыратылады.

Антонимдерді анықтауға қатысты түрлі көзқарастар бар. Берілген анықтамалаға сүйенсек, қарама-қарсылық ұғымы басты белгі екені сөзсіз. Егер, синонимдер тілде бірдей мағынаны беру тәсілдерінің бірі болса, антонимдер логика категориясы ретінде қарама-қарсылықты беру жолы болып табылады.

Антонимдерге зерттеушілердің берген анықтамаларының өзі әр-алуан. А.Қ.Жұмабекова: «Біртектес сапалық ұғымдарды білдіретін, қарама-қарсы мәні жағынан өзара тепе-тең, тілде үнемі бір-біріне қарама-қарсы мәнде қолданылып қалыптасқан сөздерді *антонимдер* дейміз», – деген анықтама береді [39, 52]. З.Қабдолов: «*Антоним* – өмір шындығын өнерде шынайылау тәсілдерінің бірі», – деп анықтама берген болатын [136].

Е.Н.Миллердің ұлттық орта мектеп оқушыларына арналған орыс тілі антонимдері сөздігінде «Антонимдер – шынайы өмір мен қоғамдағы өзара қарама-қарсы заттар мен қасиеттерді, қарым-қатынасты айқындайтын өзара қарама-қарсы сөздер» деген анықтама береді. Ғалым антонимдердің мәні жоққа шығару, яғни өзіне қарама-қарсы сөзді жоққа шығаратынын баса көрсете келе,

оларды екіге бөледі: 1) богатый – небогатый (*бай – бай емес*): 2) богатый – бедный (*бай – кедей*) [137, 7].

Антонимдер (грек: *anti* – қарсы, *опута* – есім) – оппозицияны білдіретін карама-қарсы мәнді сөздер. Әдетте, карама-қарсы мән сан мен сапа, уақыт пен кеңістік атауларында кездеседі. Антонимдік қатынастар тек атау сөздерде ғана емес көмекші сөздерде, сөз тудырушы құрылымдарда да көрініс табады.

Тілде бір сөз табынан болған антонимдер жиі кездеседі: «*Сен жолдасыңды айт, сосын мен сенің кім екеніңді айтамын*» деген сөз тірліктің *аиы-тұиысын* бір адамдай татқан ауыздан шыққан да. **Өтірік** не, **рас** па қайдам, «*жылан аспандағы торғайды арбап, топ еткізіп, жерге құлатып түсіреді*» дегенді естігенім бар еді, мен де сол торғайша арбалып қалдым білем [138, 56].

Антонимдер тек бір сөздің қайшылығы арқылы ғана емес, бірнеше сөзбен берілуі мүмкін. Мысалы, *күндізгі шу – түнгі тыныштық, күндізгі жарық – түнгі қараңғылық*.

Көркем мәтінде бір сөздің бірнеше сөзге қарсы қолданылуы да – жиі кездесетін құбылыс. Мысалы: *Төбедегі құдірет қайсысы жүрек жұтқан батыр, қайсысы қоян жүрек қорқақ, қайсысы тас арқалатсаң да мойымайтын мықты, қайсысы боркемік, әлжуаз, әлсіз екенін байқайын деп, жұмыр басты пендесін әр қилы, ойлы-қырлы, қиын-қыстау жолға салып, әрбіріне ауыр, жеңіл жүк артып, сынап, қарап қадағалап отыр ма екен?* [138, 80]. Мұнда батыр сөзі бір ғана қорқақ сөзіне, ауыр сөзі жеңіл сөзіне қарсы қойылса, *мықты* сөзі *боркемік, әлжуаз, әлсіз* сөздеріне қарсы қойылған. Бұл үш сөз өзара синоним болып келеді де, олардың әрқайсысы *мықты* сөзіне антоним болып табылады. Екі не одан да көп антонимдер антонимдік қатар құрайды.

Сөздің көп мағыналығына байланысты сөз әр мағынасында әр түрлі антонимдік қатар түзеді. Антонимдік қатарға сөз тіркестері мен фразеологиялық тіркестер де енеді. Қатар түзетін мүшелер санына қарай бинарлық (*оң – теріс*) және полинарлық (*бұзу – жасау, салу, құру*) болып бөлінеді. Қазақ тілі бай, синонимдік тіл болғандықтан, қазақ тілі антонимінде полинарлық қатар басымдыққа ие [139].

Іс-әрекетке қатысты антонимдердің өлшеулі (әрекет пен қарсы әрекет: *тұру – жату, күлу – жылау* т.б.) және өлшеусіз (әрекет пен әрекетсіздік: *жағу – өшіру* т.б.) деген екі түрі белгіленеді.

Сонымен қатар, *фразеологиялық антоним* термині де жиі қолданылып жүр. Мәселен, С.Төлекова фразеологизмдердің антонимиялық қатысын құрылымдық сипатта қарастырса [29], Ж.Қонақбаева ағылшын, орыс, және қазақ тілдеріндегі антонимдік фраза тіркестеріне типологиялық тұрғыдан талдау жүргізген [30].

Антонимдер өз ішінде тілдік және контекстік болып бөлінеді:

Тілдік антонимдік оппозиция – градуалды, привативті немесе эквиполентті түрде туындап, қисынды және тілдік карама-қарсылықты білдіре, екі және одан да көп лексемаларды қарсы қойып, адам санасындағы тұрақты карама-қарсы ассоциацияларды бекітеді.

Контекстік антонимдік оппозиция – белгілі бір контексте ұғымдар мен заттарды қарама-қарсы қою, салыстыру арқылы қарама-қайшы ұғымдарды беретін сөздер. Олар контекстен тыс антоним бола алмайды.


Контекстуалды антоним деп қарама-қарсылық мағынасы тек сол мәтін ішінде ғана сақталатын сөздерді айтамыз [47, 82]. Тілде қарама-қарсылық мәні болмағандықтан, антоним бола алмайтын сөздер бар. Десек те, ол сөздер ауыспалы мағынасында мәтінде ерекше стилистикалық қызмет атқарып, қарама-қарсылық мәнге ие болуы мүмкін. Антонимдер бізді қоршаған ортадағы қарама-қайшы заттар мен қасиеттерді, үрдістерді көрсетеді. Ондай қарама-қайшы (актуалданған) сөздерге әр түрлі сөз табынан болған антонимдер де жатады: **Тұнық** суға тас лақтырғандай жан дүниесін **лайлады** да кетті [132, 178].

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тура және ауыспалы мағыналары болуы мүмкін. Ауыспалы мағынаға келесі мысалдар дәлел бола алады: Бірде **киіз**, бірде **мейіз** болып тұратын күздің күні [138, 76]. Мына сойқанның жүрегінен сондай **жылтыраған** ештеңе таппадым-ау, түп-түгел **қарайып** кеткен [129, 32].

Энантионимдер – тұрпаттық жағынан бірдей формамен берілетін, мазмұндық жағынан құрылымындағы ішкі қарама-қарсылыққа негізделген өзара оппозициялы мағыналарға ие сөздер. Қазақ тілінің энантионимдеріне

А.Жүсіпов, М.Нұрбердиев еңбектерінде көңіл бөлінді. Антонимиялық қатынастарды лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, стилистикалық деңгейде Ж.Мусин кеңінен талдады [31].

Келтірілген терминдердің арасындағы қарым-қатынас төмендегі сызбада беріледі (1-сурет):



Сурет 1 –Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің семантикалық-құрылымдық түрлері

Қазіргі қазақ тілінде қарама-қарсылықтың *коннекторлары* термині де қолданылып жүр. А.Е.Жүсіповтың еңбегінде қарама-қарсылықтың синонимия, полисемиямен байланысқа түсуі, ішкі қарама-қарсылықтың жасалу жолы мен түрлері, қарама-қарсылық мәндегі стилистикалық айшықтар талданылып, қазақ тілі коннекторларын сараланады [47].

О.Ю.Инькова-Манзоттидің монографиялық жұмысында қарама-қарсылық мәнді ашуда коннектор терминінің алар рөлін терең талданып, төмендегідей анықтама беріледі: «*Коннекторлар* қазіргі тіл білімінде өткен ғасырдың 30-жылдары Варшава мектебі ұсынған семантикалық тип теориясын басшылыққа алады. Олар фразалық типтер арасында байланыс орнататын тілдік бірліктер ретінде қарастырылады. Коннекторлық оппозиция сөйлем құрылымына өзгеріс енгізбей, екі ойды ұштастырып, қарсы мәндік ренді көмекші сөздер мен шылаулар арқылы білдіреді / бірақ, не, немесе т.б.» [140, 13]. Г.Ф.Гаврилова,

Ю.А.Левицкий еңбектерінде коннектор терминін маркер-коннектор оппозициясының құрамында қарастырады [141; 142]. Жұмыста коннекторлар термині антонимия метатіліне енбеді, себебі, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерге бір-біріне қарсы мәнде жұмсалған сөздер мен ұғымдар жатады. Ал коннекторлар көмекші сөздер болғандықтан, ол контрастқа негізделген стильдік фигураларды жасау жолдары ретінде қарастырылды. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін *контраст* атқарады.

Контраст терминін тіл білімінде Г.В.Андреева, Л.П.Позняк, М.С.Торосян, О.Н.Егорченко, О.П.Мартынова, Н.Ю.Степанова, А.Л.Толстая, В.А.Сазонова және т.б. ғалымдар ғылыми жұмыстарында қарама-қайшылық мағынасында қолданады [143-150]. Г.В.Петрова «контрастың жазушы үшін көркем шығармада кейіпкелердің ішкі күйін, өмір шындығын жеткізудің таптырмас құралы» екендігін баса көрсетеді [151]. Шетелдік сөздер сөздігінде келесі ақпарат берілген: *Контраст* (фр. *contraste*) – айқын көрінетін қарама-қайшылық; көзге көрінетін контраст – зат немесе оның түсін айналадағылармен салыстыру арқылы айқындығын көзбен қарап бағалау; фотографиялық контраст – фотографиялық көріністе қараюдың үлкею жылдамдығы [152, 256]. Ф.А.Брокгауз бен И.А.Ефрон энциклопедиялық сөздікте контрасты төмендегіше анықтайды: *контраст* – француз сөзі, қарама-қайшылық, мысалы, ұғымда: *келісу – қарсы болу, жақсылық – жамандық* және т.б., сезінуде: *ақ – қара, суық – ыстық* және т.б. [153: 304].

Ал ғылыми әдебиеттерде *контраст* логикалық, психологиялық, әдебиеттану ұғымы ретінде қарастырылады. Оған А.В.Кузнецованың «Контраст фигуралары және олардың М.Ю.Лермонтов шығармашылығындағы қызметі» [154] және С.А.Станиславскаяның «Контраст поэтикалық мәтінді ұйымдастыру ұстанымы ретінде» [155] атты зерттеу еңбектері дәлел бола алады. С.А.Станиславская көркем мәтін құрылымы қарама-қарсы элементтерден ғана емес, қарама-қарсы бағытталған әрекеттерден де тұратындығын айтады. Ол Н.А.Купина [156], Э.С.Азнаурова [157], В.В.Одинцов [158], Н.Л.Соколова [159], Е.А.Некрасова [160] пікірлерін

басшылыққа ала отырып, көркем мәтіндегі оппозицияның контраст ұстанымына негізделіп жүзеге асатындығын баса айтады [155, 14].

Н.И.Кондаков *контраст* біреулер не бір нәрселер арасындағы айқын, шебер берілген қарама-қарсылық екеніне сенімді болса [93, 263], О.Н.Егорченко бұл анықтамамен келіспейді, ол контрастың бойында тек қарама-қарсылық қана емес, қарама-қайшылық та бар екендігін айтады [146, 51].

Философиялық көзқарас тұрғысынан қарағанда, контраст қарама-қайшылық және қарама-қарсылық ұғымдарының ішкі және сыртқы табиғаттарын салыстыру болып табылады. Бірақ, философиялық энциклопедиялық сөздікте контраст арнайы қарастырылмаған.

Контраст – шынайы өмірдегі қайшылықтар мен қарама-қарсылықтардың мәтінде сөзбен көркемделген бейнесі [161]. Контраст екі түрлі тәсілмен жасалады: қарама-қайшылық және қарама-қарсылық.

«Қарама-қарсылық – диалектикалық, қарама-қайшы, бір-бірін жоққа шығаратын жақтардың және өздігінен қозғалу, объективті әлемнің дамуы мен таным көзі болып табылатын ішкі бірлік пен өзара кіріккен заттар мен құбылыстар тенденциясының өзара әсері. Айырмашылықтың көптігі қарама-қайшылыққа (ең үлкен айырмашылық, екі шеттік, антогонизм) айналады. Олар бір-бірін жоққа шығару арқылы қарама-қарсылыққа өседі. Ішкі қарама-қарсылық – объект ішіндегі (мысалы, бір ағза немесе нақты қоғам ішіндегі) қарама-қайшы жақтардың өзара әсері. Сыртқы қарама-қарсылық – әр түрлі объектіге жататын қарама-қайшылықтардың өзара әрекетестігі. Контрастқа негізделген қарама-қайшылықтар троппен беріледі. Оларға *оксюморон* мен *антифразис* жатады.

Троптың бір түрі – *оксюморон*. Кейбір зерттеушілер оксюморонның негізінде парадокс (ақылға сыймайтын пайымдау, *грек.*: күтпеген, түсініксіз), алогизм (ерекше тілдік-стилистикалық құрал) жатыр деп есептейді. Ұшқырлық (*охутогон*) – қарама-қайшылық арқылы берілген ұшқыр ой. Ақылмен ойлап табуды қажет етеді, онда эпиграмма жиі негізге алынады. А.Зиновьев, Х.Леммерман сияқты ғалымдар оксюморонды парадокс ретінде көрсетті [162; 163]. Мысалы, Х.Леммерман «Шешендік оқулығында»: «Әр түрлі құбылысқа жататындықтан қарама-қайшылық болып көрінетін парадокс мақсатты ұшқыр қиялға өріледі», – дейді [163].

Оксюморон – қарама-қайшылық табиғатын көрсету мақсатында салыстырылмайтын құбылыстарды салыстыратын контрастқа негізделген троп.

Ел ұмытпас ерінің дұрыс ісін,

Бір буынның бірегей ірісісін.

Бақытсызбын – тірідей өлгендер көп,

Бақыттысың – өлгеннің тірісісін. (Қ.Мырзалиев)

Оксюморон көркемдеуіш құралдардың дәстүрлі тұрақты түрі болып табылады. В.П.Москвин оқиға мен құбылыстың, объектінің күрделілігін, қарама-қайшылығын көрсету мақсатында мағыналық жағынан бір-біріне қарама-қарсы сөздерді қатар қою арқылы жүзеге асатын стилистикалық фигура

деп атап көрсетеді. [164]. А.В.Щербаков «оксюморонда стилистикалық контраст бір мезгілде қолданылуы бір-бірінің мағынасын жоққа шығаратын екі сөздің сөз тіркесінде қолданылуы» деп есептейді [165, 690-692].

А.П.Сквородников оксюморонды тек контрастты ғана емес, мағыналары бір-біріне қарама-қайшы екі сөздің тіркесуінен тұратын, бір-бірін анықтайтын стилистикалық фигура екенін айтады. Өйткені, «оксюморон лексикалық мағыналарды ойнатады, бірікпейтін ұғымдарды біріктіреді» [165, 386-388]

А.Горнфельд парадокс немесе эпиграмманы алғашқыда қосуға келмейтін терең байланыстағы ұғымдардың қатар келуі екенін баса көрсетеді. Ол: «Бұл фигураның көркемдігі – көзге көрініп тұрған қарама-қайшылықтың шығармашылық тұрғыдан шешімін табуды қажет етеді» – деп анықтама береді [167, 22].

Әдеби энциклопедиялық сөздікте төмендегідей анықтама берілген: «Оксиморон, оксюморон – сығымдалған, сондықтан да парадокс ретінде естілетін антитеза, ол антонимдік сипаттағы зат есім мен сын есімнен немесе үстеумен келген етістік: тірі өлік, жұпыны жарқыраған [168, 258].

Ал С.М.Мезенин оксюморонды парадоксқа қарағанда күрделі ұғым ретінде қарайды және парадокс оның ұғымдық құрылымы деп санайды. Ол «контраст, парадокс, оксюморон – бір-бірінің құрамына кіретін логикалық қатынастар» деп түсіндіреді [169, 108].

Т.В.Матвеева оксюморонға бір ұғымға жапсыруға келмейтін белгі таңылып, алғашқыда ішкі қарсылықтай әсер еткенмен, ерекше күй немесе ерекше ұғымды көрсетудегі ажырамас бірлігі көрінетінін айтады. Мысалы, сүйікті жауым [170, 194-195].

Ю.М.Скребнев қарама-қарсы ұғымдардың тіркесуі ақылға сыйымсыз көрінгенімен, сипатталып отырған объектінің қарама-қайшы табиғатын жасырып тұратындығын ескерту арқылы оксюморонды меңзейді. Мысалы, *жас қариялар, асықпай тездет* [171, 591].

А.В.Кузнецова: «Оксиморон – контрастық қатынастың көлденеңнен және ұқсастық қатынастың(метафора) тігінен бірігуі, оларды метонимиялық қатынас біріктіреді» деген сипаттама береді [154, 45].

М.Белбаева көркем әдебиетте заттың, құбылыстың сыр-сипатын аз сөзбен нақты да дәл бейнелеу, айқын суреттеу мақсатында қарсы мағыналы сөздердің тіркесіп қолдануы мүмкін екендігін айтып, *оксюморон метафора* деп атайды. Ол *сараң бай, тірі өлік, өлі жан, зар күлкі, құрғақ су, жақсы өлім* деген тіркестермен қатар оксюморонға кіріп-шықты, келіп-кетті, ұшып-қонды деген тіркестерді де жатқызады [28, 44].

Оксиморонның тілдік статусы мен табиғатына берілген анықтамаларды сараптай келе, оны лексикалық мағыналарды ойната отырып, өзара бірікпейтін ұғымдарды бір ұғымда қосып қолданатын троп түрі ретінде қарастырған жөн.

Қазақ тіліндегі көркем проза мен поэзиядан оксюморон табиғатын айқындайтын келесі тіркестер кездеседі: *ақыл кеселі, ұрғашы қошқар, сорақы рахат түс, мақтамен бауыздау, жарлы бай, жанды қуыршақ.*

Досыңның пышағымен мүйіз кес, дұшпаныңның пышағымен киіз кес

Алматының үстінде ұшып жүрген аққулар,
Қанаттарыңда сендердің сағыныш бар,
Тәтті у бар (Т. Молдағалиев).

Көркем шығармадан төмендегідей мысал келтіруге болады:

Дәркембайдың кемпірі істеп берген қара көже ең қымбат, дәмді астарындай [172] Сөйлемде берілген *қара көже* тіркесі сүтсіз, тек суға пісірілгенін білдіреді. Ендеше, оны қымбат, дәмді сөздермен тіркесуінің өзі сәйкеспейтін ұғым тудырады.

Тілдегі қарама-қайшы мәнді білдіруде *антифразистың* алар орны ерекше. Ғ.Қалиев берген анықтамаға сүйенсек, «*антифразис* (грек.*anti* қарсы *phzasis* ойды білдіру) – эвфемизм, кері мағынасында қолданылған сөздерден тұратын троптың» бір түрі [173, 24].

Антифразис (грек.*anti* қарсы *phzasis* ойды білдіру) – бір сөздің екі түрлі мағынаға ие болуының арқасында сөз ойнату, қос мағыналылық тудыратын контрастқа негізделген троп түрі. Антифразистік бірліктер контрасттың қарама-қайшылық әдісі бойынша қарсы ойды білдіретін бейнелі сөздерден жасалады. Ол нысандар мен ойларды кері айтып, келемеждеу мақсатында айтылады. Мысалы, «*Жақсы болған!*» – кекету мәнін беріп тұр. «*Немкен сұлулық!*» – ұсқынсыз адамға қатысты, «*Қайырымдысын өзінің!*» – жамандық жасап, мейірімді болып көрінгісі келген адам туралы.

И.Б.Голуб *антифразис* туралы «ирония мақсатында қарама-қарсы мағыналы сөздер қолданылатын ерекше стилистикалық тәсіл» деген анықтама береді [174, 274]. Ю.Б.Борев өзінің «Эстетика» атты еңбегінде антифразисті риторикалық фигуралардың бірі ретінде қарастырып, оның ирониядан айырмашылығы сынның әзілден басталмауында екенін айтады [175, 253]. Д.Э.Розенталь болса, антифразисті ирония деп атаған: «Ирония дегеніміз – келемеж қылу мақсатында сөзді қарсы мағынада қолдану» [176, 297]. А.П.Квятковский өз сөздігінде былайша анықтама береді: «*Антифразис* (грек. сөздің қарама-қарсы мағынада жұмсалуды) – сөз не сөйленісті қарма-қарсы, әдетте келеке, мағынасында жұмсалатын стильдік фигура [177, 41].

О.С.Ахманова «Словарь лингвистических терминов» атты еңбегінде антифразисті екі мағынада ұсынады: 1. Эвфемизм 2. Энантиосемия. Сөзді қарма-қарсы мәнде қолданатын троп [178, 49]. Л.К.Граудина мен Г.И.Кочеткова антифразис пен астеизм бір стильдік фигура деп есептейді. Сөздікте «*Антифразис* (грек. сөздің қарама-қарсы мағынада жұмсалуды) – сөз не сөйленісті қарма-қарсы, әдетте келеке, мағынасында жұмсалатын стильдік фигура. Бұл стильдік фигура астеизм деген атауға да ие» деген түсінік беріледі. [179, 657]. «Культура русской речи» энциклопедиялық сөздігінде арнайы әдебиеттерде антифразис статусы айқындалмағанын дұрыс атап кетеді. Ол көбінесе троп деп берілсе, кейде контрасттың стильдік фигурасы ретінде көрсетіледі. Кейбір еңбектерде антифразис ирониямен теңестіріледі, өйткені иронияның терминдік анықталуында да олқылықтар бар. Бұл еңбекте антифразис иронияны беретін тілдік құралдардың бірі болып табылатын, контраст әдісімен жасалған троп ретінде қарастырылған [180, 58-60].

Әдетте, антифразис ирониялық интонациямен беріледі, бірақ кейде мақтау, мақұлдау мәнінде беріледі. М.Белбаева антифразис деп айдар тақпағанымен, антонимдердің кейде өзінің негізгі мағынасына тікелей қарсы мәнде жұмсалатындығын айтып, келесі мысалды келтіреді:

Менде де бар бір жаман,

Не қылайын қазақтың,

Жүйрігі мен жорғасын («Айман –Шолпан» жыры) [28, 44-45]. Бұл сөйлемде берілген *жаман* сөзі *асыл, жақсы* мағынасында қолданылып тұр.

Автор антифразис пен энантиосемия мағынасының кереғарлығы жағынан жақын тәсіл деген ойда.

Бір сөздің екі түрлі мағынаға ие болуының арқасында сөз ойнату, қос мағыналылық туады. Бұларда жағымды әсерлі сөздердің артында келемеж, жек көру тұрады [181, 189]. И.В.Пекарскаяның пікірінше, антифразисті ирония (кекесін) деп атау ақылға сыймайды, ирония – қызмет те, антифразис – негізгі қызметі ирония болып табылатын көркемдеуіш құрал [182, 161]. М.В.Ломоносов ұтқыр келекені астеизм деп атайды [183, 390]. В.П. Москвин астеизмді антифразистің түрі ретінде анықтайды: «Астеизм – жағымсыз түрде жағымды баға беретін сөйленіс фигурасы» [164, 52].

Сонымен, антифразис – контраст ұстанымына негізделіп, қарама-қайшылық әдісімен жасалған троп.

Ж. Мусин стильдік антонимдердің келесі түрлерін көрсетеді:

1. Тілімізде мағыналары үнемі қарсы болса да үнемі жарыса, қатар қолданылып, антоним ретінде қалыптасқан кейбір сөздерді осы стильдік антонимдер қатарына жатқызуға болады.

2. Стильдік антонимдер сөздің синонимдік қасиетін пайдалану арқылы да жасалады. Көркем әдебиетте стильдік антонимдердің мұндай түрлері де жиі кездесіп отырады.

3. Сөздің ауыс мағынада қолдану мүмкіндігін пайдаланып та стильдік антонимдер жасауға болады.

4. Сөздің синекдохалық қасиетін пайдаланып та стильдік антонимдер жасала береді.

5. Стильдік антонимдер кейде, бірде, біресе, не, немесе, яки, сияқты сөздердің көмегі арқылы да жасалуы мүмкін [35].

Ғалым Қ. Аханов: «Антонимдердің стилистикалық қызметі өте күшті. Қарама-қарсы құбылыстарда салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңға басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айрықша қызмет атқарады [123, 133]. Аталған ғалымдардың пікірлерінде стильдік антонимдер деп стилистикалық фигураларға анықтама берілген.

Көркем туындыда қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер стилистикалық фигуралар негізінде көрініс табады. Контрастқа негізделген стильдік фигуралар қарама-қарсылық мәнді білдіретін айшықты құрылымдарға жатады. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерден контраст ұстанымының қарама-

қарсылық тәсілімен *антитеза, амфитеза, диатега, альтернатеза, антиметабола, парадистола, аллоиза, синейкозис, синкризис* жасалады.

«*Антитеза*» термині гректің *antithesis* қарама-қарсылық деген ұғымды білдіреді. Барлық стилистика және риторика оқу құралдарында антитеза аталмай кетпейді. Антика дәуірінің ғалымдары антитезаны тыңдармандарға күшті әсер ететін шешендіктің тиімді амалы деп есептейді [147, 13]. *Антитеза* – қарама-қарсылық тәсілімен жасалған контрастқа негізделген стильдік фигура:

Шығын шықпаған жерге кіріс кірмейді [133, 22].

Адам санасындағы екі құбылыстың тіл арқылы қарама-қарсы қойылуы дүниеде әр нәрсенің екі қыры бар екенін дәлелдей түседі. Ол тілде *антитеза* құбылысы арқылы көрінеді. *Антитеза* дегеніміз (грек.*antithesis* қарама-қайшы) шендестіру, сөздің мәнерлілігін күшейту мақсатында ұғымдар мен бейнелерді бір-біріне қарама-қарсы қойып қолданудан туған стилистикалық құрылым екені белгілі. Антитеза контраст ұстанымы бойынша құрылған стилистикалық фигураның ең кең тараған түрі. А.П.Квятковский антитезаны контрастың стилистикалық фигурасы ретінде қарастырып, «ұғымдар, бағыттар, образдар мен жай-күй қарама-қарсылығы» деп анықтайды [177, 28].

Н.В.Муравьева: «Антитеза – бір ой екінші ойға, бір ұғым(образ) екіншісіне қарсы қойылатын риторикалық фигура» деп анықтайды да, жай және күрделі антитезаға келесідей түсінік береді: «екі ой, екі ұғым, екі образ қарама-қарсы қойылса, жай антитезаны аламыз», «мәтінде қарама-қарсылық тізбегі орын алса, онда күрделі антитеза болады» [184, 27-33].

Н.А.Боженкова антитеза фигурасының ғылыми және ресми-іскери стильдерде жүзеге асуын қарастырып, синтаксистік және аралас антитеза түрлерін анықтайды: «Синтаксистік антитеза ерекше интонациямен бір-біріне қарсы қойылған, айқын екі бөлікке ажыратылған синтаксистік құрылым. Бір-бірімен антонимдік қатынасқа түсуі міндетті емес» [185, 42]. Аралас антитеза сирек кездеседі. *Антитеза* затты затқа, ойды ойға қарсы қояды. Антитеза мен контрастың ара қатынасы туралы ғалымдар пікірлері әр түрлі болды: Л.Т.Бабаханова оларды сандық жағынан ажыратуды ұсынса [186],

Н.Л.Соколова құрылымдық жағынан ажырату керектігін айтады [159]. Ал Л.А.Матвиевская антитеза мен контрасты сөйлесім амалы мен құрылымдық ұстанымы тұрғысынан қарастырады [187]. Л.Т. Бабаханова «антитеза» ұғымы лингвостилистика категориясына жататынына және «контраст» әдебиеттану, логика мен философияға сүйенетініне сенімді. О.С.Ахманованың «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» үйлесімді сөздердің қарама-қарсы қойылуынан тұратын сөйлесім фигурасы ретінде анықталады [178, 49]. «Орыс тілі» энциклопедиясында антитеза салыстырылатын ұғымдарды (заттар, құбылыстар, белгілер) сөз тіркесі, сөйлем, фраза көлемінде қарама-қарсы қоятын стильдік фигура ретінде анықтайды [188, 21].

Жұмыста антитеза қарама-қарсылықтың стильдік фигурасы, контрасты беру құралы ретінде қарастырылады. Оның тілдік негізі антонимия, синтаксистік құрылымы – параллелизм. Анықтамада айтылғандай, антоним сөздер антитезаның тілдік материалы, тілдік негізі болып табылады.

Акротеза – қарама-қарсыны теріске шығару арқылы болмыстағы белгілі бір нышандар мен құбылыстарды мақұлдауға бағытталған қарама-қарсылық тәсілімен жасалған фигура.

Л.А. Введенская «акротеза (гректің *acro* (жоғары) сөзінен шыққан) – шынайы өмірдегі белгілер мен құбылыстардың бірін екіншісін жоққа шығару арқылы мақұлдау» екеніне сенімді [14, 426]. *Акротеза* тілдік бірліктерді қарама-қарсылық мәнде беру амалы болып табылады. Т.Г.Хазагеровша айтсақ, акротеза – қарсы компоненттің бірін екіншісі арқылы айқын көрсету [189, 206].

Н.А.Боженкова акротезаны тілдік бірліктерді қарама-қарсы қою тәсілі деп есептейді [185, 42].

+	-
А	Б

А әрпімен белгіленген белгі не құбылыс мақұлданады да, Б әрпімен белгіленген оған қарама-қарсы құбылыс не белгі жоққа шығарылады.

Сабаудай әлді саусақтары сым пернені мүлт жібермей, дөп басады

[129, 18]. Бұл сөйлемде сым пернені дөп басқаны, мүлт жіберудің болмағандығын айту арқылы нақтылана түседі.

Демек, осы тұрғыда айтқан В.П.Москвин пікірінің жаны бар: «Акротеза қарама-қарсыны жоққа шығару арқылы күшейтілген нақтылау болып табылады» [164, 113]. С.А.Станиславская да зерттеу еңбегінде «контраста құрылған акротеза сияқты стилдік фигурада құрамындағы қарама-қарсы ұғымдардың бірі екіншісін жоққа шығару арқылы мақұлданады» ескертеді [155, 33].

Амфитеза – қарама-қарсы белгілердің екеуі де мақұлданатын контрастқа негізделген стильдік фигура. Т.Г.Хазагеров пен Л.С.Ширина амфитезаға былайша анықтама береді: «Тұтас көп құбылысты беру үшін екі шеткі мүшені сипаттау ұтымдырақ және сол арқылы көпшілік көз алдына анық келеді» [189, 206]. Л.А.Введенская «амфитеза» атты стильдік фигураны гректің *амфи* - *айнала* деген сөзінен шыққан деп есептейді [14].

Бұл өмірдің жақсысын да, жаманын да бір кісідей көріп бақтым [129, 31].

Шал табалдырықтан төрге дейін тағы бір шолып шықты [134, 452] .

Диатеза – ортаңғы ой, белгі, сипатты беру үшін қолданылатын контрастқа негізделген стильдік фигура. Диатезада (грек *диа-арасы*) аралық белгі қарама-қарсы белгілерді жоққа шығару арқылы мақұлданады.

Не қорғаймайды онысын, не тастаймайды [129, 63]. Диатезада *қарт та емес, жас та емес* десе орта жаста екенін, *әдемі емес, ұсқынсыз да емес* болса, ерекше ештеңесі жоқ екенін, *ыстық та, салқын да емес* болса, жылылығын білеміз.

«Культура русской речи» атты еңбекте А.В.Щербаков та диатеза турасында ғалымдар пікірлерімен сарындас көзқарас білдіреді: «көптеген заттар, құбылыстар мен белгілердің орталық бөлігін айқын білдіру үшін

қолданылатын антитеза түрі» [180, 57]. С.А.Станиславская контрастка негізделген стильдік фигураның бұл түріне де көңіл аударған: «диатезада қарама-қарсылықтар жоққа шығарылады» [155, 33]. Сондай-ақ, ол А немесе В моделімен құрылған контрастың альтернатеза аталатын стилдік фигурасын зерттеуді ұсынады.

Альтернатеза – қарама-қарсылық мағынасы қарсы зат не ойдың бір-біріне қатар қойылып, шендестіру түрінде берілетін контрастка негізделген стильдік фигура. *Альтернатеза* суреттеу не автор ойын беруде таптырмайтын әдіс саналады.

Мысалы: *Сым ішектер шыбын қанатындай дірілдеп, кейде **бебеу**, кейде **сыңқыл** үн шығарады* [129, 19]. Мұнда контекстік антонимдер қызметін атқарып тұрған *бебеу* мен *сыңқыл* сөздерін автор дыбыстың біресе тез, қатты шығып, біресе жай, жіңішке шыққанын білдіру мақсатында қолданған. Бұл екі сөз контекстен бөлек бір-біріне қарсы қойылмасы анық.

Альтернатеза контрастка негізделген айырықша фигура болып табылады, ол ерекшелігі тек құрылымдық (А немесе В) жағында ғана емес, мағыналық құрылымында да. Альтернатеза басқа фигуралардан қарама-қарсылықтың кезектесу түрінде берілуімен ерекшеленеді. Шынайы белгілер мен құбылыстар бұл фигурада қарсы қойылмайды, бір-бірін алмастырады:

*Онан да балаларының туған шешесінің алдында бірде **тоқ**, бірде **аш** болса да, тайраңдап жүргені артық па қалай?* [138, 52].

Антиметабола – өзгеріс пен дамуды қарама-қарсылық тәсілімен беретін стильдік фигура.

*Басқа бұлт үйірілмесін деңіз, басқа қатер төніп, іс теріске айналған күні сенің **артықшылығың** – кемшілік, **жақсылығың** – жамандық болып шыға келеді екен ғой* [132, 262]. Бұл сөйлемде берілген жұптардан бір қасиеттің екіншісіне ауысуын көруге болады.

Антиметаболаны көркем мәтінде қолданып, жазушы өзгеріс пен дамуды шебер суреттеуге мүмкіндік алады:

*Кешегі көк көз **сары баланың ересек жігіт** болғанына қарап, Жәнібек өзін де айнадан көргендей болды* [129, 44].

Парадистола (грек. *para*-қатар тұру, *diastole*-ажырату) – синонимдерді қарама-қарсы қою арқылы жасалатын контрастка негізделген стильдік фигура. Мен ***өмір сүрмей, тіршілік кешіп*** келемін.

В.П. Москвин *парадистола* деп синонимдерді контрастық қарама-қарсы қоятын фигураны атайды [164, 112]. «Парадистола» ұғымы ежелгі дәуірден белгілі. Өз кезегінде Квинтилиан *парадистола* ұқсас ұғымдар арасындағы айырмашылықты беретіндігін баса айтады.. [87, 273]. Парадистола өз алдына фигура бола алмайды, ол –антитеза фигураларының бірі. Тілдің көркемдеуіш құралдарын зерттеп жүрген қазіргі тілші ғалымдардың пікірлері осыған саяды. Мәселен, Т.Г.Хазагеров пен Л.С.Ширина антитеза контрастпен қатар, ұқсастықты да бере алатындығын айтады: «Антитезаның осындай түрінің бірі – парадистола, оның құрамындағы компоненттер синонимдік қатынасқа да құрылады» [189, 206]. И.Б.Голуб та синонимдерді ұғымдарды салғастыруда

мағына айырмашылығына қарай пайдалануға болатынын айтады. Ал кейбір жағдайда синонимдер қарама-қарсылық қызмет те атқарады. Синонимдердің стильдік қызметі сөздерді қайталамас үшін, ауыстыру болып табылады. Д.Э.Розенталь мен И.Б.Голубь мақсатты, дұрыс таңдалған синонимдер сөйленісті жарқын, көркем ететініне сенімді [190, 36]. Зерттеушілер жазушылардың мағына реңкі мен стильдік бояуында айырмашылықтары бар синонимдерді салғастырғанды ұнататынына баса назар аударған.

Парадистола түбірлес немесе бір этимологиялық ұяға жататын синонимдерден жасалса, контрастық қарсылық күшейе түседі. Синонимдер бір-бірін жоққа шығарса, контраст фигурасы көркемдігі одан сайын арта түседі. Синонимдердің қарама-қарсылығын паронамазия (бірліктердің үндесуі) артырады. Жұмыста парадистола контрастқа негізделген стилистикалық фигура түрлерінің бірі ретінде қарастырылды.

Аллойоза күрделі контраст ұстанымымен жасалған фигураның бір түрі ретінде көркем туындыларды әрлеп келеді. Ол мағынасы ұқсас емес сөздерді бір-біріне қарсы қояды. Мысалы, ол *күлмеді, қарқылдады*. Т.Г. Хазагеров пен Л.С. Ширина аллойзаны ұқсас еместі ұқсаспен салғастыратын антитезаның түрі деп есептейді [189, 197].

В.П.Москвин аллойза күрделі антитезаның қолданбалы түрі екендігіне сенімді [164, 112].

Ал А.П. Сквородников бұл мәселе жөнінде былайша ой қорытады: «аллойза немесе аллойзис (грек. Alloiosis - өзгеріс) – заттың екі сипаттамасын кеңінен салғастыру мен алдын ала ұқсас деп есептелген ұқсас еместі көрсетуден тұратын антитезаның түрі. Аллойза күрделі сөйлем не күрделі синтаксистік тұтастық пен мәтін көлемінде жүзеге асады» [112, 31].

Контраст тура мағынасындағы сөздерді ғана бір-біріне қарсы мәнде қолданбайды. Сонымен қатар, ауыспалы мағынадағы сөздерді шендестіру арқылы әдемі сурет салады. Мұндай салыстырудан қарама-қарсылықтың айырықша түрі *синкризис* пайда болады. Синкризис дегеніміз – образ атауларын қарама-қарсы қою екені сөзсіз. Мысал келтіре кетсек, *Сен күн болсаң, мен гүлмін*.

Т.Г.Хазагеров пен Л.С.Ширина пікірінше, синкризис әр қайсысында антонимдік қатынасқа түсетін компонент бар, симметрияға құрылған екі сөйлемнен тұратын антитезаның бір түрі [125, 268].

А.В. Москвин: «Образдық атауларды қарама-қарсы қоюға негізделген антитезаның түрі синкризис деп аталады. Антитеза түрі ретінде синтаксистік параллелизммен мақала атаулары да беріледі [127, 112].

А.В. Шербаков Т.Г.Хазагеров пен Л.С.Шириналардың пікірлеріне қосыла отырып, синкризистің контраст ұстанымымен және параллелизм ұстанымына сай құрылатынын баса айтады [189, 619]. Синкризис мақал-мәтелдерде өте жиі кездеседі. Синкризиске жинақылық тән, ол туралы антикалық дәуірдегі танымал шешен Квинтилиан да жазып қалдырған: «Рутилий аллойза деп атап жүрген адамдар мен заттардың, қылықтардың үйлеспеушілігін көрсететін өзгеріс

жайылып берілсе, фигура бола алмайды, ал қысқа болса, онда антитезаға жатады» [87, 263].

Сонымен қатар, бұл контрастқа негізделген стильдік фигура синкризис көркем стильде де белсенді қолданылып келеді. Мәселен,

Мен – ашу да, сен ақылсың нәр аққан

Сен – адамсың, мен аждаһа зәр атқан (М. Мақатаев)

Троп ауыспалы мағынаға ие сөз оралымдары болса, фигура дегеніміз – тілдік құрылымның лексика-семантикалық нормаларынан мақсатты ауытқу арқылы құрылған әсірелеу-көркемдеу құралы. Сол арқылы контраст ұстанымы бойынша құрылған фигуралардың құрылымдық ұстанымы ұғымын да кеңейте түседі.

Қазіргі ғылымдағы басты мәселелердің бірі – метатіл. Осы бағытта зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерін саралай келе, антонимия терминдерін төмендегідей жүйелеген жөн:



Сурет 2 - Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін беру тәсілдері

Антонимия құбылысы жан-жақты, яғни философиялық, логикалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық, лингвистикалық және

экстралингвистикалық қырларынан зерттелуі тиіс. Ол қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерге жоғарыда келтірген жүйелерге сәйкес келесідей анықтамалар ұсынылады:

– *Оппозиция* – қарама-қарсылықтың семантикалық көрінісі, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік қызметі.

– *Антоним* – шынайы өмір мен қоғамдағы өзара қарама-қарсы заттар мен қасиеттерді, қарым-қатынасты айқындайтын оппозиция. Антонимдер *тілдік антонимдер* мен *контекстік антонимдер*.

– *тілдік антонимдер* – адам санасындағы тұрақты қарама-қарсы ассоциацияларды білдіретін антонимдер.

– *контекстік антонимдер* – мәтіннен тыс бір-біріне қарсы қойылмайтын антонимдер.

– *Энантимдер* – тұрпаттық жағынан бірдей формамен берілетін, мазмұндық жағынан құрылымындағы ішкі қарама-қарсылыққа негізделген өзара оппозициялы мағыналарға ие сөздер.

Контраст – қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі: қарама-қайшылық пен қарама-қарсылықты беру тәсілі, ұстанымы.

Қарама-қайшылық тәсілімен контрастқа негізделген троптар:

– *антифразис* – бір сөздің екі түрлі мағынаға ие болуының арқасында сөз ойнату, қос мағыналылық тудыратын контрастқа негізделген троп түрі.

– *оксюморон* – қарама-қайшылық табиғатын көрсету мақсатында салыстырылмайтын құбылыстарды салыстыратын контрастқа негізделген троп.

– Қарама-қарсылық тәсілімен контрастқа негізделген стильдік фигуралар:

– *антитеза* – қарсы қою, салыстыру мақсатында қарама-қарсылық тәсілімен жасалған контрастқа негізделген стильдік фигура.

– *акроте́за* – қарама-қарсыны теріске шығару арқылы болмыстағы белгілі бір нышандар мен құбылыстарды мақұлдауға бағытталған қарама-қарсылық тәсілімен жасалған контрастқа негізделген стильдік фигура;

– *амфитеза* – қарама-қарсы қойылған екі құбылыс немесе екі нышан толығымен қамтылатын контрасттың қарама-қарсылық тәсілімен жасалған стильдік фигура;

– *диате́за* – ортаңғы ой, белгі, сипатты беру үшін қолданылатын контрастқа негізделген стильдік фигура;

– *альтернатеза* – қарама-қарсылық мағынасы қарсы зат не ойдың бір-біріне қатар қойылып, шендестіру түрінде берілетін контрастқа негізделген стильдік фигура;

– *антиметабола* – өзгеріс пен дамуды контрасттың қарама-қарсылық тәсілімен беретін стильдік фигура;

– *парадистола* – синонимдерді қарама-қарсы қою арқылы жасалатын контрастқа негізделген стильдік фигура;

– *аллойоза* – мағынасы ұқсас емес сөздерді бір-біріне қарсы қоятын, күрделі контраст ұстанымымен жасалған фигураның бір түрі;

– *синкризис* – образ атауларын қарама-қарсы қою арқылы жасалатын контрастқа негізделген стильдік фигура.

1 тарау бойынша тұжырым

Антонимдер мәселесі құрылымдық тұрғыдан да (Ж. Мусин), қазіргі заман талабына сай жұмсалымдық бағытта да зерттелген: А.Қ. Жұмабекова,

Ж.Қонақбаева, М.Г.Нұрбердиевтер қарама-қарсы бірліктерді салғастырмалық бағытта зерттесе, оларды көркем мәтін негізінде Ж.Қ. Әділбекова, А.Е. Жүсіпов саралаған. Сондай-ақ, Г.Қ.Резуанованың диссертациялық жұмысында антонимдердің синонимия, полисемиямен байланысын қарастырса, С.Төлекова, Г.Т.Сырлыбаева фразеологиялық антонимдерге тоқталады.

Антонимия мәселесі когнитивтік бағытта қазақ тіл білімінде арнайы зерттелмесе де, кейбір еңбектерде қарама-қарсы тілдік бірліктер танымдық тұрғыда талданылған: Ұ.Серікбаева мен С.Қанапина еңбектерінде ақ пен қара түстерінің ұлттық танымдағы ұғымдары жан-жақты талданылды (Ә.Қайдар, З.Ақтамбердиева, Б.Өмірбеков, Ф.Ахметжанов, Қ.Қайырбаевалар да өз еңбектерінде осы атауларды қарастырған); С.Жиренов «өмір – өлім», Ж.Қошанова «байлық– кедейлік», А.Шалабаев «жақсылық – жамандық» концептілерінің, С. Қанапина «есік - төр», Б.Ақбердиева «күн - түн», «от - су», «ақ - қара», «көк - жер», «оң - теріс», «аталық - аналық» сияқты жұп символдардың танымдық мәнін ашты. Жоғарыда аталған концептілер мен жұп символдардың қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер екендігін ескеріп, аталған ғалымдар еңбектері антонимияны когнитивтік бағытта зерттеуге қосылған үлес деуге толық негіз бар.

Ғалымдардың бір түбірлі антонимдер тұрғысындағы көзқарастары екі жақты. Кейбір ғалымдар (Ж. Мусин, Ж.Әділбекова, Г.Сырлыбаева) түбірлес антоним жоқ деген пікірді ұстанса, басқалары (А.Жұмабекова, А.Жүсіпов) қарама-қарсылық мәнін беруде қандай түбірден болғаны емес, берер ұғымы маңызды деген көзқараста. Қазіргі қазақ тіл білімі термин қолдануда да, антонимдерді анықтауда бір ізді әдісті ұсына алмай отыр. Жұмыста олардың жалпы атауы ретінде «*қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер*» термині қолданылады. Бұл термин антонимияны кең ұғымда қарастырады.

Антонимия – қарама-қайшылық ұғымы, логикалық құбылыс.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер – қазақ тілі лексикасындағы қарама-қайшы қатынастардың, қарама-қарсы мәнді тілдік құбылыстарды семантикалық және стилистикалық жағынан түгел қамтитын гипероним. Семантикалық-құрылымдық қырынан қарағанда қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік қызметі – *оппозиция*. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін *контраст* атқарады.

Көркем мәтінде көпқабатты құбылыс болып табылатын *контраст* әр түрлі сатылы бинарлы оппозиция жүйесінде (лексикалық, синтаксистік,

стилистикалық) мәтінді семантика-стилистикалық ұйымдастырушылардың бірі ретінде қызмет атқарады. Қазіргі таңға дейін «контраст» термині осы құбылыстың кейбір қырларын ғана ашып келді. Ол оппозицияның бір түрі, әдебиеттану әдісі ретінде ғана қарастырылған болатын. Ал оның көркем мәтінде жиі кездесетін құбылыс, мәтін құрудағы басты әдістердің бірі екендігіне көңіл бөлінбей келеді. Сондықтан да, контрасттың көркем мәтіндегі стилистикалық құралдар жиынтығы ретіндегі көркемдік әсері жан-жақты талданып, оның қарама-қарсылық және қарама-қайшылық тәсілдеріне мән берілуі тиіс. Контраст қайшылық сипаттағы айшықты құрылымдарды ұйымдастыратын парадигмалық ұстанымға негізделіп, екі тәсіл арқылы жүзеге асады: қарама-қарсылық және қарама-қайшылық. Контрастқа негізделген стильдік фигураларының да екі түрі бар:

1) қарама-қайшылық, оған бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар мен образдар қатар қойылады;

2) қарама-қарсылық, мәні бір-біріне қарсы емес ұғымдар қарсы қойылады. Контраст сөйлемнің сөздік-көркемдік құрылымының барлық дәрежесінде қолданылады.

Антонимия мәселесі жұмсалымдық бағытта терең зерттеу жүргізуді қажет етеді. Қарама-қарсы тілдік бірліктердің әр түрлі жанрлардағы мәтінде қарау маңызды. Мысалы, көркем мәтін, публицистика, жарнама мәтіндері. Өйткені, тілдік бірліктердің қолданысы ақпарат құралдары мен сол заманның көркем туындыларында көрініс табары сөзсіз. Сол себепті, қарама-қарсы тілдік бірліктерді ұғымдар кең мағынада, айшықты тілмен берілетін көркем шығарма, газет-журнал, жарнамадағы оппозиция мен стилдік фигуралар тұрғысынан зерттеген жөн.

2 ҚАРАМА-ҚАРСЫ МАҒЫНАЛЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ӘРТҮРЛІ СТИЛЬДЕРДЕГІ МӘТІНДЕРДЕ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ

2.1 Публицистикада кездесетін антонимдік оппозициялардың стилистикалық қызметтері

Қазіргі қазақ әдеби тілі көп қырлы, адам қызметінің алуан аумағында қолданылады. Сондықтан да әдеби тіл құралдары(лексика, грамматикалық құрылымдар және т.б.) жұмсалымдық жағынан шектеулі: біреулері тілдік қатынастың бір аумағында, келесілері басқа аумағында пайдаланылады. Тілдік құралдар тілдік қатынас түріне қарай қолданылады.

А.Айғабылов қазақ лексикасын стиль жағынан стильаралық (бейтарап) лексика және стильдік тармақтарға бейімделген лексикалар деп бөледі. Бейтарап лексика деп стильдік тармақтың белгілі бір түріне ыңғайланбаған, қай мәтінде де қолдануға келе беретін сөздерді айтады. Ал стильдік тармаққа сараланған сөздерге белгілі бір стильде қолданылып қалыптасқан сөздер жатады [191, 61- 62]. Қазақ тілінің лексикасы сөйлеу тілі лексикасы және кітаби лексика деп екіге бөлінеді.

Сөйлеу тілі. Әдеби тілдің сөйлесу түрі тілдік қатынастың түрлі жағдаятында қолданылады. Сөйлесу тілінің негізгі белгілері мыналар:

- сөйлеудің ауызша формасы;
- диалог түрінде жүзеге асуы;
- дайындықсыз, жоспарланбаған, өздігінен пайда болушылық;
- тілдік қатынасқа қатысушылардың тікелей қарым-қатынасы.

Сөйлеу тіліндегі норма – белгіленген сөздің қажетті жағдайға сай не сай еместігін анықтайтын сөйлеу дәстүрінің нәтижесі. Ауызекі-тұрмыстық сөйлеу стиліне қарапайым сөздер, эмоциялық бояуға ие сөздер тән. Ауызша сөйлеу оның құрлымына да әсер етеді: толымсыз сөйлемдер мен аяқталмаған сөйлемдер де қолданылады.

Ауызша сөйлеу тілінің үш айтылу стилі белгілі: толық, нейтралды, сөйлеу.

Толық стиль жай темппен барлық дыбыстарды анық айтумен сипатталады. Бұл стильдің үлгісін тәжірибелі оратор не радио мен телеарнаның кәсіби білікті дикторының жұрт алдында сөйлеген сөзінен естуге болады.

Бейтарап стиль де анық артикуляциямен сипатталады, бірақ мұнда кейбір дыбыстар редукцияға ұшырап жатады. Сөйлеу темпі – жылдамырақ, орташа. Іскери әңгімелер, келіссөздер осы бейтарап стильде жүргізіледі.

Сөйлеу стилі – ерікті түрде тұрмыстық қарым-қатынас жағдаятында сөйлесу тәсілі. Бұл стильге жылдам темп пен дыбыстардың айқын артикуляциямен айтылмауы тән.

Сөйлеу тілі лексикасынан диалект, кітаби сөз, жаргондарды да бөліп қарауға болмайды. А.Айғабылов сөйлеу тілі лексикасын әдеби сөйлеу тілі лексикасы, бейәдеби сөйлеу тілі лексикасы деп бөлуді ұсынады [192, 39].

Кітаби тіл - әдеби тіл түрі. Оның негізгі белгілері – сөздің жазбаша формада берілуі, монологтық түрде жүзеге асуы. Бұл жұмсалымдық түр

жазбаша формада болуына қатысты «кітаби тіл» деп аталады (яғни кітапта қолданылатын тіл).

Кітаби тілдің басты сапасы мәтінді сақтау қасиеті арқылы ұрпақтар арасындағы байланыс құралы болып табылады. Тілдік қатынастың жанама түрлерінің барлығы кітаби тіл арқылы жүргізіледі. Онда тілдік қатынастың әр түрлі мақсатына, абстракттылығы түсінік пен қатынасқа қажетті құралдардың бәрі бар. Кітаби тілдің қызметі көп жақты, ол қоғам дамыған сайын күрделене түседі.

Кітаби тіл қоғамның әр түрлі аумағына қызмет ететіндіктен, жұмсалымдық стильдерге бөлінеді. Олар – адам қызметінің белгілі аумағына тән, тілдік құралдарды пайдаланудың өзіндік ерекшелігі бар кітаби тіл түрлері.

Әрбір жұмсалымдық стиль сөйлеу жанрында жүзеге асады.

Кітаби тілдің келесі жұмсалымдық стильдері бар: ғылыми, ресми-іскерлік, публицистикалық.

Ғылыми стиль баяндаудың қатаң логикалық тәртібі, арнайы терминдердің көптігі, синтаксистік ерекшелігі сияқты сипаттарға ие. Көркем және публицистикалық стильдермен қатар әдеби тілдің кітаби стиліне ғылыми стиль де жатады. Бұл стильдегі мәтін құрауға айтар ойды жинақтау, монологтық сипат, тілдік құралдарды тандап қолдану, сөйлеу нормасын сақтау сияқты жұмсалымдық ерекшеліктер тән.

Ғылыми стильдің негізгі қызметі – интеллектуалдық қатысым. Аталған стильде белгілі бір сала бойынша нақты мәліметтер беру, танымдық үдерісті бекіту үшін құрылған мәтіндер жазылады. Сол себепті, ғылыми стиль ойдың логикалық бірізділігін, сөйленіс бөліктерінің арасындағы жүйеліліктің сақталуын, күрделі материалдың түсініктілігін талап етеді [193, 336]. Ғылыми сөйленістің мазмұны күрделілігімен, тұжырымдалуымен ерекшеленетіндіктен, тілдің стилистикалық құралдары таңданылып қолданылады. Бұл стиль арнайы терминдер қолданылуымен айрықшаланады. Ғылыми стильдің келесі түрлері бар: ғылыми-техникалық, ғылыми-көпшілік, ғылыми-іскери, ғылыми-оқу [194, 25].

Бұл аталған ерекшеліктер ғылыми стильде антонимдердің қолданылуын шектейді. Аталған стильде антонимдердің поэтикалық, архаизм, вульгаризм, жаргон, сленг түрінде қолданылмайтыны түсінікті.

Қарама-қарсы жақтардың қарама-қарсылығы, бір-бірін жоққа шығару, ажырату, салыстыру қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің басты қызметтері екені даусыз.

Ғылыми стильде қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің өте сирек қолданылады.

Ресми-іскерлік стиль нақты қалыптың болуымен, құрғақ баяндаумен, жоғары сапалығымен, белгіленген тіркестің көптігімен ерекшеленеді. Бұл стиль жанрлары көп: заң, резолюция, келісім-шарт, нұсқау, хабарландыру, арыз, т.б.

Стильдік бояуы жағынан ресми стиль ғылыми стильге жақын. Айырмашылығы – ғылымиға қарағанда синтаксисі бірқалыпты. Оған қарапайым сөздер, ауыс мағыналы, бейнелі сөздер, теңеу т.б. тән емес.

Публицистикалық стиль бұқаралық ақпарат құралдарына тән. Ол екі қызметтің бірлігінен тұрады, олар – ақпараттық және үгіт-насихаттық. Бұл стиль бейтарап және жалпы қызметпен қатар экспрессивті-бағалау лексикасы мен тұрақты сөз тіркестерінің қолданылумен сипатталады. Оның келесі жанрларын атауға болады: мақала, баяндама, очерк, репортаж, фельетон және т.б. Бұл стиль әртүрлі стильдік бояуға ие тілдік құралдардың кең қолданысымен ерекшеленеді. Олардың ара қатынасы шығарманың жанры мен стиліне байланысты.

Аталған стильдермен қатар жалпыхалықтық тілде көркем әдебиет тілі де бар екенін айта кеткен жөн. Кейде ол кітаби тілдің төртінші қызметтік стиліне жатқызылып, әдеби тілдің бөлігі деп танылады. **Көркем сөз стилі** жұмсалымды стильдердің ішінде ерекше орында тұрады. Тілдік құралдарының стилистикалық бояуы өте кең, бай және әр түрлі болып келеді. Алайда, көркем әдебиет тілінде барлық тілдік құралдар қолданылады. Яғни әдеби тілмен қатар, диалектілер мен жаргондар, қарапайым тіл элементтері де кездеседі.

А.Айғабылов «Қазақ тілінің лексикологиясы» атты оқу құралында, «Қазіргі қазақ әдеби тілі» оқулығында да кітаби лексикаға әдеби нормаға енген сөздердің жататындығын айта келіп, оны ғылыми стиль, публицистикалық стиль, іс-қағаздары стилі, поэтикалық лексика деп жіктейді [192, 40; 191, 62; 195, 42].

М.Белбаева қазақ тілінің лексикасындағы сөздерді стильдік мәніне қарай келесі түрлерге бөледі: жалпыхалықтық лексика, поэтикалық лексика, термин сөздер, іс қағаз және ресми документтік сөздер, профессионалдық лексика, жаргондық сипаты бар сөздер, кітаби лексика, эмоциональды-экспрессивті лексика, экзотикалық лексика және т.б. [28].

І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев қазақ тілі лексикасын стильдік мәніне қарай келесі топтарға топтап, әр қайсысына анықтама береді: сөйлеу тілінің лексикасы, жалпылама (жалпыхалықтық) лексика, диалектілік лексика, профессионал және терминдік лексика, көнерген сөздер, неологизмдер [113, 116-157].

Әрбір жұмсалымдық стильдің өзіндік белгілері болады, олар тілдік бірліктердің белгілі бір түрлерінен және сол стильдің өзіне тән жүйелік ерекшеліктерінен құралады. Олардың бірнеше стильге ортақ жақтары да бар.

Қызметтік стильдерге тән стильдік белгілерге дұрыстық, дәлдік, бейнелілік, қисындылық, анықтық, мәнерлілік, деректілік, дерексіздік, көп мағыналылық, бір мағыналылық, стандарттылық жатады. Бұлардың кейбірі қай стильге жататындығына қарамастан, жалпы нормативтік сипатқа ие. Мысалы, кез-келген сөз дұрыс, анық, қисынды, дәл, белгілі дәрежеде мәнерлі болуы керек. Бұлар – жалпы әдеби тіл нормасына қойылатын талаптар.

В.В.Виноградов тіл стильдеріне қарағанда сөйлеу стильдері ашық жүйе болып келеді, ал тіл стильдері тұйықталған жүйе дегенде де сөйлеу стильдерінің қызмет пен мақсатқа сай «өзгермелілігін, өзгеруге, құбылуға икемділігін» айтса керек [196,143].

Жалпы тілдің қатынас құралы ретінде дүниеге келудегі мақсаты мен маңыздылығы да ақпаратты жеткізе алуымен анықталады. Бір ақпараттың өзін әр түрлі жолмен, әр түрлі стильдік мағынада жеткізуге болады [197,75]

Ұлттық тіл біртекті емес. Алуан тілдік қатынас жағдаятында түрлі тілдік құралдар қолданылады. Адамның сөзіне қарап өзі туралы да білуге болады. Өзің туралы жағымды әсер қалдыру үшін әдеби тіл нормаларын білу, тілдік құралдарды қарым-қатынас жағдайы мен мақсатына сай, орынды стильде қолдану қажет. Тілдік бірліктерді ұтымды қолдана білу оның жұмсалымдық қызметін терең білу арқылы мүмкін болады. Бұл тарауда қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің аталған стильдерде қаншалықты дәрежеде қолданылып жүргендігі, оның қай стилде де ойды ұтымды жеткізуге қызмет атқара алатындығы мысалдар арқылы дәлелденіледі. Жұмыста қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер айшықты тілмен берілетін, жиі қолданылатын публицистикалық және көркем стильдегі туындылар, жарнама мәтіні талданылды.

«Қызмет» термині лингвистикалық әдебиеттерде сөйлесім үдерісіндегі тілдік бірліктердің рөлі ретінде және белгілі бір құралдардың не құралдар жиынтығының жұмсалу мақсаты ретінде қарастырылады.

Стилистикалық қызмет ұғымын анықтау барысында тілдік қызметтің барлық түрі қарастырылады. Өйткені, стилистика тілдік пәндер мәліметін пайдалана отырып, тілдік бірліктерді басқа қырынан, мәтіннің көркемдік әлеуеті тұрғысынан қарастырады. Әр мәтінде бірнеше қызмет қатарынан атқарылады, олардың ішінде эстетикалық қызметтің рөлі басым болады. Стилистикалық қызмет мәселесі әрбір мәтін талдау барысында қозғалады. Дегенмен, И.В.Арнольдтың айтуынша, стилистикалық қызмет теориясының ғылыми негіздемесі әлі жоқ [193, 48]. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің көркем прозадағы рөлін анықтау барысында стилистикалық қызмет теориясы мен оның сипаттамасы басшылыққа алынып, декодтау әдісі қолданылады. Стилистикалық қызмет мәтіндегі тілдік бірліктердің өзара әсерінің көркемдеуіш әлеуеті болып табылады, ол мәтіннің пәндік-логикалық мазмұнымен қатар, ондағы экспрессивті, эмоционалды, бағалауыштық және эстетикалық ақпаратты береді.

Зерттеушілердің көпшілігі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерге талдау жүргізгенде оның антонимге қатысты стилистикалық қызметіне, олардың стилистикада антитеза, оксюморон сияқты стилистикалық амалдармен қолданылуына соқпай кете алмайды. Оның қызмет аумағына сөз мағынасының ашылуы, сөйленістің ырғақтық бөлінісі және т.б. жатады. Антонимияның тілдік құбылысын да, стилистикалық амалдарын да бірге қарастыратын лингвостилистикалық қызметті қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерден іздеген дұрыс.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер көпқырлы құбылыс, гипероним болғандықтан, нақты бір стилдік қызмет атқаруы мүмкін емес. Оның стилистикалық қызметін қарастырғанда, тілдік табиғатын ашуға негізделген кешенді әдіс қолданған дұрыс.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер контекст құрылымына қарай бірнеше қызмет түрлерін (лингвистикалық және стилистикалық) жүзеге асыра алады. Мысалы антонимдік оппозиция тілдік қызмет (сөздің мағынасын кеңейту, дизъюнкция, қарама-қарсы бастауларды ажырату), стилистикалық қызмет (күтпеген әсер қалдыру) атқарады.

Қазақ тіліндегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің мәтінде атқаратын қызметтері В.Н.Комиссаровтың үлгісіне салынып, 1-кестеде көрсетілді:

Кесте 1 – Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің мәтінде атқаратын қызметтері

Қызметі	Мақсаты	Контекст	Мысал
1	2	3	4
Қарама-қарсылық	қарама-қарсылық мәнді ашу	Х емес, У Х, бірақ У	Бүгінде білімділердің емес, білектілердің тасы өрге домалап тұр [Қара күз. Ахметжан Т., 2007. – 122 б.]. Бірақ құс мекені көкте болғанымен, бар назары жерде [Құзғынның өлімі. Жұмаділов Қ., 2004. – 187 б.]. Кісі күйкі тірліктің күндіз-түні тырбандаған қара құлы бола бермей, бір сәт белін жазып, еңсесін көтеріп, жан-жағына қаранып, оңы мен солына назар салған қожайыны да болуы керек шығар [Сынар аккумуля. Ақмамбет Ә., 1994. – 80 б.].
Салыстыру	әлсіз қарама-қарсылық	Х және У Х пен У Х, У	Жолдың арғы және бергі бетіндегі мына бір нүктелерге қараңдаршы[Қарға тамған қан. Бақбергенов С, 2000. – 116 б]. Бір адамның екі бейнесі аспан мен жердей екен [Әкранның басынан кешкендері. Батыр Д., 2008. – 313 б.]. Бір-біріне ұқсамайтын неше алуан бас бітімдері, ұзындар , қысқалар , арық жігіттер, толық әйелдер көрініс береді [Әкранның басынан кешкендері. Батыр Д, 2008. – 313 б.].
Бөлу	бірін-бірі жоққа шығару	Х не У Х әлде У	Әлде қызғаныштан , әлде мақтаныштан айтылып жатқанын біліп болмайсың [Қара шалғы. Қаупынбаев Т., 1986 – 232 б.]. Жаңағының бәрі өңім бе, түсім бе, түсіне алмай мең-зең күйде жатырмын [Қатын қашқан. Әлсейіт Ақмамбет, 1994. – 5 б].
Кезектестіру	кезекпен орындалу	біресе Х, біресе У кейде Х, кейде У	Әйелдің сұлулығы – кейде бағы , кейде соры [Бір ғана ғұмыр. Жұмаділов Қ, 2004. – 243 б.]. Денем бір суыды , бір ысыды [Мұң. Ахметжан Т., 2007. – 15].

1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Қарама-қарсылықтарды біріктіру	қарама-қайшылықты көрсету	$X \rightarrow Y$ X пен Y $X \approx Y$	Бұл жерде де қуаныш пен қасіреттің қатар жүріп жататынын сонда барып ұқты ол [Өмір, сен тамашасың. Жұмаділов Қ, 2004. – 60 б]. Бұл кезде Арқат алды-артына қарамай асығып, тау жакқа апаратын автобустың ішінде кетіп бара жатыр еді [Еменнің иір бұтағы. Жұмаділов Қ, 2004. – 148 б.].
Барлық құбылыстарды қамту	құбылыстардың ұқсастықтарын беру	X та, Y те X -тан Y -ке дейін	Жаман да, жақсы да, данышпан да, сорлы да арман ететін бір-ақ қиял – үйленіп, бақытты отбасын құрып, ұрпақ қалдыру [Жарсыз өткен ғұмыр. Батыр Д, 2008. – 21 б.]. Махаббат деген ұлы заң, оған кәрі де, жас та, ауру да, сау да бағынады [Ғашықтар. Есенберлин І, 2010. – 228 б.].
Қарама-қарсылықты жоққа шығару	орташа құбылысты беру	X та емес, Y те емес	Не өңі , не түсі деуге келмейтін бір жұмбақ [О дүниенің қонағы. Ахметжан Т., 2007. – 25 б.].

Қоғамда публицистиканың алар орны зор. Ол сол заманның, уақыттың, қоғамның жыршысы, айнасы десек те болады, өйткені қоғамдағы өзекті мәселелерді көтереді. Публицистика қоғам өміріне белсене араласып, фактілік материалдарға сараптама жасау арқылы қоғамдық ой қалыптастырады.

Публицистикалық мәтіндер фактілерді, мәліметтерді хабарлайды. Десек те, ол ғылыми стильдегі сияқты объективті баяндаудан алшақ, сондай-ақ, оның ақпаратты дәлдікпен беруге деген ұмтылысы көркем стильден арасын ажыратады.

Публицистикалық стиль тақырыптық жағынан әр түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл оның жанрлары мен мәтін түрлеріне әсер етпейді, бұл ауызша (теле-, радиожурналистика) және жазбаша мәтіндер (газет-журналдар) болуы мүмкін. Теле- немесе радиобағдарламаларда мазмұндау стилі барынша жеңілдетіліп беріледі, себебі кең ауқымды көрермен-тыңдарман қауымға арналады. Бұл жағдайда публицистикалық стиль ауызекі сөйлеу стиліне жуықтайды. Жазбаша публицистикада белгілі бір ғылым саласындағы кәсіп иелері мен мамандарына арналған, әсіресе, салалық журналдар мен газеттерде тілшінің, мақала авторының сөзі ғылыми немесе ресми-іскери стильге жақындайды. Бұл мазмұндау үшін таңдалынып алған тілдік құралдардан байқалады: терминдер көбірек болады, синтаксис барынша күрделі болып табылады және т.б.

Публицистикалық мәтін авторы қоғамдағы оқиғаларды баяндап қана қоймай, оларды қоғамның бағалауына шақырады, қоғамдық көзқарастарға

белсене ықпал жасайды. Публицистикалық мәтіндердің қабылдаушысы ең ауқымды аудитория болуы мүмкін. Алайда, белгілі бір әлеуметтік топтарға және т.б. бағытталған басылымдар да жоқ емес (мысалы, жас ерекшелігіне қарай, діни), кәсіби топтар және т.б.

Қ.Ө.Есенова публицистика стилінің зерттелуінің екі бағытын көрсетеді: 1) публицистиканың жанр ретінде зерттелуі; 2) публицистиканың тілдік тұрғыдан зерттелуі [198]. Қазақ тіл білімінде публицистикалық стильге жататын газеттің тілдік бірліктерін зерттеулерді Қ. Есенова, Б.Әбілқасымов, А.Алдашева, О.Бүркітов, Б.Момынова және т.б. еңбектерінде талданылған [96; 198-202]. Қ.Ө.Есенова: «Тілдің адамзат қоғамында атқаратын негізгі үш қызметінің (қарым-қатырнас жасау құралы, хабарлау, әсер ету) ішінде, әсіресе әсер ету – БАҚ үшін маңызды фактор болып саналады» – дейді [198, 361].

Публицистикалық стильде тіл ақпараттық қызметпен қатар, әсер етуші қызмет те атқарады. Публицистика қоғамдық пікір мен сана қалыптастыру үшін оқырманға әсер ету мақсатын көздейді. Десек те, публицистикада фактілерге негізделеді. Д.Э. Розенталь публицистикалық шығарма тілдеріне тән келесі белгілерді атайды: тіл құралдарына мол мағына бере отырып, үнемді қолдану; тіл бірліктерінің қалың қауымға түсініктілігі; қоғамдық-саяси лексиканың басым болуы; қалыптасқан құрылымдардың қолданылуы; стильдік ерекше қолданыстары; өзге стиль түрлеріне де тән белгілердің араласуы; көркемдегіш құралдардың қолданылуы [190, 42].

И.Р.Гальперин публицистикалық стильді екі түрге ажыратыды: хабарлама, тақырып пен хабарландыру стилі және мақалалар стилі [203, 385-405]. М.Д.Кузнец пен Ю.М.Скребнов баспасөз тілінің өзіндік ерекшелігі мен публицистикалық стильді қосып қарау дұрыс емес, онда функционалдық стильдің белгілерін жанр белгілері басып кетеді деген пікірді ұстанады. Авторлардың ойынша, газеттің әр айдарында тілдің түрлі стильдік жүйесі қолданылады. Баспасөз беттерінде публицистикалық стильмен қатар ресми-іскери, көркем, ғылыми стильдер де қолданылады [204, 124].

Жанрлардың араласуына қарамастан публицистикалық стиль жеке функционалдық стиль екеніне дау жоқ. Бұл стиль қоғамдық саяси саламен тығыз байланысты. Тұрақты тілдік тіркестер мен оралымдар публицистикалық мәтіннің ерекшелігі болып табылады, бірақ олар ғылыми-техникалық немесе ресми-іскери стильдерге қарағанда әртүрлі болып келеді

Публицистикалық мәтіндердің түрлілігіне қарамастан, олардың барлық түрінде қарама-қарсылық кездеспей тұрмайды. Өйткені, қоғам мен саясатты қайшылықсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан тілшілердің сараптамасынан қарама-қарсы мәнді көптеп кездестіруге болады. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер публицистикалық стильде жұмсалымдық, стилистикалық қызметтер атқарады.

Белгі мен қасиеттердің қарама-қайшылығының арасында аралық мүшелердің болуымен ерекшеленетін *градуалды антонимдік оппозиция*ға публицистика жанрынан көптеген мысалдар кездестіруге болады. Аралық мүше

градиациалық шкалада қарқындылық белгісі бойынша екі шеткі қарсы мәннің арасында орналасады.

*Өмір бойы ауыл шаруашылығы саласында істегендіктен, оның **жетістігі** мен **кемшіліктерін** де ептеп білемін.* [205, 824-825: 2].



Қарқындылық белгісі шкаласында аралық элементтен бірдей ара қашықтықта орналасқан бұл антонимдік жұп симметриялы градуалды оппозиция мүшелері болып табылады. Сондай-ақ, бұл сөйлемдегі антонимдік жұптар қарама-қарсылықты біріктіру қызметін атқарып, контраста негізделген стильдік фигура амфитеза арқылы беріліп тұр.

Дәл осындай даму шкаласына орналасатындай симметриялы градуалды оппозицияға жататын мысалдарды публицистика мәтіндерінен көптеп кездестіруге болады. Мәселен:

*Қыздарға тән мінезбен бетін басып, жасаураған көздерінен **қуаныш** пен **қорқыныш**, әлі де болса өзі жеткен жетістікке сенбегендей сәтте еді* [205, 489-494: 8].



Бұл сөйлемде де қарама-қарсылық амфитеза арқылы көрінсе, келесі мысалымыз да дәл осы шкалада орналасып, симметриялы градуалды оппозиция мүшелері болатын жұп альтернатеза арқылы беріледі. Өйткені, *қуаныш шаттықтың* синонимі болса, *мұң* оның антонимі ретінде келесі шеткі мүше болар еді. Бұл жерде де аралық мүше қалыпты күй: *Қиындықтан қорқып-үркүді білмейтін Асқар мен Мәкеннің өмірі де бірде **шаттыққа**, бірде **мұңға** толы* [205, 727-728: 3].


Бұл сөйлемде қарама-қарсы мағыналы тілдік бірлік кезектестіру қызметін атқарып тұр.

Келесі сөйлемдерде кездесетін *алыс-жақын*, *таяу-алыс* жұптары да амфитеза болып тұр:

*Тұңғыш рет **алыс-жақын**мен шекарасын айырып, тәуелсіз мемлекет болды* [205, 797: 18].

*Оның үстіне тәуелсіздік алған соң **алыс-жақын** шетелдерден бабақүлдікке көшкөлігінің басын бұрған бауырлардың біразы Жаңаөзенге келіп қосын тікті* [205, 736-738: 1].

*Бүгінгі күні арнайы мамандар мен гидроприбор өндірісі жаңашылдары дәл осы модификациядағы қазақстандық катерді бірқатар **таяу және алыс** шетелдергі экспортқа шығаруды көздеп отыр* [205, 736-738: 5].



Бұл жерде орташа деп берген аралық мүше алыста емес, жақын да емес жерді көрсетеді.

Қай қоғамның болмасын басынан өткерген тарихы бар, оның кезеңдері публицистикадан орын алуы заңды құбылыс:

*Тау мен тасы да, өзен-көлінің сағасы да тұнған шежіре Сарыарқа төсінде қанат жайған үшінші мыңжылдық қаласы – абат Астана тарихы көне өркениет пен **ежелгі дәуір** мәдениетіне сабақтасатындығы дәл қазір талассыз ақиқат* [205, 807-808: 5].



Айталық, **шөлді аймақ** пен теңіз жағалауындағы **шалғынды өңірді** салыстыруға келмейді [205, 789-792: 5].

«**Қарттардан Жақаңды, жастардан, қатарларыңыздан Серікті ренжітпеңдер,**» – дедім [205, 746-751: 7]. Антитеза фигурасына мысал болатын қарт-жас жұбының аралық мүшесі орта жас екені талас тудырмаса керек.

Мен жеті жасымнан **қозы** жамыратып, **қой** бағып ақ таяқтың құты мен берекесін көрген кісімін [205, 824-825: 2].


Ежелден қой бағып өскен қазақ баласы **қозы-қой** жұбынан **кіші-үлкен** деген антонимді көреді. Екеуінің арасында **орташа** ұғымы бар, контекске сай тоқтыны қойып, симметриялы градуалды оппозицияға жатқызуға болады:



Асимметриялы градуалды оппозицияда қарама-қарсы мәнді тілдік бірліктер орталық мүшеден әр түрлі арақашықтықта болатыны белгілі:


Публицистикада сандар бір-бірімен оппозициялық жұпта жиі қолданылады: *Соның салдарынан **бірнеше** үй құлап, **жүздегені** жарамсыз күйге түскен болатын* [205, 807-808: 11].

Бұл мысалда тілші оқиғаны бір-біріне қарсы қоймай, зардап шеккен үйлер ретінде бағыттас берген. Біз бұл жерден мөлшерді білдіретін екі сан есімді алып, бір және жүз сандарын антоним ретінде қарап, градуалды ассиметрия ретінде төмендегі шкалаға салдық:



Келесі сөйлемде кездесетін оппозицияны нақты сандық шкаламен көрсетуге келеді:

Мұндай мүмкіндік елге **жүз** жылда **бір** рет қана берілуі мүмкін. Кей елдерге жүз жылдап та берілмеуі мүмкін. Қазақстан – сондай мүмкіндікке тәуелсіз дамуының алғашқы **ширек ғасырында**-ақ қол жеткізген сирек елдің бірі [205, 778-784: 5].




Келесі сөйлемде де кездесетін әрбір сан есімді сәйкес қолданылған салыстырмалы санға қарсы қойып, дәл осындай шкалаға орналастыруға болады. Яғни ол сөздер де асимметриялы градуалды оппозицияға мысал болары сөзсіз.

5-6 сиыр, **20** шақты қойы мен **2** жылқысы көбейе келе қазір ірі қарасы **300-ге** жақындаған, **1** мың қой, **250-ге** жуық жылқы оның сыртында [205, 754-755: 7]. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы сандық көрсеткішті антонимдік жұптардан *көп-аз* концептісі көрінеді. Келтірілген сөйлемдегі сандардың бірінен екіншісіне ауысуы стилистикалық амал антиметабола арқылы жасалған.

Менде достар **көп** болды, бірақ адамға қатар өмір сүрген, замандастар қатарының сирегені **қасіретте** де, **қуанышта** да **жалғыз** қалғаның қиындау екен [205, 815-817: 7].


Мысалдағы *қасірет* және *қуаныш* сөздері шкалада аралық мүшеден бірдей қашықтыққа орналасып, симметриялы градуалды оппозицияға мысал болады, ал келесі антонимдер асимметриялы оппозиция мүшелері болып табылады. Өйткені, сөйлемнен *көп* достары болғанымен, *жалғыз*, шкаладағы нөлге тең сатыда қалғанын көреміз, көп сөзінің антонимі аз болуы керек еді:



Жоғарыдағы сөйлемдегі қарама-қарсылықтар *көп-жалғыз* жұбы антитеза, *қасірет* пен *қуаныш* амфитеза тәсілімен берілген.


Қарапайым **жұмыскер** де болдық, кейінірек **маман**, одан әрі **кеңшар директоры**, **аудан**, **облыстық** ауыл шаруашылық салаларын басқардық [205, 824-825: 2].

Бұл мысалда аралық мүшелер бірнешеу және олар бір-біріне антонимдік оппозиция жұптары бола алады. Жұмыскер мен облыс басшысы даму шкаласында екі шеткі мүше болып табылады, қалғандары – аралық мүшелер.



Әйтсе де, басқа мүшелерді бір-бірімен антоним сөздер деп алғанда, сәйкесінше аралық мүше де өзгереді: *жұмыскер* – маман – *кеңшар директоры*; *жұмыскер* – маман/кеңшар директоры – *аудан басшысы*; *жұмыскер* – маман/кеңшар директоры/ аудан басшысы – *облыс басшысы*;

Кеше не істелді, *бүрсігүні* не істеледі, *одан кейін* не істеледі [205, 785-788: 1].



Сөйлемде берілген *кеше* сөзіне тепе-тең антоним *ертең* болуы керек еді, сөйлемде шкалада қарқынды дамуға жататын *бүрсүгін* және *одан кейін* сөздеріне қарсы қойылып отыр.

Привативті антонимдік оппозиция градуалды оппозиция сияқты бірінің белгілерін бірі жоққа шығарады, тек олардың арасында аралық элемент болмайды. Привативті оппозиция элементтері ұғымдық жағынан бір-біріне тең:

Екінші дүниежүзілік соғыстың алдындағы жетістіктерінің байқауы ретінде де, жиырма жылдығын жаңа аттағалы жатқан социализм мен енді-енді бас көтере бастаған фашизм идеяларының бетпе-бет келген сәті ретінде де енген [205, 778-784: 5].

Өз-өзге концептісіне айқын мысал болатын келесі привативті оппозиция антитеза тәсілімен жасалып, салыстыру қызметін атқарып тұр:

1937 жылы Парижде өткізілген Бүкіләлемдік көрме тарихқа адамзаттың Қошеметшіл жағымпазға бой алдырмай, өз ісіңе де, өзгеге де сын көзбен қарап, қате кетсе, өзің түзей білу [205, 778-784: 3].

Кісі аты – мәдени мұра, – деді Жантас Жақып. – Бала – бүгін нәресте, ертең – еліміздің азаматы [205, 735: 7].

Эквивалентті антонимдік оппозиция мүшелері арасында ассоциативті қарама-қайшылық бар. Лексикографиялық оқулық көздері мен психолінгвистика тәжірибелер нәтижесіне сүйенсек, мұндай қарама-қайшылық бинарлы деп аталады.

Публицистика жанрынан эквивалентті антонимдік оппозицияға келесі мысалдарды кездесті:

1. Қарама-қайшы бағыттағы әрекеттерді білдіретін лексемалар

Ресей қорғаныс министрі Сергей Шойгу бұрынғы министр Анатолий Сердюковтың кезінде қарулы күштер қатарынан босатылған офицерлерді қайта қызметке алуға уәде берді [205, 815-817: 5].

Бергенімізге қарай алуымыз керек, басқаларды асырамаймыз, дейді [205, 789-792: 15].

Бұл ретте біз жастар жатпай-тұрмай ел ертеңі үшін жүйелі жұмыстарды атқаруға барымызды саламыз [205, 756-760: 3].

Германияның медицина саласындағы даму деңгейін ескере отырып, отандық әріптестерді ол елге оқуға жіберу және германдық мамандарды шеберлік сыныптарын өткізу үшін Қазақстанға шақыру қарастырылуда [205, 746-751: 7].

Себебі, басып емес, шашып жейтін де жігіттер жетеді қазақта [205, 717-719: 1].

Ол өзінің инвесторлары мен брокерлері болып саналатын өз клиенттері арасында құжаттарды қабылдау мен тапсыру негізінде қызмет көрсетеді [205, 727-728: 1].

Сонымен қатар тозығы жеткен апаттық үйлердің бір бөлігін жөндеуден өткізу енді бірін бұзып, орнына жаңа үй тұрғызу, отбасында бірде-бір адам жұмыс жасамайтын 646 отбасының мүшелерін жұмыспен қамтуды қарастыру, жаз мезгіліндегі су тапшылығын болдырмау да іс барысындағы азаматтар назарындағы шаруалар[205, 736-738: 3].

Қарама-қарсы мәнді тілдік бірліктер ретінде етістіктер публицистика тілінде жиі қолданылады. Өйткені, публицистика қоғам тынысын білдірсе, қоғам үнемі қозғалыста, өзгерісте екені дау туғызбаса керек.

2.Лексикалық конверсивтер:

Жастар өзіне мемлекет бізге не береді деп емес, мен еліме, жұртыма не беремін, мемлекетім үшін не істей аламын деген сауал қоюы тиіс [205, 756-760: 3].

3.Бағыттық ұғымдарды білдіретін сөздер:

Ешбір фактілерге негізделмеген, тек өзінің «жадына сүйеніп» ойдан құрастырылған мәліметтерінен тұратын сұхбаттарды оңды-солды таратып отырып, Храпунов ақпараттық байламмен айналысуда [205, 746-751: 1].

Ерте кезден адамдардың санасында «жер – көк», «мұз – от», «су – от» сияқты бекіген қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер қалды. Көбіне олар ауыспалы мағынада қолданылады:

Бірақ екі елдің дамуы жер мен көктей [205, 754-755, 1].

4.Коррелятивті жұптар:

Бұл жерде осы балалардың денсаулығы, тыныштығы үшін күні-түні аялы, жылы жүректі адамдар жұмыс жасайды [205, 798: 9].

Институттық дискурстың концептілік оппозициясы деп ассиметриялы әлеуметтік статусқа ие субъектілері концептілерінің ара қатынасы деп білеміз. Мысалы, педагогикалық дискурста концептілік оппозиция *мұғалім – оқушы* болса, медициналық дискурста *дәрігер – емделуші*.

Саяси дискурста концептінің келесі түрлері бар: онтологиялық, аксиологиялық және идеологиялық концептілер. М.Д. Невинская онтологиялық концептіге саяси қатынастың болуына тікелей қатысты концептілерді атайды. Оған саяси дискурсты жүргізуші концептісі ретінде «билікті» алса, саясат субъектілері концептісі қатарына «халық», «қоғам», «саясаткер», «президентті» алады. Аксиологиялық концептілерге саяси базалық құндылықтарды, идеологиялық концептілерге саяси бағыттарды көрсетеді [206, 26].

«Халық» – ортақ тарихи тағдыры, ортақ әдебиеті бар, танымдық түсініктері мен адамгершілік ұстанымдары ұқсас әлеуметтік бірлік. «Билік» ұғымы әлеуметтік қатынастар формасы ретінде түсіндіріледі. Бұл қатынас адамдар мен адамдар топтарының мінезіне, қызметіне, ұстанған бағытына

экономикалық, идеологиялық, құқықтық, ұйымдастырушылық механизмдер арқылы әсер ету мүмкіндігіне ие.

Ұжымдық танымда билік игеру объектісі ретінде қарастырылады, оны алуға, беруге жоғалтуға, жеңіп алуға болады.

Билік қазақ тілінде бұрыннан бар би, билеу сөзінен шыққан. Мағынасы жоғарда келтірген ғалымдар пікіріне сәйкес келеді. Билік концептісінің ядросы «күш» семасы екендігіне ешкім дау туғызбаса керек. Күш қаттылық, құдіреттілік, қатал, ұлы ұғымдарына сай келеді.

Саясат табиғатының өзі билікті субъекті (билеуші) мен объектіге (халық) бөлу болып табылады. *Билік* пен *халық* бір тұлғаны көпшілікпен салыстыру арқылы бір-біріне қарсы қойылады. Сондай-ақ, билік қатынас ретінде біреудің біреудің үстінен қарауы болып та табылады. Бұл саяси биліктің субъектісі (билік құрылымдары) мен объектісінің (қоғам) ара жігін ажыратады. Қалай десек те, билік сөйлесім әрекеті, қатысымсыз жүзеге аса алмайды. Оның халықпен қатынас құралы бұқаралық ақпарат құралдары болмақ [207].

Публицистиканың бір ерекшелігі халықты үнемі билік басындағыларға қарсы қояды. Сондықтан да, салыстыруға жиі түсетін бұл ұғымды халық та қарсы мәнде ұғатынын ескеріп, әлеуметтік қатынас ретінде антонимдік оппозиция ретінде қараған жөн:

Оның үстіне, басты бөгесін Президентті халық емес, Жоғарғы Кеңестің (яғни, таңдаушылардың) сайлауы еді [205, 778-784: 1].

Сөйлемде қарама-қарсылық акротеза амалымен беріліп тұр. Бұл қарсы ұғымдар амфитеза тәсілімен жасалып, бірлікте де қолданылады:

Айтыстың жалпы сипаты туралы сөз етсек, ол халық пен биліктің арасындағы халықтың сөзін жеткізуші алтын көпір болуы тиіс [205, 815-817: 1].

Театр билік пен халықтың арасын жалғауы керек [205, 761-762: 7].

Баспасөз беттерінен акротезаны да жиі кездестіруге болады:

Шынайы өнер туындысы көптің соңында да, ортасында да емес, анағұрлым алда жүріп, алысқа шақыру қажеттігі, көркемдік биіктерге нысаналатыны ол кезде ескерілмейді [208, 754-755: 42].

Дискурсты танудың социоллингвистикалық әдісі қатысымды статустық-бағыттық тұрғыдан қарау болып табылады. В.И. Карасик айтқандай: «Дискурс социоллингвистикалық көзқарас бойынша адамдардың белгілі бір әлеуметтік топқа қатысы немесе белгілі сөйлесім жағдаяты тұрғысындағы қарым-қатынасы» [209, 233].

Социоллингвистика дискурстың екі түрін ажыратады: институттық және жеке. Саяси дискурс институттық дискурсқа жатады. Өйткені, ол қоғамдық институттарда жүзеге асады. Қатысым басты қызмет болып табылатын бұл ұйымдарда қатысым мүшелері белгілі бір әлеуметтік институт өкілі рөлін атқарады. Институттық дискурстың маңызды сипаттамасы статустық бағытты ұстануында, онда қатысым мүшелері институт өкілдері мен осы институттың қызметіне мұқтаж адамдар тобына бөлінеді. Олар қатысымдық жағдаятта тең емес: институт өкілдерінің статусы қашан да оның клиенттеріне қарағанда

жоғары болары сөзсіз. В.И. Карасик жоғарыдағы еңбегінде институттық дискурсты статусы тең емес қатысымдық жұптардың қарым-қатынасы ретінде бағалаған [209, 245].

Бұл статуска бағытталған қатысым мүшелері оппозициясына келесі жұптарды келтіруға болады: *дәрігер - емделуші, мұғалім - оқушы* және т.б. Байқап отырғаныңыздай, бұл жерде кәсіби маман мен емделуші, оқушы сияқты кәсіби мамандығы жоқтар бір-біріне қарсы қойылады.

Десек те, Е.И. Шейгал саясат қатысымы көпшілікке бағытталған бірден-бір кәсіби сала екенін баса айтады [210, 20]. Осы орайда, қоғамдық өмірдің, елдегі саясаттың айнасы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдарының, соның ішінде баспасөздің де тікелей көпшілікке, яғни халыққа бағытталатынын айта кеткеніміз жөн.

Ауыспалы мағынада қолданылған қасқыр мен қой да үнемі қарсы мәнде жұмсалатынын ескерте кеткіміз келеді:

Мәшхүр-Жүсіпте бағып жарытпайтын қойшы бөлініп алынса, М.Дулатовта қасқырдың ешқашан қой бағып она қылмайтыны еске салынып, екі ақында да отарлаушы билеушілер қастандығынан қазақ халқын сақтандыру жүзеге асқан [205, 739-743: 5].

Тілшілер әркез контекстік антонимдер жасауда шеберлік танытып келеді. Өйткені, публицистика айшықты тілімен, шебер образ сомдауымен оқырманды өзіне тартады.

Қирандыдан, үйіндіден тәуелсіз ел құрып, өзгелермен терезесі тең дәрежеге жету – ұлылардың қолынан ғана келетін іс [205, 802-806: 3]. *Қиранды*, *үйінді* сөздерінің антонимі *бүтін* сөзі болса керек-ті. Автор ол сөздерді *тәуелсіз ел* сөзіне қарсы қойып қолданып отыр, бұл сөздер осы мәтіннен тыс жерде антоним бола алмасы анық.

Мен байқаймын, бұл іргелес көршіміз бұрын кішкене абдырап, сасып қалған еді. Қазір саясатын түзеп алып, ішімізге еніп келе жатыр [205, 761-762: 7]. Антонимдік оппозицияға нақты мысал болар бұрын-қазір жұптарынан өзге, бір-біріне қарсы қойылған мына сөйлемдерде *абдырап сасып қалған еді - саясатын түзеп алып, ішімізге еніп келе жатыр* тіркестерін контекстік антонимдік тіркес ретінде бөліп алып отырмыз. Себебі, бұл сөйлемдер бір мәтінде, іргелес кездеспегенде, қарсы ой, карама-қарсы мағына тудырмас еді.

Аға әріптесінің кеңесімен «ДАРН-Н» шаруа қожалығын құрған Аманбай Қалимоллаев та өзін шәкірт тұтады [205, 824-825: 3].

Келтірілген сөйлемде *аға* және *шәкірт* сөздері бір-біріне қарсы полюстердей көрінеді. Дұрысында *аға-іні* немесе *ұстаз-шәкірт* сөздері қарсы мәнде қолданылар еді. Сондықтан да, бұл сөздерді де контекстік антоним қатарына жатқызған жөн.

Өмірлері танығысыз өзгерген тұрғындардың қиын кезеңде тығырықтан шығарып, қамқоршы болып, жол бастаған ел ағасына алғыстары шексіз [205, 824-825: 3].

Осы бір қысқа кезең еліміз үшін қарапайым эволюциялық жолмен дамудың ондаған жылдарына татырлық, өйткені қайта өзгертулер

нәтижесінде жаңа конституциялық және экономикалық құрылыс, мемлекеттік саясат пен Қазақстан дамуының стратегиялық бағыттары пайда болды [205, 761-762: 1].

Сот мәжілісіне процеске қатысудан үшінші рет бас тартқан В.Челахты әкелу қамтамасыз етілді [205, 802-806: 10].

Бір күні өңі егде тартқан, бірақ жүрісі ширақ түр-түсі ақсарыға жақын, орта бойлы бір қария кабинетке кіріп келді [205, 746-751: 7]. Автор карт адам екенін суреттей отыра, жасына қарама-қарсы әрекет ширақ жүрісті жазады.

Алматы қаласында жұмыспен қамтылуға мұқтаж емес адамдарды бюджет қаражаты есебінен жүргізушілер курстарында оқыту сызбасы анықталды [205, 802-806: 6].

Автор бұл сөйлемде кереғар істі жазған, жұмысқа мұқтаж адамдар оқыса, қарапайым ақпарат болар еді. Ақылға сыйымсыз әрекетті сынап жазғандықтан, оксюморонға мысал болады [209]. Оксюморон бір-біріне қарсы қойылмайтын түсінікті қарсы қолданатын айшықтау түрі екені белгілі. Оған публицистикадан келесі мысалдарды да келтіруге болады:

Шоқан нағыз лирик ақындарша көңіл-күйін табиғатпен байланыстырып, қара сөзбен жыр төгіп тұрған жоқ па? [205].

Дискурсты зерттеудің прагматингвистикалық әдісі социолингвистикалық зерттеумен тығыз байланыста. Прагматика бағыты ретінде дискурсты зерттеу тілдің контекстегі қызметін анықтауға бағытталады. Дискурсты прагматикалық тұрғыдан талдау барысында «не айтылды және қалай айтылды» бағытына, яғни қатысымның формалдық және мазмұндық аспектілеріне ерекше көңіл бөлінеді. Бұл әдіс шеңберіне сөйлеу актілері мен әртүрлі сөйлесім әсерлері назарға алынады.

Жоғарыда талданған мысалдар публицистика жанрында да қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер көптеп кездесетіндігін көрсетіп қана қоймай, олардың түрлі тәсілдер арқылы жасалатындығын дәлелдеді.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің публицистикалық жанрда қолданылуы төмендегідей: тілдік антонимдер авторлық хабарламалар мен сипаттауларда жиі кездессе, контекстік антонимдер монологтық және диалогтық сөйленістерде жиірек ұшырасады. Бұл стильде қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер барлық қызметі жүзеге асады. Қарама-қарсылық, салыстыру, біріктіру, бірін-бірі жоққа шығару қызметтері көбірек қолданылады. Публицистикалық стильде контекстік антонимдер жиі қолданылады.

Зерттеушілер публицистикалық стильде ғылыми стиль мен көркем әдебиет тілінің сипаттары бірге келетінін жиі айтады. Бұл публицистикалық стиль осы екі стильдің бірігуі деген сөз емес. Осы стильдің экстралингвистикалық белгісі келесі екі қызметті қатар атқаруы десек те болады: сендіру қызметі және ақпараттық-мазмұндық қызмет.

Тілшілер қиялында шек жоқ, олар антонимдік оппозицияларды, сөз айшықтары стильдік фигураларды шебер қолдана білген. Қарама-қарсы

мағыналы тілдік бірліктер басқа тілдік бірліктер сияқты публицистика жанрының айшықты, тартымды мәтін құрайтын маңызды құралы болып табылады. Себебі, оның бойында қайшылықты көрсету, салыстыру, сенімділік сияқты қасиеттері тілде баяғыдан белгілі. Ал журналистер қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді қажетінше түрлендіріп, құлпыртып жаңа мағына үстеуге, қажет материалдарына айналдыруға шебер. Осындай қарама-қарсы тілдік бірліктердің қасиеттерін жарнама берушілер де тиімді пайдалануға тырысады.

2.2 Жарнама тіліндегі оппозициялардың прагматикалық қызметтері

XX ғасырдың соңында жарнама жеке тұлғалардың бизнес-практикасынан жалпыхалықтық қарым-қатынас құралына айналды. Жарнама – белгілі бір зат пен құбылысты насихаттау мақсатында жарияланған хабарлама. Жарнама (жар+нама; «жар» – жария етті, мәлімдеді, хабар таратты, жарияланды; «нама» – араб, парсы «жазылған хат, шығарылған бәйіт, дастан») – қазақ мәдениетінде кең қолданылған ұғым, дефинициясы айқын термин. Энциклопедиялық, лексикологиялық, мағлұматнамалық, терминологиялық еңбектерде берілген анықтамалардан шығатын қорытынды – «жарнама – спектакль, концерт немесе көрермендерге арналған басқа да мәдени шаралар, спорттық жарыстар, ойын-сауық туралы хабарландарудың бір түрі» [211, 9].

Қазіргі таңда қазақ қоғамының қарым-қатынас кеңістігінде жарнама ұғымының рөлі кеңейді. Жарнаманы баспасөз беттері мен ақпарат құралдарында, интернетте, сондай-ақ, сыртта және көлікте кездестіреміз. Қоғамдық жарнама қызметіне қатысушылар жарнама жасаушылар мен жарнама тұтынушылар деп бөлінеді. Жарнама келесі түрлерге жіктеледі: сауда-саттық, саяси, әлеуметтік және жеке. Басты мақсаты сұраныс қалыптастырып, тауар өткізу болып табылатын сауда-саттық жарнамасы ауқымы жағынан алдыңғы қатарда тұр.

Жарнама жасаушылар тауардың ұтымды жақтарын көрсетуге тырысады. Сол үшін бірдей тауарлардың арасынан айырмашылық тауып көрсетеді [212, 194-195].

Прагматика гректің *pragma* (барыс септік), *pragmatos* (іс-әрекет) деген сөздерінен шыққан. Прагматика тілдегі белгілер қызметін зерттейді. «Прагматика» терминін 1938 жылы Ч.Моррис анықтама беріп ұсынған. Анықтамада семиотиканың бөлімі ретінде қарастырады. Ол семантиканы белгілер мен объектілер қатынасы (семантика), белгі аралық қатынастар (синтаксистика) және сөйлеушілердің белгілерге қатынасы (прагматика) деп бөлген. Лингвистикалық прагматикада сөйлеудегі тілдің қызметі, сөйлеу әрекеті мен тілдік белгі сөз болады. Ч.Моррис мұндай анықтама беруде Дж.Остин, Дж.Серл, З.Вендлердің логика-философиялық сөйлеу актілері туралы, П.Грайстың мағыналардың прагматикалық және Л.Линский, Серл, П.Ф.Строссонның референцияның прагматикалық теорияларын басшылыққа алды [213]. Лингвистикалық прагматикада П.Грайстың теориясы ерекше орын

алады, бұл теорияда қарым-қатынас кезіндегі ой, прагматикалық теориялардың анықтамалары берілген [214].

Прагмалингвистиканың нақты белгіленген шекарасы жоқ, оған сөйлеуші субъект пен адресаттың (тыңдаушының) арақатынасынан туындайтын мәселелер кіреді. Субъектіге байланысты мынадай мәселелер қарастырылады:

- 1) хабардың айтылу мақсаты (жасырын түрде не ашық түрде болады);
- 2) сөйлеу тактикасы мен түрлері;
- 3) әңгіме жүргізу ережелері: бірге қызмет ету жағдайындағы шындықты айту;
- 4) сөйлеушінің ниеті немесе айтылған сөздің прагматикалық маңызы; сөздің жанама мағынасы, тұспалдар;
- 5) сөйлеушінің референциясы, яғни оның ниетіне байланысты болмысты белгілеуі;
- 6) прагматикалық прессуппозициялар: тыңдаушының (адресаттың) жалпы біліміне, хабардар болуына, оның ықыласын, көзқарасы мен пікірін, психологиялық жағдайын, мінез-құлқын, түсіну қабілетін айтушы адамның бағалауы;
- 7) сөйлеушінің айтып тұрған хабарға көзқарасын, хабар маңыздылығын (шындық не өтірік, мысқыл, көп мағыналылығы) бағалау.

Жарнама мәтіні – прагматикаға айқын бағытталған шығарма. Кез-келген жарнама мәтінінің прагматикаға бағытталуы адресатты белгілі әрекетке итермелеуден көрінеді. Ол іс немесе жарнамаланған затқа деген көзқарастың өзгеруі болуы мүмкін. Жарнама мәтінін құру үдерісі тұтынушыға әсер ету мақсатын көздейді. Әсер ету тәсілдерінің бірі лексика-стистикалық және синтаксистік құралдар болып табылады. Тілдік әсер прагмалингвистика ғылымының шеңберінде қарастырылады. Оның басты міндеті – тілдік әсер етуге жету талаптарына сай тілдік құралдарды таңдай білу. Бұл бөлімде бұқаралық қарым-қатынас жүйесіндегі қарсы мәнді тілдік құралдардың тілдік әсері қарастырылады. Жарнама мәтіні прагматикалық қызмет атқара отырып, тауарға сипаттама беріп қана қоймайды, мәтін жіберушінің коммуникативтік ішкі мақсатын жеткізетін қосымша міндет атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, жарнама мәтінін прагматикалық әсер ету әктісі ретінде қарастырған жөн. Жарнаманың келесі бөлігі қойылған сұрақтың жауабы болып табылады. Ол қиын жағдайдан шығу жолын ұсынады. Тыңдарманның ол сұраққа өзіндік әзір жауабы да болуы мүмкін, бірақ жарнама ұсынған жауап қызығырақ, сенімді секілденеді. Сондықтан, сұрақ-жауап құрылымы аудиторияға күшті психологиялық әсер ету арқылы мақсатына жетеді. Мұндай жарнамада жиі кездесетін көрініс – белгілі бір қиындық және жарнама ұсынысындағы тауар арқылы шешілген қиындықсыз жай, яғни қарама-қарсы күй.

Жарнама мәтіні құрылымын тартымды құру үшін экспрессивті синтаксистің алар орны ерекше. Экспрессивті синтаксисте стильдік фигуралар жатады. Осы арада парцелляция, сегменттік құрылымдар, қайталамалар, риторикалық сұрақтар, параллелизм, эллипсис, кідіріс сияқты стильдік фигураларды атап өткен жөн. Аталған фигуралар симметриялық

құрылымдарда көрініс табады. Симметрия ақпараттың бірыңғай үлгідегі бірнеше бөліктен тұруынан көрінеді. Сөздердің не белгілердің саны жағынан симметриялық бөліктер тең болады. Симметриялық құрылым сөйлемге ырғақ беріп, оқуды жеңілдетеді және адамның есінде сақтауына ыңғайлы болып келеді. Симметриялық құрылымның екі жағында да бірдей, ұқсас сөздер немесе қарама-қарсы мәнді сөздер кездесуі заңды құбылыс.

Жарнаманың басты қызметі – тұтынушыға әсер ету, жалпыхалықтық қарым-қатынастың түрі жарнама прагматикасында заттық-логикалық мағыналы ғана емес, эмоционалдық әсер етуші, экспрессивті қасиеті бар лексикалық бірліктерді тандай білу маңызды.

Жарнама мәтіндерінің прагматикалық қызмет атқаруында эмоционалды-экспрессивті сөздердің орны ерекше. Белгілі бір ойды немесе ұғымды түрлі мақсат-мүддеге қарай неше саққа жүгіртуге болады. Әрбір ой сөздік құрамдағы таңдап-талғап алған сөздер арқылы көрінеді. Сөздер ешқандай бояусыз табиғи күйінде алынса, ой да нақтылы дәл құрылады. Тілдегі сөздердің де табиғаты әрқалай. Сөздердің бір түрі белгілі бір зат, құбылыс не қимылды жай атаса, екінші бір сөздер сондай қызметінің үстіне өз бойында сан алуан стильдік мәні де болады. Сөйтіп адамның сезіміне де әсер етіп, еркін билейді. Осындай сезімге түрлі-түрлі әсер ететін сөздердің тобын эмоционалды-экспрессивті сөздер деп атаймыз. Негізгі заттық мағынасынан ажыраса болғаны сөзге әр түрлі стильдік мән жамалып, сезімге әсер етеді. Тілдегі экспрессивтік мағына тек лексикалық сөз қорында ғана емес, фонетикалық жолмен дауыс ырғағы арқылы, паузамен де жасалады. Тіл даму мен күрестің құралы болғандықтан, ол жалпыға түсінікті болып қана қоймай, әсерлі де тартымды болуы керек. Бұл салада эмоционалды-экспрессивті сөздердің тілдегі атқаратын мәнді қызметі айрықша көзге түседі.

Жарнама мәтіндерінің зерттеушісі Ғ.Солтанбекова мәтін, мәтін лингвистикасы проблемасына қатысты әлі зерттелмеген мәселелердің бар екендігін айта отырып, зерттеуге байланысты үлкен көлемді және шағын көлемді мәтіндердің болатындығын, жарнама мәтіндері шағын көлемді мәтін қатарына жататындығын анықтады, өйткені оның мынадай ерекшеліктері бар:

- көлемі шағын- бір жолдан 10-15 жолға дейін;
- тілдік құрылымдары ықшам және қысқа;
- синтаксистік құрылымы жағынан – жай сөйлемдердің басымдығы [211].

Жарнаманың коммуникативті-прагматикалық құрылымының мынадай элементтерін көрсетуге болады:

- адресант (жолдаушы, жарнама беруші адам)
- адресат (қабылдаушы, жарнама тұтынушы адам)
- прессупозиция (хабардың шынайылығын білдіретін бөлігі)
- хабарламаның мақсаты
- сөйлеу контекстісі.

Тілдік әсер ету лексика-стистикалық және синтаксистік құралдар арқылы жүзеге асады. Әсер ету стратегиясы дегеніміз – рационалистік және жобалық жарнама стратегиялары. Рационалистік стратегиясы рецепиенттің

ақыл-ойына байланысты, олар тауарды оның сапасы туралы ақпарат беру арқылы сатады. Жобалық стратегияның басты мақсаты тұтынушыға эмоциялық әсер ету, тауар туралы жағымды әсер қалдыру болмақ. Жарнамаланған тұтынушыға қажет екенін ұғындыру үшін стильдік фигуралар өнімсіз ықыласты өнімдіге айналдырады.

Рационалистік стратегияны жүзеге асыру барысында синтаксистік амалдар да қолданылады. Жарнамашылардың жиі қолданатын әдісі мәселе туғызып, одан шығу жолын көрсету болып табылады. Бұл – қиын нәрселерді жеңілдетіп түсіндіруде таптырмайтын әдіс. Психологиялық тұрғыдан алғанда, екі бөліктен, мәселе мен оның шешімінен тұратын ақпаратты қабылдау жеңіл. Тілдік көзқарас бойынша да бір сөйлемнің орнына екі сөйлем қолдану қабылдау қиындығын жояды. Ол сұрақ-жауап түрінде де болуы мүмкін.

Рационалистік стратегиядан жобалық стратегияның ерекшелігі эмоцияға бағытталғандығында. Бұл арада жарнама жасаушылар сатып алушыға эмоциялық әсер ету, өзіне жақын тарту мақсатын көздейді. Мұндай жарнама мәтіні жоғары экспрессивтігімен, айқын композициялық құрылымымен ерекшеленеді. Сатып алушыны өзіне жақын тарту амалдары төмендегіше:

Қолпаштау:

Жүрудің не қажеті бар, сен ұша аласың ғой.

Сатып алушының «Мен» аймағына ену үшін жарнамашылар қарым-қатынас амалын қолданады. Менікі сөзі құндылық ұғымына қатысты айтылады. Ол бірінші және екінші жақта келуі мүмкін. Эмоциялық қызығушылық тудыру үшін метафора, гипербола, кейіптеу сияқты стильдік амалдар қолданылады. Кейде жарнама мәтінінде аяқталмаған не бастапқы бөлігі жоқ сөйлемдер кездеседі.

Егер мұндай құрылымға ырғақ қосылса, жарнама тартымдырақ болады және есте тез сақталады:

Үлкен адамдарға арналған кішкентай компьютерлер.

Жобалық жарнама мәтіндерін қарастыру барысында тұтынушыға эмоциялық әсер етудің ең тиімді құралдарының бірі – тілдік ойындар. Жарнама шығармашылығында қолданылатын сөз ойнату жарнама ақпаратының тұтынушы жанына жақындасуы мен жарнамаланған тауарды сатып алуға деген қызығушылығын арттыруда көмегі зор.

Сөз мағынасын қалай бағаласа да қате болмайды. Қоршаған ортадағы бүкіл заттар, әрекеттер мен құбылыстардың барлығы сөз арқылы беріледі, тіпті сөзсіз қатысым әрекетін де елестету мүмкін емес.

Әрбір сөйлесім туындысы сөйлесім әрекетінен тыс жағдаятты бере алады. Жарнама мәтіні жарнамаланатын зат атауынан, оның сапасы мен қасиетін білдіретін сөздерден тұрады анық. Жарнамалық әсер мақсаты мен міндеттеріне сай тілдік құралдарды ұтымды таңдау жарнама қызметіне тікелей әсер етеді. Жарнама хабарламаларының лексикасының негізгі қабатын барлық жұмсалымдық стильдер мәтіндерінде қолданылатын жалпы мәдени тіл бірліктері қолданылады. Содан кейін жарнама лексикасын әдетте жарнамада қолданылмайтын, бірақ ерекше жарнамалық аргумент бола алатын жалпы

әдеби тіл бірліктері құрайды. Бұл сөздік қорды белгілі бір ғылым не қызмет саласында қолданылатын арнайы терминдер толықтырады. Жарнамашылардың жарнамаға үлкен сенімділік орнатуға деген ұмтылысы белгілі ғылыми саланың ғана емес, жалпы ғылыми терминдерді қолдануға мәжбүрлейді.

Қазіргі қазақ жарнамалары таралу жолдарына, қамтитын тақырыптарына, түрлеріне қарай әр түрге бөлінеді:

- сыртқы жарнама (маңдайшалар, жарнамалық қалқандар, панно, плакаттар);

- теледидар және радио жарнамасы (жарнама роликтері, жарнамалық телерепортаждар, теледидардағы жарнамалық қатарлар, радио хабарландырулар, радио роликтер);

- парақша жарнама (каталогтар, буклеттер, жапсырмалар, шағын жарнама парақтар, шақыру билеттері, баға көрсеткіштері);

- газет жарнамасы (газет-журналдарда жарияланған жарнама мәтіндері) [211, 11].

Жарнама жариялану форматына қарай:

- газет жарнамасы (мәтін мен сурет көпшілік жағдайда ақ-қара түспен беріледі);

- журнал жарнамасы (мәтін мен сурет әдетте түрлі- түсті беріледі);

- сыртқы жарнама (мәтін мен сурет түрлі- түсті);

- радиожарнама (ақпарат тек дыбыстық құралдар арқылы беріледі);

- теледидар жарнамасы (мәтіннің оқылуы, түрлі-түсті қозғалыстағы сурет, тұтынушының сөзі);

- интернет-жарнама (мәтіннің оқылуы, түрлі- түсті қозғалыстағы сурет, тұтынушының сөзі).

Жарнама төрт негізгі бөліктен тұрады:

- 1) ұран;

- 2) тақырып;

- 3) негізгі мәтін;

- 4) эхо-фраза [215].

Бұл құрылымның әрбір жарнама мәтінінде келуі міндетті емес. Бөліктердің болу-болмауы жарнамалатын тауар түрі мен жарнамалаушы компанияның мақсатына байланысты.

Ұран – қысқа мәтін бірлігі. Оның мақсаты идеяның ассоциялық байланысын көрсету болып табылады. Жақсы ұран компанияның атын шығарып, оның ерекшелігін айқындайды. Оның маңызды шешендік сипаты – қысқалығы, ырғақтығы, қарама-қайшылығы, тілдік ойын мен жасырын диалог әсері. Жақсы ұран жасау зор шеберлікті, интуиция мен шығармашылық жетілуді талап етеді. Ұранда берілетін ақпарат тұтынушы үшін маңызды болуы, фирма ерекшелігін көрсетуі шарт.

Ұранға қойылатын талаптар да жоқ емес: ол сәтті шығу үшін жеті сөзден аспауы, ырғақтық ұйымдасуы тиіс. Фонетикалық тұрғыдан алғанда, дыбыстық қайталамаға құрылған ұрандар да сәттілер қатарында.

Ұран жасаудың маңызды риторикалық тәсілі қарама-қайшылық болып табылады. Қазіргі жарнама стратегияларының көпшілігінде контраст идеясы негіз болып алынуы тегін емес. Өйткені, жарнама сатылымның ерекше ұсынысы мен алдыңғы қатарда екенін көрсетуді көздейді. Жарнамада қарама-қарсылық ақпараттық негізде де, риторикалық жолмен де, анық күйінде де берілуі мүмкін. Қалай болғанда да, мұндай фразалардың әсері шексіз болмақ:

Fairy. Қиын дақтарды оңай жеңеді.

Тақырып ең басты қатысымдық бөлік екені сөзсіз. Оның негізгі қызметі көңіл аударту, қызығушылық тудыру, тұтынушыны анықтау, тауарды не қызметті ұсыну болып келеді. Көпшілік тақырыпты оқыған соң, негізгі мәтінді оқымай-ақ жарнаманы түсінеді.

Ал негізі мәтін болса, тақырыпта айтқанның дұрыстығын дәлелдейді. Оның мақсаты тақырып пен көрнекіліктерді түсіндіру, мәнін ашып көрсету болса керек. Ол коммуникативтік стратегияда жүзеге асады. Коммуникативтік үлгілердің келесідей оппозициялық бағыттағы түрлері бар: салыстырмалы жарнама (бір заттың қасиетін келесі заттың қасиетімен салыстыру арқылы көрсету), драмаланған жарнама (қиындық туғызып, оны шешу), жұмбақ-жарнама (негізгі жарнама мәтіні сұрақтан басталады).

Эхо-фраза жарнаманың маңызды бөлігі болып табылады, ол тақырып сияқты міндетті элементтің бірі болып келеді. Оның қызметі – жарнама мәтініндегі негізгі ойды қайталау не жарнаманы аяқтау.

Мысалға Кометтің жарнамасын алсақ, тақырыбы: «Жаңалық. Дәретханаға арналған Комет. 7 күнге дейін тазалық. Мүмкін емес. Сарапшылардан сұрап көрейік».

«Басқалар кетіре алмайтынды кетіреді» – ұран.

Негізгі мәтін Кометтің қасиеттерін сипаттауға арналады да, эхо-фразада «Енді сен менімен бірге тұрасың» деп аяқтайды.

Динамикалық синтаксиске стильдік фигуралар жатады. Стильдік фигуралар дегеніміз сөйленісті көркемдеу үшін қолданылатын синтаксистік құрылымдар мен сөз айшықтары болып табылады. Жарнамада олар негізгі ойды, жарнамалық уәж бен бейнені, жарнама объектісін айқындау үшін қолданылады. Жарнама әрекеттер тізбегі мынадай: көңіл аударту, қызығушылық тудыру, тауар алуға құлшынысын ояту, сатып алуға не қызметті пайдалануға шешім шығарту. Тұтынушы жарнаманы селқос қабылдайды, өйткені тап сол нәрсені алу туралы мақсат көзделмеген. Сондықтан да ол оның жадынан тез өшеді. Жарнамаға көңіл аударту, өнімсіз ықыласты өнімдіге айналдыру үшін объект тұтынушыға қажет екенін оған эмоционалдық тұрғыдан әсер ету арқылы ұғындырады. Осы стильдік фигуралар өнімсіз ықыласты өнімдіге айналдыру мүмкіндігіне ие. Жарнамадағы негізгі стильдік фигуралар осындай: парцеллир тәсілі, сегменттік құрылым, сұрақ-жауап құрылымы, гипербола, градация, анафора, эпифора, параллелизм, антитеза, риторикалық сұрақ, толық емес сөйлем, болымсыздық құрылымдары және т.б.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді қолдану арқылы жасалған жарнама түрлері: салыстырмалы жарнама (бір заттың қасиетін келесі заттың

қасиетімен салыстыру арқылы көрсету), драмаланған жарнама (қиындық туғызып, оны шешу), жұмбақ-жарнама (негізгі жарнама мәтіні сұрақтан басталады).

Зиянды әдеттер туралы пайдалы кеңестер.

Жоғарыда келтірілген мәтінде екі заттың қасиеттері салыстырылып, салыстырмалы жарнама жасалып тұрса, келесі жарнамада шаштың керантині жоғалғандығы арқылы қиындық туғызылып, оны шампуньды пайдалана отырып, шешуге болатынын айтады, яғни мәселенің шешімін ұсынады. Бұл драмаланған жарнамаға айқын мысал:

Керантиннің жоғалуын қалпына келтіреді.

Келтірілген мысалдарда қарама-қарсы ой берілгендіктен, *зиянды – пайдалы, жоғалу – қалпына келтіру* қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктері алғашқысы антитеза, соңғысы антиметабола ретінде стилистикалық қызметтер атқарып отыр.

Стилистиканы жалпы мағынасында алғанда автордың айтпақ ойын тез және дәл жеткізе білу туралы ғылым деп түсінеміз. Жарнамаға қатысты алатын болсақ, психологиялық стилистика туралы айту керек. Ол мәтіннің негізгі элементтері мен оны пайдаланушылардың қабылдауына негізделеді. Сайып келгенде, маңыздысы мәтіннің қалай құрастырылғаны емес, оның әсері, ықпалы. Оның ішінде, пайдаланушылар байқай бермейтін тәрбиелік мән-маңызы да бар.

Жарнамалық хабарламалардың мәтініне қойылатын талаптар бар. Оның біріншісі – логикалық және эмоциялық компоненттерінің біртұтас болып бірігуі. Ақпарат беру арқылы өз қызметі туралы мәлімет беріп қана қоймай, тәжірибелі жарнамашы мәтінді пайдаланушылардың сезіміне қызығу, таң қалушылық туғызу үшін жазады. Логикалық және көңіл-күй элементтерінің қатар кездесуі жарнама мәтініне нақтылық пен бейнелілік береді. Нақтылық болу үшін мәтінде заттың негізгі басты қасиеттерін қадап көрсету, сәйкес түйінді сөздерді таба білу керек. Контрастқа негізделген стильдік фигуралар қарама-қарсы ұғымдарды салыстыру, ол жарнамада жарнама мәтінін айшықтау, тұтынушылардың есінде тез жатталу үшін қолданылады.


Оның бірі – ұғымдар мен образдарды бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы ерекшеленетін антитеза. Антитеза – жарнамаланушы тауардың артықшылығын көрсетуде таптырмас амал:

Кішкентай шоколадтың үлкен мүмкіндігі (шоколад).

Сонымен қатар бұл сөйлем антонимдік оппозицияға да мысал бола алады. Жоғарыдағы жарнамада аралық мүше орташадан екі шеткі мүше бірдей қашықтықта орналасып, симметриялы градуалды оппозиция болып тұрса, келесі жарнама мәтінінде кездесетін шеткі мүшелер шексіз бен кішкентай аралық мүшеден әр түрлі қашықтықта орналасып, асимметриялы градуалды оппозиция болады:

Шексіз ләззаттың кішкентай бөлшегі (Dave шоколады)

Жарнаманың мәтінінде кездескен екі ұранда кездескен оппозицияларды келесі шкалада көрсеткен жөн:



Бұл градуалды оппозиция түріне келесі жарнамадағы антитеза да мысал бола алады:

Шағын бизнес әлеміне ашылған үлкен терезе.

Өйткені, *шағын* сөзі жоғарыда келтірілген даму шкаласында ортаңғы мүше мен *кішкентай* сөзінің ортасына орналасып, қарама-қарсы мағынадағы *үлкен* сөзімен симметрия сақталмас еді.

Антитезаға мысал болатын келесі сөйлемде кездесетін *қымбат-арзан* жұбы симметриялы градуалды оппозиция:

Жер - қымбат, су – арзан (Теле 2).

Ал келесі жарнамадағы симметриялы градуалды оппозиция *ақ – қара* жұбы жарнамада антитеза болып тұр, сөздерді қайталап ойнату арқылы тұтынушыға әсер ету көзделген:

Ақтың түсі – ақ, қараның түсі – қара (Рексона).

Ұйқасқа құрылған жарнама да ұтымды болмақ:

Банкіде ақша сақтау – бұл құр іс, Нұрбанкте сақта – сол дұрыс (Нұрбанк).

Құр іс пен *дұрыс* сөздері антитеза тәсілімен жасалған привативті оппозицияға мысал болса, *банкі* мен *Нұрбанк* сөздері тұтынушыға әсер ету үшін бір-біріне қарсы қойылып, контекстік антоним болып тұр.

Тынышталса бала, қуанады ана. Бұл жарнама ұранында эквиполентті антонимдік оппозиция қолданылып тұр. Антитеза әдісімен жасалған қарама-қарсылық ырғаққа құрылған. Сонысымен тұтынушы құлағына жағымды.

Келесі эквиполентті оппозиция мүшелері де амфитеза тәсілімен жасалып, жарнамаға үнемі, жыл бойы мәнін беріп тұр:

Қысы-жазы кондиционердің көмегіне жүгін.

Төмендегі жарнамадағы *оң-терісі* жұбы да амфитеза тәсілімен жасалған, ол привативті оппозицияға мысал болады:

Палуанға оң-терісі бірдей.

Қарама-қарсы тілдік бірліктер жарнама мәтінін көркемдеуде ерекше орын алады. Өйткені, жарнама мақсаты тауар өткізу болса, онда өз тауарын басқа тауармен салыстыру, тауар алғанға дейінгі күй мен кейінгі күйді шендестіру жиі орын алады:

Бүгінгі ARZU ертеңгі денсаулық кепілі.

Антитеза тәсілімен жасалған *бүгінгі - ертеңгі* жұбы привативті оппозицияға мысал болады.

Келесі жарнама мәтінінде кездесетін *кірісің* сөзіне шығының деген мәнде қолданылып отырылған *әр ісің* тіркесі қарсы қолданылып, контекстік антоним қызметін атқарады:

Еселеп артар кірісің, үнемді болса әр ісің

Жарнаманың прагматикалық қызметін атқаруда вербалды емес құралдардың да алар орны ерекше. Вербалды емес құралдар (сурет, мимика, жест, саз-әуен, түрлі-түсті бояу, белгілі көрнекті адамдардың бейнесі) ұлттық мәдениетке тығыз байланысты. Қазақ жарнамаларының вербалды емес құралдары ұлттық мәдениетке сай келгенде, яғни оларда ұлттық мәдениет белгілері сақталғанда ғана жоғары дәрежедегі прагматикалық функцияны атқара алады.

Әрбір жарнама – тілдік құралдар арқылы логикалық ой тиянақталатын нысан. Жарнаманың мәтін ретіндегі өзіндік ерекшеліктері:

- ақпарат беру және ықпал ету қызметі үшін тілдік құралдарды мақсатты түрде пайдалану;

- қарым-қатынас жасаудағы өзіндік ерекшеліктер;

- әлеуметтік мазмұндағы қызметтер.

Қазақ жарнамаларының ықпал ету және ақпарат беру қызметтерінде тілдік құралдар, соның ішінде қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер маңызды рөл атқарады.

Десек те, көркем шығармада қарама-қарсы тілдік бірліктер жарнама мәтініне қарағанда өнімді қолданылады.

2.3 Көркем шығармалардағы қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметі

Көркем мәтінді талдаудың негізгі бағыттары Р.Сыздық пен Б.Шалабай еңбектерінде сараланып көрсетілген. Ғалымдар тілдік талдаудың негізгі өзегі деп шығарманың сөздік құрамын таниды [216, 157].

Б.Шалабайдың пайымдауынша, көркем әдебиет тілін зерттеудің қырларының санатына көркем шығарманың тілі мен оның идеялық-бейнелі мазмұны, көркем шығарма тілін ұйымдастырушы тілдік бірліктер, көркем шығармадағы автор бейнесі т.б. енеді. Ол шығарма тілін үш қырынан қарастыруға болатынын айтады:

- а) таза тілдік қырынан;

- ә) стилистикалық қырынан;

- б) көркем-эстетикалық қырынан. [217].

Шығармадағы көркемдегіш құралдарға жүргізілген стилистикалық талдау көркем туындыда пайдаланылған бейнелі тәсілдерді зерттеуді қажет етеді.

Автор бейнесі дегенде өзара байланысты екі ұғымды түсініледі:

- 1) шығарманың субъектісі, яғни шығарманың белгілі бір көркемдік-идеялық көзқарастарымен ұласқан, өзіндік көркемдік әлемін туғызушы субъект;

- 2) көркем шығарманың ұйымдастырушылық орталығы болып табылатын тілдік құрылым [218, 48].

«Қызмет» термині тілді зерттеген әдебиеттерде 1) тілдік бірліктердің сөйлесім әрекетіндегі рөлі 2) белгілі бір құралдар немесе құралдар жиынтығының қолданылу мақсаты ретінде беріледі.

Стилистикалық қызметке жоғарыда аталған қызметтердің барлығы жатады, өйткені стилистика басқа тілдік пәндер сипаттарын пайдаланады.

Алайда, ол тілдік бірліктерді басқа қырынан, яғни көркем шығармадағы көркемдеуіш әлеуеті тұрғысынан қарастырады. Сондықтан да әрбір мәтінде бірнеше стилистикалық қызмет атқарылуы мүмкін, олардың ішінде эстетикалық қызмет көркем сөйленістің орталық, басты қызметі болып табылады.

Стилистикалық қызмет мәселесі әрбір мәтін талдау жұмысында көтерілгенімен, И.В.Арнольдтың айтуынша, стилистикалық қызметтің дайын теориясы әзірге жоқ [193, 48]. Жұмыстың бұл бөлімінде контрастың көркем прозадағы стилистикалық қызметін қарастыру барысында стилистикада декодтау деп аталатын стилистикалық қызмет пен оның сипаттамасы теориясы басшылыққа алынады. Стилистикалық қызмет мәтіннің заттық-логикалық мазмұнымен қатар, ондағы экспрессивті, эмоциональды, бағалауыштық және эстетикалық ақпаратты беруді қамтамасыз ететін, мәтіндегі тілдік құралдардың өзара әсерінің көркемдеуіш әлеуеті болып табылады [219, 47].

Антонимияның тілдік құбылыс ретіндегі стилистикалық қызметі де, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық амалы да контраст деп аталады, өйткені антоним сөздерді қатар қолдану контрасты стилистикалық мақсатта қолдану болып табылады [220].

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі кешенді тәсілмен, статустық сипаты тұрғысынан қарастырылуы қажет.

Контраст қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі ретінде барлық контраст жасаушы құралдардың жиынтық стилистикалық әлеуетін қосатын эстетикалық қызмет түрлерін атқарады. Оның өзіндік ерекшелігі бар. Ол ерекшеліктердің кешенді сипаты қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің интегративті қызметтерін анықтауға мүмкіндік береді.

Интегративтілік аккумуляция:

- 1) әсер ету эффекті;
- 2) автордың ақпараттық-бағалауыштық тәсілі;
- 3) мәтіндегі құрылымдық байланыстар;
- 4) жалпы эстетикалық әлеует.

Бұл әдіс контекстегі қарама-қарсы байланыстарды анықтайтын құралдардың түрлі лингвистикалық (мағыналық және құрылымдық) және стилистикалық қызметтерін бөліп қарастыруға кедергі келтірмейді, тек оларға аралық сипат береді.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің интегративті қызметі контекстегі қарама-қарсылық мағынаны беру үшін көркемдеуіш және бейнелеуіш құралдардың тілдік және стилистикалық әлеуеттерінен тұратын жиынтық мағыналық әлеуеттердің бірлігі десек те болады. Оның қарастыратын материалы көркем мәтін құрылымындағы жүйелік тілдік элементтер екені сөзсіз. Бұл берілген түсініктер В.А.Кухаренконың кез-келген тілдік элементтің кез-келген тілдік дәрежеде контекстік актуалдануы туралы, яғни ол тек контексте ғана стилистикалық қызмет атқара алады деген заңдылығына сәйкес келеді [220, 5].

Контекстерді талдау интегративті стилистикалық қызметтің контекстік қозғалыс арқылы жүзеге асатынын [219], оның жеке стилистикалық тәсіл еместігін көрсетті. Стилистикалық тәсіл бір ғана дәрежеде орындалады. Қозғалыс (контраст, конвергенция және т.б.) түрлі дәрежелердің өзара әсерімен жүзеге асатын жоғары (интегративті) дәреже болып табылады.

Интегративті қызмет заттық-логикалық ақпараттар мен екінші қатардағы ақпараттарды (эстетикалық, образдық, бағалауыштық) ретімен ой елегінен өткізуді қамтамасыз етеді.

Интегративті қызмет байланыс құралдары арқылы жүзеге асуы, сонымен қатар мәтіндегі синтагматика мен прагматиканы байланыстыруға алып келетін ассоциативті қатынасқа құрылуы мүмкін.

Контраст ұстанымы жақын қашықтықта (контактілі байланыс) ғана емес, алыс қашықтықта (қашықтық байланыс) қолданылғанда интеграция айқын көрінеді. Сәйкесінше, контрастық контекстің шеткері аймағы аяқталған мәтін дәрежесіне дейін кеңейгенде қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің интегративті қызметінің рөлі де арта түседі.

Оның интегративті қызметі мәтін мазмұнының мағына жағынан біріктіру қызметін атқарады. Мұндағы негізгі мағыналық өзек кейіпкерлердің бір-біріне мүлдем ұқсамауы болуы мүмкін. Бұл мазмұнды ақпарат жоғарыда аталған байланыстырушы құралдар, соның ішінде контрастық ассоциация арқылы беріледі. Декодтау стилистикасында стиль екінші қатарлы ақпарат болып танылатындықтан, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің интегративті стилистикалық қызметін жүзеге асыру барысында сәйкес тілдік бірліктердің эмоционалдық, экспрессивтік және бағалауыштық коннотациялары үлкен рөл атқарады.

Сонымен, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің интегративті стилистикалық қызметі романның толық макроконтексі көлемінде де жүзеге асуы мүмкін. Сондай-ақ, ол мәтіннің кіші құрылымдық элементі стилистикалық контекст көлемінде де орындалады.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің интегративті қызметі негізгі қызмет деп танылып, оның ерекшеліктері мен құрамы анықталды:

И.В.Арнольдтың пікірінше, стилистикалық қызметтің келесі түрлері бар: аккумуляция – белгілі бір мотивтің бірнеше құралдармен паралельді берілуі; сөздер мен формалардың импликационалы коннотация мен ассоциацияға сүйену мүмкіндігі; қабілеттілік және иррадация [219, 50]. Бұл ерекшеліктер жеке тұрып та, кешенді түрде де контраст контекстін сипаттайды.

Контраст эффектісі сапалық ұқсастық пен қызметтердің бірлігіне байланысты қарама-қайшылық ұстанымына құрылған түрлі тілдік құралдар мен сөйлесім фигуралары (антитеза, оксюморон, парадокс) тобын тарту (аккумуляция) арқылы жасалынады.

Контраст тек антоним сөздердің денотативтік мағынасы мен лексика-грамматикалық қарама-қарсылықтар дәрежесінде ғана емес, коннотативтік лексикалық мағына мен түрлі ассоциация түрлері дәрежесінде де жүзеге асады.

Контексті контрастық ұйымдастыру көркемдеуіш бірліктер антонимдер, грамматикалық қарсылық, қарсылықты синтаксистік құрылымдар арқылы жасалынып, контраст контекстінің келесі бөлігіне таралап, контексте кездесетін контраст жасауға қабілетті бірліктерді анықтайды.

Контекстегі контраст құбылысы лексикалық, морфологиялық және стилистикалық оппозицияларды топпен емес, айқын көрінген оппозицияны жеке алып қарастырады. Нақты контекстегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктің мағыналық әлеуетінен семантикалық интеграциясынан алынған заттық-логикалық ақпараттар жинақталады. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің интегративтік қызметінің ақпараттық-бағалауыштық құрылымы осылайша анықталады. Мағына интеграциясы синтагматикалық қатарда ғана емес, мәтіннің парадигмалық қатарда (тақырыптық және ассоциативтік) да орындалады.

Заттық-логикалық ақпаратты толық алу үшін мәтінді қалыптастыратын барлық байланыстарды анықтау маңызды болмақ. Ол үшін мәтіндегі қарама-қарсы мағына жасаушы тілдік бірліктердің өзара әсері, шарттары анықталуы тиіс, олардың өзара әсері синтагматикада да, прагматикада да қарастырылады. Антонимдік, конверсивті бірліктердің көлденең қатардағы басқа да контрастық байланыстары мәтіннің тақырыптық және ассоциативтік қатарында синонимдік сияқты көрінеді. Контрастық контекстегі бірліктердің байланыстары мен өзара әсері интегративтік қызметтің құрылымдық-мәтіндік құрамын анықтайды.

Контекст зерттеушіге өзара әсер етуші тілдік бірліктердің эстетикалық әсерін анықтауға, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық ерекшеліктеріне қатысты қосымша мәліметтер алуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, олардың коннотациясын (эмоционалдық, бағалауыштық), образдық ұйымдастырылуын, троп пен фигураларды (эпитет, образдық салыстырулар, метафора, антитеза, оксюморон, параллельдік құрылымдар және т.б.) анықтауға болады. Бұл үдеріс интегративтік қызметтің эстетикалық бөлігі арқылы жүзеге асады. Сонымен, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің интегративтік қызметі келесі үш компоненттің ажырамас бірлігінен тұрады: заттық-логикалық, құрылымдық-мәтіндік, эстетикалық. Осылардың барлығы бірігіп, оқырманға контрастық әсер тудырады.

Интегративтік қызметтің құрылымдық-мәтіндік құрылымы контекстегі бірліктердің байланыстары мен өзара әсерлерін анықтап қана қоймайды, контекстің контрастқа қабілетті бірліктерін композиция құруға қатысуына септігін тигізеді. Ол контрастық сипаттау және контрастық суреттеу қызметтерін қосады, олардың контекст құрудағы, уақыт пен кеңістік болашағын құрудағы рөлін айқындайды.

Контрастық сипаттау және контрастық суреттеу қызметтері суреттеу, хабарлау, пайымдау, авторлық пайымдау құрылымдық-сөйлесімдік формалардың бірінде тұратын контрастың стилистикалық контекстінде жүзеге асады.

Контраст контекстінде контрастық сипаттау және контрастық суреттеу қызметтерін жүзеге асыру барысында тілдік бірліктердің барлық түрлері

катысады. Контрастық суреттеу (хабарлама, пайымдау) бір референтке қатысты болып, оның сыртқы келбетіндегі, мінез-құлығындағы, істеріндегі қарама-қайшылықтарды сипаттауы мүмкін. Сол сияқты ол шынайы өмірдегі екі референтке қатысты болуы, оларды контрасты суреттеп, оларға эмоциональдық баға беруі де мүмкін.

Мазмұндау формасындағы құрылымдық-мәтіндік қызметтер мәтінұйымдастырушылық және мәтінбезендірушілік қызметтермен паралелді атқарылады. Өйткені, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің бірқатары суреттеу мен хабарлаудың уақыт пен кеңістік өлшемдерін анықтау қабілетіне ие. Тектік-түрлік корреляттар мәтіндегі құрылымдық-мәтіндік байланыстарды жүзеге асырып, мәтіннің кейбір тұстарын жақындатады не алшақтатады. Мәтін рәсімдеу қызметін контрастивтердің белгілі топтарымен қатар, параллельдік құрылымдар да атқарады. Олар қайталамалар мен синтаксистік байланыс түрлерін жасайды.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің эстетикалық интегративті қызметі контраст жасауға қабілетті лексиканың экспресивті-эмоционалды мағына бере алуын бейнелейді. Ол бұл сөздердің негізгі мағынасы ретінде танылып жүр. Интегративті қызметтің эстетикалық мақсаты қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің (экспресивті, эмоционалды-бағалауыштық, сипаттамалық экспрессивті қызметтер) жиынтық стилистикалық әлеует аккумуляциясы мен стилистикалық рәсімделген кешендерден тұрады. Олар антонимдер мен энантионимдерді, стилистикалық фигураларды, сөз тіркесі шеңберіндегі антонимдер комбинациясы оксюморонды жасайды. Бұл фигуралардың стилистикалық нәтижесі берілген нәрсенің қарама-қайшы табиғатын образды сипатталуынан көрінеді. Сәйкесінше, стилистикалық фигуралар мен троптардың стилистикалық қызметтері келесідей: контрастық күшейткіш, эмоционалды-бағалауыштық, экспрессивті-сипаттамалық.

Контраст контекст құрылымына байланысты көптеген стилистикалық қызметтер атқарады. Мысалы, антонимдік оппозиция сөз мағынасын кеңейту, дизъюнкция, қарама-қарсы бастаулардың алшақтатылуы сияқты тілдік қызметтер атқарса, контраст күтпеген әсер жасау сияқты стилистикалық қызметтер атқарады.

Контраст табиғаты шынайы өмірдегі қарама-қайшылықтар мен конфликтілерді беру тәсілі ретінде адами қабылдау заңдылықтарының ерекше көрінісі болып табылады. Оның негізгі стилистикалық қызметі – контрастық әсер қызметі. Шынайы өмірдегі заттар мен жағдайларды суреткер олардың айырмашылығы мен контрасты айырықша көрсету, мәтінді қабылдаушы оқырманға әсер ету үшін салыстырып бейнелейді.

Автор берген ақпарат пен сол ақпаратты автор мен оқырманның субъективті бағалауына байланысты ақпараттық-бағалауыштық кешені жүзеге асады.

Ал контраст мәтін ұйымдастыру тәсілдерінің бірі ретінде мәтінұйымдастырушылық қызметтер тобын атқарады. Ол мәтіннің композиция

мен сюжет, олардың құрылымдық бірлігін ұйымдастыру, ондағы түрлі байланыс дәрежесінде көрінеді.

Көркем мәтін ерекшелігі, оның образдық сипаты, көркем бейнелілігі контрастың эстетикалық статусынан көрінеді.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер мәтін ұйымдастыру қызметін ежелгі мифтертерден бастайды. Қарама-қарсылық халық ауыз әдебиеті үлгілерінде де сюжет ұйымдастыру, құрылымдық, стилистикалық қызмет атқарғанын жоққа шығара алмаймыз. Контраст – әр заман мен әр халықтың көркем әдебиетінде сипат алатын, ақындары мен жазушыларының өзіндік стилін құруда жүгінетін ұстанымы.

Г.В.Андрееваның пікірінше, көркем мәтінде кездесетін қарам-қарсылықтардың көптігі тілдік және стильдік оппозициялардың өзара әсерлігіне негізделеді [143, 11]. Стильдік қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер жүйелік қарама-қарсылық пен мүшелері белгілі бір контексте ғана қарама-қарсы қойылатын контекстік оппозицияларды құрайды. Екеуі бір-бірімен байланысты екені сөзсіз, өйткені антонимдік оппозициялар контекстік қатынастар кешені мен автордың субъективті бағасы, басқа да факторларға жүгінеді. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі контрастың құрамы суреттелетін объект сипатына, контекст жағдайы мен көркем мәтіннің бейнелеуіштік талаптарына қарай анықталады. Мәтінде қолданылған қарама-қарсы құралдардың мағыналық және стильдік әсерлері жинақталып, стильдік контекст құрады.

Контрастың көркем мәтінде жүзеге асуы контраст контексті ұғымен тығыз байланысты. Н.Д.Арутюнова басшылығымен шыққан энциклопедиялық сөздікте контекстке «талдауға алынған бірліктер қамтылатын мәтін бөлігі» деген анықтама беріледі [128, 238]. Тілдік талдау үдерісі барысында контекст шегі мен оның сипаттамасын анықтау қажеттілігі туады. Әдетте, ол екі түрге (микрконтекст, макрконтекст) бөліп қарастырылады. Микрконтекст – аздаған бірліктер тобынан тұратын, жалпы үзінді мәніне ассоциация мен коннотация сияқты код пен өзіндік мән қосатын бірлік. Макрконтекст – жалпы мәтінде өз қызметін орнататын зерттелетін бірліктер тобы. Микрконтекст сөйлем не абзац көлемімен шектелсе, макрконтекст біртұтас стилистикалық қызмет аясынан асатын толық шығарманың контексті.


Зертеушілердің пайымдауынша, контраст микрконтекст көлемінде антонимия, оксюморон, антитеза, паралельдік құрылымдар, жоққа шығару, сөйлемдер мен синтаксистік құрылымдар арқылы көрінеді. Контраст макрконтекст көлемінде жүзеге асса, көркем шығарма көтерген мәселені, автордың оны беруде таңдаған тілдік құралдарды қамтиды. Ол алыс және жақын орналасқан қарама-қарсылыққа қабілетті бірліктер, әр түрлі стилистикалық құралдар пайдалану барысында пайда болған контекстке негізделген ассоциация түрінде жүзеге асуы мүмкін. Жұмыста қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер микрконтекст аумағында қарастырылады.

«Антонимдік оппозиция» термині кең ұғымда қолданылып, лексикадағы қарама-қарсылықты зерттеу барысында қарастырылмайтын тілдік

құбылыстарды да қамтиды. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік қызметі антонимдік оппозицияның барлық түрін көркем шығармада жиі кездестіруге болады.

Градуалды оппозицияға төмендегідей мысалдар кездестіруге болады:

Оның үстіне колхоз шаруашылығына араласып, ыстық-суыққа төзіп өсуді өзінше бір қажеттілік санағаны да бар-ды [221, 258]. Бұл дәстүрлі антонимдер болып келеді:



Бұл арада (Z) аралық мүше болып табылады. Келтірілген мысалда кездесетін антонимдердің ортасында аралық мүшенің бар екені айқын және аралық мүше антоним сөздерден бірдей ара қашықта тұрғанын ұғамыз.

Келесі сөйлемдерде де орташа күйдің бар екені анық байқалады:

Сосын арзан-қымбат деп саудаласып жата ма, «уч тиңғә» деген ұйғыр келіншектің тілегін екі етпестен, сұрағанын берді де, аялдамаға келді [221, 256].

Мысалда келтірілген *арзан – қымбат* антонимдерінің ортасында, *арзан* да, *қымбат* та емес, алуға болатын орташа қақ тұр.

Қазіргі шағында қария адамның басына жәпірейте киген тақиясын көз алдыға әкелетін күрең төбенің кешкі абыр-дабырдан ада, бей-жай тіршілігін қимай қалт тұрып қалған тәрізді [221, 242].

Сөйлемде келтірілген *абыр – дабыр* және *бей – жай* қарсы жұптың арасында екеуі де араласқан қалыпты тіршілікті көз алдымызға әкеледі.

Сонымен қатар, контекстік антонимдер де симметриялы градуалды оппозицияға мысал бола алады:

Әйтпегендей болса, бір күншілік жол емес, тау асып, тас басып жүретін қиян шетке жанары жоқ кісіге кім серік болады дейсің? [221, 253].

Автор *бір күншілік жол* деген сөзді жақын ұғымын беру үшін жұмсаса, *қиян шет* тіркесі арқылы алыс мағынасын берген. Ал олардың арасында алыс та, жақын да емес, орташа қашықтықтағы жер бар екені белгілі.

Қ.Найманбаев шығармаларында *үлкен – кіші* жұбы, жалпы осы концепт жиі қайталанатын, осы антонимдік жұпты үнемі амфитеза тәсілімен беріп, бәрі деген мағынада қолдануын жазушының идиостилі деп таныған жөн:

Сосын байдың дәу сандығынан өзі тіккен кебіс-мәсіні суырып-суырып алып, ауылдағы кемпір-шалға үлестіріп бергенін үлкен-кіші жыр ғып айтады [134, 456].

Бірдеңеге, сірә, разы болып отырғанда: «Найзабай аман болса, осы ауылдағы үлкен-кіші жыртық-жамау дегенді ұмытар әлі» дер еді [134, 457].

Ә дегеннен-ақ үлкен-кішісі бірдей кіржиіп шыға келді [134, 452].

Сосын үлкенге де, кішіге де бетің бар, жүзің бар деп көрмеген кісі [134, 418].

Бұл сөйлемдерде аралық мүше жасырын тұрса, келесі мысалда аралық мүше көрініс тапқан:

Адам өмірі: *балалық, жастық, егделік, қарттық* деген тарауларға бөлінетін болса, өзінің сол соңғы бөлікке қарай қадам басқанын біржолата мойындаған қалпы бар [132, 141].

балалық жастық егделік қарттық

Келтірілген мысалда *жастық* пен *қарттық* сөздері аралық мүше *егделіктен* градуалдық шкалада бірдей қашықтықта орналасып симметриялы градуалды оппозиция болса, қарттық сөзі оппозицияның басқа мүшесі балалыққа қатысты ассиметриялы градуалды оппозиция болады.

Бас сүйегі быт-шыт болған *қартаңдау* солдат пен нақ бір жорықтан кейінгі қатты ұйқыда жатқандай сұлап жатқан *жас* солдаттың өлігі оған басқа ой салды [130, 225].

Бұл сызбадан сөздердің бірі қарама-қарсы мүшесіне қарағанда симметриялы антонимнен белгісі кем дәрежеде тұрғанын көруге болады.

Градуалды оппозициядағы ассиметрия шкалада кішірейту мен үлкейтудің екі жағына да созылуы мүмкін. Мәселен: *Таразының бір басында жалғыз жазушы, екінші басында мыңдаған оқушы тұрған сияқтанады* [129, 171]. Мұнда аз және көп антонимдерімен салыстырамыз. Бір мүшесі аз ғана емес, жоққа жақын *жалғыз* болса, екінші мүшесі тым көп, яғни *мыңдаған*.

Сызбада ассиметриялы градуалды оппозиция мүшесінің кішірейіп қана қоймай, нөлге жақындауы да мүмкін екенін көрінеді:

Жоғарыда келтірілген мысалдардан семантикалық ассиметрия градуалды оппозиция мүшелерінің дәстүрлі шкалада *үлкею – кішірею* тұрғысында қарама-қарсы бағытпен қозғала алуымен ерекшеленетінін дәлелдейді.

Ассиметриялы градуалды оппозиция морфологиялық сатыда сөз табы аралық антонимдер арқылы көрініс табады. Мысалы: *Жұмысының нәтижесіне қарай, кейде жайдары, кейде қабағынан қар жауып түйіліп шығады* [129, 32].

Оппозицияның келесі түрі *привативті антонимдік оппозиция* элементтері ұғымдық жағынан бір-біріне тең:

*Қолдан билік, бастан ырық кеткен соң **өкіндің** не, **өкінбедің** не?* [132, 293].

Болымсыздық жұрнақтары арқылы берілген сөздерде аралық ұғым болуы мүмкін де емес. Қарсы мағынада берілген түбірлес сөздер привативті оппозицияға тікелей мысал бола алады:

*Адамның **бақытсыз** болуы да, **бақытты** болуы да қандай тез* [133, 27].

*Таңертеңнен бергі **саналы-санасыз** түрде көкейінде сан мәрте қайталанғанымен, бірақ жауабы белгісіз сұрақ тағы да шанишудай қадалып шыға келді* [222, 79].

Олардың арасындағы қарама-қарсылық мағына әр түбірлі антонимдердегі қарама-қарсылықпен тең:

***Орынды, орынсыз, әділетті, әділетсізін** де көргенбіз* [130, 264].

*Біреу **құптағанымен, біреу құптаған жоқ*** [221, 239].

*Бұған **керексіздің бәрі бар, ал керектісінің бірі жоқ*** [222, 57].

Привативті оппозицияға бір түбірден болып, болымсыздық жұрнағы арқылы алдыңғы сөзді жоққа шығаратын қарсы мәнді етістіктер де жатады:

Айттың не, айтпадың не, өтті-кетті... [130,151].

*Бәрі **бітті** деген, жоқ **бітпені*** [133, 70].

*Шынында, аты-жөнімді айтуда не тұр, саған керегі сол ма деген кісіше, **естілер-естілмес** қана айтып салдым* [221, 237].

***Келмейді** демеші, түге, **келеді** дейік те, қарғашым...* [221, 259].

Сондай-ақ, болымсыздық жұрнағы жалғанған әр түбірлі сөздер де привативті оппозиция мүшесі бола алады. Мысалы,

*Тырнақты мен тістінің, **әлсіз бен күштінің** мәңгілік шайқасы* [132, 187].

Бұл мысалда *әлсіз* сөзі *күшті* сөзімен ұғымдық жағынан тең дәрежеде, сонымен қатар олар бір-бірін жоққа шығарып тұр.

Қазіргі ғылым бұрын тең дәрежелі қарама-қарсы мағынада көрінген сөздердің ортасынан жаңа ұғымдар табуымен ерекшеленеді. Мысалы,

***Өлім мен өмірдің** екі ортасында кеудеден шыбын жаны шықпай кемпірдің жанталасып жатқанын сезді ме, болмаса иесінің уағында тамақ бермегеніне ызаланғандары ма, алакөлеңке бөлмені бастарына көшіріп төрт кәнден үрді-ай* [130, 81]. Бұл сөйлемде кездесетін привативті оппозиция жұбы *өмір* мен *өлім* арасында не өлі емес, не тірі емес күй (кома) тұрады.

*Бірақ бір кезде арулардың көз құрты болған, **әйел** тұр зой, **ерлердің** өзі сұқтана қарайтын сұлу жүз нұрлы келбет көзден ғайып болғанын іші сезеді* [129, 287]. Сөйлемде кездескен *әйел* мен *ер* сөздері эквиолентті оппозицияға мысал болады. Десек те, қазіргі ғылымда *әйел* мен *ер*кек ұғымдарына аралық мүше ретінде екі жыныстың да белгілеріне ие гермофродит сөзі алынады.

Сондықтан да, ортасында аралық мүше жоқ деп танылатын оппозициялық ұғымдарды шартты деп есептеген дұрыс болар еді.

Эквиолентті антонимдік оппозиция мүшелері арасында тілдік тәжірибеге сүйенген ассоциативті қарама-қайшылық бар. Лексикографиялық оқулық көздері мен психолингвистика тәжірибелері мұндай қарама-қайшылық бинарлы деп аталады.

Эквивалентті антонимдік оппозицияға көркем шығармалардан келесі мысалдарды келтіруге болады:

Қарама-қайшы бағыттағы әрекеттерді білдіретін лексемаларда қарама-қарсы мән сөздердің бір-біріне үнемі қарсы қойылуы арқылы көрінетін эквивалентті оппозицияға:

Сөйтіп бірі бердім, бірі алдым деп құдай атымен уәделеспесе де, емеуріндесіп тоқтапты [222, 69].

Етістіктен жасалған сын есім, зат есімдер де эквивалентті оппозицияға мысал болады:

Осындағы кеңсеге кіріп-шығатын шаруам бар еді [132, 306].

Алыс-беріс қалыңмалы төленіп бітсе де, ұзатудың сәті түспей жүрген талай қыз осы биыл құтты орнына қонып жатыр [223, 78].

Жүріс-тұрысы да жібектей [134, 448].

Келесі сөйлемде жүру етістігіне тоқтау мәнін беретін *адымын тұсап тастағандай болды* фразеологиялық тіркесі қарсы мәнде жұмсалып, эквивалентті антонимдік оппозиция болып тұр:

Аяғын еппен басып ілгері жүре беріп еді, әлде бір жері кілт ете түсті де, адымын тағы да тұсап тастағандай болды [221, 242].

Адам денесінің екі түрлі күйі, қалыбы да эквивалентті оппозицияға жатады:

Қатипа кемпірдің тұла бойы бір ысып, бір суыды [221, 249].

Бір басын тұқыртып, әлденеге үңіле түссе, бірі кеудесінен жайлаудың саумал лебі ескендей болып елегізе, елтіп мойындарын ілгері соза түсіп отыр [221, 252].

Көңіл түкпіріндегінің бәрін қас-қабағынан танып отыратын Аппаққыздың қадірін енді білгендей – жатса да, тұрса да жабығады [224, 458].

Өң мен түстей бір күй [221, 243].

Лексикалық конверсивтер арқылы берілген эквивалентті оппозицияға келесі сөйлемдегі жұп мысал бола алады:

– *Бірімізді біріміз не өлтіріп, не өліп, не жеңіп шығуға тиіспіз* [132, 225].

Бағыттық ұғымдарды білдіретін эквивалентті оппозицияға көркем туындыдан алынған келесі сөйлем айқын мысал:

Бұл өзі – түстікте Ерентау мен Алатаудың арасын, терістікте Барқытбел мен Барлықты емін-еркін жайлаған жасамыс кәрі құзғын еді [129, 185].

Элементтері кеңістік қатынастағы эквивалентті оппозициялар тарихын тереңнен алады:

Орданың сырты қандай еңселі, көрікті болса, іші де сондай жасаулы, сәнді екен [129, 66].

Бергі жақта жал-жал боп жарылған ағаштар үюлі тұр. Арғы жақта – мал қорасы [138, 114].

Бұлай алды-артына қарамай асығыс жолға шығуында да мән бар еді [133, 23].

Әйтеуір **алды-артына** қарамай арқасынан қоңыз домалап түсетін ақбоз аттың сусылдаған еркін жүрісіне сай, – бәлкім, осыдан жігерін қайрай түсетін қуат алар – қыраңға бет қояды қартың [221, 233].

Медет **ары-бері** өтіп жатқан машиналар бұрқыратқан шаңның астында қалмау үшін ендігі бір мезетте оқшаулау тұрған шағын базарға келді [221, 256].

Сонсоң құс жастықты **олай** бір аударып, **бұлай** бір аудырып, мыжғылай береді [134, 414].

Ерте кезден адамдардың санасында «жер – көк», «мұз – от», «су – от» сияқты бекіген оппозициялар қалды. Көбіне олар ауыспалы мағынада қолданылады:

Жер де өрт, **көк** те өрт [133, 24].

Інісінің қыз табылмағандай **жер-көктен** іздеп жүріп осындай кемтар әйелге үйленгенін ар көре ме, әлде басқа себебі бар ма, мүмкін әдепкі қарсы алғандағы сөзіне кектенгені ме екен, әйтеуір, Төлеутай келген жерден келінін тұқыртып қалудан тайынған емес [222, 388].

Бұл екі сөйлемде **жер-көк** оппозициялық жұбы барлық жер деген ұғымды берсе, келесі сөйлемде екеуінің арақашықтығындай екенін білдіретін теңеу түрінде, алшақтықты білдіріп тұр:

Мусават пен екеуінің арасы **жер** мен **көктей** [225, 14].

–**Жас** арамыздың **жер** мен **көктей** екені бәріңізге аян [134, 461].

Бір орында деген мағынада да беруге болады: **Жер-көкке** тұра алатын емес [134, 472].

Сосын жаңа түскен келіншек отырған үйге қарап: «Көкемнің **жер-көкке** тигізбей жүргені – манағы бәдік қыз болса, жетіскен екенбіз деген [134, 452]. Бұл сөйлемде соншалықты мақтағандығын осы жұп байқатады.

Коррелятивті жұптар ретінде кездесетін эквиполентті оппозицияға төмендегі мысалдарды келтіруге болады:

Соғыста **түн** мен **күн** деген болмайды. Кезі келгенде **ұйықтайсың, демаласың**, ал кезі келмесе, **күн-түн** демей **жортасың, жорықта боласың** [130, 37].

Күн демейді, **түн** демейді [134, 457].

Таң ертеңгілік және **кешкі мезгілде** ғана «уһ» деп ес жинап аламыз [221, 238].

Мен осы мезет **күн ұзақ** бәйгеге түсіп, **кешкілік** ақ көбікке оранып сәл-пәл тыныс алып тұрған, бірақ қиқу салған дауысты естісе болды еліріп, құйғыта жөнелетін сәйгүлікті елестетін едім [221, 231].

Адам санасы күннің екі мезгілін жарық пен қараңғы ассоциациясы негізінде қайшылықта таниды.

– Үмітсіз – шайтан деген, кім біледі, игіліктің **ерте-кеші** жоқ, – деді екінші қалпағын қолына алып [134, 37].

«Намазым қаза боп бара ма, **түн ішінде** дірдектеп не азап», – деп көрпені тас бүркеніп алған ол қалғып бара жатып кенет қайта оянып кетті. **Таң** сыз бере бастаған-ау: ірге жақ көгілжім тартып қапты [134, 446].

Үнемі деген ұғымды беруде де эквивалентті оппозиция мүшелері белсенді қызмет атқарады:

Біздің ауыл күндіз-түні әлдекімге есесі кеткендей сабыр-тағатынан айырылып, еңкілдей күркірей ағып жататын, жиегі ну ағаштан көрінбейтін өзеннің жағасына орналасқан [221, 230].

Ер салмағаны болмаса, ертелі-кеш тізгіні қолдан түспеді десек, сірә, онша асып кете қоймаспыз [134, 459].

Найзабайды ертелі-кеш алақанына салып, үпілеп қана отыратын [134, 457].

Ер адам мен әйел адам да жынысына қарай бір-біріне қарсы қойылады, олардың ассоциациялары да қарама-қарсы, бірі қайратты болса, бірі – нәзік.

Ерлі-зайыпты екеуі бір-біріне қарады [134, 453].

Өйткені бір жапырақ кемпір шадыр шалдың «құдай қосқан қосағы» ғана емес, тіпті әкесі де, шешесі де еді [134, 457].

Келесі сөйлемнен де қарама-қарсылықты тану қиын емес, өйткені тас жерге шөп шықпайтынын исі қазақ біледі:

Сиыр малының өріс қып, жайылатын тас жер емес, білдің бе – шөптесін жер [221, 245].

Әлде қызғаныштан, әлде мақтаныштан айтылып жатқанын біліп болмайсың [221, 232].

Осылайша оппозициялық әдіс тілдік бірліктерді қарама-қарсы қойылған ұғымдар арасындағы қарама-қайшылық түрлерінің логикалық, психологиялық және лингвистикалық негізіне сүйене отырып кешенді талдау болып табылады. «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер» термині антонимияны кең ұғымда түсіндіреді, ол қалыптасқан тілдік дәстүрде қазақ тілі лексикасындағы қарама-қайшы қатынастардың зерттеу пәніне енбеген тілдік құбылыстардың кең ауқымын қамтуға мүмкіндік береді. Тілдік бірліктердің қарама-қарсы қатынасының семантикалық және грамматикалық ассимметриясы бар. Көркем мәтінде қарама-қарсы тілдік бірліктер стильдік фигуралар арқылы да шебер беріледі.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің көркем мәтіндегі қызметін қарастыру барысында стилистикалық қызмет пен оның сипаттамасы басшылыққа алынды. Стилистикалық қызмет мәтіндегі тілдік құралдардың өзара әсерін күшейтетін көркемдеуіш құрал ретінде қарастырылады. Мәтінде заттық-ұғымдық мағынамен қатар экспрессивті, эмоционалды, бағалауыштық және эстетикалық ақпарат болады.

Жоғарыда айтылып кеткендей, контраст көп қырлы құбылыс болғандықтан, нақты бір стилистикалық қызмет атқаруы мүмкін емес. Сол себепті де, контрастың стилистикалық қызметін сипаттау қиындық тудырып келеді. Г.В.Андреева статустық сипатына қарай контрастың келесі стилистикалық қызметтерін анықтаған болатын:

1) Контраст – қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің бір түрі ретінде оппозицияда көрініс тапқан лингвистикалық және стилистикалық қызметтердің алуан түрін жүзеге асырады: сөз мәнін кеңейту, қарама-қарсы бастауларды

ажырату сияқты таза лингвистикалық қызметтер және күтілмеген эффект жасау сияқты стилистикалық қызметтер.

2) Контраст – шынайы өмірдегі қарама-қайшылықтар мен конфликтілердің бейнесін суреттеу әдісі. Оны адами таным заңдылықтарының ерекше көрінісі десе де болады. Оның негізгі стилистикалық қызметі контрастық әсер қызметі болып табылады. Шынайы өмірдегі заттар мен жағдаяттарды сөз зергері басқалармен олардың артықшылығын көрсету не қарама-қарсылыққа көңіл бөлдіру үшін салыстырады. Сол арқылы мәтінді қабылдайтын оқырманға сәйкесінше әсер етеді.

3) Контраст мәтін ұйымдастырушы тәсіл ретінде бір топ мәтін ұйымдастыру қызметін жүзеге асырады. Оларды құрылымдық-мәтіндік қызмет түрлері деп атаса да болады. Өйткені, ол қызметтер сюжет пен композиция көлемінде де, мәтіннің құрылымдық жымдасуы мен ондағы түрлі байланыс түрлерінде де іске асады [143, 144-146].

Сондай-ақ, контраст стилистикалық құбылыс болғандықтан, контраст жасаушы құралдардың стилистикалық әлеуетінің жиынтығын біріктіретін эстетикалық қызметтер қатарына да ие. Қарама-қайшылық – нормадан ауытқу, шығарманың мағыналық және формалдық құрылымында бірінші мағынаға қарсы шығатын екінші мағынаның пайда болуы. Қарама-қайшылық қарама-қарсылықпен қатар контраст контекстін құраушы ұстаным болып табылады.

Контраст екі тәсіл арқылы жүзеге асатыны белгілі: қарама-қарсылық және қарама-қайшылық [146, 76-78].

Мәтінде қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер *қарама-қарсылық, салыстыру, бөлу, кезектестіру, қарама-қарсылықтарды біріктіру, барлық құбылыстарды қамту, қарама-қарсылықты жоққа шығару* қызметтерін атқарады.

Шендестіруге құрылатын антитеза салыстыру қызметін атқарады.

Антитеза – контрастық қарама-қарсылыққа құрылған түрлі объектілерді білдіретін антонимдердің үйлесімділігіне негізделген стилистикалық фигура. *Осылайша суықта паналығы жоқ, ыстықта саялығы жоқ үйді кейбіреулер «көзбояушылықтың классикалық түрі» десіп әзілдейтін* [222, 49].

Антитеза түрлі қайталамалардан, түбірлік қайталамалардан тұруы мүмкін. Мұндай жағдайда бұл фигураның тілдік негізі түбірлес антонимдер болып табылады.

Антитеза жай және күрделі болып бөлінеді. Жай антитеза бір антонимдік жұптан тұрады:

Айырмашылығы – бірінің жұмыс сағаты ұзақтау, бірінікі қысқалау болуы кәдік [222, 17].

Күрделі антитеза бірнеше антонимдік жұптан тұрады. Мысалы, *Саған өтірік, маған шын, өмірім қамауда өтетінін бала күнімде-ақ сезіп едім* [134, 153].

Қанша жүрдік, аз жүрдік пе, көп жүрдік пе, жол алыс болды ма, жақын болды ма, оны да білмеймін [225, 110].

Антитеза бірде тілдік, бірде контекстік антоним түрінде кездеседі. *Кеңшілікте* ми айналған шытырман дүниенің бірталайын **таршылықта** оп-оңай түсінесің [129, 25].

Күндіз қалада жұмыс істеп жүргенде өзімді соншалық жеңіл сезінемін, тек кешке жақын қоршаудың ішіне енісімен, қапырық мұң шектеп алады [129, 29].

Антитеза ретінде оппозиция түрлі сөз табынан (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау) болуы мүмкін.

Оппозиция антитеза фигурасында өздік есімдігі арқылы да беріледі: **Өз адамдарын** жұмсаса да, **сырттан кісі** шақыртса да қарап қалмай қарманатын уақ [221, 234].

Оппозициялар адам жағдайы мен мінез-құлқын, сондай-ақ сезім мен көңіл-күй ұғымын да білдіреді. Контрастқа негізделген антитеза көркем мәтін кеңістігінде кеңінен қолданылады. Әсіресе, проза жанрында антитеза ерекше дамыған.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің барлық құбылыстарды қамту, қарама-қарсылықты біріктіру қызметтері амфитеза фигурасы арқылы беріледі.

Амфитезаға көркем шығармалардан көптеп мысал кездестіруге болады:

Ұзынды-қысқалы бойларына қарап, балалар бұларды «Дон-Кихот пен Санчо» деп мазақтайтын [129, 44]. Келтірілген материалда автор екі баланың не ұзын, не қысқа емес, бірінің ұзын, бірінің қысқа екенін бір қос сөзбен шебер бере білген.

Барлық құбылыстарды қамту қызметіндегі амфитезаны кейде «бәрі» деген бір сөзбен ауыстыруға да болар еді. Мысалы,

Жақсылықтың да, жамандықтың да қыл мойынға тақалған шағы ауыр тиеді адамға [129, 19].

Жығылып-сүріну де, қайғырып-қуану да, тіршіліктің машақаты мен hareketі де сол күні басталыпты [129, 45].

Келесі мысалда амфитеза «үнемі» сөзінің орнына қолданылып тұр:

Күні-түні толас таппайтын, ұзақ-сонар баяғы жыр [129, 19].

Қарама-қарсылықтарды біріктіру қызметінде амфитеза қарсы мәнді сөздерді мен, және ыңғайлас шылауларымен бірге қолдану арқылы жасалады:

Сонау түстік жақта көк пен жерді тұтастырған жасыл перде тартылғандай болды да, бірте-бірте ақ бас шыңдары айқындалып, арса-арса қарт Алатау «мен мұндалап» көсіле берді [129, 35].

Күн мен түннің, қыс пен жаздың ешқандай айырмасы жоқ [129, 52].

Амфитеза мағыналары қарама-қарсы сөздердің қосарланып келуі арқылы да жасалады:

Дұрыс-бұрысыңды қайдам [129, 27].

Мұның бар-жоғымен санаспайтын, өз алдына теңіздей толқып жатқан жойқын дүние [129, 45].

Дәл қазір қара жердің апишысын қуырмай, астындағы күні-түні көп жүрістен әбден сілікпесі шығып, кәусап біткен темір тұғыр ұзақ жолда салпақтап, қалжыраған қара жаяудың ілбігенімен пара-пар тасбақа

митыңмен зілмән сүйегін әрең көтеріп, сүйретіліп келе жатқан сынды [138, 51].

Аталған фигура да, де, та, те жалғаулары арқылы жасалып, екі шеткі мүшені мақұлдауы мүмкін:

Өзін де, өзгені де шыбын құрлы көрмейтін, шектен шыққан өзімиіл қатыгездік [129, 27].

Бармақ тістеп, басыңды тауға да, тасқа да ұрғаннан келер-кетер ештеңе жоқ [138, 56].

Бірақ сол бақыт та, сор да аспаннан жаумайды, айналаңдағы адамдардан ауысады [129, 57].

В.П. Москвин амфитеза шеткі аймақтарды көрсету арқылы бүтінді көрсететінін баса айтады [164, 113]. Оның сөзіне қазақ көркем туындыларынан да дәлел келтіруге әбден болады:

Ол тізбек төменнен жоғарыға дейін көзге көрінбес желімен тартылып жататын [226, 140].

Шал табалдырықтан төрге дейін тағы бір шолып шықты [221, 452].

Келтірілген сөйлемдерден жоғары мен төменнің, табалдырық пен төрдің арасы толық алынып тұрғаны белгілі. Сондықтан да, амфитезаға мысал бола алады.

Осы бір бас-аяғыңды күтіп, баптаудың өзі үлкен бір шаруа [138, 79].

Сөйлемдегі бас-аяғыңды антонимдік жұбы түгел мағынасын беріп тұр.

Кісі күйкі тірліктің күндіз-түні тырбаңдаған қара құлы бола бермей, бір сәт белін жазып, еңсесін көтеріп, жан-жағына қаранып, оңы мен солына назар салған қожайыны да болуы керек шығар [138, 80].

Мұнда келтірілген оңы мен солы айналасына деген ұғымды беретіні дау туғызбаса керек.

С.А.Станиславская контрастка құрылған бұндай стильдік фигура қарама-қарсылықтың бір-біріне жақындасуын сипаттайтындығын айтады [155, 33]. Амфитезаны суреткерлер көркем шығармада кеңінен қолданатындығына келесі мысалдар дәлел болады:

Ойлап қараса, шынында да, дерексіз, иесіз жақсылық та, жамандық та жоқ екен [129, 57].

Барлық бала атаулының басына он екі мен он алтының арасында балаға да, үлкенге де ұқсамайтын дағдарыс кезең болады [129, 58].

Не істейсің, аманда кездесу мен қоштасудан тұратын өмір деген осы!
[132, 323].

Адам болғасын оның досы да, дұшпаны да көп болады ғой [224, 7].

Мәтінде қарама-қарсылық қызметін атқаратын акротеза қарсылық мәнді мынадай әдістер арқылы береді:

Сабаудай әлді саусақтары сым пернені мүлт жібермей, дөп басады [129, 18].

Бұл мысалда бір қимыл ғана мақұлданып тұр, гитара пернесі дөп басылғандығы мүлт жіберілмегендігімен күшейтіліп берілген.

*Көздің жасы енді **сыртқа** емес, **ішке** құйылып, жүректің басына беріш боп байланып жатқандай* [129, 57].

Сөйлемде жастың ішке құйылғандығы сыртқа емес сөзімен нақтылана түседі.

– *Ондай сөздер **өтірік** болушы ма еді, бәрі **шын** екен* [224, 190].

Көркем шығармадан мысал келтірсек:

*Қазақтың еріккені қатын алушы еді, менікі **еріккендік емес, тарыққандық*** [134, 460].

Акротеза жай антонимдік жұптардан ғана емес, күрделі, фразеологиялық, контекстік антонимдерден жасалуы мүмкін:

*Жақсылық деген арамтамақтың **аузына апарып ас тығу** емес, **көпке игілік әкелетін іс** болмағы ләзім* [196, 140].

*Кәрі көңілдің **желігуі** емес, кәріп көңілдің **тал қармауы** да* [125, 419].

*Адамды жаратқан дүниеге әкелген соң, ақтық демінің **басқа бір себептен** емес, **өз ажалынан** болғанға не жетсін* 224, 177].

Сондай-ақ, ол қатар тұрған сөйлемдерде берілуі мүмкін:

*Иә, сендердің **бала-шағаларың бар**. Біз сықылды **салт басты, сабау қамшылы емессіңдер*** [93, 79].

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің бөлу қызметін атқаратын диатезаның арнайы синтаксистік құрылымы бар:

*Не **өңі**, не **түсі** деуге келмейтін бір жұмбақ* [124, 25].

Бұл сөйлемде тілдік антонимдер алынса, көбінесе диатезаны сөйлесім антонимдері жасайды. Мұндай жағдайда стильдік фигура ерекше образдылық пен көркемдікке ие болады.

Диатеза басқа жанрларға қарағанда көркем шығармада жиі кездеседі.

Қарама-қарсы мүшелерді жоққа шығару арқылы аралық мүшені мақұлдайтын фигура диатезаның да жай және күрделі түрлері бар.

Мысалы: ***Қаймығу, жүрексіну ме**, алдан тосатын белгісіз күндердің буалдыр **үміт-арманы ма**, әйтеуір, лықсып төгілген жүрек жарды бір ыстық алғыс бар* [129, 19].

Мәтінде кезектестіру қызметін атқаратын альтернатеза басқа фигуралардан қарама-қарсылықтың таңдау түрінде берілуімен ерекшеленеді. Шынайы белгілер мен құбылыстар бұл фигурада қарсы қойылмайды, бір-бірін алмастырады:

*Кісімен сөйлесіп тұрғанда, сол бір сыр бүкпес шыншыл жүзімен әр алуан ерке, ұяң жымыстарымен, жалт ете қалатын кейде **тұнжыр**, кейде **мүләйім** көзқарастарымен айтар сөзіне астар беріп, мән-мағынасымен асыра түскендей болады* [129, 23].

Көркем шығармада альтернатезаны авторлар қаһармандарының психологиялық, эмоционалдық, бағалауыштық күйін көрсету үшін қолданады. Мысалы;

*Шамы бірде **жанса**, бірде **жанбай** қалатын алыс аудандағы малыға бұл да таңсық* [132, 299].

Бір күн бетін, бір күн сыртын берген тұрлаусыз дүние деген осы [132, 266].

Қаһармандардың үміті мен күдігін беруде де альтернатива таптырмайтын тәсіл:

–Ау, Қайрақбайсың ба?... Өз көзіме *сенейін бе, сенбейін бе?! – деді Аймағамбет, жылаганы, әлде күлгені белгісіз, бір аянышты түрге еніп.* [132, 256].

Жаңағы үйіне келген адам ба әлде сайтан ба? Бұл өңі ме, әлде түсі ме? [138, 5].

Антиметаболаны көркем мәтінде қолданып, жазушы өзгеріс пен дамуды шебер суреттеуге мүмкіндік алады:

Кешегі көк көз сары баланың ересек жігіт болғанына қарап, Жәнібек өзін де айнадан көргендей болды [129, 44].

Басқа бұлт үйірлмесін деңіз, басқа қатер төніп, іс теріске айналған күні сенің артықшылығың – кемшілік, жақсылығың – жамандық болып шыға келеді екен ғой [132, 262].

Көркем мәтінде қарсылық ұғымы оқырманның қалыпты түсінігінен жоғары не төмен алынатын контраст әдісі түрінде кездесіп, оған ерекше әсер етеді. Контраст мақұлданатын әлде жоққа шығарылатын ұғымдардың қарама-қарсы қойылуы арқылы жасалады. Жоққа шығару эксплицитті не имплицитті болуы мүмкін.

Антонимия ғаламды оппозициялық тұрғыдан танытатын күрделі мағыналық құбылыс болғандықтан, тек құрылымдық-мағыналық аспектіде ғана зерттеліп қоймайды. Когнитивті-дискурсты тәсіл бұл құбылысты логикалық, тілдік, сөйлесімдік, мәдени жағынан талдауға мүмкіндік ашады. Антонимияны зерттеу тілдік (құрылымдық-мағыналық), когнитивтік және дискурстық (прагматлингвистикалық) аспектілерде жүзеге асқаны дұрыс. Құрылымдық-мағыналық аспектіде дәстүрлі тәсілмен тілдік антонимдер қарастырылады.

Ал когнитивтік тәсіл адамның ойлау механизмін ашуға көмектеседі. Ғаламның тілдік бейнесі, тілдік таным, концепт терминдерімен қаруланған танымдық бағыт логика мен тілдің бірлігін ашады. Концептуалды ғалам бейнесінің негізінде мағыналық категорияға бекітілген білім жатыр. Ғаламның тілдік бейнесі тек тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады. Ғаламның тілдік бейнесінің құрылымдық бірлігі мағыналық өріс болып табылады. Мағыналық өріс дегеніміз – тілдің лексикалық жүйесіндегі мағыналары байланысты бірліктер тобы. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер әрі тілдік, әрі логикалық құбылыс болғандықтан, көркем мәтінді талдау барысында мағыналық-когнитивтік тәсілді қолдануға болады. Ол тілдік мағынаны мәдени концепті аумағымен, мағыналық үдерісті когнитивті үдеріспен бірлікте қарастыруға мүмкіндік тудырады. Прагматикалық сипат тілдік бірліктердің дискурста жүзеге асуына бағытталады. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің дискурста жүзеге асуы олардың иллокутивті күші, яғни сөйлеуші ниеті мен ойының көрінуі тұрғысынан қарастырылады. Бұл мақсатта фразеологиялық антонимдер мен антонимдік паремиялар ерекше мәнге ие.

Олар айтушы ойы мен ниеті эксплицитті және имплицитті формада көрінетін минидискурс деп танылады.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің зерттеу аспектілері бір-бірімен байланыста қарастырылуы тиіс, өйткені логикалық тұрғыдан алғанда тіл, ойлау және шынайы өмір өзара байланыста.

Антонимияның басты белгісі мағына екенін жоққа шығара алмаймыз. Антонимия негізінен логикалық құбылыс. Сөз логикалық қырынан алғанда ұғым болып табылады. Ал ұғымның өрісі – концепт, ол когнитивтік және прагматикалық тұрғыдан зерттеледі. Когнитивтік жағынан концепт рационалды дәрежеге жетеді. Прагматикалық жағынан мағыналық өріс – оның қолданылуы тұрғысынан қараған дұрыс. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің когнитивті-дискурстық интерпретациясы бұл құбылысты тілдік, логикалық, сөйлесімдік құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сәйкесінше, антонимияны зерттеудің тілдік, когнитивтік және дискурстық (прагматикалық) аспектілері пайда болады.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер – шынайы өмірдегі қайшылықтар мен қарама-қарсылықтардың мәтінде сөзбен көркемделген бейнесі. Оның оқырманға эстетикалық әсері зор. Осы тұста ол мәтінді біріктіруші құрылымдармен жымдасып, мәтін элементтері мен мағыналарының ара қатынасын анықтауға да мүмкіндік туғызады. *Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер* объективті шындық пен субъективті танымды қабылдау прагматикасын көтеру қабілетіне ие.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің дискурстық жүзеге асуы номинативті және когнитивті әрекеттермен қатар сөйлесім әрекетінің бір бөлшегі ретінде қаралады. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің мағыналық және құрылымдық қасиеттерін зерттеу нәтижесінде олардың концептілік табиғаты пайда болады және ол сөйлесімде, яғни контексте толығымен ашылады. Прагмалингвистикалық аспектіде құнды материал концепт болып табылады.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің танымдық табиғаты терең зерттеуді қажет ететін антонимия құбылысының маңызды қыры екені даусыз. Мысалы, *ақ – қара* антонимдік жұбының қазақ танымындағы табиғаты ашуда. Қыдыр атаның сипаты ақ сақалды, ақ сәлделі, ақ шапанды қария ретінде қабылданылады. Қазақтар ұзатылған қыздың жасауы ретінде тігілген ақ отауға қарсы ұғым – қаралы үй. Бұрын қазақта орта жастағы ер адам қаза тапса, отауына қара шүберек байлаған, әйелі қара жамылған. Әлі күнге дейін адамы қайтыс болған үй қаралы үй деп аталады. Ұлы Отан соғысы кезінде жауынгердің қаза болғаны туралы жазылған хатты қазақ «қара қағаз» деп атауында да ұлттық түсінік жатыр. Сонымен қатар ақ үй – қара үй атаулары қазақтың дәулетін көрсететін белгі де. Байлар ақ үйде, ақшаңқан, ақ боз киіз үйлерде тұрса, кедей қара киізбен жабылған үйде тұрған. *Ақсүйек-қарасүйек* сөздері де қарсы мәндес бай және қарапайым кедей-кепшік деген мәнді береді.

Ұлтымызда ақ пәктіктің, адалдықтың символы болып табылады. Сондай-ақ, «ақ бет», «қара бет» сынды қарсы мәнді тіркестер де бар. «Ақ бет»

қылмысы, күнәсі, айыбы жоқ екенін білдірсе, «қара бет» ұятты, қылмыс істеген адамға қатысты айтылады. Ертедегі салт-дәстүрімізде қылмыс жасаған, ұятқа батқан адамның бетіне қара күйе жағып, қара сиырға не есекке теріс қаратып мінгізіп, мойынына қара құрым киіз іліп алып жүрген. Көрген жұрт «қара бет» деп бетіне түкірген. Сол дәстүрден осы сөз тіркесі қалған. Оған көркем шығармалардан алған келесі мысалдарымыз да дәлел болмақ:

*Неде болса істің **ақ пен қарасын** анықтап келіңдер* [224, 130].

*Ал күмәндандың екен, онда **ақты қара** ғып, **қараны ақ** қып шығарудың да ауылы алыс емес* [222, 77].

*Бірі – **ақтаушы**, екіншісі – **қаралаушы*** [132, 291].

Өмір-өлім концептісі мағыналас құрамдас бірліктерімен беріле береді. Сол сияқты өмір сүру-өлу жұптары да көркем шығармаларда әр түрлі сөздермен берілуі мүмкін:

*Адам **тірі кезінде** әр алуан ала-құла **өмір кешсе**, **көз жұмғаннан** кейін де, **түрліше сән-салтанатпен барып тыным алған тәрізді*** [129, 51].

*Әрине, бұл жалғанда **өмір кешу** де, **өлу** де жаңалық емес* [132, 296].

*Әйтеуір еркіндікке сусап **дүниеге келдім**, сусап **кетіп барамын***. [133, 153].

*Адамды жаратқан **дүниеге әкелген** соң, **ақтық демінің** басқа бір себептен емес, өз ажалынан болғанға не жетсін* [224, 177].

Бұл мысалдардағы көз жұму, дүниеден кету, ақтық дем тіркестерінің өлу мәнін беретіндігі талас тудырмаса керек. Дүниеге келу де өмірге аяқ басу, яғни өмір сүру мағынасын береді.

*Шалдың таңертеңгілікте ғана **тұңғышы дүниеге келген**, Қараша үйдің **оң жағына әкеп салды*** [134, 475].

Өмірге келу және өлу эквиполентті оппозиция болып табылады. Өйткені, бұлар бір-біріне қарсы бағытталған әрекет екені сөзсіз. Бұл сөйлемде дүниеге келу әрекетіне қарсы өлу құбылысын салып отыр. Қазақта оң жаққа қайтыс болған адамды салатындықтан, шалдың дүниеден озғанын оқырман бірден түсінеді. Яғни, қарсы құбылыс орын алғаны белгілі.

Контекстен тыс қарама-қарсы мәнге ие емес жұптар көркем шығармаларда бір-біріне қарсы қойылуы жиі кездеседі:

*- Кебін киген **келмейді**, кебенек киген **келеді**» демеп пе еді атасы қазақ, сол ып-ырас сөз... [221].* Қазақта қайтыс болған адамды, ақ кебінге орайды, бұл сөйлемде *кебін киген* тіркесі арқылы өлген адам қайтып келмейтіндігін айтылып отыр. Басын қатерге тігіп жорыққа аттанған адамды *кебенек киген* деп атап, сөйлемнен ол соғыстан аман қайтар деген үміт көрінеді. Осылайша, кебін мен кебенек сөздері бір-біріне қарсы қойылып, контекстік антоним болып отыр, осы мәтіннен тыс жерде бұл екі сөзді бір-біріне қарсы қойып, өлі және тірі адам ретінде салыстыру мүмкін емес [226].

Қазақ халқында мал шаруашылығы басты кәсіп болғандықтан, адамдардың байлығы, тұрмыс жағдайы малдың аз-көптігімен өлшенеді:

Мысалы, *қорасында тышқақ лағы жоқ қу кедей ұйқысынан оянганда қорасы қойға, өрісі малға толып, мыңды айдаған бай* болып шыға келе ме? [138, 74].

Мың жылқы айдаған бай да, жалғыз атты қу кедей де, тіпті тігерге тұяғы жоқ тұлдыр бейбақ та, қазынасы мол алпауыт ақсүйек те өзінше құн көреді, өз несібесін місе етеді [130, 244].

Халықтың мал шаруашылығына қатысты қолданылатын қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді келесі сөйлемдерден де кездестіреміз:

Кемпірдің жүрісі шабан болғанымен, сөзі пысық екен [129, 53].

Қазақта шабан сөзі жылқы малының жүрісіне қатысты айтылады, бұл жерде ауыспалы мағынасында қолданылып тұр. Дегенмен, жылқы малының шабан жүрісінің қандай екенін бойына сіңіріп өсірген қазақ сөйлемдегі кемпірдің жүрісінің жай екенін бірден ұғады.

Жазда жайлауда, қыста қыстауда мал бағатын қойшының мекен-жайы жылдың екі мезгілінде – *жаз бен қыста* қаңырап бос тұрады

[221, 198]. Қазақ халқы жерінің кеңдігіне байланысты қыста отыратын қыстауы болса, жазда шөбі шүйгін жерге көшіп барып, малын жайған. Ол жер жайлау деп аталған.

Қарама-қарсы мағынада берілген сөздерде халықтың дүниетанымдық ойсүрлеуі жатыр, *жақсылық/жамандық* лексемаларының жұп құрап жиі кездесетіндігін келесі мысалмен дәйектеуге болады:

Жақсылықтың да, жамандықтың да қыл мойынға тақалған шағы ауыр тиеді адамға [129, 19].

Бір жамандықтың бір жақсылығы бар [129, 34].

Ойлап қараса, шынында да, дерексіз иесіз жақсылық та, жамандық та жоқ екен [129, 57].

«Біреуге қысылғанда қол ұшын беріп *жақсылық* жасасаң да, не қиянат көрсетіп *жамандық* етсең де, текке кетпейді, түптің түбінде, күндердің күнінде алдыңнан шығады» дер еді қариялар [138, 50]. *Жақсылықтың* жан, жүрек, сұлулық, оң жақ, жарық нұр, ақ түс символдарына *жамандықтың* жанның жоқтығы, жүрексіздік, сұрықсыздық, сол жақ, қараңғылық, қара түс сияқты символдары қарсы қойылады.

Қазақ тілінде өмірдегі қарама-қарсылыққа негізделген құбылыстарды қамтитын концептілердің жүздеген түрі бар. Мысалы, қазақта "*таудай сөздің тарыдай түйіні бар*" деген мақал бар. Бұл жерде мөлшер концептісін көреміз. Тары көлемі жағынан кішкентай, мөлшері жағынан аз. Ол көлемі жағынан үлкен таумен салыстырылып тұр. Тары қазақтар үшін – тіршіліктің көзі және тоқшылықтың символы. "Тары" атауы шеберлік, сұлулық өсіп-өну, тоқшылық т.б. әлеуметтік мәнділігі жоғары ұғымдарды білдіретін концепт жасауға құрылымдық элемент ретінде қатысады.

Тарыдай болып кіресің,

Таудай болып шығасың, – деген өлең жолдарын "үлкею" концептісіне қатысты алуымызға болады. Өйткені, "тарыдай" ғана кішкене бүлдіршін ұл-қыздың "таудай" азамат болуын сипаттайды.

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде мал атаулары көптеп кездесуі де ұлттық танымның көрінісі:

Түйе ұрлаған да ұры, түйме ұрлаған да ұры. Түймедейді түйедей қылады. Мұндағы "түйе – түйме" контекстік антонимдері "үлкен – кішкентай" концептісінің аясына жатады. Өйткені мал баққан қазақ баласы үлкен нәрсені түйеге теңестіруі заңды.

Осындай концептілерді жүйелеп, талдау қажет-ақ. Қазақ тіл білімінде ұлттық танымды көрсететін қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді зерттеу жалғасын табады деген ойдамыз.

Әр халықтың ұлттық санада қалыптасқан стереотиптер жүйесі ғаламның тілдік бейнесін жасайды. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер халықтың тұрмыс-тіршілігін, ғаламның ұлттық бейнесін беруде маңызды құралға айналары сөзсіз.

Оның көршілеріне ішінің бір жылыған жері – басқа тілде сайрамай, өз тілдерінде сөйлеп келе жатқандығы [224, 5].

Өзін де, өзгені де шыбын құрлы көрмейтін, шектен шыққан өзімшіл қатыгездік [129, 27].

Өзің бақытсыз боп жүргенде өзгенің бақытын көру өте ауыр [133, 53].

Өзін басқалардан артықпын деп те, кеммін деп те бас қатырмай, кәдімгі автобустарға бірде сыйса, бірде сыймай қалатын көшедегі қарапайым халық сияқты бұлда ел қатарлы бір кісілік қызметін атқарып, уайым-қайғысыз жүріп жатқан-ды [132, 103].

«Өзіңді біреуге қаралатып қойғаннан гөрі, өз-өзіңді ақтап алғаның дұрыс», – деген сияқты әртүрлі қулық ой келді басына [133, 26].

Белгілі ғалым Т.В.Цивьян өзінің «Модель мира и ее лингвистические основы» атты еңбегінде бинарлық оппозициялық жүйе және оның дүние моделін (бейнесін) сипаттаудағы әдіс-тәсілдік мән-маңызы мәселесін жан-жақты қарастырады. Ғалым дүние моделі ұғымын «белгілі бір тілдік және этномәдени дәстүр аясында жүйеленген әлем туралы барлық түсініктердің жиынтығы, ғасырлар бойы қордаланған білім қоры» деп айқындай отырып, оның мазмұндық құрылымы бүкіл әлемнің кеңістіктік-уақыттық, себептік-салдарлық, этикалық-ережелік, сандық-мөлшерлік, мәндік-мағыналық, кескіндік-кейіпкерлік, т.б. негізгі параметрлерін космологиялық тұрғыдан сипаттауға бағытталатынын айтады. Осындай ауқымды да әр алуан, аса күрделі кешенді түсіну және түсіндіру үшін бинарлық оппозициялық жүйелеу тәсілі қолданылатынын сөз ете келе, Т.В.Цивьян негізінен 10-12 оппозициялық жұптан тұратын бұл жүйені іштей:

1) кеңістіктің құрылысына байланысты – *жоғары/төмен, көк жүзі/қара жер, жер/жерасты әлемі, оң/сол, шығыс/батыс, солтүстік/оңтүстік* т.б.;

2) уақыттың құрылысына байланысты – *күн/түн, жарық/қараңғылық, жаз/қыс, көктем/күз* т.б.

3) түске байланысты – *ақ/қара, қызыл/қара* т.б.

4) табиғат және мәдениет оппозициясы тұрғысынан – *дымқыл/құрғақ, иішкі/ііскен, табиғи/жасанды* т.б.

5) әлеуметтік категорияға байланысты (жас мөлшерлік, генеалогиялық, қоғамдық әртүрлі мағынада) – *еркек/әйел, үшкен/кіші, жас/кәрі, қыз/ұл, жат/жақын, кеңістіктік алыс/жақын, ішкі/сыртқы* оппозицияларының метафоралануына қатысты ұғым-түсініктерді біріктіретін жұптар т.б.

6) дүние бейнесінің жалпы модусын айқындауға байланысты – *киелі - қасиетті* (сакральді-аксиологиялық) / *пендауи, бұ дүниелік/бақилық* т.б. деп бірнеше жұптарға бөледі. Сондай-ақ ғалым оппозицияның бірігіп келіп тұтастық құрайтын оң және сол бағаны арасындағы қарым-қатынас *бақыт/сор, өлім/өмір, тақ/жұп* сияқты жалпы оппозициялардың көмегімен сипатталатынына назар аударып, «осындай екіжақты белгілердің жиынтығына негізделіп әмбебап таңбалық кешендер кескінделеді және олардың көмегімен адам әлемді игереді. Дүние бейнесінің әмбебап таңбалық кешендері әртүрлі кодтық жүйелер арқылы жүзеге асады. Әлемнің сан түрлі фрагменттері, кейіпкерлері, нысандары әртүрлі кодтардың тұғырына алынады, осылайша астральдық, вегатативтік, зооморфтық, антроморфтық, гастрonomдық, түстік, сандық, әуендік, саздық т.б. кодтар қалыптасады. Өзара қарым-қатынасқа түсіп, ықпал ететін өзіндік шеңбер-аясы бар мұндай кодтардың дүние моделінде қатарласа, қатпарласа, жанаса, тоғыса орын тебуі белгілі бір иерархиялық классификацияны көрсетеді. Бұл күрделі конгломерат семантикалық тұрғыдан біртұтас болып келеді, өйткені ол бірғана объектіні – *әлемді* бірғана субъект – *адам* тарапынан сипаттайды» деген қорытындыға келеді [227, 6].

Контраст (франц. *contraste*) көркем туындыны көркемдеу мақсатында кеңістік пен уақыт сапаларын салыстырып, қарама-қарсылықты шебер беретін көркемдеуіш тәсіл болып табылады.

Жоққа шығару категориясындағы тілдік құралдар оқиғаны түсіндіріп қана қоймайды, сонымен қатар автор идеясы мен ойын, оның қоршаған орта әділетсіздігіне қарсылығын білдіруге, оқырманға жағымсыз жағдайларды сынауға мүмкіндік берері сөзсіз. Сондай-ақ, ол – кейіпкердің оқырман түсінігіне сай келмейтін өмір жағдайын суреттеу үшін де таптырмас құрал. Контраст – адам ойының табиғи бейімділігінің тікелей көрінісі. Ол көркем ойлау тәсілі ретінде қызмет етіп келеді. Сол себепті, қарама-қарсы мағыналы бірліктерді көркем шығармалар негізінде зерттеу антонимия құбылысын кешенді меңгертуде жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Оппозициялар мен стильдік фигураларды магистранттарға меңгертуде мәтінге жүгінген дұрыс. Өйткені, стильдік фигуралар контексте, яғни мәтінде ғана көрініс табады.

2 тарау бойынша тұжырым

Қарама-қарсы тілдік бірліктер барлық стильде де қолданылады. Біз өз жұмысымызда антонимдік оппозиция жиі қолданылатын публицистикалық, көркем стильдер мен жарнама жанрына тоқталғанды жөн көрдік. «Қызмет» термині лингвистикалық әдебиеттерде сөйлесім үдерісіндегі тілдік бірліктердің рөлі ретінде және белгілі бір құралдардың не құралдар жиынтығының жұмсалыу мақсаты ретінде қарастырылады.

Стилистикалық қызмет ұғымын анықтау барысында тілдік қызметтің барлық түрі қарастырылады. Өйткені, стилистика тілдік пәндер мәліметін пайдалана отырып, тілдік элементтерді басқа қырынан, мәтіннің көркемдік әлеуеті тұрғысынан қарастырады. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер мәтінде *қарама-қарсылық, салыстыру, бөлу, кезектестіру, қарама-қарсылықтарды біріктіру, барлық құбылыстарды қамту, қарама-қарсылықты жоққа шығару* қызметтерін атқарады.

Публицистика жанрында қарама-қарсы тілдік бірліктер түрлі әдістермен беріледі. Біз оларды оппозициялық тұрғыдан талдап, соңғы жылдардағы газет беттерінен мысалдар келтірдік. Баспасөз беттерінде *қабылдау – тапсыру, бала – азамат, бодан – тәуелсіз, жүз – бір, алыс – жақын, билік – халық* жұптары жиі қолданылады. *Билік* пен *халық* – баспасөз бетінде үнемі қарсылықта қолданылатын оппозицияның бірі. Саясаттың бет-бейнесі болып табылатын публицистика жанрында саяси тұлғалар «*билік – халық*» жұбы біреудің көпшілікпен, жоғарының төменмен қатынасы ретінде бір-біріне қарсы жұмсалады. Қарама-қарсы мәнді тілдік бірліктер ретінде етістіктер публицистика тілінде жиі қолданылады. Өйткені, публицистика қоғам тынысын білдірсе, қоғам үнемі қозғалыста, өзгерісте.

Қарама-қарсы тілдік бірліктер жарнама мәтінін көркемдеуде ерекше орын алады. Жарнама мақсаты тауар өткізу болса, онда өз тауарын басқа тауармен салыстыру, тауар алғанға дейінгі күй мен кейінгі күйді шендестіру жиі орын алады. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді қолдану арқылы салыстырмалы жарнама (бір заттың қасиетін келесі заттың қасиетімен салыстыру арқылы көрсету), драмаланған жарнама (қиындық туғызып, оны шешу), жұмбақ-жарнама (негізгі жарнама мәтіні сұрақтан басталады) жасалады. Жарнама мәтінінде қарама-қарсы мән негізінен антитеза тәсілі арқылы көрініс табады. Жарнама ұранындағы риторикалық тәсілдің маңыздысы қарама-қайшылық болып табылады. Жарнама беруші тұтынушыға эмоциялық әсер етуде қарама-қарсы мағыналы сөздерді дұрыс таңдап, тиімді қолдану арқылы мақсатына жете алады.

Көркем мәтінде антонимдер қажетті көңіл-күйді беріп, қаһармандардың ішкі жан-дүниесі мен шындық өмірдегі қарама-қайшылықты бейнелеуге қатысты автор идеясын жүзеге асырады.

Көркем туындыларда да қарама-қарсы тілдік бірліктерді көптеп кездестіреміз. Көркем шығарма қилы тағдырлар мен шынайы өмірдің көрінісі десек, өмірдің өзі қайшылыққа құрылған дүние екені рас. Адам ойы, санасы, айналаны тануы қайшы ұғымдар арқылы, оларды салыстырып бағалау арқылы жүзеге асады. Сол себепті, талданған әр шығарманың бойынан оппозицияның барлық түріне мысалдар кездесті. Көркем шығарма айшықты сөздер мен сөз орамдарына бай, олардың ішінде біз қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі деп таныған контрасттың стильдік фигуралары да жетерлік. Біз көркем шығармада кездесетін контрастқа негізделген барлық троптар (*антифразис, оксюморон*) мен фигуралардың

(*антитеза, амфитеза, диатеза, альтернатеза, антиметабола, парадистола, аллойза, синкризис*) қызметін айқындауға тырыстық.

Қазіргі тіл білімі басты мағыналық бірліктердің бірі болып табылатын қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді анықтауда бірізді әдісті ұсына алмай отыр. Біздің ойымызша, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің қызметтерін ауызекі тілге қарағанда ұғым кең мағынада, бейнелі, көрнекті сөздермен берілетін публицистикалық, көркем шығармалар және жарнама мәтіні негізінде зерттеу өнімдірек болар еді.

3 ЛЕКСИКАДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

3.1 Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері

Қазіргі уақыт талабы жоғары оқу орнына білікті, сапалы, жан-жақты білімді маман дайындау міндетін қойып отыр. Қазіргі білім беру жоғары оқу орнын бітірушілердің өз елі мен еуропа елдерінде жұмысқа орналасып, қызмет атқаруына мүмкіндік жасайтын біртекті жүйе Болон үдерісіне біріктіріліп отыр. Қазақстан Азия мемлекеттерінің ішінде алғашқы болып Болон декларациясын қабылдап, еуропалық білім беру жүйесіне толық мүше болды. Болон декларациясы еуропаның еңбек нарығының талаптарына сай академиялық дәрежелер мен біліктіліктер беру арқылы түлектердің таңдаған еуропалық оқу орындарында білімдерін жалғастыра алуына мүмкіндік тудыру мақсатын көздейді. Қазақстанның оқу бағдарламасы еуропалық стандартқа сай білім беруге ұмтылуда, жоғары оқу орындарында үш сатылы білім беру бағдарламасы жүзеге асуда (бакалавриат – магистратура –докторлық бағдарлама), сәйкесінше таңдау пәндері мен кредиттік жүйе ендірілді [228]

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиімді бағыты – магистранттардың белсенділіктерін арттыру, белгілі бір дидактикалық ұстанымдарға сүйеніп, ұтымды әдістермен өткізілген сабақ арқылы болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Қазіргі қоғамымызда жоғары білімді дамытудың негізгі ұстанымдары мынада:

- Қазақстан Республикасы барлық азаматтарының білім алу құқықтарының теңдігі;
 - жалпыадамзаттық құндылықтардың, жеке адамның еркін дамуының, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеудің басымдығы;
 - республика халқының жоғары білімінің барлық деңгейін, дәрежесі мен түрлерін пайдалану теңдігі;
 - білімді демократиялық мемлекеттік-қоғамдық басқару, білім мекемелердің автономиялығын, олардың оқыту мен тәрбиелеудің ұйымдық-құқықтық формаларын іс-әрекет бағыттары бойынша алуан түрлілігін кеңейту;
 - ұлттық басымдықтарды сақтау және қолдау арқылы дүниежүзілік білім кеңістігіне интеграциялану;
 - жоғары білімді, білім мен өндірісті интеграциялау қоғам дамуына ғылыми-білім және әлеуметтік-мәдени аспектілердің синтезі;
 - білім үдерісінің үздіксіздігі, оның сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ету;
 - тарихи сана-сезімді қалыптастыру, жоғары мектепте білім алу және тарихты құрметтеу ахуалын орнату;

– ұрпақтарды әлеуеттендіру, оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі, жоғары мектеп контингентін кәсіптік білім мен дағдылар әлеміне, қоғамның, өркениеттің, мәдениеттің этикалық нормалар жүйесіне интеграциялау;

– жоғары білімнің дүние жүзінде қол жеткен биік сана деңгейіне бағдарлану, оқитын бір адамға есептегенде қаржылық, материалдық-техникалық, интеллектуалдық және ақпараттық қамтамасыз етудің халықаралық талаптарына сәйкестік;

– мемлекеттік жүйенің толық құқықтық құрамдас бөлігі – жеке білім секторын тану.

2030 дейін жоғары білімді ұйымдастырудың басым бағыттары осылай бекітілді [229].

Біліктілігі жоғары ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауда зерттеу жұмысын орындау мен пәндік құзыреттілікті қалыптастыруға сәйкес нормативті талаптармен қатар болашақ жоғары мектеп оқытушысына қажетті психологиялық-педагогикалық сауаттылық та маңызға ие.

Құзыреттілік – білім, білік, дағды, оларды қызметте, қарым-қатынаста, тұлға дамытуда жүзеге асыру жолдары мен тәсілдері [230].

Кәсіби құзыреттілік – оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін, білім мен шеберліктен, тұлға сапасы мен қасиеттерінен тұратын күрделі құрылым [231, 118].

А.В.Овсяникова келесідей анықтама береді: «кәсіби құзыреттілік – педагогтың білім алушыны оқыту мен тәрбиелеуге қатысты әлеуметтік, психологиялық және басқа да мәселелерді шешуде терең ойлауын қажет ететін талап. Сондықтан да, ол педагогтың кәсіби құзыреттілігінің келесі құрылымдарының бірлігінен тұрады: өз мамандығын сүю, ол оның өзін-өзі жетілдіруіне алып келеді; психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-экономикалық дайындық; тәжірибе және педагог үшін қажетті тұлғалық құзыреттілік» [232].

Кәсіби құзыреттілік – әлемде не белгілі бір саладағы тиімді іс-әрекетке алып келетін білім, дағды, түсінік, құндылықтар, көзқарастардың күрделі үйлесімі [233].

Бүгінгі студент, ертеңгі маманға эмоционалды әсер ете отырып, оны тәрбиелейтін, тілдік тұлға ретінде қалыптастыратын жоғары мектеп оқытушысына қойылар талап зор. Е.А.Климовтың пікірінше, бұл кәсіп иесіне төмендегі қасиеттер тән: 1) жетекшілік ету, оқыту, тәрбиелеу; 2) тыңдай білу; 3) жан-жақтылық; 4) сөйлеу мәдениетінің сақталуы; 5) адамның мінезін, сезімін, іс-әрекетін байқағыштық; ішкі жан дүниесін елестету, дамыта білу; 6) өзгеге сенім ұялату; 7) жанашырлық таныту; 8) жалпы халыққа қызмет ету; 9) оқыс жағдайлардан шыға білу; 10) өзін-өзі ұстай білу, т.б [234]. А.К.Макарова зерттеуінде педагогта кәсіби білім, білік, психологиялық және педагогикалық білім, психологиялық көзқарас, ұстаным, өзіндік жеке ерекшеліктердің болуы керектігі аталады. Ол манызды кәсіби қасиеттерге педагогикалық ойлау, шешендік, байқағыштық, тапқырлық, қырағылық, мақсаттылық, эрудицияның жан-жақтылығы сияқты қасиеттерді қосыңыз. ХІ ғасырда өмір сүрген

Кайкаустың 1082-1083 жылдары жазған «Кабуснама» үгіт-насихат кітабында адам үш түрлі, сөз төрт түрлі болатындығын айтып, адамдардың бірінші түрі ғалымдарға «біледі, білген сайын білгісі келеді» деп анықтама береді. Сондай-ақ, ол: «Ілімге дос болғың келсе уақытты босқа өткізу дұшпаным деп түсін. Кітап оқу, сабақ беру мәселесіне ерекше көңіл бөл. Сабырлы әрі салмақты болып, жеңілтек желөкпелер қатарына қосылма. Өз ісіңнен зерігуші болма. Аз сөйлеп, көп ойланғын. Егер әрбір азаматтың табиғаты осы сипаттас болса, ол сөзсіз өз заманының озық адамы болады», – деп ұстаздық қызмет туралы кеңес береді [235]. Десек те, осы қағиданы ұстану жолында қарым-қатынас мәдениетіне көңіл бөлмесек, жақсы педагог болу мүмкін емес.

Е.А.Климовке сүйенсек, сөздері анық шықпайтын, сөйлеу тілі әрсіз, тұйық, қарым-қатынас мәдениеті төмен адам педагог мамандығын таңдай алмасы анық. Зерттеулер жас оқытушыларда кездесетін педагогикалық қиындықтар көбінесе ғылыми және әдістемелік дайындықтарының кемдігінен емес, кәсіби педагогикалық қарым-қатынасты дұрыс меңгермеулерінен болатындығын көрсетеді [235]. Жоғары оқу орнындағы педагогикалық қарым-қатынас – оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасты айқындайтын, оқытумен тәрбиелеудің мақсат-міндеттерін жүзеге асыратын әдіс-тәсілдердің жиынтығы. Адамдық қарым-қатынас, соның ішінде оқу үдерісіндегі қарым-қатынас жеке тұлғалар арасындағы негізде, яғни тең дәрежеде, қарым-қатынастың тең құқылы мүшелері арасындағы қатынас болып құрылуы тиіс. Демек, педагогикалық қатынастың қандай дәрежеде болуы оқытушының педагогикалық шеберлігі мен қарым-қатынас мәдениетіне байланысты. Оқу үдерісін ақпарат алмасу десек, онда екі жақты қарым-қатынас болмаса, ақпарат алмасылмасы, материал игеріلمесі анық.

Жоғары оқу орнының басты қызметі – жеке тұлға ретінде қалыптасқан маман дайындау. Жоғарыда атап кеткен Кайкаустың өсиетінде: «Тым ұзақ немесе қысқа және мағынасыз сөйлем. Мінбеге шығып алып, көңілің қалаған, аузыңа түскен сөзді айта бермей, мақсатыңды қысқа әрі сұлу сөзбен сөйлегін. Әр сөзің әсерлі болсын, есіткен жұрт әр сөзіңе ризалансын. Қызметсіз ғалым болма, білімді жақсы үйренгін. Білгенінді жақсы сөз өрнектерімен жұртшылыққа хабарлап, оның іске асуына көңіл бөл. Өзің жақсы білмейтін мәселеден сөз қозғап, масқара болма» [236]. ХІ ғасырда айтылған өсиет жоғары мектеп оқытушысының тұлғасын айқындап берді. ХХІ ғасырдағы жоғары оқу орнының ұстазына қойылар талап бұдан да жоғары болса керек. Магистранттардың бойына кәсіби құзыреттілік дарыту үшін жоғарыдағы талаптар айқындағандай келесі құзыреттіліктерді жинақтау қажет:

- тілдік;
- қатысымдық;
- танымдық;
- тұлғалық;
- ұжымдық;
- шығармашылық.

Тілдік құзыреттілікке бай сөздік қормен ғана жетуге болады. Оқытушы тілді меңгердім деп айту үшін сөздік қоры қарапайым адам қолдана алатын сөзінен екі есе артық болуы тиіс. Оқытушы тіл байлығының шұрайлысын өз ойын дәлме-дәл, ұтымды жеткізетін сөз тізбегін қолданғаны дұрыс. Сонда ғана тіл тек ақпарат тасымалдаушы, қатынас құралы емес, эмоционалдық, тәрбиелік әсердің көзі ретінде танылады [236]. Білім алушы лектордан кәсібилікті жоғары танытып, ұсынылып отырған тақырыптың өзектілігін айқын көрсетіп, нақты дәлелдермен түйіндеп, тілдік құралдарды дұрыс таңдап, сабақ бере білуін қаларын әр кез ескеруіміз керек.

Тілде ғаламды танып-білудің сан ғасырлық тәжірибесі жатыр. Ол кез-келген танымдық іс-әрекеттің құралы болып табылады. Жоғары оқу орнында қазақ тілі пәні оқытушыларының ойын, мәдениетін, тілін дамытуда қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің алар орны зор.

Қоғам мен ғылымның дамуына орай дидактикалық ұстанымдар өзгеріп, жетіліп отырады. Қазіргі адам құндылығы алғашқы орынға қойылатын заманда дидактикалық ұстанымдар болашақ оқытушының логикалық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге, олардың рухани дүниесін ізгілендіріп, тіл мәдениеті мен сөйлеу әдебін қалыптастыруға, оқытушы мен магистрант арасындағы қарым-қатынасты адамгершілік тұрғысында орнатуға бағытталған оқыту әрекетінің мазмұны мен мақсатын, ұйымдастырылуы мен әдіс-тәсілдерін айқындайды.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді магистранттарға меңгертуде зерттеу әдістерін іріктеп алуға материалистік диалектикада бейнелеу, жеке тұлға, таным, іс-әрекет теориялары, ойдың психологиялық теориясы, ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы негіз болып табылды. Магистрантқа жан-жақты таратылып берілген білім, оның танымдық құзыреттілігін дамытары сөзсіз.

Р.М. Қоянбаев: «Оқыту – оқу-тәрбие барысының нақты түрі. Мұның нәтижесінде оқушы тұлғасын тәрбиелеу, дамытумен тығыз байланысты қоғам талабынан туындайтын білім беру міндеттері арнайы дайындығы бар маман басшылығымен жүзеге асады. Білім беру екіжақты процесс. Бұл барыста оқыту мен оқу бірігеді. Оқушының белсенді еңбегінсіз білім алу мүмкін емес» – деп анықтама берген болатын [237].

Г.М. Коджаспирова оқыту «1) оқытушы мен оқушының білім дағдыларын, дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған, әдейі басқарылатын өзара әрекеттестік үдерісі; 2) білімге тарту арқылы танымдық белсенділігін дамытып, қанағаттандыру, оны өзінің жеке тәжірибесінде қолдану қабілетін қалыптастыру; 3) адамның ақпаратты өз бетімен алып, іріктей білу қабілетін дамыту; 4) оқытушы мен оқушының екіжақты үдерісі», – деп есептейді [238]. Жоғары мектеп оқытушысына тән қасиеттерді сіңіріп, құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін интерактивті оқыту маңызды.

Интерактивті оқыту оқу үдерісіне қатысушылардың барлығының өзара белсенді әрекеттестікке түсіп, қабілеті мен мүмкіндіктерінің толығынан

ашылуына жағдай жасау және білімді өз бетімен алуына бейімдеу болып табылады.

Ал Г.Д.Нұрбекова интерактивті оқытудың «оқушылардың бірігіп бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетте өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және фантазиясын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беретінін» айтады [239].

Сабақтың типтері мен құрылымын сипаттай отырып, В.В.Гузеев «интерактивті режим» терминін енгізеді. Ол интерактивті режимді әңгіме сабағы мен консультацияға телиді [240].

Г.К. Бөлекбаева интерактивті әдісті сабақта қолданудың келесі дағдыларды қалыптастыратындығына сенімді:

1. Студент өзін батыл әрі еркін сезінеді. Үйреніп отырған тілге деген қызығушылығы артады, яғни өз қажеттілігі үшін үйренуге ынтасы оянады.

2. Өзіне бөлінген тақырып бойынша сөйлеу барысында ізденуге, шығармашылық жұмыс істеуге үйренеді.

3. Студент топ болып, жұп болып әрекет етуге үйренеді [241].

М.В.Кларин «интерактивті оқыту – оқушылардың оқу ортасымен өзара әрекеттестігіне негізделген оқыту» деп түсіндірсе [242], Ю.Осипова мен

Г.Адилгазинов «интерактивтік оқытудың ұйымдастырушы формасы өзара әрекетке негізделеді» деген ойда [243]. Мұндай оқыту формалары магистранттардың да тілдесімдік дағдыларын дамытып, тұлға ретінде қалыптасуларына, өмірдегі қарама-қайшы мәселелерге сыни тұрғыдан қарауына септігін тигізеді.

Ақпараттық технологиялар мен компьютер арқылы оқыту жүйесіне еңбек арнаған Р.Дүзбаева «интерактивті дегеніміз – өзара әрекетке түсу немесе біреумен әлде компьютермен әңгіме, сұхбат режимінде болу, ал интерактивті оқыту – бұл дәстүрлі және дәстүрден тыс оқытудың өзара әрекеттестік механизмі, оған арнайы дидактикалық жүйеде іске асатын қағидалар, әдістер, технологиялар, оқытудың құралдары мен формаларының кешені енеді» деген анықтама берген болатын [244].

Т.С.Садықов, А.Е.Абылқасымова сынды ғалымдар оқытудың қатысымдық, тілдесімдік маңызына мән береді [245]. В.К.Дьяченко мен Г.М.Құсайынов «тілдесім – адамдар арасындағы сөйлесім әрекеті» дей отырып, сол арқылы ақпарат (ой, білім, идея) алмасуы, әрекетті басқару және қарым-қатынасты қалыптастыру мен орнату үдерісі іске асатындығын айтқан болатын [246].

Қатысымдық құзыреттілікке тілдік нормалар мен адамдармен қарым-қатынас жасау әдебін қатар меңгергенде ғана жетуге болады [лайф сайнс]. Қатысымдық құзыреттілік ғылыми-педагогикалық тілдесімді игеруді талап етеді. Дискурстық құзыреттілік маманның қатысымдық құзыреттілігінің бір бөлігі саналады. Дискурстық құзыреттілік түрлі дискурстарды меңгеру арқылы қалыптасады. Дискурстық құзыреттілікті магистранттарда қалыптастырудың маңыздылығы мынада: ғылыми педагогикалық дискурста қатысымның тілдік және тілдесімдік формалары, дискурстық стратегиялар, бағалауыштық ақпараттар, тұлғалық және әлеуметтік сипаттар, әлеуметтік

жағдай қамтылады. Бұл құзыреттілікті магистранттардың бойында қалыптастыру ғылыми мәселелерді талқылау, қатысымды жүзеге асыру мақсатын көздейді.

Интерактивті оқытуда үйретуші емес, үйренуші белсенді. Жаңа технологиямен оқытуда оқытушы дайын білім бермейді, магистрантты шығармашылық ізденіске бағыттайды. Олар алған білімдерін тәжірибе жүзінде тексереді, кәсіби міндетті шешуде логикалық ойлауға, қорытындылауға үйренеді. Шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыруда шығармашылық тапсырмалардың алар орны ерекше. Мұнда оқытушы тренер немесе фасилиатор ролінде болады. «Фасилиатор» – латын тілінен енген, көмек деген мағынаны беретін сөз. Яғни, фасилиатор шығармашылыққа дем береді, топ жұмысының жүру барысын бақылайды, ізденіске бағыттайды, талқыға салу уақытын белгілейді. Фасилиатор туралы Б.А.Тұрғанбаева «ұстаздардың ұстазы» деп баға береді [247]. Интерактивті оқытудың дәстүрлі оқытудан басты артықшылығы да үйренушілердің, біздің жағдайымызда магистранттардың, белсенділігінде.

Қ.Қадашева интерактивті әдіске «жоғары белсенділікті көтеру» әдісі деп анықтама берген болатын [248]. Магистранттар оқу ортасымен әрекетке түсе отырып, өз мүмкіндіктерін сыртқа шығарады.

М.Т.Мұқажанов «Интерактивті оқыту дегеніміз – әңгіме, сұхбат түрінде біреумен не бірнәрсемен әрекеттестікке түсу, интерактивті оқыту – нақты және алдын ала болжанған мақсатты шеше алатын танымдық процесті арнайы ұйымдастыру формасы. Мақсаттың біріне оқытудың өнімді болуына мүмкіндік беретін жайлы жағдай туғызу, ал оның мәні – оқу-таным үдерісіне барлық оқушылардың тартылуы» деген болатын [249, 5].

Сабақта жағымды психологиялық ахуал тудыру үшін еркіндік, достық атмосферасын қалыптастырудың маңызы зор. Мұндай жағдайда магистранттар «қате пікір айтып қоямын ба?» деп қысылмайтын болады. Магистранттардың бойында белсенділік пайда болады. Осы орайда, американдық психолог Осборн ұсынған «ойға шабул» әдісін айта кеткен жөн. Бұл әдісте магистрант өз ойын, ұсынысын емін-еркін ортаға салады, өйткені ешкімнің пікірі сыналмайды. Пікір неғұрлым көп болса, мәселе оңайырақ шешіледі. Іріктеу сарапшы топ немесе ұжым болып талқылау арқылы жүргізіледі. «Ойға шабуыл» әдісі «пікірталас арқылы оқыту» моделіне сай келеді. Оқыту жүйесінде пікірталастың орын алуы маңызды, прогрессивті жаңалық екенін В.М.Кларин де айтқан болатын [242]. Пікірталас оқытудың бір формасы ретінде арнайы қарастырылмаса да, зерттеушілер пікірталас кезінде қатысушылар арасында пікір алмасылып, оқытушы бір нәрсені әр қырынан ұсыну арқылы қайшы көзқарастар мен пікірлер туындайтынын, топ болып ортақ пікір, шешім іздейтіндігін баса айтады. Бұлай топтың бірігіп, ортақ мақсатқа ұмтылуы магистранттарда ұжымдық құзыреттілік қалыптасуына септігін тигізеді.

Кәсіби бағдарлы оқыту болашақ маманның қызметіне қажетті дағдылар, біліктер мен ғылыми ұғымдар жүйесінің қалыптасуына тиімді жағдайлар жасайтын оқу әрекеті болып табылады. Сабақтарда педагогикалық бағыттағы

қатысымдық-жағдаяттық тапсырмалар беру болашақ мамандарды өмірде болатын жағдайларға неғұрлым жақындатады, сондай жағдайда өзін ұстауға және тілдік құралдарды тандап қолдана білуге үйретеді. Бұл тапсырмалар магистранттарға көпшілік алдында сөйлеуге, шешен сөйлеуге, сұхбаттар мен пікірсайысқа қатысуға мүмкіндік береді. Ол магистранттардың бойларындағы қатысымдық құзыреттіліктерін дамытады. Сондықтан да, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқытуда хабарлама, баяндама жасату, оппонент рөліне бекіту, анықтама бергізу, пікір айтқызу, жүргізуші, хатшы, төрағалық рөлдерді беру, диспутқа қатыстыру сияқты жұмыстар орындату ұтымды болмақ. Осы арқылы тұлғалық құзыреттілігі жоғары маман дайындап шығуға болады.

Келісу-келіспеу, айтылғандарды қолдау, бекіту, толықтыру, өз пікірін білдіру, қуанышты, ренішті, сенімсіздікті, тандануды білдіретін тілдік әрекеттерге ынталандыратын, нақтылауды, түсіндіруді, толықтыруды қажет ететін тапсырмалар тілдік тұлға дамытуда маңызды. Осы тұрғыда

Ж.Т.Дәулетбекованың пікірі құнды: «Анализ, синтез, теориялық жалпылау, дәйектеу мен дәлелдеу секілді интеллектуалдық операцияларды меңгеруге бейімділік көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытуға, түрлі пікірталас түрлерінде, сөз мәдениеті аясындағы өзге де тақырыптар мен тапсырмаларда өз қабілетін танытуға мүмкіндік беретін жұмыстарды еркін орындауға жол ашады». Сондай-ақ, зерттеуші дайын ереже, дайын мысалдан гөрі оқыған білімі негізінде өздігінен шешім жасау, өзіндік даралыққа қол жеткізу түріндегі тапсырмаларды орындау маңыздырақ екенін баса айтады [250].

Үлгі бойынша алған білімнен гөрі ізденіп өзі шешкен білім нәтижелі болатынын А.Жапбаровтың дамыта оқыту жүйесінен де түсінеміз. Ғалым дәстүрлі оқыту әдістемесі негізінде метафизикалық (экстенсивтік, сандық, мазмұндық), дамыта оқыту технологиясы негізінде диалектикалық (интенсивті, сапалық, мәндік) әдіснама жатыр деп есептейді [251].

Педагогикалық зерттеулер оқу әрекетінің бастапқы кезеңінде олардың әлеуметтік-психологиялық, оқуға бейімделуіне ықпал ететін «авторитарлық монолог» емес, «демократиялық диалог» екенін дәлелдеді. Оқытуда шешуші фактор ретінде сенімділік деңгейі көрінеді. Психологтардың пікірінше, сенімділік ахуалын тудыру үшін оқытушы бағалаушы, сынаушы ұстанымынан баяндаушы ұстанымына көшу, бақылаушы әрекеттен мәселе шешімін бірге табу әрекетіне қарай бұрылу қажет деп біледі.

Интерактивті оқытуда оқытушы қызметі төмендегідей болуы шарт:

- Аудиторияда сенімділік, жақындық ахуалын тудыру;
- Магистранттардың интеллектуалдық, танымдық белсенділігін арттыратын әдіс-тәсілдер таңдау;
- Сабақты қатысымдық әрекетке негіздеп өткізу.

Білім берудің оқытушы мен магистранттардың толық түсіністігі жағдайындағы әңгіме түрінде жүруі тақырыпты меңгертуді тиімді етпек.

ЖОО оқытушысы бойына барлық адамдық және кәсіби қасиеттерді сіңірген жан-жақты білімді маман болуы тиіс. Бұл – сабақ беруші оқытушыға ғана қойылар талап емес, болашақ жоғары мектеп мамандары магистранттарға сабақ барысында сіңірілуі тиіс шыдамдылық, парасаттылық, көрегендік, мейірімділік, шешендік, сезімталдық, алғырлық және т.б. қасиеттер.

Қазіргі педагогика жалпыадамзаттық құндылықтарға аса көңіл бөледі. Олар: адамды ең жоғарғы құндылық ретінде тану, жеке тұлға қалыптастыру, олардың қарым-қатынас, рухани-адамгершілік мәдениеттері, оқу мен тәрбиедегі демократиялық ұстанымдар.

Оқыту ұстанымдары пәнді оқыту үдерісінде қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету мазмұны, әдістері мен оқытуды ұйымдастыру жолдары көрінетін дидактикалық бірлік болып табылады. Ол – оқыту мазмұны, құрылымы, оның іс-әрекет нормасы түріндегі заңдылығы.

Магистратурада қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқыту барысында дидактиканың төмендегі ұстанымдары негізге алынғаны жөн:

- тәрбиелік;
- ғылымилық;
- жүйелілік;
- қолжетімділік;
- көрнекілік;
- белсенділік;
- беріктілік;
- жекелік;
- теория мен практиканың ұштастығы.

Тәрбиелік ұстанымы. Оқу орны, ең алдымен, тәрбие ошағы болып табылады. Магистранттар бойына жоғары оқу орнының кәсіби маманы ретінде қалыптасуына қажетті тілдік, қатысымдық, тұлғалық, танымдық және т.б. құзыреттіліктерді дарыту, дүниетанымын кеңейтіп, шығармашылық ойын дамыту қарастырылады.

Ғылымилық ұстанымы оқыту барысында магистранттардың нақты ғылыми дәлелдермен, теориямен танысуын көздейді. Бұл ұстаным қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерге қатысты ғылыми зерттеулерді талдатуға, осы саланы зерттеу әдістерін меңгертуге, қажетті материалды сұрыптап таңдай білулеріне бағытталады. Осы мақсатта магистранттарға бұл ғылым саласында қалыптасқан тілдік ережелер мен терминдер беріледі, антонимдер сөздігімен жұмыстану ұсынылады. Ғылымилық ұстаным оқыту барысында магистрантқа ғылыми ізденіске, қосымша ғылыми ақпараттар іздеуге, өз көзқарасын дәлелдеуге бағыттайды.

Жүйелілік ұстанымы оқытылатын саланы белгілі бір тәртіппен, өзара байланыста оқытып, меңгертуді көздейді. Бұл ұстаным бірізділік пен дамытушылыққа бағытталған. Оқытылатын материал бөлімдерге бөлініп, оны оқыту тәртібі мен әдістері айқындалуы тиіс. Әр тақырыптың маңызды мазмұны мен негізгі ұғымдары айқындалады. Әрбір бөлімді оқытуда теориялық

байланыс ескеріледі. Оқыту жүйелілігі ең үздік оқыту жүйесі модульмен оқытуда айқын көрінеді, оның блоктары белгілі жүйемен құрылады.

Қолжетімділік ұстанымы. Қолжетімділік жеңілдетілген оқу емес.

Л.В.Занков айтқандай, оқу қолжетімділік ұстанымына жауап беретіндей өте күрделі тапсырмалар арқылы дамыту мақсатында жүргізілуі керек. Қолжетімділік ұстанымы маңызды, қызықты ақпараттардан тұратын материалдарды интерактивті оқыту әдістерімен меңгертуді көздейді.

Көрнекілік ұстанымы. Оқу материалын қабылдау мен түсіну үшін мақсатты түрде сезім мүшелеріне әсер ету оқытудың тиімділігін қамтамасыз етеді. Оқыту барысындағы табиғи тіл, сөйленіс, шешен сөз, көркем шығармадан үзінді де көрнекілік болып табылады. Көрнекіліктер дидактикалық материал ретінде сөз, сурет, сызба болып бөлінсе, қабылдау түріне қарай есту, көру, есту және көру, материалды беру тәсіліне қарай техникалық құралдармен және техникалық құралдарсыз, ұйымдастыру жұмыстары бойынша материалды жариялау арқылы фронталды жұмыс және үлестіру материалдары негізінде жеке деп бөлінеді.

Белсенділік ұстанымы – оқытушы мен магистранттар әрекеттерінің бірлігін қамтитын әдістемелік жүйедегі маңызды ұстанымдардың бірі. Магистранттар белсенді болып, іс-әрекеттің субъектілері болғанда ғана оқыту тиімді болмақ. Олардың белсенділіктері оқытудың мақсатын біліп, өз білімін тексере алуынан, білімге қызығушылық танытып, мәселені өздері қойып, оның шешімін іздей білуінен көрінеді. Оқытуда белсенділікке жету үшін танымдық негіздегі оқыту уәжін қалыптастыру, проблемалық жағдаят қойып, теориялық және практикалық мәселелерді шешуге бағыттау, оқытудың интерактивті түрін таңдау, жеке және ұжымдық жұмыс түрлерінде магистранттардың өзара әрекет етулерін қадағалау қажет.

Беріктілік ұстанымы білім, білік пен дағды білім алушылардың санасында сақталуына бағытталған дидактикалық ұстаным болып табылады. Беріктілік ұстанымы практикалық әрекеттер, лексикалық жаттығулар, өткен материалды үнемі қайталау арқылы жүзеге асады. Білім, білік пен дағдылардың беріктігінің өлшемі – практика. Олардың беріктігін материалды меңгеру қажеттігін, теориялық білімнің тәжірибеде қолданылу мүмкіндігін түсіну, берілген білімді уақытылы бекіту, терминдер мен анықтамаларды мақсатты түрде есте сақтау қамтамасыз етеді.

Жекелік ұстанымы оқытушы магистрантты ұжымдық жұмысқа араластыра отырып, оның қызығушылығы мен ерекшелігін ескеруін, игерген білімі мен білігін бақылауда ұстауын көздейді. Оқыту үдерісі әр магистранттың жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасауы керек.

Теория мен практиканың ұштастығы ұстанымы алған білімді тәжірибеде қолдана білуге бағытталады. Теория мен практиканың ұштастығы түрлі жаттығулар негізінде жүзеге асады. Алған теориялық білімді мәтіннен анықтайды, сөздіктен тексереді, кейін оны антонимдік жұп табуда, сөйлем, мәтін құрауда қолданады. Осындай жолмен меңгерілген білім нәтижелі болмақ.

Оқыту жүйесі субъект, үдеріс, оқыту пәні, жағдай, әдіс, нәтижелерден тұрады. Бұл қызмет уәж, әдіс пен нәтижеге бағытталған ұстанымдарға негізделеді. Жоғарыда аталған ұстанымдар бірлікте жұмсалып, магистранттардың бойында жоғарғы мектеп ұстазына тән құзыреттіліктер қалыптастыратын басты ұстаным *дамытушылық ұстанымына* бірігеді.

Жоғары оқу орнының оқытушысы құзыреттіліктерін қалыптастыру келесі бағыттарда жүзеге асуы тиіс:

- тұлғалық;
- жеке тұлғалық және қоғамдық;
- педагогикалық қатынас;

Магистранттардың оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру барысында педагогикалық жағдаяттар мен педагогикалық тапсырмаларды әдістемелік жағынан тиімді жобалай білу олардың бойында өмірде болатын жағдаяттарды шешуге көмектесетін дағдылар қалыптастыруға негіз болады.

Н.В. Бородовская, А.А. Реан дайындаған «Педагогика» оқулығында мындай жағдаяттар ұсынылады:

- ынталандыру;
- іріктеу;
- табыс;
- дау-дамай;
- қауіп;
- сыни және өзіндік сын;
- көмектесу және өзара көмектесу;
- жазалауға қауіп бар;
- өзін-өзі бағалау;
- қарым-қатынас;
- ойын;
- тренингтік;
- жауапты шешім қабылдау;
- сенім және т.б.

Магистранттардың болашақ кәсіби қызметтерінде түрлі педагогикалық жағдаяттар кездеседі, оларды дұрыс шешу үшін талдау, салыстыру, болжау, саралау, жинақтау, шешім қабылдау сияқты қасиеттер қажет. Оқытудың жаңа технологиялары – ой дамытуда, ізденімпаздықты қалыптастыруда таптырмас әдіс. Оқу үдерісінде интерактивті (жаңа технологиямен) оқытудың тұлға қалыптастыруда алар орны ерекше. Интеракция – жеке тұлғаның, жұптың, топтың өзара біріккен іс-әрекеті. Ал, интерактивті оқыту – белсенді оқыту бағыты. Интерактивті оқытуда білім алушының белсенділігі маңызды орын алады. Белсенділікті арттыруда проблемалық оқыту, өзара ынтымақтастықта оқыту, зерттеу, бақылау мен бағалау әрекеттері, өз бетінше оқу маңызға ие. Интерактивті оқытудың келесі формалары бар: дискуссиялық диалог, дидактикалық және шығармашылық ойындар, тренинг. Бірігіп жұмыс істеу мен тілдік қатынас барысында білім алушы өзін өзі тәрбиелейді.

Интерактивті оқыту әдісін қолданудың тиімділігі мынада: магистранттардың

- білімді ұғып, түсінуі, меңгеруі жеңілдеп, танымдық құзыреттіліктері артады;
- тақырыпқа қызығушылықтары жоғарылап, ізденушілік белсенділіктері дамып, шығармашылық құзыреттіліктері қалыптасады;
- оқытушымен, басқа магистранттармен тілдік қатынасқа түсуі арқылы қатысымдық құзыреттіліктері дамиды;
- белсенді жұмыс атқару арқылы белсенділік құзыреттіліктерінің қалыптасуына мүмкіндік туады;
- жаттығуларды ынтымақтастық пен серіктестікте орындау арқылы тұлғалық және ұжымдық құзыреттіліктері қалыптасады.

Білім алушыларды интерактивті әдіспен оқыту барысында күрделі оқу материалдарын нәтижелі меңгерумен қатар олардың таңдаған мамандықтарына сүйіспеншілігін және жауапкершілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Интерактивті оқытуды оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланғанда оқытудың нәтижелі, білімнің сапалы болуы, білім алушылардың өз бетінше және топпен жұмыс жасауға ынтықтасының артуы, ізденушілік, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерінің жетілуі жүзеге асады.

Интерактивтік іс-әрекеттің негізгі идеясы – өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа негізделген достық ахуал жағдайындағы екіжақты және көпжақты пікірлесім, тілдесім. Яғни, қатысушылар ашық түрде белгілі бір мәселелерді талдауға, өз ойын ортаға салуға, қарама-қайшы пікірлерді салыстыруға, пікірталасқа түсуге машықтанады.

Интерактивті оқытуда магистранттар өздерін еркін сезіну үшін психологиялық ахуал туғызу, өз көзқарасын білдіруге, ойын дәлелдеп жауап беруге жағдай жасау, пікірін мұқият тыңдау қажет. Сондай-ақ, ұстаз алдында болашақ маманға қажетті білік пен дағдыларды үйретіп қана қоймай, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал жасау міндеті тұр.

Интерактивті оқыту жеке-тұлғалық, қатысымдық-әрекеттік және әлеуметтік-мәдени бағыттарды қамтиды. Жекетұлғалық-бағдарлы білім беру қазіргі педагогиканың басты міндеттерінің бірі десек, магистранттардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту жетекші бағыт болып танылады.

Модульдік оқыту технологиясы педагогикалық негізін Дж.Дьюидің тұлғалық орталандырған идеясынан алса, психологиялық негізі Дж.Кэрролл, Б.Блум және т.б. ғалымдардың «білімді толық меңгеру жүйесінен» бастау алады. Дәстүрлі оқыту жүйесінде топқа материалды меңгеру үшін бірдей уақыт берілетін. Әр білім алушы қабілетіне қарай бір модульді меңгеру үшін жеткілікті уақытқа ие болатын бұл технология тиімділігін дәлелдеп келеді. Білімді толық меңгерту жүйесі Ресейде М.В.Клариннің [242] еңбектерінде қарастырылса, Қазақстанда З.Бейсенбайқызы қазақ тілін модульдік технология бойынша оқытуға арнап еңбек жазды [252]. Оқу модулі оқу үдерісінің мазмұны тұтас, оқыту мақсаттары айқындалған құрамдас бөлігі болып табылады.

Модульдік оқыту технологиясының сипаттамалары төмендегідей:

- әрбір оқу модулі бойынша диагностикалық мақсат қою;
- оқу кешенінің әртүрлі оқу модульдерінен тұратын мазмұнын, оқыту әдістерін, бақылау және бағалау жүйесін өзгертіп отыруға икемділігі;
- берілген модульдің мақсатын сезіне отырып түсіну;
- үйренушінің өз білімін өзі тексеруге мүмкіндік беретін өзіндік жұмыстардың басым болуы;
- үйретушінің әріптес ретінде кеңес беруінің басымдығы;
- үйренуші өзінің әрекетін өзі қорытындылауы.

Модульдердің сабақтаса ұйымдастырылуы қазақ тілін оқытып үйретуге реттілік пен мақсаттылық сипат беретіндігін айтқан К.Жақсылықова модуль арқылы оқытудағы практикалық сабақтарды ұйымдастыруда келесі жұмыс түрлерін ұсынады: топпен жұмыс, шағын топтармен жұмыс, шағын топтардың өзара жұмысы, жұптасып жұмыс жасау [253, 163]. Динамикалы сахналанған оқыту «... ізденімпаздықты, оқытушыдан жоғары әдіскерлік шеберлікті, әсіресе, модуль арқылы оқыту мәселесі бойынша жоғары кәсіби деңгейді талап етеді. Оқытудың бұл жүйесі оқытушы мен студенттердің ішкі мүмкін қорының көзін ашып, оның екі жақты біртұтас белсенді әрекет жасауына негізделген» [253, 162].

Модульдік оқытудың негізгі құралы модуль бағдарламасы болып табылады. Модульді оқытудың тиімді жүргізілуі бағдарламаның дұрыс құрылуына тікелей қатысты. Г.В.Лаврентьев модуль бағдарламасын (МБ) дайындауда қажетті жұмыстардың тізімін береді:

- пән бойынша қажетті әдебиеттер тізімін дайындау;
- оқу бағдарламасына талдау жасау, оларды модуль бағдарламасына лайықтап қайта құру;
- модуль бағдарламасын құрастыру;
- оқу графигіне, сабақ кестесіне қарай МБ-ның құрылымын анықтау;
- МБ-ның құрылымы;
- МБ-ны ақпараттық қамтамасыз ету;
- кері байланыстың, тексерудің түрлерін жоспарлау, ұйымдастыру;
- оқытушыға қажетті әдістемелік құрал дайындау;
- компьютерге лайықтау;
- нормативті құжаттарға негізделу [254].

Модуль бағдарламасын В. Пасвяскене, П. Юцявичене, Г. Лаврентьев және тағы басқа ғалымдар ақпараттық банкімен модульді оқытуды қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік құжаттардың пакеті деп санап, оның белгілі бір ұстанымдарға негізделетін айтады [254; 231].

К.Б.Жақсылықова: «Модуль – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгіленген деңгейіне жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдылы мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы мен оқытудың негізгі құралы» екенін, «модульге ену және одан шығу дегеніміз – студенттердің модуль материалын игермей тұрғандағы олардың бастапқы білім деңгейін тексеру» жұмысын қамтитынын сөз етеді [253, 69].

М.М.Жанпейісова модульдік оқыту технологиясының «білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процесстерді: яғни жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл және т.б.), ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға» бағытталатынын айтады [255, 6].

Г.Кенжебаева «Модульдік оқыту студентке өзіне ыңғайлы модульді таңдап алуына және өзіне қолайлы уақытта оқуына мүмкіндік береді» деген пікір айтады. [256, 12].

Модульдік оқыту магистранттардың материалды өз бетімен оқуларына мүмкіндік туғызып, оқу белсенділіктерін қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен, оқыту – бұл жекеленген құбылыс немесе дағды емес, ол магистранттардың оқуға кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Іске тартылған педагогикалық тетіктердің ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- оқыту әдістерін таңдау;
- жүйелі, кең ауқымда ойлануға үйрету;
- өзінің шығармашылық қабілеттерін пайдалану жолдарын анықтау;
- оқу үдерісі арқылы өзін-өзі тану;
- тілдік бірліктердің мағынасын ажырата білу;
- сандық технологиялар саласындағы жоғары құзыреттілік.

Қазіргі уақыт талабы жоғары оқу орнына білікті, сапалы, жан-жақты білімді маман дайындау міндетін қойып отыр.

Қоғам – тапсырыс беруші, педагогика – сол тапсырысты орындайтын жүйе болғандықтан, педагогика қоғамның даму деңгейіне қарай бағытталып құрылады.

Жоғары оқу орнындағы қазақ тілі пәні оқытушыларының ойын, мәдениетін, тілін дамытуда лексиканың алар орны зор. Өз кезегінде қарама-қарсы тілдік бірліктер туралы жан-жақты білім алуға жағымды ықпал етеді.

3.2 Жоғары оқу орны оқулықтары мен оқу құралдары негізінде антонимия құбылысын оқытудың лингводидактикалық қағидаттары

Жоғары оқу орнында баклавриатта «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», «Қазақ тілінің стилистикасы» пәндері таңдау курстары ретінде жүргізіледі. «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» пәнінің бағдарламасында антонимия мәселесіне «Сөз мағынасының түрлері мен ерекшеліктері» деген тақырыпта антонимдер полисемия, синоним, омонимдермен бірге берілген [257]. «Қазақ тілінің стилистикасы» пәнінің бағдарламасында «Лексикалық стилистика» тақырыбына 2 кредит сағат бөлінген. Осы кредиттік сағаттар барысында басқа да лексикалық бірліктермен қатар антонимнің де функционалдық-стильдік қолданыс аясын оқыту қарастырылған. Өз бетімен жұмыста көркемдеуіш тілдік құралдарға мысал

тергізу, троп түрлерін талқылау берілген [258]. Ф.Ш.Оразбаева мен Р.Қ.Бақбергенованың «5B011700 – қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына дайындаған «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» пәнінен оқу-әдістемелік кешенде де антонимдер мен олардың қолдану жолдары «Синоним. Сөз варианттары. Антоним» тақырыбының көлемінде дәріс және семинар сабақтарында меңгеруді жоспарлайды. Дәрісте антонимдерге жалпы сипаттама беріледі де, болымды, болымсыз қосымшалар арқылы жасалған сөздер антоним бола алмайтындығы туралы айтылады. Ал жалпы қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер туралы мәлімет көрсетілмейді. Жоғарыда аталған қосымшалы сөздер бір-біріне қарсы мәнде жұмсалатыны жасырын емес. Сондай-ақ, «Қазақ тілінің фразеологиясы» тақырыбында фразеологиялық антонимдердің қолданысын оқыту көзделген. Онда фразеологиялық антонимдердің жасалу жолдары баяндалған. Оқу кешенінде антонимдер сөздіктеріне сипаттама берілген. Десек те, антонимдер сөздігімен жаттығулар мен тапсырмалар орындату қарастырылмаған [259].


Жоғарыда аталған пәндердің артар жүгі ауыр, оқыту объектісі кең ауқымды. Сондықтан да, аталған бағдарламалар мен оқу кешені сауатты, жүйелі құрылғанына қарамастан, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді толық меңгерту үшін жеткіліксіз. Жоғары оқу орнына арналған оқулықтарда авторлар антоним мәселесін аттап кеткен жоқ, студенттерге антонимия құбылысын меңгерту қаншалықты қамтылғанын білу үшін олардың бірсыпырасын талдап өткен жөн.

І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтардың «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында антонимдерге «мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер» деген анықтама беріледі де, қарама-қарсы мағынадағы сөздердің барлығы бірдей антоним бола алмайтыны айтылады. Авторлар антоним болу үшін түбірлердің әр түрлі болуы маңызды деп біледі, сондай-ақ, әр түбірлі қарама-қарсы сөздер де контекске қарай бірде антоним болса, бірде антоним бола алмайды деген ойда. Оқулықта берілген «антитезаның бәрі антоним бола алмайды» деген пікір авторлардың контекстік антонимдерді мойындамағанын көрсетеді [113, 64-67].

Қ. Аханов «Тіл білімдерінің негіздері» оқулығында өзара мәндес сөздердің бір-біріне қарсы қойылуын антонимдес мағына ретінде емес, антонимді қолданыс деп қарау керектігін айтады. Оқулықта полисемия құбылысының антонимия құбылысымен ұштасып жататындығына нақты мысалдар келтіріледі. Ғалым антонимдердің стилистикалық қызметі күшті екенін айта келіп, антонимдердің шендестірудің бір тәсілі ретінде қолданылатынына назар аудартады [260, 131-133 б.].

М.Белбаева «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы» оқу құралында «Мағыналары қарама-қарсы сөздер антонимдер деп аталады» – деп анықтама береді де, антонимдерге сапалық қасиет тән екендігін айтады [28, 39]. Автор олардың басым көпшілігі сын есім болатындығын «сапалық ұғымы бар сын есімдерден басқа сөз таптарынан жасалған антонимдер тілде сирек ұшырасады» деген тұжырымымен білдіреді [28, 40].

М.Белбаева антонимдердің семантикалық құбылыс ретінде синониммен, полисемиямен шектесетіндігін айтқан. Ол Ж.Мусиннің еңбегіндегі келесі сызбаны алып, төмендегідей талдайды:



«Рас, сөйлеу тәжірибесінде *тәуір* – *жаман*, *жақсы* – *нашар* деген сөздер бір-бірімен қарсы мағынада қолданылады. Бірақ тұрақты антонимдер емес, контекстік немесе стильдік антонимдер деп аталады» [28, 41]. Ғалым оқу құралында антонимдердің бірнеше синонимі болуы мүмкіндігін жоққа шығармайды, олар тілде жиі кездеседі дей келе, *жуас* – *асау*, *жуас* – *тентек* жұптарын мысал ретінде ұсынады. Полисемиямен шектесетін тұсын *ал* сөзінің антонимдік жұп құрау мүмкіндіктерімен дәлелдейді: *ал* – *бер*, *ал* – *қой*. Ол логикада қайшылықты ұғымдар мен қарама-қарсы ұғымдар болатынын айтып, қайшылықты ұғымдарға *емес* сөзімен тіркесу және *-ма*, *-ме*, *-ба*, *-бе*, *-па*, *-пе*, *-сыз*, *-сіз* жұрнақтары арқылы жасалатын болымсыздық категориясын жатқызады да, оларды антоним емес деп көрсетеді. Автор антонимдердің стильдік қызметі тұрғысынан қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды ашық, айқын көрсетуде антонимдер айрықша қызмет атқаратындығы туралы пікір айтып, бірнеше түріне тоқталады. М.Белбаева антонимдердің антитезаның бір тәсілі ретінде қолданылатынын, екеуі екі түрлі құбылыс екенін айтады. Оның ойынша, антитеза стилистикалық құбылыс ретінде қатар қолданылады, ал лексикалық құбылыс антонимдер сөзде жеке дара қолданылса да, оның антонимдік мәні жойылмайды [28, 39-45]. Оқу құралының лексикография бөлімінде, антонимдер сөздігі аталмайды, оның себебі қазақ тіл білімінде антонимдер сөздігінің кейінірек жариялануында екені түсінікті.

Т. Қордабаевтың «Жалпы тіл білімі» оқулығында жалпы халықтық тіл қызметтерінің көріністері деп аталынған сөйлеу тілі мен кітаби тілдерге түсініктеме беріліп, екеуінің айырмашылықтарын талдайды. Оқулықта кітаби тілді ғылыми-публицистикалық және көркем туындылар стильдеріне ажыратады, автор соңғысын өз ішінен прозалық, драмалық, поэтикалық деп бөледі [261].

Ә. Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиұлының «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты оқу құралында антонимдер сипатталып, «мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер» деп анықтама береді. Олар *-лы*, *-лі*, *-ды*, *-ді*, *-ты*, *-ті* жұрнақтары арқылы жағымды сыңарлары жасалса, *-сыз*, *-сіз* жұрнақтары жағымсыз сыңарларын жасайтындығын баса айтып, келесідей мысалдарды келтіреді: *Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз, Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз; Өнерлі жігіт өрде озар, Өнерсіз жігіт жер соғар* т.б. Сондай-ақ, ғалымдар антонимдердің түбір және туынды күйінде болатынын

айта келіп, әр сөз таптарындағы түбір және туынды антонимдерге тоқталады. Мысалы, «сын есімнің *-ғы, -гі, -қы, -кі* жұрнақтары арқылы туынды антонимдер жасала береді. Мысалы, *бастапқы – соңғы, бұрынғы – қазіргі ...*». Оқулықта антонимдердің күшті стильдік мән тудыратыны айтылып, антонимдерді қолданудың үш жолы көрсетіледі:

1. Антонимдер бір сөйлемнің өз ішінде, салыстырылып айтылады.
2. Антонимдер іргелес сөйлемде қарама-қарсы қойылып шендестіріледі.
3. Антонимдер ыңғайласып, кезектесіп қатар жұмсалады.

Жұмыста контрастқа негізделген стильдік фигуралар ашып көрсетілмесе де, антонимдердің стилистикалық қызметі дұрыс тауып айтылған [262, 121-123]. Оқу құралында «тұрақты тіркестердің арасындағы кереғар құбылыстар» деп анықтама берілген фразеологиялық антонимдердің жасалуының екі түрін көрсетіледі: а) тұрақты тіркестердің өз ішіндегі компоненттерді басқадай сөздермен алмастыру арқылы жасалады: *аты шықты – аты өшті*; ә) құрылымдық-құрылысы жағынан мүлдем басқа сөздерден жасалады: *соры сорпадай қайнады – көзі ашылды*. «Қазақ тілінің лексикографиясы» деген тарауында басқа сөздіктерге арнайы тоқталынғанымен, антонимдер сөздігі аталмайды да. Тілдегі қарама-қарсы тілдік бірліктерді меңгертуде, сонымен қатар, жалпы сөздік қорды молайту жұмысында да антонимдер сөздігінің орны ерекше.

Аталған авторлардың 2006 жылы шыққан оқу құралында антонимдерге арнайы параграф арналады. «Антонимдер дүниедегі заттардың, құбылыстардың сын-сапасын, артық-кем қасиетін, мөлшер-көлемін салыстырып, бір-біріне қарсы қоюдан шығады» деп анықтама беріп, *сараң – мырза, қайғы – шат, әлді – әлсіз, түймедей – түйедей* сынды мысалдар келтіреді [115, 117].

Ғалымдар әр сөз табынан болған антонимдерге тоқтала келіп, сын есімге, зат есімге, етістікке тән антонимдерді түбір *күйінде кездесетіндер*, туынды *түбір күйінде кездесетіндер* деп бөледі. Туынды антонимдер жасаудың екі тәсіліне ерекше тоқталады: «Қазақ тілінде сындық мағынадағы туынды антонимдер көбінесе *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтары арқылы антонимдердің жағымды сыңарларын жасайды да, ал жағымсыз сыңарларын – *сыз, -сіз* жұрнақтары жасайды», «*...-ғы, -гі, -қы, -кі* жұрнақтары арқылы туынды антонимдер жасала береді» [115, 117-121].

«Қазіргі қазақ әдеби тілі» оқу құралында антонимдер арнайы қарастырылып, оның түрлері мен жасалу жолары түсіндіріледі. Фразеологиялық антонимдер де мысалдар келтіру арқылы дәлелденіледі [195].

Г.Н.Смағұлова қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясынан құрастырған тест жинағында антонимдерге қатысты тест сұрақтары да қамтылған. Онда антонимдік оппозиция түрлерін табу, қарсы мәндегі фразеологизмдерді ажырату, сөздердің қарсы мәні мен антоним түрлеріне қатысын анықтау сынды сұрақтар берілген [263].

А. Салқынбайдың «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында антонимдік парадигмаға анықтама бере отырып, антонимдер санадағы концептуалдық әлем бейнесінің көрінісі болатынын баса айтады. Автор оқулықта құрылымдық ерекшелігіне

қарай антонимдерді бір түбірлес және әр түбірлі деп жіктейді. Ол бір түбірлес антонимдер «етістіктің етіс тұлғасы арқылы жасалады» дей келіп, *ұту – ұтылу, үйрену – үйрету, улау – улану* сияқты мысалдарды келтіреді де, болымсыздық категориясының жұрнақтарымен жасалған сөздер антонимдік жұп құрай алмайды деп айтады. Қолданыстық ерекшелігіне қарай *жалпытілдік және контекстік* антонимдер деп бөледі. Оқулықта антонимдердің мәтіндегі келесі қызметтері атап өтіледі: *қарама-қарсы қою қызметі; іс-әрекеттің жалғаспалығы; салыстырылуы; кезектесіп келуі* [264, 113-118].

А.Айғабылов «Қазақ тілінің лексикологиясы» оқу құралында антонимдік қатынастағы сөздер қарама-қарсы мағынада қолданылып, жеке топ құрайтындығын айта келіп, «антонимдер әр түрлі түбірден де, түбірлес сөздерден де жасалуы мүмкін» деген пікір айтады. Ол түбірлес антонимдерге *әлді-әлсіз, көрікті-көріксіз, ұтыс-ұтылыс, жеңіс-жеңіліс* деген мысалдар келтіреді. Оқулық авторы бұл топқа етістіктің болымды-болымсыз формасын (*келді-келмеді, барды-бармады*) жатқызуға болмайтындығын баса айтады [191, 39]. Сондай-ақ, ғалым *емес* сөзімен келген сөздердің де өзінің болымды формасымен антоним бола алмайтынын ашып түсіндіреді. Бұндай тіркесті сөздер қарсы ұғымды емес, екі аралықтағы сапаны көрсететіндігін айтады. Көп мағыналы сөздер мен синонимдердің әр түбірлі антонимдерді жасау жолдары, контекстік антонимдердің ерекшеліктері оқу құралында назардан тыс қалмаған. Автордың «антонимдерді дұрыс та орынды пайдаланса, оның сөйлемде стильдік айшық үшін мәні зор» деген тұжырымы орынды. Оқулықта антитеза мен оксюморонның көркем әдебиеттегі ойды көріктеу, әсерлеу рөлі нақты мысалдармен дәлелденіледі [191, 39-42]. Ғалым фразеологизмдердің семантикалық топтарының ішінде антонимді атап, фразеологиялық антонимдерге *көңілі суыды – іші жылыды, иек астында – жеті қабат жер астында* сынды мысалдар келтіреді [191, 83]. Оқулықта ана тілі, яғни бір тілді сөздіктердің ішіндегі арнаулы сөздік ретінде антонимдер сөздігі аталғанмен, оған арнайы түсініктеме берілмейді.

Жоғары оқу орнында білім беруге арналған оқу құралдары авторларының антонимия тұрғысындағы пікірлері де әртүрлі: көпшілігі болымсыздық жұрнағымен берілген сөздер антоним бола алмайды десе (І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, М.Белбаева), кейбіреулері лексикалық конверсивтерді немесе – *сыз, -сіз* формасындағы сөздермен келген жұптарды түбірлес антонимдер ретінде мойындай тұрып, етістіктің болымсыз түрінен антонимдер жасалмайды деген пікірді ұстанған (А.Салқынбай, А.Айғабылов), бірқатар ғалымдар антонимдердің стилистикалық қызметін (Қ.Аханов), түбірлес антонимдердің болатындығын (Ә. Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы) жоққа шығармайды. Жұмыста аталған жұрнақтардағы сөздер тілдік антонимдер деп аталмайды, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік қызметі оппозиция, стилистикалық қызметі контраст құрамында қарастырылады. Филология мамандықтарында оқитын магистранттарға антонимия кең мағынада оқытылуы, тілдік антонимдермен шектелмей, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің барлық түрі меңгертілуі тиіс.

Кредиттік оқыту жүйесінде қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді модульдік оқыту технологиясын пайдалана отырып меңгерту магистранттардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың өздеріне деген талаптарын да күшейтеді. Себебі, кредиттік оқу жүйесі талап ететін 100 пайыздық көрсеткішке жету үшін магистранттар талпынады. Тұлғаның зейін, ес, ойлау сияқты психикалық қасиеттері оқыту үрдісінде маңызды рөл атқарады. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқыту барысында магистранттардың әр сабақта оқу үдерісіне белсенді қатысуын қадағалау керек. Олар сабақта өз болжамдары мен сұрақтарын құрастырады, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қойып, алынған нәтижелерді салыстырды, идеяларын тәжірибе барысында қолданады және жіберілген кемшіліктеріне оқудың ажырамас бөлігі ретінде қарап, өз ойларын, тұжырымдарын айтуға тәуекел ете біледі.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқыту барысында ізденімпаздық жұмысты неғұрлым кеңірек пайдалану магистранттарда танымдық қызығушылықты арттыруға септігін тигізеді. Олардың танымдық белсенділігін арттыруда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде проблемалық оқытуды ұйымдастырудың, проблемалық жағдайларды жасау мен шешудің, оқу үдерісінде магистранттарды ғылыми ізденіс пен өзіндік жұмысқа баулудың маңызы зор. Мұнда проблемалық жағдаят беріліп, магистрантпен бірге шешіледі. Ол үшін белсенділіктерін арттыратын сұрақтар қойып, пікірталас тудырған жөн. Жұмыс топпен немесе ұжыммен ұйымдастырылып, баяндамалар жасалады. Магистранттардың ойын дұрыс жеткізуіне мән беріліп, қателіктері түзетіледі. Бұл әдіс оқытушыға қарағанда, магистранттарды белсенді іс-әрекет атқаруға итермелейді. Проблемалық оқытуда магистранттар тапсырманы шығармашылық тұрғыда орындайды. Оқу тапсырмасын шығармашылықпен орындау дегеніміз – білім алушылардың белсенді ізденіске түсіп, шешім табу жолдарын іздеуі. Егер тапсырма конспект жазу болса, В.Ф.Шаталовтың «тіректі конспектілер» технологиясын басшылыққа алған дұрыс. Ол конспектіні кестеге салудың төрт жолын ұсынады [265]. Оны «Қазақ тіліндегі антонимия» курсына қарама-қарсы мағыналы сөздері бар сөйлемдерді кестеге салып, стильдік фигураның қай түріне жататынын шартты белгімен белгілеу, тілдік не контекстік антоним екендігін белгілі бір түспен білдіру тапсырмаларымен лайықтаған дұрыс. Осы жолдарды бір кестеге біріктіріп, төмендегідей тапсырма беруге болады (2 – кесте):

Кесте 2 — Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін талдау үлгісі

Ақпарат көзі	Сөйлем	Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі
Кітаптың авторы мен аты, беті	Сөйлем жазылып, контрасты шартты түспен беру (мысалы, тілдік – көк, контекстік – қызыл)	Фигура не троп түрін шартты белгімен беру (мысалы, ант, амф, альт, дз, пд, окс).

Ал есте сақтау картасында қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді алып, келесідей талдаса болады:

- антоним сөз* – *фигура түрі*
- *жасалу жолы*
- *тілдік, контекстік*
- *антонимдік қатар құру мүмкіндігі*
- *фразеологиялық бірлік* [266].

Магистранттардың оқу-танымдық іс-әрекетін табысты ұйымдастыруға «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы» («СТОД») аса тиімді. Өйткені, бұл технологияның мазмұны магистрантарға оқу тапсырмаларын шығармашылықпен орындауға көп мүмкіндіктер тудырып, ой бөлісу мен пікірталасқа түсіп, дұрыс шешім қабылдауға бағыттайды. Олардың орындаған тапсырмалары болашақ ұстазға қажетті қасиеттер қалыптастыруға септігін тигізетіндей болғаны жөн. Магистранттар тапсырмаларды табысты орындау үшін тапсырмалар құрылымдық-мазмұндық жағынан дұрыс тандалып, магистранттар оларды белсенді орындауы, тапсырма орындау барысында олардың өз пікірлерін еркін айтып, өзіндік шешім қабылдауға бағытталуы шарт.

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылау, тәжірибе, толғану және ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс. Ол магистранттардың дұрыс шешімдер қабылдауға, терең ойлап, іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін енгізуге дайын болуға баулиды. Сонымен қатар, ол болашақ ұстаздың кейін студенттерді сыни тұрғыдан ойлауға тәрбиелеуіне септігін тигізеді. Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларына келесілер жатады: қадағалау, интерпретация, талдау, қорытынды жасау, бағалау, түсіндіру, метатану.

Сыни тұрғыдан ойлауға тәрбелеу барысында деректерге, мәнмәтінге, ой-пікір, пайымды қалыптастыру үшін қолданылатын әдістер мен мәселелерді түсінуге қажетті теориялық білімге сүйенген жөн. Сыни тұрғыдан ойлау үдерісі ақпараттарды жинау, дәлелдерді сыни тұрғыдан талдап, бағалаудан қорытынды шығару, болжамдар жасау болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау мәнмәтінді бақылау және тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру, шешім қабылдау дағдыларын дамытуды қарастырады. Сондықтан да, болашақ оқытушыларға бақылау, талдау, қорытынды жасау және интерпретациялау дағдыларын бойына дарытуға мүмкіндік жасау керек.

Тапсырманы талдаудың соңғы кезеңдерінде магистранттар оқытушымен талқылауға қатыса отырып, өздерінің бастапқы қорытындыларын талдау және қайта қарауға машықтануы тиіс. Ол өз кезегінде оқу үдерісін, соның ішінде бағалау, түсіндіру және метатаным үдерістерін түсінуіне жол ашады.

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер магистранттардың танымдық құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етері сөзсіз. Оқытудың әлеуметтік-мәдени теориясын дамыту барысында Виготский оқушының өз бетімен қол жеткізе алмайтын оқу деңгейін ересек немесе «маңызды» (ықпалды) адамның

камтамасыз етудегі рөлі туралы жазады Мұндай оқудың әлеуеттік көлемі «Жақын арадағы даму аймағы» – ЖАДА ретінде анықталды. Оқытушы «рефлексивті агент» ретінде магистранттардың әрекеттеріне жауап беріп, тұлғалық дамуларын камтамасыз етеді. Оқу барысында жетекшінің қолдау көрсету деңгейі өзгеріп отырады, сонымен бірге түрткі болу, бағытталушылық, дамудың тұжырымдамалық негіздерінің тиімділігін камтамасыз ету мақсатында түрленеді. Бұл үрдісті Жером Брунер «саты құру» деп тауып айтқан. «Саты құру» үрдісі оқытушының магистранттарды тапсырманы сатылай орындауға біртіндеп бағыттауы негізінде жүзеге асады. Оқудың дамуы барысында магистранттарға жол көрсету біртіндеп азайтылуы қажет, себебі оқу тәуелсіз сипат алып, өздігінен реттелетін болады.

Өз бетімен оқытудың үш элементі бар:

- тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағытталушылығы;
- магистранттардың мәселелер мен мақсаттарды өздігінен айқындауы,
- мәселені шешу мен мақсатқа жету үшін әдіс-тәсілдерді өздігінен таңдауы.

Магистранттардың тәжірибелерін пайдалану оқу үдерісінің тиімділігін камтамасыз етеді. Мұндай оқу үдерісінде мәнмәтіннің алар орны ерекше. Мұндай негіздеме «жағдаяттық тануға» арқау болып табылады, айқындалған жағдаяттар пікірлер мен ұстанымдардың сәйкес типтерін анықтайды. Жоғарыда айтып өткен оқу үдерістерін қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді меңгертуде басшылыққа аламыз, курста оқытушы ақпарат береді де, білім мен танымға магистранттар тапсырмаларды өз беттерімен орындау арқылы жетеді. Оқытушы оқу үдерісінде білім алуға бағыттаушы қызметін атқарады. Мұндай оқу үдерісінің тиімді өтуіне қажетті шарттар мыналар: магистранттар оқу үдерісін түсінуі; нені меңгеру керектігін түсінулері; оқу үдерісін тиімді құру жолын білулері; сабақ барысында меңгерген білімдерін бағалай алуы.

Олардың ойынша, оқытушы келесі әрекеттерді істеуге құқылы: жауапты елемей, назарын басқа магистрантқа, тақырыпқа немесе сұраққа аударуға; жауапты мойындап, оны келесі сұхбатқа негіз етуге; назар аударту немесе алдағы әңгімелесу желісіне қосу мақсатында басқаларға естіртіп жауапты сөзбе-сөз не белгілі бөлігін қайталауға; жауапты тікелей немесе жанама мақтауға; жауапты түзетуге. Оқытушының бұл әрекеттері өз кезегінде магистранттарды бұдан әрі де ақпарат немесе түсініктеме іздеуге ынталандырып, оларды маңызды мәселелерге көңіл бөлуге үйретеді. Магистранттарға жауап беруге уақыт беру керек және кейінгі сұрақтар мен жауаптарды олардың сөздеріне орайластырып құрған дұрыс.

Харгривс және Гэлтон жалпы алғанда, мұғалім сұрақ қойғаннан кейін оны қайталап немесе сол сұрақты өзге білім алушыға басқаша қоймас бұрын шамамен екі секундтай кідіретіндігін анықтаған [267]. Оқытушы шұғыл және инстинктілік реакциясы жауапты бағалауға, қайталауға немесе басқа сөздермен қайталап айтуға ұмтылысы болуы тиіс екендігін айтады. Ойлануға берілетін уақыттың ұлғаюы (әсіресе күрделі жауаптар үшін) магистранттарға өз жауаптарын түзетуге, нақтылауға және дұрыстауға мүмкіндік береді.

Жабық сұрақтар уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді, десек те, кей жағдайларда оқытушыға магистранттардың барынша ойластырылған және терең жауап бергендері керек. Магистранттардың білетіндігін және білмейтіндігін анықтауда қарым-қатынастың рөлі ерекше. Қысқа жауап беретін сұрақтармен салыстырғанда, диалогтік сұхбаттасу магистранттың білім алуына қомақты үлес қосып қана қоймай, оның білімін оқытушының бағалауына мүмкіндік береді.

«Бағалау» термині «жақын отыру» деген латын сөзінен шыққан. Бағалау бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау болып табылады. Оған тестілер мен емтихандар, оқыту барысындағы оқытушының магистрант білімін қадағалауы жатады.

Бағалаудың келесі түрлері бар:

- қадағалау;
- интерпретация;
- қорытындылау.

Қадағалауды өткізу үшін магистранттардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет. Оқытудағы іс-әрекетті, яғни, тапсырманы орындап отырған магистранттарды қадағалау, өз бетімен орындалған тапсырмаларды тексеру магистранттардың білімі жөнінде ақпарат береді. Жазбаша тапсырма немесе тест жоғарыда айтылған мақсаттарды іске асыра алады. Осы орайда дұрыс тандалған ауызша сұрақ та тиімді. Оқытушы магистранттың жауаптарын бақылау арқылы қажетті мәліметті ала алады.

Интерпретация қызығушылық тудырады, болашақ оқытушыға қажетті дағдылар мен құзыреттіліктер қалыптастырады. Мұндай параметрлерді көбінесе өлшем деп атайды және оларды оқыту мақсаттарына немесе міндеттеріне жатқызады. Интерпретацияның көмегімен магистранттың мінез-құлқын, ойлау қабілетін бақылауға болады. Осыған байланысты интерпретацияны кейде логикалық қорытынды деп атайды.

Блэк пен Уильямның түпнұсқалық зерттеулерінде «қара жәшік» пен «қара жәшік ішіндегі жұмыс» теңеулеріне ие болған бағалау факторы магистранттарға «Қазақ тіліндегі антонимия» курсын оқытуда да маңызды. Өйткені, модуль бойынша оқытылатын курстың әр модулінен соң алған білімдері бағаланып, оқылған модульден не меңгергендері анықталады. Бұлайша бағалау келесі мүмкіндіктерге жол ашады:

- магистранттармен тиімді кері байланыс орнатуға;
- магистранттардың өз бетмен жұмысқа белсенді қатысуларына, кейін өздерін бағалай алуларына;
- оқытушыға бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды түрлендіруге;
- магистранттардың қызығушылықтарын арттыруға;
- магистранттардың қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерге қатысты білімін қалай жетілдіру керектігін түсіну үшін өздерін-өздері бағалай алуын қамтамасыз етуге;

- өзара бағалау арқылы курстастарымен бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы магистранттарды түрлі жағдаятты шешуге дағдыландырады. Жағдаятты дұрыс шешу үшін білім алушылардан терең теориялық білімді дәрістен тыңдап, практикалық сабақтарда бекіту арқылы меңгерсе, өзіндік жұмыс пен магистранттың оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысында (МОӨЖ) жинақтаған білімдерін практикада пайдаланады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы магистранттардың жеке, жұпта, топта оқу-танымдық белсенділігін көрсете алуына жол ашады. Бұл технологияның мақсаты – тапсырмаларды шығармашылықпен орындату, магистранттарда өзіндік пікір қалыптастыру. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқытуда көркем шығарма мен басылымдардағы, жарнамадағы қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді тауып, оған тілдік және стилистикалық тұрғыдан жан-жақты талдау жасату басты назарда ұсталады. Бұл технология тапсырмалары сөйлеу және жазу іс-әрекеттері арқылы жүзеге асады. Жазу іс-әрекетінде қарама-қарсы тілдік бірліктерді зерттеп, реферат, конспект, эссе жазу, сөйлем құрау сияқты түрлі тапсырмалар орындалады. Мысалы, «Өмір мен өлім» тақырыбына эссе жазу ұсынылады. Мұндағы басты тапсырма ретінде осы сөздердің орнына қолданылуы мүмкін синонимдері алынып, түрлі антонимдік жұптарды қолдану тапсырылады. *Өлім, ажал, көз жұму, демі таусылды*, т.б. және *өмір, тіршілік*, т.б. синонимдік қатар ұсынылады. Қызығушылықты оятуда үйрену үдерісі қолданылады. Мұнда магистранттар антонимия мәселесіне қатысты жаңа ұғымдар мен жаңа терминдермен танысып, өздерінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады. Бұл кезеңде ой қозғау, ояту, әсер ету жүзеге асады. Мұнда «топтау», «ойлау», «жұпта талқылау», «болжау», «әлемді шарлау» әдістері қолданылады. Қызығушылықты оятудың екінші кезеңінде үйренуші ақпаратпен танысып, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасауына мүмкіндік беріледі. Тақырып барысында INSERT әдісін қолданудың мәні зор. « $\sqrt{\quad}$ » – білемін, « $\rightarrow$ » – мен үшін түсініксіз, « $+$ » – мен үшін жаңа ақпарат, « $?$ » – мені таң қалдырады» кестесіне белгі қою білім алушылардың бұған дейін алған білімдерін жинақтап, жаңа тақырыпты түсінулеріне, өз ойларына басшылық етулеріне мүмкіндік жасайды. Яғни, жаңа түсінік пен бұрынғы білім арасында байланыс орнайды. Келесі кезеңде тақырып туралы ой тудыру негізге алынады. Ол магистранттарды өздеріне және басқаларға сын көзбен қарап, баға бере білуге тәрбиелейді. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Семантикалық карта», «Т кестесі» және т.б. әдістер әр сабақтың ерекшелігіне қарай қолданылады.

Жоғары оқу орнынан (ЖОО) кейінгі тыңдаушыларға оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын қалыптастыруға оқу тапсырмасының әр түрлі болуы тиімді нәтиже береді. Мысалы, 5 минуттық эссе, INSERT, академиялық даудамай, жаттығулар, бірлескен іс-әрекетте жоба құру, тест, аудиобейне

құралдарымен жұмыс істеуге арналған жаттығулар, пікірлерді талдау күнделігін толтыру т.б.

«СТОД» технологиясы бойынша сабақтың құрылымы үш сатыдан тұрады: 1-саты қызығушылықты ояту»миға шабуыл – 5-10 мин (ой шақырту, топтастыру); 2-саты мағына ажырату –15-20 мин. (көптеген әдістер); 3-саты ой толғанысы – 25 мин.(саралап талдау). Магистранттардың оқу-танымдық іс-әрекеттерінің табысты болуы СТОД технологиясын меңгерулерімен байланысты болмақ. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер осы технологиямен үйретілгенде білім алушылар

- оқу әрекетінде қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметтерін терең меңгереді;

- қандай да бір мәселені қарама-қайшылық заңдылығы, ұстанымдар тұрғысынан талқылауға бейімделеді;

- оқытудың әр түрлі белсенді тәсілдерін қолдана отырып, тапсырманы жеке, жұпта, топта талқылай біледі;

- сөздік қоры қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктермен толыққан, педагогикалық қатынасты сақтай білетін, ұстаздық қасиеттерді қалыптастыруға өзін-өзі тәрбиелейтін тұлға ретінде қалыптасады.

СТОД магистранттарға терең біліммен қатар олардың бойында ЖОО маманына қажетті қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз. Интерактивті оқыту арқылы антонимияны меңгерту барысында магистранттар бірлесіп оқу-танымдық іс-әрекетке түседі, ой бөліседі, пікір алмасады.Бұл әдіспен өткен сабақ әдептілік сақтау, біреудің сөзін бөлмеу, аяғына дейін тындау, пікірталаста дәлелмен сөйлеу, эмоцияларды қадағалау сияқты жоғары мектеп оқытушысы үшін қажетті қасиеттерді магистранттардың бойына жинайды.Жобалау технологиясында магистранттардың шығармашылық жұмыстарды жұппен не топпен орындаулары көзделеді. Жаттығулар неғұрлым көп орындалса, олар арқылы қалыптасатын сапалар да соғұрлым жоғары болады. Жаттығулар ойын формасында да жүргізіледі.Жобалау технологиясы магистранттардың тақырыпқа деген қызығушылығын оятып, өз бетімен білімдерін жетілдіру, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттырады. Жоба – ізденіске, іскерлікке, ынтаға, шығармашылық қабілетке, тапқырлыққа шешім қабылдай алушылыққа апарар жол.

А.А.Сатбекованың зерттеу жұмысында жобаны қорғаудың келесі формалары ұсынылған: реферат, кесте, сызба, модель, ақпарат, альбом, астына түсініктемелер берілген суреттер галериясы. Ғалымның жобалай оқыту технологиясын өз бетімен жұмыста қолдану студенттің танымдық белсенділігін дамытуға игі ықпал етіп, төмендегі құзыреттер қалыптасатындығы туралы айтады:

- салыстыру, анализ, синтез, әдістерін үйретеді;
- болжам жасауға дағдыландырады;
- білімді өз бетімен іздеу; сақтау, практикада қолдану;
- өз ізденіс нәтижесін презентациялау;
- коммуникативтік пен төзімдікке үйренеді. [268, 210]

Аталған дағдылар магистранттарға қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді меңгертудегі МӨЖ, МОӨЖ-ге қойылар талаптармен де ұштасады. Курсты оқыту барысында жобалау технологиясы элементтері қолданылып отырды. Мәселен, «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің көркем шығармадағы қызметі» тақырыбы бойынша «Автор идиостили» жобасы жоспарланды. Жобаның мақсаты – шығармаларынан қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді тауып, тілдік, стилистикалық қызметтерін анықтау. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер семинар барысында жоспар негізіндегі әңгіме, сұрақ-жауап, баяндамалар мен рефераттарды талдау, топтық пікірталас, рөлдік ойындар арқылы меңгертілуі мүмкін.

Ф.Ш. Оразбаева «қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің бірі» деп қатысымдық әдіске қатысты тұжырым жасайды [269, 121].

Ғылыми-педагогикалық дискурсқа дайындау арқылы оқытылса, магистранттар ғылыми диалогты сауатты жүргізе алады, ғылыми конференциялар мен талқылауларда, есеп беруде ғылыми мәселелерге қатысты өз көзқарасын дәлелдей алады. Бағалау тест, портфолио, жоба Портфолио магистранттардың материалды меңгеруі мен өзіндік жетілуін дұрыс анықтауға мүмкіндік тудырады. Жоба орындау барысында магистранттар оқу дағдыларымен қатар интеллектуалдық шеберлігін қалыптастырып, ауызша ғылыми педагогикалық дискурсты тиімді меңгерулеріне мүмкіндік жасайды.

Өзара түсіністікке жету үшін диалогтық тілдесім маңызды, ол арқылы ақпарат алмасылады, ой бөлісіледі, қарым-қатынасқа қол жеткізіледі.

Диалогты оқыту – жоғары мектеп әдістемесінде кең қолданылатын әдістердің бірі. Магистранттардың бірлескен сұхбаты оқу үдерісін тиімді етері талас тудырмаса керек.

Олар:

- магистранттардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- магистранттарға басқа адамдардың көзқарасын сыйлауды үйретеді;
- магистранттардың өз пікірлерін, көзқарастарын, ұстанымдарын дәлелдеуіне көмектеседі;
- оқытушыға магистранттардың тілдік, қатысымдық, тұлғалақ құзыреттіліктерінің деңгейін анықтауға септігін тигізеді.

Әңгімелерді ұйымдастыруда мұғалімнің әңгіме барысын, оның тақырыбын, өзектілігі мен мәнділігін, ұзақтығы мен орындылығын бақылап отыруы маңызды. Көпшілік жағдайда магистранттардың әңгімеге қатысуға құқықтары шектеулі. Өйткені, магистранттар оқытушыдан: «Бұл көзқарас қызықты екен» деген сияқты пікір күтеді. Ғалымдар зерттеулері оқытушы сұхбатты бақылап, маңызды сұрақтар қойып, білім алушылардың жауаптарын

кайталап және мадақтап отыратын топтардағы қалыпты әңгіме стилі магистранттардың ойлау деңгейлерін де, сөйлеу дағдыларын да дамытпайды.

Мерсер құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын айтады [270]. Магистранттар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «оқытушы – магистрант» сұхбаты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда, мейлінше «симметриялы» болып табылатын қатысымда жұмыстануға мүмкіндік алады. Тіл тәжірибені ұжымдық қабылдау құралы екені белгілі. Диалог арқылы берілген білім алу магистранттардың қатысымдық қабілетіне тығыз байланысты. Әңгімелесу магистранттардың белсенділігі мен түсініктерін дамытатын маңызды құрал болып табылады.

Александр диалог түрінде оқыту білім алушыны ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Александрдің пайымдауынша, диалог арқылы оқытушы білім алушылардың дамып келе жатқан идеяларымен жұмыс жасауларына және түсінбеушілікті жеңе білулеріне көмектесе алады. Магистранттарға әртүрлі және кеңейтілген ұжымда жүргізілген диалогтарға қатысу мүмкіндіктерін беру арқылы олардың өзіндік жеке түсініктерінің өрісін зерттей алады [271].

Ол оқытудағы әңгімелесу – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екіжақты бағытта жүреді және осының негізінде білім алушылардың білім алу үдерістері алға жылжиды деп тұжырымдайды [271]. Диалог барысында магистранттар нәтижеге жету үшін Мерсер сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады [272]. Пікір алмасу магистранттармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оған магистранттар бірлескен зерттеу барысында да қол жеткізе алады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу магистранттардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады. Ол субъектіге тартылатын әңгімелесудің үш түрін құрайды:

- Әңгіме-дебат
- Кумулятивтік әңгіме
- Зерттеушілік әңгіме

Бұл әңгімелесу түрлерінің ерекшеліктері төмендегі кестеде сараланды (3-кесте):

3 - кесте – Әңгімелесу түрлерінің ерекшеліктері

Әңгіме-дебат	Кумулятивтік әңгіме	Зерттеушілік әңгіме
1	2	3
ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады	айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе береді	топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу).
ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады	әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын	әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады, қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
	идеяларды төзімділікпен тыңдауы	
қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады	идея қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді	әркімнің идеясы құнды деп есептелгенмен, мұқият бағалау жүргізіледі
Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.		қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме көрінеді

Көптеген талқылаулар, әдетте, әртүрлі әңгіме түрлерінен құралады. Мерсердің айтуынша, ұжымдық түсіну мен білім беруге қол жету аясындағы табысты талқылауларда әңгімелесудің зерттеушілік түрі басымдыққа ие болады. Ғылыммен тікелей байланыста оқытылатын магистранттар үшін зерттеушілік әңгіменің маңызы зор.

Барнс пен Мерсердің айтуынша, зерттеушілік әңгіме – оқытушы әңгімеге тарту арқылы білім алушылардың алған білімдерін дамытуға мүмкіндік беретін әңгіменің түрі [273, 272]. Зерттеушілік әңгіме барысында магистранттар шағын топтарда жұмыс істейді. Олар ортақ мәселе бойынша бірлескен түсінік қалыптастырып, бір-бірінің идеяларын талқылайды, баға береді, ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады. Бұл әңгіме түрі магистранттардың өз ойларын айтуларына, болжамдар ұсынып, талқылауларына мүмкіндік береді. Оларға талқылауда «мүмкін», «егер», «бәлкім» деген сияқты сөздерді қолдану, өз идеясын дәлелдеу үшін «сондықтан» деген сөзді пайдаланып, топ тарапынан қолдау қажет болғанда «Солай емес пе?» деген сұраққа сүйену ұсынылады.

Магистранттар бір-бірін тыңдап, өз жауаптарын талдауға ұсынады. Олардың дәлелдері пікір алмасудың нәтижесі болып шығады. Магистранттар зерттеушілік әңгіме жүргізе алатын ортада оқуы арқылы кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіре бермек. Өйткені, әңгімелесу ортасында жұмыс істегенде олардың ой-пайымдары да айқындала түседі, сондай-ақ, оқытушы мен курстастарының көмегімен одан әрі дамиды. Зерттеушілік әңгіме жүргізу дағдыларын магистранттарда қалыптасу үшін оқытушы оларды үнемі бағыттап отыру керек болады.

*Сұрақ қою*дың үлгісі «бастама-жауап-кейінгі әрекет» болып табылады. Бұл модель әңгімеге сыныпта бастама жасайтын және де оны бақылап отыратын адам оқытушы болатынын көрсетеді. Бұл үлгіде диалогтік сұхбат құруға жол берілмейді. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі дұрыс қойылған сұрақ сабақ берудің тиімді құралына айналары сөзсіз. Магистранттардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін оқытушы *жеңіл* және *күрделі* сұрақ түрлерін қолданады. *Жеңіл* сұрақтар «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те аталады. Оған берілген жауап («дұрыс» немесе «дұрыс емес» деп) бағаланады. Ал *күрделі* сұрақтар қойылғанда, магистранттар

акпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады. Педагогика аясында бұл сұрақтардың екі түрі де қолданылады, тек қойылатын сұрақтың түрі оның мақсатына қарай өзгеріп тұрады. Оның үстіне, сұрақты магистранттардың білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет. Сұрақ қоюдың *түрткі болу*, *сынақтан өткізу* және *қайта бағыттау* сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады.

Түрткі болу: түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және магистранттың жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу.

Сынақтан өткізу: сынақтан өткізуге арналған сұрақтар магистранттарға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет, сонымен қатар «Сіз мысал келтіре аласыз ба?» деген сияқты сұрақтар магистрантқа бағдар беріп отырады.

Қайта бағыттау: сұрақты басқа магистранттарға қайта бағыттау, мысалы, «Көмектесе алатындар бар ма?»

Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудың маңыздылығы төмедегідей:

- магистранттарға тақырып бойынша өз ойларын толық жеткізуге мүмкіндік береді;
- магистранттардың қызығушылықтарын оятады;
- магистранттардың білімге құштарлығын дамытып, зерттеушілік қабілетін дамытады;
- магистранттарға білімін қалыптастыруға және қатысымдық қабілеттерін ұштауға көмектеседі;
- магистранттардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;
- магистранты басқа магистранттардың идеяларын құрметтеуге және бағалауға үйретеді;
- әңгімелесу және ой елегінен өткізу ойын жинақтауға көмек береді;
- оқытушыға оқытудағы кедергілерді анықтауға мүмкіндік туады.

Оқытушының бастапқы сұрақтары ғана емес, магистранттың жауаптарынан кейін туындайтын сұрақтар да маңызға ие. Сонымен қатар, диалогтік әңгімедегі магистранттардың да сұрақтары маңызды. Оқытушы магистранттардың жауабын олардың білімдерінің деңгейін тексеру үшін ғана емес, сондай-ақ оларға өз ойларын анық білдіруге, дамытуға және ұштауға мүмкіндік беру үшін де пайдаланады. Рэгг және Браун білім алушылардың жауаптары мен түсініктемелеріне қарай әрекет етудің бірнеше түрлерін ұсынады [273].

Қазақ тіл білімінде жалпы қазақ лексикографиясы зерттелген еңбектер бар.

Осы орайда, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтардың «Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика», Ә.Болғанбаев пен Ғ. Қалиұлының «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», К. Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» еңбектерін атап өткен жөн. Аталған ғалымдар қазақ тілі сөздіктерін арнайы зерттеген. Антонимдер сөздіктерін құрастырған ғалымдар Ж.Мусин,

А.Жұмабекова болса, антонимдердің түсіндірме сөздігін Р.Бегалиева құрастырды.

Оқу үдерісі магистранттардың шығармашылық жұмыстануына бағытталғаны дұрыс. Қазіргі ақпараттар заманындағы дидактикалық ұстанымдар бойынша білімді, ақпаратты магистранттар өздері ізденіп табады, оқытушы оқуға бағыт қана сілтейді. Оқу үдерісі магистранттардың шығармашылық бейімділігінің жетілуіне жағдай жасауға бағытталады. Шығармашылық қызметті қалыптастыруда жаттығулардың алар орны ерекше. Сөздердің қарама-қарсы мағыналарын антонимдер сөздігі арқылы табуға арналған кешенді жаттығулар жүйесі магистранттарға сөздік қорындағы сөздерді белсенді пайдалануға, шығармашылықпен айналысып, тіл мәдениетін дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ, магистранттарға қарама-қарсы мағынасын өзі іздеп табу үшін шығармашылық тұрғыдан іздестіруге лайықталған проблемалық жағдаят сипатындағы, шығармашылық ойлау нәтижесінде сөздік қорды байытып, тіл мәдениетін көтеретін, қатысым барысында қарама-қарсы мәнді сөздердің стилдік формаларын еркін қолдану дағдылары мен біліктерін қалыптастыруға негіз болатын тапсырмалар берілгені жөн. Мұндай жұмыстар үйренушілердің шығармашылық қабілеттерін ашуға негіз болар еді. Мәселелік сипаттағы тапсырмалар магистранттардың ақыл-ойын, танымдық қабілеттерін қолданып, белсенділігін арттыруға септігін тигізеді сөзсіз.

Тілдік бірліктерді оқыту әдістемесінің басқа ғылымдардан ең басты айырмашылығы – оның қатысымдық қағиданы негізгі тірек етіп алатындығы. Сол себепті қазақ тіліндегі қарама-қарсы тілдік бірліктерді оқытуда антонимдерді жеке емес, қатысымда, сөйлемдер мен мәтіндер көлемінде үйретуге мән берілді.

Г.Бейсенбаева, Х.А.Бекмухамедова мен Г.Ф.Гуревич, Л.Шеляховская, Ж. Шайкенова, Р. Қасымова, Б.У. Қожахметов. Г.Г. Еркебаева, А.А. Керімбекова, Р.Н. Бегалиевалар сөздіктермен жұмыс істеу әдістемелерін ұсынды. Сөздікпен жұмыс істеу маңыздылығын К.В. Мальцева атап өткен: «Егер сөздіктермен жұмыс жасау дұрыс жолға қойылған болса, ұтымды әдіс-тәсілдер қолданылса (ойын технологиялары), оқушылар сөздіктегі ақпаратты тез және қызығушылықпен қабылдайды». Антонимдер сөздігімен жұмыс жасау барысында инновациялық технологияларды, әсіресе, ойын технологиясы тиімді пайдаланылса, оқушылардың сөздікпен жұмыс істеуге қызығушылығы артады, антонимдер сөздігімен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады, соның негізінде тіл мәдениеті дамиды [54, 18]. Х.А.Бекмухамедова мен Г.Ф.Гуревич лексиканы меңгерту барысында бірінші сабақтан бастап сөздікпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру қажет деп есептейді. «Мұғалімнің мақсаты – оқушылардың күнделікті әр түрлі сөздіктермен жұмыс істеуге үйрету» – деп тұжырымдайды.

Оқытушы болашақ ұстаздарға сөздіктер туралы ғылыми түсінік қалыптастырумен қатар, онымен жұмыс жасау шеберліктерін меңгертуі маңызды болмақ. Өйткені, олар болашақта студенттерді де сөздікпен жұмыс жасауға үйретері хақ. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің

лингвостилистикалық қызметін оқыту барысында магистранттар антонимдер сөздігін пайдалану арқылы игерген білімін бекітеді, шығармашылық тұрғыдан жұмыстануға дағдыланады. Сондай-ақ, оларда сөздіктердің жіктелімі, антонимдер сөздігінің құрылымы туралы ғылыми білім қалыптасады.

Оқу үдерісінде антонимдік сөздікті қолдану мәселесі лексиканы оқыту мәселелерімен сабақтастықта қарастырылды. Антоним мәтіннің мазмұнын игеруге сай жүргізілетін жұмыстар негізінде оның мәтіндегі стилистикалық қызметін талдау арқылы орындалды.

Магистранттар мәтіндегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді түсініп меңгерумен қатар оларды ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарында да еркін қолдана біліп, бір-бірімен сөйлескенде, белгілі бір материалдарға жоспар, баяндама жасағанда, эссе жазу және жаттығу жұмыстарын орындау үстінде пайдалануға жаттығады.

Магистранттың сөздік қорын антонимдер сөздігін пайдалану арқылы молайту үшін қолданған оқыту моделі жүйесі басшылыққа алынып, антонимдер сөздігі арқылы магистранттардың сөздік қорын молайтуға бағытталған келесі оқыту моделі ұсынылады:

а) мәселені қою – контрастың мағынасын табу.

ә) болжамдарды ұсынып, мәселені шешу жолдарын қарастыру – антонимдер сөздігінен антонимдер жұбындағы сөздердің басқа да жұптарын табу.

б) қабылданған болжамдарды дәлелдеу үшін деректерді іздеу – қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді көркем шығарма, публицистика, жарнама мәтіндерінен алынған мысалдармен дәлелдеу.

в) нәтижелерді қорыту: сөздік арқылы меңгерген қарама-қарсы тілдік бірліктерді Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер турасында алған біліміне қосу және оларды бекіту. Антонимдік жұптарды анықтаған соң, магистранттарға алған білімін бекіту мақсатында сол жұптарды қатыстырып сөйлем, мәтін құрау, диалог құру сияқты тапсырмалар ұсынылады. Сонымен қатар, сөздік туралы мақала жаздырылады.

Антонимдер сөздігімен жұмыс істеу шеберлігін қалыптастыру үшін магистранттарға келесі тапсырмалар тобы ұсынылады:

Зерделілік тапсырмалар. Мұндай тапсырмаларды орындау барысында магистранттар қажетті антонимдердің мағынасын антонимдер сөздігінен тауып, орынды пайдалана алады.

Тіл дамыту тапсырмалары магистранттардың тілдік, танымдық, қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуға арналды. Сөздің антонимдік сыңарын нүктенің орнына қойып жазуға арналған тапсырмалар магистранттардың ойлау қабілеттерін дамытса, антонимдерді қатыстырып сөйлем құрастыру тапсырмалары магистранттардың тіл шеберлігін қалыптастырады.

Шығармашылық тапсырмалар магистранттарды қатысымдық әрекет жасауға үйретеді: олар антонимдерді пайдалана отырып, сөйлем құрастырады,

берілген сөйлемдердегі сөздерді антонимдерімен ауыстырады, антонимдер сөздігінен сол сөздердің басқа да жұптарын анықтауға дағдыланады.

Зерделік тапсырмалардың мақсаты: антонимдер сөздігімен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру. Магистранттар қажетті антонимді таңдайды, осы әрекет олардың зерделік қабілеттері арқылы жүзеге асады. Антонимдер сөздігімен жұмыс жасау арқылы магистранттар контраст мағынасын біледі, антонимдердің жұбын табу арқылы сөздік қоры молаяды, магистранттардың тілдік және танымдық құзыреттіліктері қалыптасады.

Тіл дамытушылық тапсырманың мақсаты: контрастың мағынасын антонимдер сөздігі арқылы білу магистранттардың тілдік, танымдық, қатысымдық қабілеттерін дамыту және сөйлесім шеберліктерін ұштау.

Тапсырмалардың тиімділігі: магистранттар антонимдердің жұптарын сөздіктен анықтау арқылы антонимдік жұптарды қолдана отырып, сөйлем құру, диалог құрастыру арқылы магистранттың сөйлесім қабілеті дамыды.

Шығармашылық тапсырмалар магистранттардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады. Олар антонимдік жұптармен диалог құрастыруға, контрасты қатыстырып мәтін құрастыруға, эссе дайындауға, қарама-қарсы тілдік бірліктерді қатыстырып сипаттама жасауға үйретеді.

Магистранттар шығармашылық жаттығулар барысында сөздермен таныса отырып, олардың мағынасын антонимдер сөздігінен анықтап, оларды қатыстырып диалог құрастыруға дағдыланады. Бұл жаттығулар магистранттардың ойлау қабілеттерін қалыптастырды. Мәтінді қолдана отырып, магистранттар сөздерді антонимдермен ауыстырып, хабарлы, сұраулы сөйлемдерді қайта құрастыруға үйренді. Антонимдерді қатыстырып сөйлем құрау тапсырмалары магистранттардың тілін дамытты, сөйлеу мәдениетін қалыптастырды. Шығармашылық тапсырмаларда сөздіктен тапқан антонимдерді қатыстырып эссе жазғызу оң нәтиже берді. Мысалы, *көңіл-күйге қатысты антонимдік жұптарды сөздіктен тауып, «Сен және мен» тақырыбына эссе жазыңыз.* Сондай-ақ, сөздіктен адамның бет келбетін білдіретін антонимдерді тауып, оларды қатыстырып сипаттама жасау тапсырмасы да магистранттардың шығармашылық тұрғыдан өсуіне ықпал етері сөзсіз.

Антонимдер сөздігі арқылы оқытудың тиімділігі мынада: магистранттардың антонимдер сөздігімен жұмыс жасау шеберліктерін қалыптастырды; олардың танымдық, қатысымдық дағдыларын тереңдетті; сөйлесім әрекеттерін дамытты. Сөздің антонимдік жұбын қойып жазуға арналған тапсырмалар магистранттардың ойлау қабілеттерін қалыптастырды, контрасты қатыстырып сөйлем құрастыруға арналған тапсырмалар олардың тілін дамытты, сөйлеу мәдениетін қалыптастырды, антонимдерді сөйлесім әрекеттерінде қолдануға төселдірді. Мәтінді өзгертуге, антонимдерді қосып жазуға арналған тапсырмалар магистранттардың шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырды. Жоғарыдағы жұмыстар жүйесі магистранттардың сөздік қорын молайтып, сол арқылы сөйлеу әрекеттерін дамытты.

Бүгінгі таңда болашақ жоғары мектеп ұстазын қатысымдық құзыреттілікке баулу – мемлекеттік маңызды талаптардың бірі. Себебі магистрант атаулы қатынас құралы тілді қаншалықты еркін қолдана алса, олардың өндіріске, қоғамдық өмірге қатынасу, араласу деңгейі соншалықты айқындалмақ. Осы жағдайға орай, магистранттардың сөйлеу дағдысын дамыту талабы жоғары оқу орнына берілген әлеуметтік сұраныс ретінде қабылданбақ.

Оқытушы жоғары оқу орнындағы орталық тұлға болып табылады, ол студентті кәсіби дайындау барысында жеке тұлға ретінде қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл арада болашақ жоғары оқу орнының оқытушысына әртүрлі қатысымдық жағдаяттарда өзіндік сөз сөйлеуді еркін игертіп қана қоймай, алдын ала оларды кәсіби-педагогикалық әрекеттегі педагогикалық қатынас мәдениетіне үйрету, шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру да аса қажетті іс. Демек, жоғары оқу орны түлектеріне жоғары кәсіби білікпен қатар қарым-қатынас, қағидаларын жетік меңгеру талабы қойылуы заңды.

Тілдің мәнерлі құралы кейде мәнерлі суреттелген формасы – тропқа және фигураға айналады.

Сөздің мәнерлі мүмкіндіктері оның семантикасының белсенділігін дамытады. Тілдің лексикалық жүйесі күрделі және көпқұрылымды. Сөз мәнерін жаңартудың мүмкіндіктері, ұзақ құрылған мәтіндегі сөздерді біріктіру шарты, әртүрлі топтан кірістіру жұмыстары сөйлесім ұстанымдарын үнемі жаңартуға мүмкіндік береді. Осы орайда, магистранттар тілін контрастқа негізделген стильдік фигураларды меңгерту арқылы байытып, сөйленісін көркемдегіш құрал ретінде қолдануына мүмкіндік жасаған жөн.

Контрастың стильдік фигураларын магистранттарға меңгертуде мәтінге жүгініледі. Өйткені, стильдік фигуралар контексте, яғни мәтінде ғана көрініс табады.

Мәтін лингвистикасының екінші бағыты прагматикамен, психолингвистикамен, шешендіктанумен, стилистикамен, тілдік қатынас теориясымен тығыз байланысады.

Магистранттардың тілдік, қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында мәтінді талдаудың тиімді әдістері мен жолдарын таңдай білуі қажет. Ғалымдардың мәтіннің коммуникативтік қызметіне ерекше көңіл бөлуімен оның маңызы арта түспек.

Г.В. Колшанский мәтінді тілдік қатынастың негізгі бірлігі деп біледі. Оның ойынша, тілдік қатынас мәтін ретінде анықталуы тиіс, ал «қарым-қатынастың құрлымдық бөлшегі сөйлеу болып табылады» [274, 12]. «Мәтін тілдің шын мәніндегі коммуникативті және когнативті бөлшегі ретінде түсініледі» [275, 4]. Басқаша айтсақ, болашақ оқытушылар тілдік құралдар арқылы берілген мәтіннен кешенді ақпараттарды түсініп, ала білетіндей болуы қажет.

Мәтінмен жұмыс істеу әдістері төмендегіше жүргізіледі:

- магистранттарда қатысымдық-тілдік үрдістің мақсатқа бағыттылығына ғылыми түсінік қалыптастыру;

- тілдік құралдар мен сөйлесу жағдайын таңдау арасындағы объективті тәуелділігін түсіну;

- мүмкіндік варианттары қатарын қарастыру;

-бұл варианттарды сөйлеудің коммуникативтік мақсаттарына сәйкестендіру, қазіргі қазақ тілінің тілдік және сөйлеу нормаларын сақтау.

Мәтін сөйлеу қызметінің нәтижесі болып табылады. Мәтін тіл мен сөйлеудің барлық дәрежелерін (лингвистикалық, семантикалық, психологиялық) біріктіретін кешенді бірлік болғандықтан, болашақ жоғары мектеп маманының тілдік және қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру міндеттеріне толықтай жауап береді.

И.А.Зимняяның мәтінді көпсатылы білім деп танитын көзқарасының ғылымда өзіндік орны бар. Ол мәтінді келесі дәрежелерге бөледі:

1) мотивтілік дәрежесі және коммуникативтік бағытталу дәрежесі, яғни мәтіннің құрылу мақсаты;

2) заттық-денотативтік дәреже, яғни мәтінде сөйлеу тілі арқылы көрініс тапқан заттар мен құбылыстар;

3) мағыналық дәреже әлде мәнді мазмұн дәрежесі;

4) тілдік жоспар, яғни мәтін құратыруда қолданылатын тілдік құралдар жиынтығы(лексикалық, грамматикалық);

5) сөйлеу жоспары, яғни қарым-қатынас формасы мен жағдайы, сөйлеушінің жеке қасиеттері көрініс табатын ойды құру мен жеткізу әдістерінің өзіндік ерекшелігі;

6) ауызша мәтіннің фанациялық жоспары, яғни оның интонациялық айтылу ерекшеліктері.

Магистранттарға қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқыту үрдісінде оқу мәтіні оқыту бірлігі ретінде қарастырылады. Оның негізінде:

- магистранттарда лингвистика теориясынан білім қалыптасады және қатысымдық білігі дамиды;

- қоғамдық мәдени-әлеуметтік сапаның сөйлеудегі көрінісі ретінде мәтіндегі тілдік бірліктердің қызметі турасындағы білімі тереңдейді;

- жеке тұлғаның коммуникативтік-танымдық белсенділігін көрсететін мәтіннің мазмұнды да құрлымдық моделін құруды меңгереді.

Оқыту үдерісінде қатысымдық тәсіл қолданылады, ол әдісте тілдік қатынас тіл үйретудің мазмұны мен құралы, күтілетін нәтижесі болып табылады. Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өздік жұмыстар қарым-қатынас барысында қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білуге бағытталады. Бұл әдіс қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін оқытуда мәтінді тілдік тұрғыдан талдау магистранттардың қатысымдық-танымдық құзыреттіліктерін дамытатындығымен маңызды.

«Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы антоним сөздерді мақал-мәтелдерден, портреттер баяндалған мәтіндерден, адамға мінездеме жазылған үзінділерден тауып, оларға мағыналық талдау жасату олардың қазақ тіліндегі

ойды астарлап, ажарлап берудің бір тәсілі екенін түйсінуге көмек береді» - дейді А.А. Сатбекова [268, 82].

Жоғарыда айтылғандар сөйлеу қызметінің өнімі болып табылатын оқу мәтіндері әр түрлі дидактикалық қызметтер де атқаратындығын дәлелдейді.

Мәтінді дидактикалық құрал ретінде танудың өзіндік тарихы бар.

Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін оқыту үрдісінде оқыту-сөйлету қызметіндегі қарым-қатынастың негізгі бірлігі ретінде түрлі стильдердегі мәтін таңдап алынады.

Оқу мәтіндері келесі екі міндетті орындайды:

- олар сөйлейтін сөзді өз еркімен құруда үлгі және итермелеуші күш болады;

- олар оқыған тілдік бірліктерді сөйлеуде қолдана білуін көрсетеді.

Оқу мәтіндерін таңдау барысында келесі талаптар ескерілді: мәтіннің оқытылған қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерге байлығы; олардың филологиялық бағыттылығы; қатысымдық ұмтылысқа итермелейтіндігі.

Магистранттардың педагогикалық бағытын есепке ала отырып, оқу мәтінінің келесі қызметтерін қарастырған жөн:

Кесте 4

Оқу мәтінінің дидактикалық қызметтері	Танымдық
	Білімдік
	Кәсіби бағыттылық
	Дамытушылық
	Қатысымдылық
	Мәденилік

Оқу мәтінмен жұмыс істеу барысында қажетті білім мен қатысымдық дағдыны меңгеру магистранттарды өз ойын айқын жеткізе білуге үйретеді.

Мағыналық-қызметтік сөйлеу түрлерінің негізінде төмендегі дағдыларды қалыптастыруға болады:

- 1)Таңдалған қызметтік стильдің заңдылығына сәйкес мәтін құрастыра білу дағдысы;

- 2)Тілдік қатынас жағдайы мен ауқымына сай қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді қолдана білу дағдысы.

Мәтін магистранттарға тіл қызметі заңдылықтарын анықтауға, олардың лингвистикалық және аналитикалық қабілеттерін, олардың тілдік интуициясы мен сөйлеу әдебін дамытуға мүмкіндік береді. Педагог үшін ол тілдік қатынас құралы және бақылау құралы да. Сондай-ақ, ол оқыту және бақылау бірлігі болып та табылады. Ал білім алушы үшін ол оқу мен түсіну объектісі, жаңа білім көзі ретінде қызмет атқарады және белгілі дағдылар мен біліктерді қалыптастырып, дамытушы негіз де бола алады. Мәтінді оқытылып отырған лексика-стилистикалық материалды бақылау және түсіну базасы деп білген

жөн. Сол себепті сабақ барысында қолданылатын мәтіннің лексикалық бірлігі мен грамматикалық құрлымының байлығына қатаң талап қойылуы орынды.

Жоғарыда айтылғандар келесідей тұжырым жасауға мүмкіндік туғызады: мәтін оқыту мен сөйлеуді кәсіби дамыту бірлігі. Сонымен қатар, магистранттардың өз ойы мен сезімін нормаға сай дұрыс жеткізуге үйретіп қана қоймай, қарама-қарсы мәнді сөздерді дұрыс түсініп, әртүрлі қоғамдық жағдаятта қателіксіз үйлестіре білуге баулу да маңызды. Контексте келген қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді магистранттарға антонимдік оппозиция және контрастқа негізделген стильдік фигуралар тұрғысынан түсіндіріп беруге болады. Ол магистранттардың қарама-қарсы мағыналы сөздерге ғана емес, жалпы мәтінге, контекстке жаңаша үңілуіне жол ашар еді.

3.3 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттарға арналған «Қазақ тіліндегі антонимия» курсының құрылымы мен мазмұны

Қазіргі жоғарғы мектептегі оқытушы білім беруші, тәрбиеші, зерттеуші, ұйымдастырушы, бағыт беруші, бағалаушы, бақылаушы, жобалаушы, құрастырушы т.б. міндеттерді қатар алып жүруі тиіс. Ондай жан-жақты тұлғаны қалыптастыру міндеті оларды дайындайтын әр оқытушы мен әр пәнге жүктелуі орынды. Магистратурада оқытуға арналған «Қазақ тіліндегі антонимия» курсының модулі жасалынды.

Курс модуліндегі дәріс тақырыптары келесі кестеде берілген (4 – кесте):

5 кесте - «Қазақ тіліндегі антонимия» курсының модулі

№	Дәріс тақырыбы	МОӨЖ тапсырмалары	МӨЖ тапсырмалары
1	2	3	4
Модуль 1. Антонимия құбылысы			
1.	Антонимия ұғымы, Антонимия теориясының метатілі	Дәрісбаяндар	Тіл білімі терминдері сөздігінен, ғылыми әдебиеттерден антонимияға қатысты терминдерді теру
2.	Антонимияның қазақ тіл білімінде зерттелу бағыттары	Сократтық сұхбат	Антонимияға қатысты ғылыми зерттеулерге талдау жасау
3.	Антонимдер сөздігі	Пікір-сайыс	Антонимдер сөздіктерін талдау, сын-пікір жазу
4.	Тілдік және контекстік антонимдер	Қарсыластар сайысы	Контекстік антонимдерге көркем туынды мен публицистикадан мысал жинау, олардың тілдік антонимін сөздіктен табу
5.	Қарама-қарсы тілдік бірліктердегі ұлттық таным	Зерттеушілік әңгіме	Көркем шығармадан ұлттық таным бойынша бір-біріне қарсы ұғымда жұмсалатын сөздерге мысал жинау, олардың мәнін ашу

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Модуль 2. Антонимдік оппозиция. Контрастқа негізделген стильдік фигуралар			
6.	Антонимдік оппозиция, түрлері.	Дебат	Зерттеу еңбектерге қатысты реферат жазу
7.	Контрастың қарама-қайшылық тәсілі. Троптар, оның түрлері Оксюморон және антифразис	Кумулятивтік әңгіме	Оксюморонға мысал беру. Антифразиске мысал жинау.
8.	Контрастың қарама-қарсылық тәсілі. Контрастқа негізделген стильдік фигуралар.	Конференцсабақ	Стильдік фигураларға көркем шығармадан мысал табу.
9.	Антитеза, амфитеза, диатеза, альтернатеза	Дөңгелек үстел	Контрастқа негізделген стильдік фигураларға жарнамадан мысал беру.
10.	Парадистола, аллоиза, синокейозис, синкрисис	Эссе	Контрастқа негізделген стильдік фигуралар түрлеріне публицистикадан мысал беру
Модуль 3. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметі			
11.	Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік қызметі	Ғылыми баяндама	Зерттеу еңбектерді талдау, терминдердің анықтамаларын сөздіктерден қарау.
12.	Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі	Дәрісбаяндар	Стильдік фигураларды қатыстырып эссе жазу.
13.	Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің көркем шығармадағы қызметі	Жоба	Көркем шығармада кездескен қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерге тілдік, стилистикалық талдау жасау.
14.	Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің жарнама мәтінін көркемдеу қызметі	Ашық микрофон	Жарнамадан қарама-қайшы ұғымдарды тауып, оның жарнаманы көркемдеудегі рөлін анықтау
15.	Публицистикадағы қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің қызметі	Сыр-сұхбат	Газет-журнал беттерінен қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерге мысал теріп, танымдық және тілдік тұрғыдан талдау жасау.

Дәріс монологтық баяндаудан гөрі аудиовизуалды құралға сүйенген монолог, эвристикалық әңгімелесу, диалог-пікірталас түрінде болғаны дұрыс. Дәріс жоспардан, конспектіден, тұтастық, жүйелілік, бірізділік пен түсініктіліктен, көрнекіліктен және дидактикалық тәсілдерден тұрады. Дәріс беру үрдісінде оқытушы дәріс мазмұнының әрбір бөлімінде магистранттармен

ынтымақтастықта тапсырма шешіп, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді лексика мен стилистиканың бірлігінде түсіндіргені жөн.

Сабақ келесі кестені (5-кесте) толтырудан басталады:

6 кесте - Жаңа сабаққа кіріспе кестесін толтыру үлгісі

I. Білемін	II. Білгім келеді	Білгенімді дамыту
Стильдік фигуралардан антитеза, диатеза, амфитеезаны білемін.	Қарама-қарсы мәнде құрылған басқа да стильдік фигураларды білгім келеді.	Стильдік фигураларға көркем шығармалардан мысалдар табу.

Бірінші бағанға магистранттар тақырыпқа байланысты бұған дейін білетін мәліметтерін жазады, екінші бағанға не білгісі келетіндері жөнінде жазылады. Ал соңғы бағанға дәріс барысында алған білімді бекіту үшін өздігінен орындайтын тапсырмалар жазылады. Танымдық әрекетте магистранттың зейіні маңызды фактор болып саналады. Магистранттардың зейіндерін ұстап тұру үшін дәрісте қызығушылықты оятатын түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Дәріс жай баяндау түрінде емес, түрлі көрнекіліктер қолданылып, сұхбат, достық әңгіме түрінде өтеді.

Проблемалы дәріс диалогтық тілдесім түрінде өтеді мақсат блогы, ақпарат блогы, тереңдету блогы, проблемалық блок жүйелеу блогы, қоғаммен или көркем әдебетпен байланыс блогы, қорыту блогы.

Талдау дәрісі жаңа сабақта берілген әрбір мәлімет бұған дейін таныс мәліметтермен салыстырылып, талдау түрінде өтеді.

Дәріс, практикалық сабақтарында магистранттарға пайдаланатын әдебиеттер тізімімен қатар кестелер, сұрақтар, басқа да шығармашылықпен орындалатын тапсырмалар беріледі.

Шығармашылық жұмысқа бағытталған тапсырма маманның танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Білім беру бағытындағы магистранттардың түрлі оқу тапсырмаларын орындау барысында педагогикалық жағдаяттарды шешуге үйрету, теориялық білімді іс-тәжірибемен ұштастырып бекіту болашақ кәсіби еңбекте қолдануға бағыттау болып табылады. Модульдік технология білімді белгілі бір көлемде ғана беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейді. Ол магистранттардың кәсіби дамуын, ойлау, есте сақтау қабілетін дамытуды да көздейді. Практикалық сабақтар мақсатына қарай екіге бөлінеді: білімді бекіту, дағды мен іскерлікті қалыптастыру сабағы (практикалық, зертханалық) және білімді жүйелеу және толықтыру сабағы (семинар сабағы).

Практикалық сабақтар студенттің теориялық білімін тәжірибелік міндеттерді шешуде пайдалану дағдысы мен іскерлігін қалыптастырады, ғылыми ойлау қабілетін дамытады Осыған орай ондай сабақтардың алдында мынадай мақсат болады: [Бисембаева З. Жоғары оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың ғылымиәдістемелік негіздері пед.ғыл.докт. ...дисс. Алматы].

Курста келесі семинар түрлері жүргізілді: *проблемалы семинар, тақырыптық семинар, танымдық семинар, іскери ойын семинары, интеллектуалдық семинар, пәнаралық семинар, лингвистикалық талдау*

семинары, пресс-конференция, семинар-тренинг, дөңгелек үстел семинары, семинар- дискуссия, кейс-стади.

Проблемалы семинарды қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқытуда қолданудың маңызы зор. Мұнда проблемалық сұрақтар қойылады, жауабын магистранттар іздейді: берілген ғылыми еңбектерді қарайды, көркем шығарма, жарнама, публицистикадан мысалдар келтіреді. «Тілдік және контекстік антонимдер» тақырыбы бойынша «Контексте ғана қарама-қарсы қойылған сөздер антоним бола ма?» деген сауал тасталады, магистранттар ғылыми еңбектерді қарап, өз тұжырымдарын теріп келген мысалдары арқылы дәлелдеуі тиіс.

Тақырыптық семинар тақырып бойынша дайындалған материал магистранттарға беріледі, соның ішінен ең маңызды мәселеге көңіл аудару, маңызды болу себебін түсіндіру тапсырылады. «Антонимияның қазақ тіл білімінде зерттелу бағыттары» дәрісі оқылған соң, магистранттарға зерттеушілер пікірлеріндегі қайшылықтарды анықтап, тезис түрінде жазып келіп, түсіндірулері тапсырылады. «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік қызметі» де магистранттарға тақырыптық семинарда ой өрбітуіне сеп болады.

Танымдық семинар. Оның мақсаты антонимия пәнінің мазмұнын құрайтын терминдер мен ұғымдардың табиғатына тоқталу. Бұл семинар магистранттардың пәннен алатын білімін тереңдетеді, терминдерді дұрыс қолдануға мүмкіндік жасайды. Семинар барысында терминдердің түсіндірме сөздігін жасайды. Бұл семинар түрі «Антонимия ұғымы, Антонимия теориясының метатілі», «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі» тақырыптарын меңгертуде жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Іскери ойын семинары. Іскери ойын түрлі бағытта жүргізілуі мүмкін. Ол рөлдік ойын әдісімен өтеді. Мақсаты: магистранттарды ізденушілікке бағыттау, тіл дамыту.

Ж.А. Абилхайрова іскери ойын оқытудың танымдық, дамытушылық және тәрбиелік мақсаттарына жетуге мүмкіндік жасайтындығын айта келе, ойынды ұйымдастыру барысында келесі психологиялық ұстанымдарды басшылыққа алуды ұсынады: имитациялық моделдеу ұстанымы, бірлесіп әрекет ету ұстанымы, диалогтік тілдесім ұстанымы, проблемалық ұстаным [Абилхайрова Ж.А. Филолог-студенттердің тіл мәдениетін жетілдіру әдістемесі. Пед.ғыл.канд. дисс. ... Алматы, 2010. – 131 б.. 79]. Бұл семинарда бірнеше топқа бөліп, тапсырма беруге болады. Мысалы, іскери ойында әр түрлі кәсіп иелері ретінде бөліп сол кәсіпке қатысты қолданылатын сөздерді, олардың қарсы мәнін анықтау тапсырылды. «Контрастың қарама-қарсылық тәсілі. Контрастқа негізделген стильдік фигуралар» тақырыбы бойынша жүргізілді. Сабақта тапқан қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді түрлі стильдік фигураларға салып, сөйлемдер құрды.

Интеллектуалды семинар. Бұл семинар интеллектуалды футбол түрінде өтеді. Магистранттар екі топқа бөлінеді. Әр топ өзара қақпашы, қорғаушы,

шабуылшыға бөлінеді. Бір топтың шабуылшысы келесі топтың қақпашысына семинар тақырыбына қатысты сұрақ қояды, ол жауап бере алмаған жағдайда немесе толық жауап бермесе, қорғаушы жауапты толықтырады. Кейін екінші топтың шабуылшысы бірінші топ қақпашысына сұрақ қояды. Курста бұл семинар түрі «Антонимдік оппозиция, түрлері» тақырыбы бойынша өткізіледі.

Пәнаралық семинар. Бұл семинар бірнеше пәндердің зерттеу аумағын қамту арқылы өткізіледі. Курс лексикология, стилистика, риторика пәндерінің тоғысқан тұсын қамтитындықтан, әр сабақ пәнаралық байланыста өтеді. Курста аталған пәндердің шеңберінен шығып, когнитивті лингвистика, лингвоелтаным, әлеуметтік лингвистика сынды тіл салалармен және тарих пәнімен бірлікте «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердегі ұлттық таным» тақырыбы пәнаралық семинар ретінде жүргізіледі.

Лингвистикалық талдау семинары. Мұнда магистранттар мәтінді лексикалық және стилистикалық тұрғыдан талдайды. Бұл талдаудың ұтымды жағы бірнеше пәннен игерген білімдерін еске түсіреді (көркем мәтінді лингвистикалық талдау, лексикология, стилистика, риторика). «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің көркем шығармадағы қызметі» тақырыбындағы семинарда төмендегідей жаттығулар орындатуға болады:

а) Берілген сөйлемдерден қарама-қарсы мағыналы сөздерді тауып, қай стильдік фигураға жататынын анықтаңыз.

Жаман-жақсы болсын, отыз жыл сол партияның мүшесі болды ғой. Шамы бірде жанса, бірде жанбай қалатын алыс аудандағы малшыға бұл да таңсық. Бір күн бетін, біркүн сыртын берген тұрлаусыз дүние деген осы. Басқа бұлт үйірілмесін деңіз, басқа қатер төніп, іс теріске айналған күні сенің артықшылығың – кемшілік, жақсылығың – жамандық болып шыға келеді екен ғой. Мұныкі – өмір емес, азап қой! Табиғаттың мазағы... Мұның мың жылдық өмірі қыранның бір күніне тати ма?! Жанталасқан өлім мен өмір айқасын, жауынгерлердің ерлігін аңыз етеді. Кейде таздың басы сияқты селдір, кейде кәдімгі дүлей орманның арасымен едәуір жүрдік.

б) Қанатты сөздердің мағыналарын түсіндіріңіз.

Аз жұмысты қиынсынсаң,- көп жұмысқа тап боларсың,

Азға қанағат қылмасаң,- көптен құр қаларсың. (Ы.Алтынсарин.)

Үміт өрге тартады, үмітсіздік көрге тартады. (Б.Момышұлы.)

Жақсыменен дос болсаң, Алдыңнан шығар елпектеп...

Жаманменен дос болсаң, Сыртыңнан жүрер өсектеп. (М.Өтемісұлы.)

Сабырлылық алдында не дұшпан сасады, не сабырсыздан береке қашады. (Б.Майлин.)

Досы жоқпен сырлас,

Досы көппен сыйлас. (Абай.)

Адамдарды әділдікті сүюге үйрету үшін, оларға әділетсіздіктің нәтижесін көрсету керек. (А.Смит.)

Көп істің шала білгірі болғанша,

Бір істің дана білгірі бол. (М.Әлімбаев.)

Өгізді өрге салма –қанатың талар,

Наданға көзінді салма – сағың сынар.

Досыңа өтірік айтпа – сенімің кетер,

Дұшпанға сырынды айтпа – түбіңе жетер. (Төле би.)

в) Сөйлемдерден қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді тауып, контрастқа негізделген фигуралар түрлеріне ажыратыңыз.

Ақылы аздар азғана өкпенің өзіне шат-шәлекейі шығып әуре болады, ақылы мол адамдар бәрін көре біле ренжімейді. Сабаудай әлді саусақтары сым пернені мүлт жібермей, дөп басады. Сонау түстік жақта көк пен жерді тұтастырған жасыл перде тартылғандай болды да, бірте-бірте ақ бас шындары айқындалып, арса-арса қарт Алатау «мен мұңдалап» көсіле берді. Кісімен сөйлесіп тұрғанда, сол бір сыр бүкпес шыншыл жүзімен әр алуан ерке, ұяң жымыыстарымен, жал тете қалатын кейде тұнжыр, кейде мүләйім көзқарастарымен айтар сөзіне астар беріп, мән-мағынасымен асыра түскендей болады. Шақырылған жалғыз мен емес, бірнешеу екенбіз. Соғыс заңы – қатал заң, – не адамды өсіреді де не өшіреді.

г) Төменде берілген сөйлемдердегі қарама-қарсы мәнді тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ажыратыңыз.

Әйтеуір еркіндікке сусап дүниеге келдім, сусап кетіп барамын... Ол жаққа бұл жақтың заңы жүрмейді. Шалдың таңертеңгілікте ғана тұңғышы дүниеге келген, қараша үйдің оң жағына әкеп салды. Қос қолдап берді ме, шымшылап берді ме, әйтеуір, көпсініп отырғанымыз жоқ, – деді шал. Кәрі көңілдің желігуі емес, кәріп көңілдің тал қармауы да. Таң атқаннан күн батқанша гүлдеген қала, біреу жұмыстан келе жатса, біреу жұмысқа бара жатыр.

г) Қарама-қарсы мәнді сөздердің сөйлемдегі стилистикалық қызметін айқындаңыз.

Жер мен жердің, ел мен елдің ара жігін, бір – біріне деген ықылас пейілін, я болмаса жақсы көру, жек көру сезімін жылдар бойғы тәжірибемен болжап білуге болар еді. Адам баласының құбылмалы мінезіне, бірде ашық, бірде жабық қабағына қарасаң, таң боласың. Орынды, орынсыз, әділетті, әділетсізін де көргенбіз. Жаман да, жақсы да, данышпан да, сорлы да арман ететін бір-ақ қиял – үйленіп, бақытты отбасын құрып, ұрпақ қалдыру. Дарынның иә өлі, иә тірі екені белгісіз. Әкем не қостарың, не басу айтарын білмей, тосылып қалған болуы керек, қалтасынан шақшасын іздей бастайды. Қырда – қаракөңіл қазақ жуаны боп, қалада – парашыл төре, ұлық жуаны болып, бәрі қосылып қамағалы тұр.

д) Төменде берілген сөйлемдердегі қарама-қарсы мәнді тілдік бірліктерден контраста негізделген стильдік фигура түрлеріне ажыратыңыз.

Мына алқара көктің үстімен, шапшыған тайфун дүлейінің шеңгеліне іліге жаздап, ілгерілеген сайын кешегісі бүгінгісі ертеңгісі бейне, тарих таспасына түскен бейнетаспадай болып көз алдына елестеп, мөлдіреп келе қалды. Рамазан әкенің ыстық, суық қабағында көріп өсті. Мұндайды күтпесе керек, біресе күліп, біресе жылап өз-өзіне иебола алмай қалды. Ал күмәндандың екен, онда ақты қара ғып, қараны ақ қып шығарудың да ауылы алыс емес. Бұл елдің әлде бағы, әлде соры: қазақта ежелдің ен күнінен-ақ

тұрақты әскер болмаған ғой. Қос-қабат көрпенің үстіне басқалар сияқты малдас құрып жайылмай, шәкіртше жүгініп отырды да, іштей күбірлеп дұға оқып, дастарқан батасын жасады. Ауылдың үлкен-кішісі Ағзияның көрген жерде іші-бауырларына тарта жақын тұтып, байырғы сырластарындай санап кеткен-ді.

Пресс -конференция. Топ екіге бөлінеді, бірінші топ журналистер, екінші топ ғалымдар. Бұл курста журналисттер қоғамда болып жатқан жағдайдағы кемшіліктерді тауып, соған қатысты өз ойларын айтып, ғалымдардан себебін сұрайды. Ал ғалымдар сол кемшіліктердің жағымды жақтарын тауып, қарсы пікір айтып, дәлелдеуі тиіс. Мұнда қойылатын шарт ғалым сөзінде қарама қарсы мағыналы тілдік бірліктер қатар қолданылуы тиіс. Бұл семинар түрі «Журналистикадағы қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің қызметі» тақырыбы аясында жүргізілді.

Семинар-тренинг. Кәсіби бағытталған тренинг қатысушыға өзінің және басқа да қатысушылардың іс-әрекеттерін талдауға мүмкіндік береді. Ойын формасында өтетін бұл сабақта тапсырма орындалып жарыстырылады. «Антитеза, амфитеза, диатеза, альтернатеза» тақырыбы бойынша жүргізіледі. Шағын топтар арасындағы сайыс түрінде өткізу тренингті қызықты етеді. Тапсырмалар жеңілден қиынға бағытында, шапшаңдыққа құрылғаны дұрыс. Тренингке төмендегідей тапсырма түрлерін беруге болады:

а) *Сөйлемдерде кездескен қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді тауып, фигура түріне ажырату:* Білім бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ – әлдекімнің азығы. Жоқты бардай, мысқалды дардай етіп, қолдан келмесімді келеді деп қосарлап, көтермелей айтты. Бұл тірлікті байтақ далада бастап еді, тар қапаста аяқтайтын болды. Ақ қағаз – арың, қара сия – қаның іспетті. Қолдан билік, бастан ырық кеткен соң өкіндің не, өкінбедің не? Жығылып-сүріну де, қайғырып-қуану да, тіршіліктің машақаты мен харекеті де сол күні басталыпты. Рахаттың дәмін алған екенсің, бейнеттің де зарын татып көр. Барлық ойы, жақсы-жаман сөзі тілінің ұшында, күлкісі мен мұңы көзінің төңірегінде ғана тұратын ақжарқын жігіт. Қаталдық пен ақкөңілділік арасында кәдімгі өтірік пен шындық арасындағыдай бір айырма бар. Ауылдан безіп, басы ауған жаққа кетер еді, бірақ тумай жатып күнәға батқан бейкүнә нәрестемен кімге сияды ?

ә) *Тұрақты сөз тіркестерінің мәнін ашып, тұрақты тіркеспен келетін антонимін тауып, оған антонимдік қатар құру:* су жаңа, оймақ ауыз, құты қашты, абыройы асты, ақысын жеді, аяғы аспаннан келді, ақпа құлақ, беті бүлк етпеді, бүйірі шықты.

б) *Өлең жолдарынан мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздерді теріп алып, сөйлем құрау*

Текіден де аямай, тексізден де,
Жақсылыққа жалғанда жеткізсең де,
Жеті дүние байлығын ұсынсаң да,
Жетеді деп аяпайды бетсіз пенде. (Сайлау Байбосын.)
Кебек толы құмыраның келісті
Ішін көрмей,

Ғашық болып сыртына. (Мұхтар Шаханов)
Лаулаған тұла бойым қызыл өлең,
Өлеңнің жалынына жүзіп өлем.
Көктеммен көріскенше асығам мен,
Өмірімнің келе жатып күзіменен (Тәкен Әлімқұлов)

в) *Қарама-қарсы мағыналы сөздерді түрлі стилистикалық қызметте қолданып, мәтін құру.*

Төр-есік, бал-у, әділ-залым, лағынет-алғыс, мығым-осал. Магистранттар «төр – есік», «төр де, есік те», «төр емес, есік», төр де емес, есік те емес» қалыптағы антонимдік жұптарды пайдаланып мәтін құрауы қажет.

г) *Түбірлес антонимдер туралы ойбөліс.*

Содан үш-төрт күн болды ма, болмады ма, кешке қарай жұмыстан оралып, үйге жақындай бере әлдебір жүк машинасының кабинасына мініп алған апасын көрді. Бұған керексіздің бәрі бар, ал керектісінің бірі жоқ. Біреу құптағанымен, біреу құптаған жоқ. Бойымды әлдене билеп – ол таныс па, не болмаса бейтаныс нәрсе ме – бұл ғұмырда біліп болмайтын ғажайып сезім жетегіне еріп кеткенім рас-ты. – Сенің бақытсыз күйіңді көре тұра, мен қалай бақытты боламын? – деді ол сұрағыма тікелей жауап бермей. Келмейді демеші, түге, келеді дейік те, қарғашым...

ғ) *Асты сызылған сөздердің антонимін тауып, соларды қатыстырып шағын эссе жазу.*

Адамдарға әр қилы тағдыр бұйырғанымен, сәттілік пен сәтсіздіктердің аралас түсуі жағдайды біршама теңестіргендей болады. Өтіріктен тұрғызылған ғимараттың іргетасы ауадан қаланады, сондықтан ол ұзаққа бармай жермен жексен болады. Шын дос – жер бетіндегі жақсылық біткеннің ең ұлысы, бірақ біз осы жақсылық құсын қолға қондыруға барынша аз күш жұмсаймыз. Адамдардың сенімі мен құрметінен асқан ештеңе жоқ екенін есте сақтай отырып, халық артқан сенімді ақтау керек. Ал жұмбақтың ақылдысы да, ақымағы да болады.

д) *Антонимі бар мақалдардың жалғасын тап.* Шағын топтар бір-біріне жасырады. Мысалы, Жақсы жүрген жеріне кент салар, Жаман жүрген жеріне өрт салар; Мақтаншақ жігіт көп сөйлер, Шешен жігіт дөп сөйлер.

Тренинг барысында айтылым, тыңдалым, жазылым, тілдесім, сөйлесім сияқты қатысым түрлерінің бәрі қамтылып, түрлі жаттығулар мен тапсырмалар орындалатындықтан нәтижелі болмақ.

Дөңгелек үстел семинары жиналыс, кездесу мәнінде өткізіледі. Сабак «Антонимдер сөздігі» тақырыбында әр жылдары шыққан «Қазақ тілі антонимдер сөздіктерінің» (Ж.Мусин, А.Жұмабекова) айырмашылықтарын, олардың кемшіліктері мен жетістіктерін талқылауға құрылады.

Семинар- дискуссия дебат түрінде өтеді магистранттарға екі түрлі көзқарас ұсынылады мақсаты өз пікірін сенімді дәлелдеуге, тыңдаушыларды иландыра білуге уйрету. Бұл семинар түрі «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің жарнама мәтінін көркемдеу қызметі» тақырыбында жүргізілді. Семинар барысында жағдаятқа талдау, миға шабуыл әдістері қолданылды.

Кейс-стади. Бұл семинар түрінде бірінші кезекте магистрантқа сұрақ қойылады, магистрант мәселе жауабын табуға тырысады, содан соң шағын топта пікір алысады, топтан интеллектуалды лидерлер шығады, лидер басқа магистранттарға сұрақтардың жауабын нақты дәлелдермен түсіндіруі тиіс. Соңынан мәселені топ болып талдайды. Кейс-стадиді барлық тақырып бойынша семинар сабақтың түрі ретінде өткізуге болады. Курста «Конрастың карама-қайшылық тәсілі. Троптар, оның түрлері Оксюморон және антифразис» тақырыбы кейс-стади тәсілімен өткізіледі.

Магистранттың оқытушының басшылығымен жүргізілетін өздік жұмысы (МОӨЖ) тақырыбы арнайы курс бағдарламасында алатын орнына қарай анықталып, танымдық, тәрбиелік, әдістемелік мақсаттары мен міндеттері айқындалуы тиіс. Әдебиеттер мәтіннің көлемі мен тапсырмалардың күрделілігіне қарай ұсынылады. Карама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді меңгерту арқылы ЖОО ұстазына қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруда мынадай жұмыс түрлері ұсынылады:

Дәрісбаяндар – карама-қарсы ұғымдар қолданыла отырып берілген ақпарат, деректер, қызықты мысалдар т.б. негізіндегі дәрісбаяндар магистранттардың ынта-ықыластарын тудырып, қыр-сырын ұғынуға, қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі» тақырыбын өткен кезде магистранттарға өздері қалаған тақырыпта дәрісбаян дайындау тапсырылды. Оларға дәрістерінде қызықты деректермен қатар, қайшылықты ұғымдардың болуы талабы қойылды.

Ғылыми баяндама. «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік қызметі» дәрісінде өткен терминдердің анықтамаларын сөздіктерден қарап, зерттеу еңбектердегі талдануымен танысу тапсырылады. Сол зерттеулерді талдаудан қорытқан тұжырымдары бойынша баяндама жасайды.

«Сократтық сұхбат» – кезегімен қосымша сұрақтар қоя отырып, оларға жауап тауып, көтерілген мәселелердің көптеген балама шешімдерін кеңінен қарастырумен біртіндеп мәселенің шешіміне жету жолы. Магистранттарға қайшылықты мәселелер ұсынылады.

Ашық микрофон – болашақ ЖОО ұстазының тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру үшін магистранттарға белгілі бір тақырыпты талқылау ұсынылады. Талқыланатын мәселенің екі қыры болуы шарт. «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің жарнама мәтінін көркемдеу қызметі» тақырыбында «Жарнама қоғамға қажет пе?» деген сауал тасталады, магистранттар жарнаманың зиянды және пайдалы жақтарын ашуға талпынады. Магистранттар алға шығып өз ойларын айтады, өз ойын ашық, шебер жеткізуімен бірге, карама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді қаншалықты ұтымды қолдана білгені бағаланады.

Пікір–сайыс – екі топ бір-біріне карама-қарсы пікірлерін, ой толғаныстары мен шешімдерін ортаға салып, өз жобаларын қорғайды. «Антонимдер сөздігі» тақырыбы бойынша өтеді. Антонимдер сөздіктерін талдап, сын-пікір жазып келген екі топ өздері талдаған сөздіктің артықшылығын дәлелдеуі қажет.

Сыр–сұхбат – қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістердің жағымды және жағымсыз жақтары сөз болатын әңгіме сағаты. «Публицистикадағы қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің қызметі» тақырыбы бойынша жүргізілетін МОӨЖ-де магистранттар екі-екіден бөлініп, журналист пен студия қонағы есебінде өздері алдын-ала дайындаған қоғамдағы өзгерістер турасындағы мәселе бойынша сұхбат жүргізеді. Алынған мәселе қарама-қарсы екі ой тудыратындай болуы шарт, сәйкесінше сұхбат барысында қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер қолданылады.

Қарсыластар сайысы – алдын-ала жинақталған материалдар негізінде көкейкесті материалдар жөнінде қарсы екі топтың пікірлерін ортаға салатын сөзжарыс. «Тілдік және контекстік антонимдер» тақырыбы бойынша пікірсайыс ұйымдастырылады. Контекстік антонимдерге көркем туынды мен публицистикадан мысал жинап келген топ контекстік антонимдердің мәтінді көркемдеудегі рөлін дәлелдеуі, ал олардың тілдік антонимін сөздіктен тауып келген топ қарама-қарсылығы айқын тілдік антоним көркем туындыда ойды дұрыс жеткізетіндігін дәлелдеулері қажет. Олар сөйлемдердегі контекстік антонимдердің орнына тілдік антонимдерді қойып, керісінше тілдік антонимнің көркемдігін жақтаушылардың құрған сөйлемдерін жазушы ретінде қарсы топ жаңа сөздермен ауыстыруға талпынады.

Жоба қорғау алдыңғы тараушада талданылған жобалау әдісі бойынша жүзеге асады. «Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің көркем шығармадағы қызметі» тақырыбы бойынша МӨЖ тапсырмасы ретінде әр магистрантқа бір-бір автордан бөліп беріліп, шығармаларынан қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді тауып, тілдік, стилистикалық қызметтерін анықтау тапсырылады. МОӨЖ-де сол зерттеулерінің нәтижесін жариялап, өзіне бекітілген автордың идиостилін айқындауға талпынады. Магистрант «Автор қандай тілдік антонимдерді жиі қолданады?», «Оларды қандай стильдік фигураларда, қандай мақсатта қолданады?», «Автордың контекстік антонимдер жасаудағы өзіндік қолтаңбасы қандай?» деген сауалдарға жауап іздеуі тиіс.

Көрсетілген шараларды МОӨЖ сабақтарында тақырыппен сабақтастыра жүргізу оң нәтиже берері сөзсіз. Дұрыс ұйымдастырылған оқу әрекеті тұлғаны дамытуға мүмкіндік береді. Қарма-қарсы тілдік бірліктерді оқыту барысында жоба қорғау, баяндама жасау, пікір айту, сұхбат беру, сұрақтарға жауап беру қатысымдық әрекеттері жүзеге асады.

Магистранттардың өз бетімен жұмыстануына келесі бағыттағы тапсырмалар жоспарланды:

1. Зерттеу тапсырмалары.
2. Ізденушілік тапсырмалар.
3. Тіл дамыту тапсырмалары.

Зерттеу тапсырмаларының тиімділігі мынада: антонимияға қатысты терминдерді теру арқылы магистранттардың сөздік қоры ғылыми сөздермен толығады, зерттеу еңбектерді, сөздіктерді талдау, сын-пікір жазу ғылым ордасы болып табылатын жоғары оқу орнына лайық маман дайындауға өз үлесін

қосады. Іс-әрекетті ұйымдастыру және қарым-қатынасты қалыптастыру әдістері нақты іс-әрекетте, қарым-қатынаста пайдалану арқылы көрінеді.

Зерттеушілік оқыту технологиясы жеке тұлғаның шығармашылықпен жұмыс істеп, зерттеушілік іскерліктер мен дағдыларды меңгерулері үшін маңызды. Зерттеушілік әрекет адамның интеллектуалдық-шығармашылық тәжірибесінің ерекше түрі болып табылады. Бұл әрекетті нәтижелі жүзеге асыру үшін магистранттан қажетті білім мен зерттеушілік қабілет талап етіледі.

Мәселен, Антонимия құбылысы модулі бойынша «Антонимияның қазақ тіл білімінде зерттелу бағыттары» тақырыбына антонимияға қатысты ғылыми зерттеулерге талдау жасау жұмысы берілсе, «Антонимдер сөздігі» тақырыбына антонимдер сөздіктерін талдау, сын-пікір жазу тапсырмасы берілді. «Қарама-қарсы тілдік бірліктердегі ұлттық таным» тақырыбына көркем шығармадан ұлттық таным бойынша бір-біріне қарсы ұғымда жұмсалатын сөздерге мысал жинау, олардың мәнін ашу тапсырылады. Курста жоспарланған келесі тапсырмалар да магистранттардың өз бетімен зерттеу жүргізуге бағыттайтыны сөзсіз: көркем шығармада кездескен қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерге тілдік, стилистикалық талдау жасау; жарнамадан қарама-қайшы ұғымдарды тауып, оның жарнаманы көркемдеудегі рөлін анықтау; зерттеу еңбектерді талдау, терминдердің анықтамаларын сөздіктерден қарау.

Ізденушілік тапсырмалардың тиімділігі: көркем шығармалардан, публицистикалық шығармалар мен жарнама мәтіндерінен қарама-қарсы тілдік бірліктерді табу, оның стилистикалық қызмет түрлеріне мысалдар теру, сөздікпен жұмыс жасау магистранттардың шығармашылық, ізденімдік қабілеттерін дамытып қана қоймайды, шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастыруға септігін тигізеді. Мысалы, курста ізденушілік бағытта келесі МӨЖ тапсырмалары беріледі:

- тіл білімі терминдері сөздігінен, ғылыми әдебиеттерден антонимияға қатысты терминдерді теру;
- контекстік антонимдерге көркем туынды мен публицистикадан мысал жинау, олардың тілдік антонимін сөздіктен табу;
- оксюморонға, антифразиске мысал теру;
- стильдік фигураларға көркем шығармадан мысал табу;
- контрастқа негізделген стильдік фигураларға жарнамадан мысал теру;
- контрастқа негізделген стильдік фигуралар түрлеріне публицистикадан мысал теру;
- газет–журнал беттерінен қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерге мысал теріп, танымдық және тілдік тұрғыдан талдау жасау.

Сондай-ақ, келесі тапсырмалар да шығармашылық ізденісті талап етеді: *Оксюмороны бар мысал жазыңыз*

Антоним сөздері бар мақал-мәтелдер жазыңыз.

Антоним сөздерді табатындай сөзжұмбақ құрастырыңыз. Сөзжұмбақ құрастыру білім, ұшқыр ой, шығармашылық, ізденімпаздық қабілеттерді талап ететіні дау туғызбаса керек.

Практикалық сабақта антонимдер сөздігін пайдалану болашақ маманның сөздік қорын байытып, танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді:

Қазақ тіліндегі антонимдер сөздігін пайдаланып, келесі сөздердің антонимдік қатарын құрастырыңыз:

Биязы, нашар, жігерлі, сау, тәуелді, қадірсіз, ақылды.

Антонимдер сөздігінен төмендегі сөздердің антонимдік жұбын табыңыз

Талдырмаш, таныс, шөптесін, ілу, ұшқалақ, неғұрлым, қалқу, бүрісу, дабыра, ашу, сынық, қомағай.

Тіл дамыту тапсырмаларының тиімділігі: тіл дамыту тапсырмалары магистранттардың тілдік, танымдық, қатысымдық құзыреттіліктерін дамытады.

Реферат жазу, баяндама дайындау, тезис, конспект жасау магистранттардың ақпараттық, қатысымдық құзыреттіліктерін жетілдіреді. Эссе жазғызу арқылы магистранттардың тіл шеберлігі дамиды. Мысалы, курста мынадай тапсырма беріледі: *«Байлық бақыт кілті ме?» тақырыбында эссе жазыңыз.* Эссе жазу барысында кедей-бай антонимдік жұбымен мағыналас антонимдер қолданары сөзсіз. Кейбір магистранттар рухани байлық пен дүняуи байлықты салыстыруы мүмкін. Бұл тапсырмада магистранттарға эссе жазу барысында стильдік фигуралардың барлық түрін қолдану жүктеледі. Антонимдік оппозицияны өткенде тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектерден карап, реферат жазғызу жоспарланды.

Ұсынылып отырған «Қазақ тіліндегі антонимия» курсының маңыздылығын анықтау және тексеру мақсатында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мен Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті магистратурасының «6М011700 – қазақ тілі мен әдебиеті», «6М020500 – филология» мамандықтарында 2013-2015 жылдары эксперимент өткізіліп, ол өзінің нәтижелерін берді.

Эксперимент үш кезеңнен тұрады: анықтау кезеңі, оқыту және бақылау кезеңдері.

1-кезеңде магистранттардың сабақтарына қатысылып, оқу үдерісіне бақылау жасалды, сауалнама жасалды. Ұсынылып отырылған оқу курсының оқу-әдістемелік кешенін жасаудың қажеттілігі мен маңызды қырлары анықталды.

2-кезеңде эксперимент алды тексеру нәтижелеріне сүйеніліп, оқу-әдістемелік кешені бойынша «Қазақ тіліндегі антонимия» курсы жүргізілді.

3-кезеңде оқыту эксперименті бойынша қорытынды жасалып, әдістеменің нәтижелері мен жетістіктері анықталды.

Анықтау кезеңінде төмендегі іс-шаралар атқарылды:

- магистранттар арасында сауалнама өткізілді;
- магистранттарға бақылау жұмысы ұйымдастырылды (тест сұрақтарына жауап алу және жаттығуларды орындату арқылы қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер туралы білімі анықталды);
- эксперимент барысында сабақтарды ұйымдастыру жөнінде әдістемелік ұсыныстар дайындалды;

– антонимдер арқылы магистранттардың сөздік қорын байытуға бағытталған формалар мен әдістер таңдалып алынып, экспериментке ендірілді;
Сауалнама қорытындысы төмендегі кестеде бейнеленді (6-кесте):

7-кесте – Сауалнама қорытындысы

Сұрақтар	1-сұрақ	2-сұрақ	3-сұрақ	4-сұрақ	5-сұрақ	6-сұрақ	7-сұрақ
иә	45	85	35	5	10	40	90%
жоқ	55	15	65	95	90	60	10%

Сауалнаманың нәтижесі мол сөздік қорды қажет ететін мамандықта оқитын магистранттардың көпшілігі сөздік қорлары жеткіліксіз деп есептей тұра, антонимдер сөздігін сирек пайдаланатынын байқатты. Сондай-ақ, антонимия туралы біліміміз жеткілікті деп есептейтін магистранттардың 80 пайызы контраст фигураларын білмейтіндігін мойындап отыр. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі сөйлесім барысында антонимдерді сирек қолданады екен. 90% магистранттың антонимияны арнайы оқыту қажет деп есептеуі «Қазақ тіліндегі антонимия» атты таңдау курсының өткізу туралы шешім қабылдауымызға себеп болды. Курста стильдік фигураларды меңгертуге баса назар аудару және оқу үдерісінде антонимдер сөздігімен жұмыс істеуге үйрету керек деген қорытынды туындады. Экспериментке 40 магистрант қатысты, олар эксперимент алдында келесі екі топқа бөлінді: эксперимент тобы – 20 магистрант, бақылау тобы – 20 магистрант. Эксперимент алдындағы бақылау екі бағытта жүргізілді: 1) тест арқылы магистранттардың антоним туралы білімін анықтау; 2) жаттығуларды орындату арқылы магистранттардың қарама-қарсы тілдік бірліктерді орнымен қолдана алу мүмкіндіктерін айқындау.

Тест қорытындысы 7-кестеде бейнеленді.

8 – кесте – Экспериментке дейінгі тест қорытындысы

Тест сұрақтары	Дұрыс жауап бергендер		Қате жауап бергендер	
	Эксперимент тобы (% өлшемде)	Бақылау тобы (% өлшемде)	Эксперимент тобы (% өлшемде)	Бақылау тобы (% өлшемде)
1.	60 %	60 %	40 %	40 %
2.	55 %	45 %	45 %	55 %
3.	60 %	60 %	40 %	40 %
4.	50 %	60 %	50 %	40 %
5.	40 %	35 %	60 %	65 %
6.	45 %	45 %	55 %	55 %
7.	50 %	25 %	50 %	75 %
8.	65 %	55 %	35 %	45 %
9.	40 %	40 %	60 %	60 %
10.	35 %	40 %	65 %	60 %
Жалпы	50 %	46,5 %	50 %	53,5 %

Тест қорытындысы бойынша 1 сұраққа жалпы екі топ магистранттарының 60 пайызы дұрыс, 40 %-ы қате жауап берді. 2 және 3 сұраққа дұрыс жауаптың көрсеткіші – 50 % бен 60 % құрады. Тест нәтижесінің 4 сұрақ бойынша көрсеткіші: дұрысы – 55 %, қатесі – 45 % пайызды құрады. Демек, көпшілігі стильдік фигураларды дұрыс ажырата алмайды. 5 сұрақ бойынша тест нәтижесі – төмен, көрсеткіші – 37,5 % (дұрысы). Тест тапсырмасында берілген 6 сұрақтың дұрыс жауабын біразы білмеді, пайыздық көрсеткіші: дұрысы – 45 %, қатесі – 55%. 7 сұрақ бойынша барлық магистранттың 35 пайызы дұрыс жауап берсе, қалғандарының жауабы қате болды. Барлық магистранттың 60 пайызы 8 сұрақ бойынша дұрыс жауап берсе, 9 сұрақ бойынша дұрыс жауаптың пайыздық көрсеткіші – 40 %. Ал 10 сұрақ бойынша дұрыс жауаптың көрсеткіші – 37,5 %-ды құрады.

Магистранттарға антонимдер туралы білімін анықтау үшін келесі тапсырмаларды орындау тапсырылды:

1-тапсырма. Антонимдер сөздігінен түбір күйінде кездесетін антонимдік жұптар тауып жазыңыздар

2-тапсырма. «Адами қасиеттер» атты тақырыпқа сын есімнен жасалған антонимдік жұптарды пайдаланып шығарма жазыңыздар.

3-тапсырма. «Қазақ тіліндегі қарама-қарсы тілдік бірліктер» деген тақырыпқа баяндама дайындаңыздар.

Магистранттарға орындатылған тапсырмалар қорытындысы келесі кестеде берілді (9 кесте):

9 - кесте – Экспериментке дейінгі бақылау нәтижесі

Тапсырмалар	Жоғары көрсеткішке жеткендер (75 балдан жоғары)		Төмен көрсеткішке ие болғандар (75 балдан төмен)	
	Тәжірибелік топ % өлшемде	Бақылау тобы % өлшемде	Тәжірибе лік топ % өлшемде	Бақылау тобы % өлшемде
1-ші тапсырма	30 %	35 %	70 %	65 %
2-ші тапсырма	20 %	15 %	80 %	85 %
3-ші тапсырма	10 %	15 %	90 %	85 %
Жалпы	20 %	21,6 %	80 %	78,4 %

Эксперимент алдындағы бақылау мынадай нәтиже берді:

– антонимдер сөздігін дұрыс пайдалана алған магистранттар саны 32,5 %-ды құрайды;

– магистранттар шығарманы жақсы жазғанмен, антонимдерді біз ойлағандай жиі қолдана алмады, сөздік қорының байлығын 17,5 % орындаушы көрсете алды;

– баяндамасында қазақ тіліндегі қарама-қарсы бірліктердің табиғатын аша алған магистранттар – 12,5 %. Десек те, олардың өзі стильдік фигураларға тоқталуды қажет деп таппады.

Анықтау кезеңі нәтижелерін қорытындылай келе, магистранттардың қатысым барысында қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді орынды пайдалана алмайтындарына, олардың стилистикалық қызметтерін білмейтіндігіне, тіпті стильдік фигураларды бір-бірінен ажыратуда қиналатындығына көзіміз жетті. Магистранттар антонимдер сөздігін де өте аз пайдаланады екен. Жоғарыдағы мәліметтер зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін дәлелдеді. Бұдан антонимия мәселесіне арнап таңдау курсы өткізу қажеттігі анықталды. Болашақ жоғары мектеп оқытушысын жаңа технологиямен оқыту оның біліктілік деңгейін көтерері сөзсіз. Оқытуды ақпараттық технологияландыру педагогикалық қызмет сапасының басты көрсеткіштерінің бірі болады. Магистратураның «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология: қазақ тілі» мамандықтарына арналып «Қазақ тіліндегі антонимия» таңдау курсының модулі жасалды. Курстың оқу модулдерін жобалауда білім мен білікті, дағдыларды меңгертуге қажетті оқу тапсырмаларының жүйесі жасалды. Әр модульдің соңында оқу тапсырмаларының орындалуы мен жинақталған білім тест тапсырмалары арқылы бақылау көзделді.

Таңдау курсының мақсаты – қазақ тіліндегі антонимия құбылысын оқу үдерісінде үйрету және нәтижелерін тексеру.

Таңдау курсының *міндеттері*:

- магистранттарға қазақ тіліндегі қарама-қарсы тілдік бірліктерді жан-жақты меңгерту, оның мән-мағынасын терең ұғынту;
- алған білімдерін практикада қолдана білуге үйрету;
- магистранттардың оқуға қызығушылығын түрлі технологиялар арқылы ояту,
- курс тапсырмалары арқылы ЖОО оқытушыларына тән құзыреттіліктер қалыптастыру;
- магистранттардың сөздік қорын қарама-қарсы тілдік бірліктер арқылы байыту;
- өз ойларын дұрыс жеткізуге, өзіндік ой-пікірін нақты, жүйелі түрде білдіруге үйрету.

Білім алушылар ортасы топтың және индивидтің, яғни педагогикалық үдеріске қатысушылардың өзара қарым-қатынасы, оқу барысындағы психологиялық қолайлы ахуал, білімді өз бетімен іздену мониторингі, қатысушылардың белсенді өзара белсенді әрекетпен талданатын, тексерілетін, дәлелденетін, практикада қолдануға дайындалатын жеткілікті деңгейдегі толық және дұрыс ақпарат курстың нәтижелі болуына септеседі. Курста магистранттардың тұлғалық жағынан жан-жақты дамулары үшін қолайлы жағдайлар жасау, олардың даралық қасиеттерін, шығармашылық мүмкіндіктерін ашу қарастырылған.

Таңдау курсты бағалау құралдарына келесілер жатады: эссе, кері байланыс парақтары, тренинг.

Таңдау курста күтілетін нәтижелер: магистранттардың сөздік қорын байыту арқылы кәсіби өсуіне оң нәтиже беретін құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Таңдау курсты жүргізудің дайындық кезеңі келесілерді қамтиды:

- шығармашылық тапсырмаларды жетілдіру;
- оқытудың дидактикалық материалдарын, оқу мәтіндерін, техникалық құралдарын дайындау;
- әдебиет тізімін құрастыру.

Магистранттардың тілін қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер арқылы байытатын педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың негізгі басты қағидалары төмендегідей:

- өзара оқыту, өзара әрекет, өзара көмек;
- қолайлы психологиялық ахуал;
- өзара тексеру, өзара бағалау;
- білімді өз бетімен іздену.

Магистранттарға қазақ тіліндегі қарама-қарсы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметін меңгертуге бағытталған оқыту эксперименті оздырылды. Оқыту экспериментін өткізу кезінде типтік, оқу жоспарлары негізге алынып, оқытушы дайындаған жұмыс бағдарламасы негізінде силлабус дайындалды. Силлабус мазмұнына сай әр сабақтың кең түрдегі жоспары жасалды. Онда оқыту материалдары нақты көрсетіліп, сол бойынша тәжірибе тобында сабақтар жүргізілді. Оқыту экспериментінен кейін бақылау эксперименті өткізілді. Әдеттегідей, бақылау эксперименті екі кезеңнен тұрады: тест және тапсырмалардан.

Оқыту экспериментінен кейінгі тест нәтижесі 10 – кестеде берілді.

10 - кесте – Тест нәтижесі

Тест сұрақтары	Дұрыс жауап бергендер		Қате жауап бергендер	
	Эксперимент тобы (% өлшемде)	Бақылау тобы (% өлшемде)	Эксперимент тобы (% өлшемде)	Бақылау тобы (% өлшемде)
1.	80 %	90 %	20 %	10 %
2.	90 %	90 %	10 %	10 %
3.	90 %	85 %	10 %	15 %
4.	85 %	90 %	15 %	10 %
5.	80 %	80 %	20 %	20 %
6.	75 %	90 %	25 %	10 %
7.	95 %	80 %	5 %	20 %
8.	75 %	75 %	25 %	25 %
9.	85 %	85 %	15 %	15 %
10.	90 %	80 %	10 %	20 %
Жалпы	84,5 %	84,5 %	15,5 %	15,5 %

Бірінші сұрақ қорытындысы бойынша қарама – қарсы мағынада тұрған жұпты магистранттардың 85 пайызы біледі екен. 2 және 3 сұрақ бойынша дұрыс жауаптың көрсеткіші – 90 мен 87,5 пайызды құрады. Ал 4 сұрақ бойынша тест нәтижесінің көрсеткіші: дұрысы – 87,5, қатесі – 12,5 пайызды құрады. Демек, көпшілігі стилдік фигураларды дұрыс ажырата алады. 5 сұрақ бойынша тест нәтижесіндегі дұрыс жауаптың пайыздық көрсеткіші – 80. 6 сұрақ бойынша тест жауабының дұрысы – 82,5 %, қатесі – 17,5 %. 7 сұрақ бойынша магистранттардың дұрыс жауабының пайыздық көрсеткіші 87,5-ті құрады. 8 сұрақ бойынша дұрыс жауап 75 пайыз болса, 9 сұрақ бойынша дұрыс жауаптың пайыздық көрсеткіші – 85. 10 сұрақ бойынша да дұрыс жауаптың көрсеткіші 85 пайыз болды.

Эксперименттен кейінгі тапсырмалар төмендегідей болды:

1. Көркем шығармадан контекстік антонимдерге мысалдар теріңіз. Антонимдер сөздігінде ол сөздерге қандай жұптар берілгенін анықтаңыз.

2. «Өмір мен өлім» тақырыбына эссе жазыңыз. Бұл антонимдік жұптың орнына антонимдік қатарда кездесуі мүмкін сөздердің бәрін қолданыңыз.

3. «Контраст ұстанымына негізделген стилдік фигуралар» атты баяндама жасаңыз.

Тапсырмалардың нәтижесі келесі кестеде берілді (11 – кесте):

11 - кесте – Бақылау нәтижесі

Тапсырмалар	Жоғары кәсіби құзыреттілікке қол жеткізгендер		Кәсіби құзыреттілігі дұрыс қалыптаспағандар	
	Эксперимент тобы (% өлшемде)	Бақылау тобы (% өлшемде)	Эксперимент тобы (% өлшемде)	Бақылау тобы (% өлшемде)
1-ші тапсырма	90 %	70 %	10 %	30 %
2-ші тапсырма	95 %	60 %	5 %	40 %
3-ші тапсырма	95 %	55 %	5 %	45 %
Жалпы	93,3 %	61,7 %	6,7 %	38,3 %

Бақылау нәтижесі мынадай болды:


Антонимдер туралы білімдері жоғары, олардың мағынасын сөздік арқылы тез таба алады, эссе жазу барысында қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді орынды қолдана біледі, сөздік қоры молайған. Антонимия теориясына қатысты терминдерді біледі, контраст ұстанымына негізделген стильдік фигураларды меңгерген.

Эксперименттік жұмыс барысында анықтау, қалыптастыру және бекіту кезеңдеріндегі магистранттардың деңгейлерінің өсуі төмендегі кестеде көрсетілді (12-кесте).

12-кесте – Эксперименттік жұмыс барысындағы нәтижелер

Топтар	Тәжірибе алдыңғы нәтижелер		Тәжірибелік нәтижелер	
	Тест нәтижелері	Тапсырма нәтижелері	Тест нәтижелері	Тапсырма нәтижелері
Бақылау тобы	46,5 %	21,6 %	84,5 %	61,7 %
Эксперимент тобы	50 %	20 %	84,5 %	93,3 %
Жалпы	48,3 %	20,8 %	84,5 %	77,5 %

Нәтижесінде тест жауаптары 36,2 %-ға өскен, ал тапсырмалар орындауы 56,7 %-ға өскен. Екі топтың эксперимент алдындағы және эксперименттен кейінгі бақылау қорытынды төмендегі суретте берілген (1-сурет):




1-сурет – Эксперимент нәтижесінің диаграммасы

- зерттеудің аралық және қорытынды нәтижелерін айқындау бағытында бақылау жүргізілді;
- жинақталған мәліметтер талданып, салыстырылды;
- негізделген және нақтыланған әдістемелік ұсыныстар тәжірибеге енгізілді. Мәліметтерді салыстыру барысында екі топ нәтижелерінің арасында айырмашылықты байқадық.

Бірдей дәрістер беріліп, ортақ материалдармен оқытылғанына қарамастан эксперимент тобы бақылау тобынан кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы бойынша көш ілгері тұр. Оның себебі оқыту эксперименті кезінде белгіленген тапсырмалар мен жаттығулардың екі түрлі әдіспен орыналуында. Жоғарыда

айтып кеткеніміздей, бақылау тобына сабақ дәстүрлі жолмен жүргізілсе, эксперимент тобына жаңа технологиямен өткізілген болатын. Бақылау тобы курсты жақсы меңгеріп, антонимияның қыр-сырын үйренгеніне (оған тест нәтижелері дәлел) қарамастан, баяндама жасау барысында аудиториямен қарым-қатынас жасауда, өз ойын толық жеткізуде қиыншылыққа тап болды. Сондай-ақ, материалды үстірт қарағаны, шығармашылықпен жұмыстанбағаны көрінді.

Бақылау және эксперимент топтарының эксперимент нәтижелері келесі диаграммада ашып көрсетілді (2-сурет):



2-сурет – Эксперимент нәтижесінің диаграммасы.

Сонымен, бұл көрсеткіш экспериментке дейінгі нәтижеден көп ілгері нәтиже көрсетті. Осы жайт тәжірибені дұрыс жүргізгенімізді көрсетіп, зерттеудің міндеттерін шешті.

Зтарау бойынша тұжырым

Қазіргі білім беру әдістемесі болашақ магистрлердің кәсіби қызметінде пайдаға асатындай оқыту әдістерін таңдауы тиіс. Ол үшін пән білім алушының болашақ мамандығына сай жүргізілуі және оқытуға қызғылықты қарым-қатынас формасын беру үшін қатысымдық және интегративтік негізде жүргізілуі тиіс. Қазіргі оқыту жағдайында магистранттарды өз бетімен білім алып, оны практикада қолдана білуге баулудың, сыни тұрғыдан және шығармашылықпен ойлауға бағыттаудың, жаңа идеялар тудыртуға,

ақпараттармен жұмыс істеп, олардың бастысын ажырата білуге, ұжымда жұмыс істей білуге, басқалармен жағымды қарым қатынас орната білуге үйретудің маңызы зор. Жұмыста интерактивті оқыту кең мағынада магистранттардың оқу ортасымен белсенді іс-әрекеті тұрғысынан қарастырылды. Қарама қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқытуда интерактивті оқыту технологияларын қолдану тілдік құзыреттіліктерін дамытып, қатысымдық шеберліктерін ұштайды.

Ойын технологиясы, сын тұрғысынан ойлау, жобалау, пікірталас әдістері топтық және жұптық жұмыстар негізінде магистранттардың бір-бірімен және оқытушымен өзара әрекеттестігіне бағытталады да, сол арқылы ұжымдық жұмыста ұйымдасушылық, бірлестік дағдылары қалыптасады.

Интерактивті оқыту әдістерін магистранттарға лексикалық жүйені оқыту барысында қолдану сөздік қорды байытып, тілдік бірліктерді қатысым барысында пайдалану шеберлігін жетілдіріп, оқу материалын меңгергендігін бақылауды жеңілдетеді. Оқыту тиімді болу үшін оқытушы мақсатқа жету жолында мүмкін болған тәсілдер мен құралдардың барлығын қолданады. Тілдік жаттығулар тілдік дағды қалыптастыру үшін дәрісте өткен материалды пысықтау мақсатында қолданылады, әрі қарай оны дамыту бағытында тапсырмалар беріліп, кейін қатысым жағдаятында қолдану арқылы бекітіледі.

Интерактивті оқыту технологиясы жаңа сабақ меңгертуде де, модульді жалпылау, бекітуде де, алған білімін бақылау үшін де қолданған тиімді.

Оқыту барысында бір ғана интерактивті оқыту технологиясын қолданбай, түрлі әдістерді біріктіретін интерактивті оқыту технологиясы кешенін дәстүрлі оқыту формасымен бірлікте қолдану тиімді болмақ.

Жұпта, топта атқарған жұмыстар магистранттардың қарама қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқуға уәжділіктері мен қызығушылықтарын арттырады.

Магистрлерді дайындау үдерісінде ғылыми педагогикалық дискурс кәсіби, ғылыми, әдістемелік мәселелерді шешушілер арасындағы өзара әсер, қарым-қатынас ретінде танылады. Оның көтеретін мәселесі өз саласындағы ғылыми мәселелерді меңгеру болса, жүзеге асыру әдісі шығармашылық диалог немесе ғылыми пікірлас боуы мүмкін. Қазіргі оқытуда ақпаратты өзі ізденіп табу, өзін-өзі жетілдіру басты мақсаттар ретінде танылатыны рас.

Қазақ тіліндегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметін магистранттарға «Қазақ тіліндегі антонимия» таңдау курсын модульмен оқыту арқылы меңгерту олардың сөздік қорын байытып, тілін дамытады, контрастқа негізделген стильдік фигураларды меңгертеді. Сол арқылы болашақ жоғары мектеп ұстазына қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді өмірде ұтымды қолдана алатын тәжірибе жинақтауына мүмкіндік туады.

Қарама-қарама қарсы мағыналы тілдік бірліктерді меңгертуге бағытталған курсты жоспарлауда басшылыққа алынған ұстанымдар магистранттарға пән мазмұнын жан-жақты игерте отырып, рухани құндылықтарды тани және бағалай білуге көмектеседі.

«Қазақ тіліндегі антонимия» таңдау курсы магистратурада модульдік технология арқылы оқыту қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді жан-жақты меңгертуге мүмкіндік береді.

Тірек-сызбаларды пайдалану материалдарды сұрыптап қолдануға мүмкіндік туғыза отырып, магистранттарды өзіндік ой қорытуға жетелейді. Дәрістің түрлендіріліп өткізілуі магистранттардың қосымша ақпараттарды ұтымды қолдануларына мүмкіндік беріп, алған білімдерін жүйелейді. Практикалық сабақта қолдануға ұсынылып отырылған жаттығулар жүйесі магистранттардың білік-дағдыларын жетілдіре отырып, ойлау қабілеттерін арттырады, дәрісте алған білімдерін бекітеді. Оқыту үрдісінде шығармашылық жұмыстарды орындату магистранттарды сауатты жазуға, еркін сөйлеуге, ғылыми стильді орынды пайдалануға төселдіреді. Ал оқытушының жетекшілігімен атқарылатын өздік жұмыстардың сөйлесім әрекетіне бағытталуы олардың адамдармен қарым-қатынас жасай білу қабілеттерін жетілдіріп, шешендік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік тудырады. Курста өз бетімен ізденуге берілетін шығармашылық жұмыстардың әр түрлі формада ұсынылуы магистранттардың тілдік, танымдық, қатысымдық, тұлғалық, ұжымдық, шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Курсты оқыту барысында оқыту мен сөйлеуді кәсіби дамыту бірлігі мәтінді оқытылып отырған лексика-стилистикалық материалды бақылау және түсіну базасы ретінде алу ұтымды болмақ. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің көркем шығармадағы, публицистика мен жарнама мәтіндеріндегі қолданыстарын талдау магистранттардың әдеби стильде сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Антонимдер сөздігін пайдалану магистранттардың сөздік қорын кеңейтіп, танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Магистратурада «Қазақ тіліндегі антонимия» курсы оқыту магистранттарға қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметтерін меңгерулеріне, қазақ тілі лексикасының жүйелік, семантикалық байланыстарын айқындауларына көмектеседі. Сондай-ақ, курсты интерактивті оқыту оларды шешен тілді, жоғары кәсіби құзыреттіліктерге ие маман ретінде қалыптастырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл – өзгермелі, кеңейтілген жүйе. Ал, жүйе дегеніміз өзара байланысты бірліктердің жиынтығы. Лексикалық жүйе синонимия, антонимия, полисемия және т.б. бірліктерден тұрады. Лексикалық жүйені тану үшін оның құрамдас бөліктерін бірлікте қарастыру керек, ол үшін әрқайсысының табиғатын, бүтін ішіндегі орнын айқындау маңызды. Жұмыс лексикалық жүйенің басты бірліктерінің бірі антонимия құбылысының жекелік ерекшеліктері мен тілде атқаратын қызметтерін саралау, оны жоғарыдан кейінгі білім беруде оқыту әдістемесін жасау мақсатында жасалды.

Адамның шынайы өмірді тану үдерісі шексіз, ол тіл мен сөйлеуде көрініс табады. Қарама-қайшылық қай дәуір, қай мәдениет дәрежесінде болмасын, адамдық танымның негізі болған. Тіршіліктің дамуы да болмыстағы құбылыстарды бір-бірімен салыстырып, қайшылықтарын танып, талдау арқылы жүзеге асқан. Адамзат танымындағы, санасындағы қарама-қайшы заттар мен құбылыстардың, сапа мен қасиеттің, түсініктің атауынан тілде қарама-қарсы мәнді бірліктер пайда болды.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесінде антонимия теориясы жаңа даму кезеңін өткеруде. XX ғасырдың 50-90-жылдарында 50 жылдай құрылымдық бағытта зерттеліп келген антонимия құбылысы кейінгі зерттеулерде жұмсалымдық қырынан қарастырыла бастады. Қазіргі тіл білімінде танымдық ұстанымдар тұрақты орнығып жатыр. Сондықтан да, көптеген ғалымдарымыз табиғат пен қоғамдағы қарама-қайшылықты концепт тұрғысынан қарауға бет бұрды. Ұлттық тіл біртекті емес. Алуан тілдік қатынас жағдаятында түрлі тілдік құралдар қолданылады. Адамның сөзіне қарап өзі туралы да білуге болады. Өзің туралы жағымды әсер қалдыру үшін әдеби тіл нормаларын білу, тілдік құралдарды қарым-қатынас жағдайы мен мақсатына сай, орынды стильде қолдану қажет. Тілдік бірліктерді ұтымды қолдана білу оның жұмсалымдық қызметін терең білу арқылы мүмкін болады. Шындықты философиялық таным, тілдік сипат, объективті және субъективті шындықты психологиялық таным, психологиялық әсер, эмоциялық бағалау мен көркем салыстыру қызметтері, оқиғаны баяндау қарама-қарсылық мәнді стильдік фигуралардың қызметі болып табылады.

Поэтика, риторика, тіл білімі мен әдебиет теориясы ғылымдарының ортақ объектісіне айналған троптар мен фигураларға әркез көңіл бөлініп келеді. Олардың жарқын образдылығы, мағына байлығы, синтагмалық жан-жақтылығы поэтикалық, көркем туындыларда, саяси және сот дискурстарында, ауызекі сөйлеу тілінде сұранысқа ие. Қарама-қарсылық тілдік бірліктер антонимия құбылысының тілде бейнеленуі, контраст оның стилистикалық қызметін беретін жалпы әдістер ұйымдастыру ұстанымы болса, қарама-қарсылық контрастың жеке әдісі болып табылады. Қарама-қарсылық тәсілімен стилистикалық фигуралар берілетіні белгілі. Ең жиі кездесетін фигура – антитеза.

Қарама-қайшылық өмірде де, өмірдің көрінісі, адам тағдырының,

көзқарасының айнасы көркем әдебиетте де, қоғам жыршысы публицистикада да, тіпті экономика көзі жарнамада да үнемі ұшырасып отырады. Өйткені, адам санасы, түсінігі заттар мен құбылыстарды қайшылықта таниды. Қарама-қарсылық қоғамның барлық саласында, барлық жанрда қолданылады. Басқа жанрларға қарағанда қолданылу жиілігіне қарай қарама-қарсы тілдік бірліктердің линвостилистикалық қызметін зерттеу көркем әдебиет, публицистика, жарнама мәтіндері негізінде жүргізілді. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер мәтінде *қарама-қарсылық, салыстыру, бөлу, кезектестіру, қарама-қарсылықтарды біріктіру, барлық құбылыстарды қамту, қарама-қарсылықты жоққа шығару* қызметтерін атқарады.

Қоғам мен саясат үнемі қайшы ойлар мен көзқарастардан тұратындықтан, журналист сөзінен қарама-қарсы мәнді сөздер жиі ұшырасатыны жасырын емес. Антонимдік оппозициялар, стилдік фигуралар публицистика жанрының айшықты, тартымды мәтін құрайтын маңызды құралы болып келеді. Тілшілер қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді қажетінше түрлендіріп, құлпыртып жаңа мағына үстеп, қажет материалына айналдырып келеді. Қарама-қарсылық публицистикада авторлық позицияны жеткізу құралы болып табылады.

Қазіргі нарықтық экономиканың қарқынды даму кезеңінде қоғам өмірінің бір бөлшегі ретінде жарнама жанры қосылды. Жарнама жай ұсыныстан тұтынушыға әсер етуші механизмге айналады. Ұтымды қолданылған қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер жарнама бағытталған аудиторияға белсенді әсер ету күшіне ие. Өйткені, тұтынушы тауардың сапасын басқа тауармен не оның сапасымен салыстырып барып алатыны белгілі. Жарнама ұранының антитеза тәсілімен жиі жасалуы осындай тұтынушы көзқарасын ескергеннен болса керек.

Қарама-қарама қарсы мағыналы тілдік бірліктер көркем шығармаларда бірқатар стилистикалық қызметтер атқарады. Оның стилистикалық қызметі контрасттың алар орны ерекше. Өйткені, суреткер сөзбен шынайы өмірді бейнелеуде өмірдегі қайшылықтарды бермеуі мүмкін емес. Ол оның оқырманға әсер ету қаруы десе де болады. Қарама-қарсылық ежелгі мифтер мен ауыз әдебиеті үлгілерінде де кеңінен қолданыс тапты. Соңғы жылдардағы көркем шығармалардың бірқатарын зерделеу барысында контрастка негізделген троптар мен стильдік фигуралардың барлық түрлеріне мысалдар кездесті. Ол көркем шығармалардың көркемдеуіш құралы ғана болып қоймай, ақын-жазушыларымыздың өзіндік қолданыс стилін қалыптастыруда да айырықша орын алады. Қазақ жазушылары Қ. Жұмаділов, С. Бәкбергенов, Т. Ахметжан, К.Ахметбеков, Д. Батыр, Т.Қаупынбаев, Қ.Найманбаев шығармаларында біріктіру қызметінде амфитеза тәсілімен жасалған *жақсылық – жамандық, күні – түні, алды – арты, жер – көк* жұптары жиі кездеседі. Мысалы, Қ.Найманбаевтың шығармаларында *үлкен-кіші* оппозициялық жұбы жиі қайталанатын, осы антонимдік жұпты үнемі амфитеза тәсілімен беріп, бәрі деген мағынада қолдануы жазушының идиостилі екенін көрсетеді. Сонымен қатар,

С. Бәкбергенов шығармаларында *өмір – өлім* жұбын антитеза тәсілімен жиі қолданады.

Оқытушы жоғары оқу орнындағы орталық тұлға болып табылады, сондықтан да, оған қойылар талаптың жоғары болуы орынды. Осы орайда, болашақ жоғары оқу орнының оқытушысына әртүрлі қатысымдық жағдаяттарда өзіндік сөз сөйлеуді еркін игертіп қана қоймай, алдын ала оларды кәсіби-педагогикалық әрекеттегі педагогикалық қатынас мәдениетіне үйрету, шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру да аса қажетті іс. Демек, жоғары оқу орны түлектеріне жоғары кәсіби білікпен қатар қарым-қатынас қағидаларын жетік меңгеру талабы қойылуы заңды. Сөйлеу әрекеті теориясының талдамалары, жұмсалымды стилистика мен сөйлеу мәдениеті туралы еңбектер, кәсіби-педагогикалық тәжірибелердің ерекшеліктерін, мәтінді зерделеудің әртүрлі аспектілерін талдау, сөйлеу этикеті мәселелерін назарға алу туралы зерттеулер әдіскер ғалымдарымызды оқыту міндеттерін шешуге жаңаша қарауға әкелді. Жұмсалымдық тұрғыдан зерттеліп жүрген антонимия құбылысы да стилистикалық, прагматикалық қырларынан, шешендік құралы ретінде оқытылуы тиіс болатын. Алайда, орта мектепте тілдік антонимдердің ғана оқытылатыны белгілі. Жоғары оқу орнындағы оқулықтар мен оқу бағдарламаларын саралау барысында оқыту объектісі ауқымды пәндерде антонимия құбылысын толық меңгерту мүмкін еместігін, сондықтан да тар мағынада оқытылып жүргені түсінікті болды. Антонимия құбылысы кең мағынада, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік, стилистикалық, прагматикалық қызметтері кешенді оқытылуы тиіс. Тіл саласында білім алушылар қазақ тілі лексикасын меңгеруді қарапайымнан күрделіге қарай жүйелі түрде жалғастыруы қажет деген мақсатта магистратураның «қазақ тілі мен әдебиеті», «филология: қазақ тілі» мамандықтарының антонимия құбылысы бойынша білімдерін тексерілді. Магистранттардың қатысым барысында қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді орынды пайдалана алмайтынына, оның стилистикалық қызметтерін білмейтіндігіне, контрастқа негізделген стильдік фигураларды бір-бірінен ажыратуда қиналатындығы белгілі болды. Бұдан антонимия мәселесіне арнап тандау курсы өткізу қажеттілігін байқалды. «Қазақ тіліндегі антонимия» тандау курсының бағдарламасы құрастырылып, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметін меңгерту арқылы магистранттардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі жасалды. Магистранттардың тілдік, танымдық, қатысымдық, тұлғалық, ұжымдық, шығармашылық құзыреттіліктерін дамыту арқылы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға болады. Жұмыста қатысымдық құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде *дискурстық құзыреттілік* термині ұсынылады. Дискурстық құзыреттілікке қол жеткізген магистранттар ғылыми диалогты сауатты жүргізе алады, ғылыми конференциялар мен талқылауларда, есеп беруде ғылыми мәселелерге қатысты өз көзқарасын дәлелдей алады. Бұл құзыреттілікті болашақ ғылыми маманның бойына жинақтау үшін ғылымилық ұстанымы басшылыққа алынады, оған жетуге ғылыми, зерттеу тапсырмаларын орындау, ғылыми мәселелерді талқылау, жоба қорғау сияқты курстың өн бойында жоспарланған жұмыс түрлері ықпал етері сөзсіз.

Антонимия құбылысын кең мағынада кешенді оқыту әдістемесі қарама-қарама қарсы мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметтерін терең игерулеріне, оларды тәжірибеде біліктілікпен пайдалануда жоғары нәтижеге жетулеріне септігін тигізеді. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді интерактивті оқыту оң нәтиже бермек. Модульдік технологияны негізге алған курс модулін жүргізу барысында интерактивті оқытудың келесі технология түрлерінен құралған кешенді әдіс қолданылды: сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, жобалау технологиясы, ойын технологиясы, қатысым әдісі, диалогты оқыту әдісі, пікірсайыс әдісі. Магистранттардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында семинар, магистранттың оқытушы жетекшілігімен жүргізілетін өздік жұмысы ізденушілікке, диалогқа, пікірсайысқа құрылды. Семинар сабақтары интерактивті әдіспен түрлендіріліп өткізілді: *проблемалы семинар, тақырыптық семинар, танымдық семинар, іскери ойын семинары, интеллектуалдық семинар, пәнаралық семинар, лингвистикалық талдау семинары, пресс-конференция, семинар-тренинг, дөңгелек үстел семинары, семинар- дискуссия, кейс-стади.*

Семинар сабақтары тақырыпқа қатысты түрлендіріліп өткізілсе, МОӨЖ-ге ондай қатаң талап қойылмады. Түрлі тақырып ауқымын қамтыған магистранттың оқытушы жетекшілігімен жүргізілетін өздік жұмысы сөйлесім әрекетіне бағытталып, қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді түрлі жағдаятта қолдана білуге машықтандырды. МОӨЖ-дің келесі түрлерін атап өтуге болады: *дәрісбаяндар, ғылыми баяндама, «сократтық сұхбат», ашық микрофон, пікір–сайыс, сыр–сұхбат, қарсыластар сайысы, жоба қорғау және т.б.*

Магистранттың өздік жұмысына берілетін тапсырмалар *зерттеу, ізденушілік, тіл дамыту* тапсырмалары болып топтастырылды. Зерттеу еңбектерді, сөздіктерді талдау, сын-пікір жазу, сөздікпен жұмыс, мәтінмен жұмыс өз бетімен ізденуге берілетін басты жұмыс түрлері ретінде ұсынылды.

Курсты апробациялауда магистрантар екі топқа бөліп оқытылды. Бақылау тобына сабақ дәстүрлі жолмен жүргізілсе, эксперимент тобына интерактивті әдістермен өткізілген болатын. Бірдей дәрістер беріліп, ортақ материалдармен оқытылғанына қарамастан, эксперимент тобы бақылау тобынан кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша көш ілгері тұрды. Бақылау тобы курсты жақсы меңгеріп, антонимияның қыр-сырын үйренгеніне (оған тест нәтижелері дәлел) қарамастан, баяндама жасау барысында аудиториямен қарым-қатынас жасауда, өз ойын толық жеткізуде қиналды.

Лексикология жүйесінің құрылымдық бірлігі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер де заманауи білімнің бір арнасы ретінде оқыту жүйесіне енуі тиіс. Антонимияның курс түрінде оқытылуы өмірдегі қарама-қайшылық пен тілдегі қарама-қарсылық тұрасындағы білім сапасының артуының кепілі болып табылады. Мәтіндердегі (көркем шығарма, публицистика, жарнама) қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің тілдік, стилистикалық қызметтерін ашу, антонимдер сөздіктерін қолдану, интерактивті оқыту болашақ мамандардың

кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырып, олардың кәсіби-интеллектуалдық деңгейін көтереді.

Қазақ тіліндегі антонимия мен оны оқыту әдістемесін зерттеу лексиканың жүйелі ұйымдасуына септігін тигізеді. Бұл жұмыспен зерттеу тоқтап қалмақ емес, өйткені, лексикология тұтас жүйе болса, сол жүйенің антонимия, синонимия, полисемия және т.б. құрылымдық бөлшектері жан-жақты, бір-бірімен тығыз байланыста зерттелгенде ғана қазақ лексикасын толық тану жүзеге аспақ. Жұмыста қоғам мен қоршаған ортадағы қарама-қайшылықтардың тілдегі көрінісі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер деп алынып, олардың мәтіндерде жұмсалып қызметтерін ашуға талпыныс жасалды, оны магистратурада оқыту әдістемесін ұсынылды. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді танымдық, лингвомәдени тұрғыдан, ұлттық менталитет мәдениетімен қатысты жүйелі зерттеу, оның лексикологияның басқа да бірліктерімен байланысын толық ашу алдағы зерттеу жұмыстарының еншісінде деген ойдамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҖАН ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Иванова В.А. О термине "антоним" //Русский язык в школе. –1980. – №6. – С. 100-101.
- 2 Иванова В.А. Антонимия в системе языка. – Кишинев, 1982. – 185 с.
- 3 Родичева Э.И. К проблеме антонимии // Семантические и фонологические проблемы прикладной лингвистики. – Москва, 1968. – С. 284-296.
- 4 Щерцль В.И. О словах с противоположными значениями //«Филологические записки». – Воронеж, 1884. – С. 124-135.
- 5 Fernald, J. Synonyms and Antonyms with Notes of the Correct Use of Prepositions Text. / J. Fernald. New York, London. Funk and Wagnalls Company, 1914. – 727 p.
- 6 Лесник М.Д. Об антонимичности прилагательных "большой", "малый", "маленький" и сфере их употребления в современном русском литературном языке // Ученые записки Ленинградского университета. –1952. – Вып. 18. 4.2. – С.80-85.
- 7 Hartrampf Gustavus A. Hartrampf's Vocabularies: Sinonimos. Antonimos. Relatives. – London and Edinburgh: Morrison and Gibb Limited, 1961. – 529 p.
- 8 Pohl J. Les antonymes: economie et conscience linguistique Text. / J. Pohl// Linguistic Research in Belgium. Wettern (Belgium): Universa, 1966. – P. 99-111.
- 9 Clark E. On the Child's Acquisition of Antonyms in Two Semantic Fields Text. / E. Clark // Journal of Verbal Learning and Verbal Behavior (New York: Academia Press). 1972. – Vol. 11. – № 6. – P. 750-758.
- 10 Roceric, A. Aspects of Antonyms in the Romanian Language Text. / A. Roceric // Cahiers de linguistique theorique et appliquee (Bucarest). 1972. –Vol. 9. – № 1. – P. 37-53
- 11 Sainz F.C. de Robles. Diccuanario Espanol De Sinonymos Antonimos. – La Habana: Eitorial Cientifico-Technica, 1978. – 1149 p.
- 12 Borgmann B.A. Sets of Mutually Antonymic Words Text. / B.A. Borgmann // Word Ways. The Journal of Recreational Linguistics (New Jersey). 1988. – Vol. 21. – № 1. – P. 20-21.
- 13 Gran Diccionario Manual De Sinonimos Y Antonimos / Prof. Laura Castro de Amato. – Buenos Aires: Editorial Ruy Diaz, 1988. – 851 p.
- 14 Введенская Л.А. Проблемы лексической антонимии и принципы составления словаря антонимов: Автореф. дис. ...докт. филол.наук. – Ростов на Дону, 1973. – 280 с.
- 15 Новиков Л.А. Антонимия в русском языке /Семантический анализ противоположности в лексике/. – Москва, 1973. – 290 с.
- 16 Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. Синонимические средства языка. –Москва, 1974. – 178 с.
- 17 Львов М.Р. Словарь антонимов русского языка. – Москва, 1984. – 180 с.

- 18 Миллер Е.Н. Природа лексической и фразеологической антонимии. –Саратов, 1990. – 122 с.
- 19 Шанский Н. М. Лексикография современного русского языка. – Москва: Просвещение, 1972. – 368 с.
- 20 Киреев А.А. Об антонимах // Русский язык в школе. –1954. – №3. – С. 18-25.
- 21 Комиссаров В.Н. Проблема определения антонима // Вопросы языкознания. – 1957. – №2. –С.49-58.
- 22 Родичева Э.И. О пресуппозиционном аспекте антонимии // Исследования по структурной и прикладной лингвистике. – Москва,1975. – 140 с.
- 23 Соколова Н.Л. Стилистическое использование антонимов в английском языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Москва, 1977.
- 24 Уфимцева А.А. Слово в лексико-семантической системе языка. – Москва, 1968. – 174 с.
- 25 Аханов Қ. Қазақ тіліндегі антонимдер // Пионер. –1955. – №11. – 20 б.
- 26 Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы, 1979. – 254 б.
- 27 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997. – 256 б.
- 28 Белбаева М.А. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы, 1976. – 116 б.
- 29 Төлекова С. Қазақ тіліндегі алғыс пен қарғыс мәнді фразеологизмдер. Филол.ғыл.канд.дис...авторефераты. – Алматы, 1974. – 25 б.
- 30 Конакбаева Ж.К. Антонимичные фразеосочетания в английском, русском, казахском языках. Автореф.дис..канд.филол.наук. – Алма-Ата, 1989. – 34 с.
- 31 Мусин Ж. Қазақ тіліндегі антоним сөздер. – филол. ғыл. канд. дис...– Көкшетау, 1970. – 142 б.
- 32 Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 1984. – 187 б.
- 33 Lyons, J. Linguistic Semantics. An Introduction Text. / J. Lyons. Cambridge: Cambridge University Press, 1995. – 376 p.
- 34 Heinrichs, A. Synonyms and Antonyms (The Magic of Language). The Child World, MN, 2006. – 32 p.
- 35 Cleary, Brian P. Stop and Go, Yes and No: What Is an Antonym? (Words Are Categorical) Millbrook Press, Minneapolis, MN, 2006. – 35 p.
- 36 Markowski A. Antonimy przymiotnikowe we współczesnej polszczyźnie na tle innych typów przeciwstawień leksykalnych <http://www.google.pl/search?hl=pl&tbid=p&tbm=bks&q=inauthor:%22Andrzej+Markowski%22>
- 37 Балахонская Л.В. Языковые антонимы и контекстно противопоставляемые слова как средство создания контраста в произведениях А.Вознесенского: Автореф. дис. ...канд.филол.наук. – Ленинград, 1987. – 26 с.
- 38 Лекомцев Ю.К. Антонимический текст //Текст: семантика и структура. – Москва,1983. – С.197-205.

- 39 Жумабекова А.К. Оппозитивный анализ антонимических единиц казахского и русского языков. Дис. ... канд.филол.наук. – Алматы, 1995. – 161 с.
- 40 Нұрбердиев М.Г. Контрастивтердің тіларалық баламалығы (қазақ, араб тілдері): филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2009. – 250 б.
- 41 Есімбекова Қ. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық антонимдердің құрылымдық компоненттері // «Шәкәрім» ғылыми-танымдық журналы. – 2014. – №3. – Б. 86-88.
- 42 Мухтарова С.С. Дене мүшелері атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі антонимиялық байланыс мәселесі. // Абылай хан ат. ҚазХҚӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – № 2. – Б. 47-49.
- 43 Қожахметова А.С. Типы антонимов в казахском и английском языках. // Абылай хан ат. ҚазХҚӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2009. – № 1. – Б. 54-58.
- 44 Әділбекова Ж.Қ. Қазақ тіліндегі қарама-қарсылықты мағынаның көркем мәтіндегі көркемдеуіштік қызметі: филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2007. – 140 б.
- 45 Жүсіпов А.Е. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары. филол.ғыл. канд. дисс... – Астана, 2004. – 154 б.
- 46 Әбдісадықов А.А., Жүсіпбекова А.Б. Ғабиден Мұстафиннің «Миллионер», «Шығанақ» романдарындағы антоним сөздердің стилдік қызметі //Қостанай мемлекеттік университетінің көпсалалы ғылыми журналы = Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова. Многопрофильный научный журнал. – 2013. – № 2 – Б. 52-55.
- 47 Макешова Ж.М., Қабылдина Н.М. Антонимдік қолданыстардың көркем прозадағы орны (Ғ.Мұстафин шығармаларының негізінде) // Ақтөбе педагогикалық институтының хабаршысы = Вестник Актыобинского государственного педагогического института – 2013. – №1. – Б. 79-82.
- 48 Бекбосынова А.Х. Синонимдік және антонимдік теңеулердің стильдік сипаты // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы = Известия НАН РК. Серия филология. – 2009. – №6. – Б. 3-7.
- 49 Исмалинова Ғ. Антонимдердің толымсыз тілдесімдегі кейбір көріністері // Ұлт тағылымы = Достояние нации – 2008. – № 4. – Б. 283-286.
- 50 Резуанова Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлар. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2000. – 251 б.
- 51 Найманбай Н. Р. Антонимдік-синонимдік парадигмалар // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2006. – № 5 – Б. 96-100.
- 52 Сырлыбаева Г.Т. Қазақ тіліндегі қарсы мәнді фразеолгизмдердің парадигмалары: филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2006. – 125 б.
- 53 Құлжанова Б.Р. Орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі антонимдер (Құдатғу билиг және Һибатул-хақайық ескерткіштері бойынша) // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – №3. – Б. 120-124.

- 54 Бегалиева Р.Н. Қазақ мектебіндегі 5-сынып оқушыларының тіл мәдениетін антонимдер сөздігі арқылы дамыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ...дис. – Көкшетау, 2010. – 157 б.
- 55 Өтепова Р. «Қазақ тілінің антонимдер сөздігін» қолдану әдістемесі // Қазақстан мектебі. – 2006. – № 6. – Б. 52-54.
- 56 Есдаулетова А. Антонимдер // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2006. – № 1 – Б. 22-24.
- 57 Ақбердиева Б.Қ. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар: филол. ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2000. – 119 б.
- 58 Серікбаева Ұ.Б. Қазақ тіліндегі «ақ» және «қара» түр-түс атауларының этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2005. – 143б.
- 59 Қанапина С.Ғ. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелігі (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде): филол. ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2006. – 143 б.
- 60 Жиренов С.А. ХҮ–ХІХ ғ.ғ. ақын – жыраулар поэзиясындағы «Өмір – Өлім» концептісінің танымдық табиғаты: филол. ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2007. – 165 б.
- 61 Қошанова Ж.Т. Қазақ тіліндегі «байлық – кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі: филол. ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2009. – 148 б.
- 62 Шалбаева А.Ж. Жақсылық/жамандық концептілерінің танымдық көрінісі (қазақ және орыс тілі материалы бойынша). филол. ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2010. – 133 б.
- 63 Гвишиани Д.М. Диалектико-материалистический фундамент системных исследований // Философские аспекты системных исследований. Труды философского (методологического) семинара. – Москва: ВНИИСИ, 1980. – С. 3-9.
- 64 Блауберг И.В., Юдин Э.Г. Системный подход // Философский энциклопедический словарь. – Москва, 1983. – С. 613.
- 65 Арнольд И.В., Буга Н.Н. Вопросы теории системных отношений в лексике и ее межсистемные связи // Арнольд И.В. Семантика. Стилистика. Интертекстуальность: Сб. статей. – Санкт-Петербург: Издательство Санкт-Петербургского университета, 1999. – С. 67-77.
- 66 Садовский В.Н. Система//Философский энциклопедический словарь. – Москва, 1983. – С.610-611.
- 67 Общее языкознание: Сущность и история языка: Уч. Пособие / Н.Б. Мечковская, А. Плотников, А.Е. Супрун; Под общ. ред. А.Е. Супруна. – 2-е изд., перераб. и доп. – Минск: Высшая школа, 1993. – 287 с.
- 68 Соссюр Ф. Труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 1977. – 695 с.
- 69 Грецкий М.Н. Структурализм // Философский энциклопедический словарь. – Москва, 1983. – с. 657-658.
- 70 Сулейменко Н.Е. Антропоцентрические аспекты изучения лексики:

- учебное пособие к спецкурсу. – Санкт-Петербург: Образование, 1994. – 86 с.
- 71 Комаров А.П. История лингвистических учений: Учебное пособие. – Алматы: Издания АПИИЯ, 1993. – 144 с.
- 72 Диалектическая логика: категория сферы сущности и целостности. / Под ред. Ж.М. Абдильдина. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1987. – 542 с.
- 73 Кузнецова А.И. Понятие семантической системы языка и методы ее исследования. – Москва: МГУ, 1963. – 59 с.
- 74 Жумабекова А.К. Лексика языка как система (логико-философский и лингвистический аспекты): Учебное пособие. - Алматы, 2003. – 121 с.
- 75 Демина Язык как предмет логико-философского анализа // Рационализм и культура на пороге третьего тысячелетия: Материалы третьего Российского философского конгресса. – Т.1. –Ростов н/Дону: СКНЦ ВШ, 2002 – 265 с.
- 76 Колерс П. Некоторые психологические аспекты распознавания образов // Распознавания образов. – Москва: Наука, 1970. – 288 с.
- 77 Карданов В.Т. Некоторые особенности определения диалектического противоречия // Актуальные проблемы диалектического материализма / Под ред. С.А. Постушного. –Москва: Московский гос. Ун-т, 1982, С. 26-30.
- 78 Философский энциклопедический словарь / Гл. редакция: Л.Ф. Ильичев, П.Н. Федосеев, С.М. Ковалев, В.Г. Панов. – Москва, Советская энциклопедия, 1983. – 840 с.
- 79 Петухова Л.П. Онтологические связи и антономические отношения. – Ленинград: Ленинградский гос. пед. ун-т , 1983. – 14 с.
- 80 Лежебоков П.А. Диалектическое противоречие как закон познания: дис. ... д-ра филос. наук. – Иваново, 1990. – 386 с.
- 81 Шаврин А.Л. Методологическое значение категории «противоречие» // Вопросы диалектического материализма. – Москва: Московский гос. ун-т, 1981. – 24-27.
- 82 Горбач В.И. Проблемы диалектических противоречий. – Москва: Наука, 1972. – 359 с.
- 83 Лем Г.И. Некоторые проблемы диалектических противоречий // Диалектика и анализ научного знания / Отв. Ред. Б.И. Исмаилов. – Ташкент: ФАН, 1984. – С 3-26.
- 84 Философия. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1991. – 320 б.
- 85 Гегель Г. Наука логики, т. 2. Москва: Мысль, 1971. С. 63-64.
- 86 Аристотель. Топика // Аристотель. Соч. в 4-х т. – Т.2. – Москва: Мысль 1978. – С. 347-531.
- 87 Античные теории языка и стиля/ Под ред. О.М. Фрейденберга. ОГИЗ, – М-Л.: Гос. соц.-эконом. Изд-во, 1936. – 341 с.
- 88 Рижский И. Опыт риторики, сочиненный и вновь исправленный и пополненный Иваном Рижским. – Москва: В Университетской типографии, 1809. – С. 49-64.

- 89 Стефановский И.Н. Учебный курс теории словесности. – Белгород: Типография А.А.Вейнбаума, 1899. – 155 с.
- 90 Пастернак Е. Л. «Риторика» Б. Лами в истории французской филологии. – Москва: Языки славянской культуры, 2002. – 328 с.
- 91 Миллер В.Н. Детермирована ли антонимия экстралингвистическими факторами? – Целиноград: Целиноградский государственный пед. ун-т, 1982. – 23 с.
- 92 Николаева М.А. Строение антономического ряда и антонимические отношения прилагательных (На материале французского языка) // Филологические науки. – 1979. – № 1. – С. 49-57.
- 93 Кондаков Н.И. Логический словарь-справочник. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Наука, 1976 – 720 с.
- 94 Гетманова А.Д. Учебник по логике. – Москва: ЧеРО, 1997 – 304 с.
- 95 Уфимцева А.А. Слово в лексико-семантической системе языка. – Москва: Наука, 1968. – 272 с.
- 96 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы: Оқулық. – Алматы: Мектеп, 1989. – 192 б.
- 97 Ключева В.Н. Проблема антонимов // Ученые записки 1 МГПИИЯ. Т.IX. – Москва, 1956. – С.75-85.
- 98 Максимов Л.Ю. Антонимия как один из показателей качества прилагательных: Автореф. дис. ...канд.филол.наук. – Москва, 1958. – 35 с.
- 99 Комиссаров В.Н. Словарь антонимов английского языка. – Москва, 1964. – 18 с.
- 100 Завьялова В.Н. Антонимы /Пособие по лексике немецкого языка/. – Москва, 1969. – 185 с.
- 101 Колесников Н.И. Словарь антонимов русского языка. –Тбилиси, 1972. – 240 с.
- 102 Сырбу Р. Семный анализ антонимов /методический аспект/ //Русский язык за рубежом. – 1975. – №5. – С.86-89.
- 103 Завьялова В.Н. Антонимические отношения в сфере однокорневых имен прилагательных современного немецкого языка: Автореф. дис. ...канд.филол.наук. – Москва, 1973. – 26 с.
- 104 Морозова В.М. Антонимия имен существительных в современном русском языке: Автореф. дис. ...канд.филол.наук. – Куйбышев, 1974. – 32 с.
- 105 Есбулатова Р.М. Речевые антонимы в публицистических произведениях А.Н.Толстого периода ВОВ // Известия АН КазССР. Серия филологическая.. – Алма-Ата, 1979. – №4 – С.51-56.
- 106 Никонова С.И. Антонимия и контекст // Содержание и методика преподавания русского языка в средней и высшей школе. – Волгоград, 1972. – С.7-9.
- 107 Брудный А.А. Значение слова и психология противопоставлений // Семантическая структура слова. – Москва, 1971. – С.19-27.
- 108 Титова Л.Н. Контрастное ассоциирование как элемент речемыслительной деятельности // Материалы всесоюзного симпозиума по

проблеме "Мышление и общение". – Алма-Ата, 1973. – С. 237-248.

109 Маслова В.И. Принцип противопоставления и его реализация в системе языка /на лексическом материале/: Автореф. дис. ...канд.филол.наук. – Москва,1981. – 20 с.

110Булаховский Л.А. Энантиосемия. Развитие противоположных значений // Русская речь. – 1988. – №2. – С.68-70.

111 Ерина Т.Н. Имена существительные с приставкой "не" как антонимы // Русский язык в школе. – 1985. – №2. – С.93-96.

112 Лексическая основа русского языка. Комплексный словарь. Под ред. В.В.Морковкина. – Москва,1984. – 530 с.

113 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика). – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасы, 1962. – 316 б.

114Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі антонимдер // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1959. – №19. – 51-53 б.

115Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Сөздік – Словарь», 2006. – 264 б.

116Sultaniyazova I.S. New ways of antonymy theory in Kazakh language knowledge //«Kluczowe aspekty naukowej Działalności - 2015» XI халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы, Przemyśl , Poland. 7-15.01.2015. Б. 21-27.

117Жұмабекова А.Қ. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2000. – 184 б.

118 Нурмуханов Х.М. Эмоционально-экспрессивная лексика драматургических произведений М.Ауэзова: Автореф. дис. ...канд. филол.наук. – Алма-Ата, 1969. – 31 с.

119 Гвоздев А.Н. Современный русский литературный язык. Синтаксис. –Москва, 1973. Ч. II. – 356 с.

120 Жаңабекова А.Ә. Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы: филол. ғыл. док. дисс... – Алматы, 2010. – 348 б.

121 Султаниязова И.С. Антонимияның когнитивтік бағытта зерттелуі.// ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2015 жылғы № 2 (154). Б. 426-432.

122 Кажигалиева Г., Жарбаева М. Об эмоциональном потенциале художественной антонимии // Абай ат. ҚазҰПУ, Хабаршы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2013. – № 1– Б. 6-9.

123 Қосымова Г. Білім-ғылым мазмұнды шешендік: Абай мен М.Әуезовтің антоним, синоним сөздерді пайдаланудағы шеберлігі // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы = Известия НАН РК. Серия филологическая. – 2004. – №2. – Б. 22-27.

124 Мейренбекова А., Садырова З.Қ. Абай шығармаларындағы антонимдік қолданыстар // Жас ғалымдар жаршысы. – 2013. – №719 – Б. 120-136.

125Жүсіпов А.Е. Антонимдерден болған стилистикалық фигуралар // Қаз МУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2002. – № 18 (52) – Б. 148-150.

- 126 Найманбай Н. Р. Антонимия және компаративтік құрылымдар // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2005. – № 4 – Б. 190-194.
- 127 Нұрбердиев М.Г. Қазақ және араб тілдеріндегі антонимдерге оппозитивті талдау // Абылай хан ат. ҚазХҚӨТУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2009. – № 1. – Б. 77-86.
- 128 Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В. Я. Ярцева. – Москва: Большая Российская энциклопедия, 2002. – 709 с.
- 129 Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. I том. Көкейкесті. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 464 б.
- 130 Бакбергенов С. Қарға тамған қан. Роман. – Астана: «Елорда», 2000. – 352 б.
- 131 Жұмабекова А.Қ., Султаниязова И.С. Антонимдік оппозиция термині туралы // М.Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – №1 (53). – Б. 209-215.
- 132 Жұмаділов Қ. Бір ғана ғұмыр. Әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 352 б.
- 133 Ахметжан Т. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Әңгімелер мен пьесалар. - Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2007. – 288 б.
- 134 Найманбаев Қ. Екі томдық таңдамалы шығармалар. I том, роман, әңгімелер – Алматы, «Жазушы», 1991. – 480 б.
- 135 Лайонз Дж. Введение теоритическую лингвистику. – Б: БГК им. И.А. Бодуэн де Куртэне, 1999. – 536 б.
- 136 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 137 Миллер Е.Н. Словарь антонимов русского языка для учащихся национальной средней школы. – Алматы: Мектеп, 1986. – 96 с.
- 138 Ақмамбет Ә. Қатын қашқан: хикаялар, ертегілер, әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1994. – 336 б.
- 139 Султаниязова И.С. Антонимияның метатілі туралы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2013. – №2 (44). – Б. 65-68.
- 140 Инькова-Манзотти О.Ю. Коннекторы противопоставления во французском и русском языках. – Монография. – Москва, 2001.
- 141 Гаврилова Н.Ф. К вопросу о роли коннекторов организации дискурса // Семантика и прагматика языковых единиц и речевых структур. Тезисы докладов: Институт языкознания АН СССР, 1987. – С. 5-6.
- 142 Левицкий Ю.А. О маркеах и коннекторах // Семантика служебных слов. – Пермь, 1982. – С. 113-122.
- 143 Андреева Г.В. Языковое выражение контраста и его стилистические функции в художественной прозе (на материале английского языка). – Ленинград, 1984. – 274 с.
- 144 Позняк Л.П. Тексторганизующая роль контраста и аналогии в произведениях англоязычных авторов. – Иркутск, 2002. – 218 с.
- 145 Торосян М.С. Феномен контраста в аспекте концептуальной организации художественного текста: На материале языка послевоенной прозы. – Ставрополь, 2005. – 278 с.

- 146Егорченко О.Н. Стилистические фигуры контраста в современном русском литературном языке: семантико-структурно-функциональная характеристика – дисс. канд. филол. наук. – Абакан, 2006. – 164 с.
- 147Мартынова О.П. Контраст как семантико-функциональная основа художественного текста: на примере текста англоязычного короткого рассказа. – Москва, 2006. – 320 с.
- 148Степанова Н. Ю. Контраст как средство создания комического эффекта: дисс. док. филол. наук. – Коломна, 2009. – 220 с.
- 149Толстая А.Л. Антонимия как механизм создания контраста в современной публицистической речи. – Москва, 2010. – 245 с.
- 150Сазонова В.А. Антонимы как средство выражения контраста в языке и художественной речи: дисс. док. филол. наук. – Красноярск, 2011. – 197 с.
- 151Петрова Г. В. Речевые средства контраста в романе Федина «Костер» // Стилистика художественной литературы. – Москва: Просвещение, 1982. – С. 200-205.
- 152Стилистический энциклопедический словарь русского языка / Под ред. М.Н. Кожинной. Члены редколлегии Е.А. Баженова, М.П. Котюрова, А.П. Сковородников. – Москва: Флинта: Наука, 2003. – 696 с.
- 153Брокгауз Ф.А., Ефрон И.А. Энциклопедический словарь. Современная версия – Москва: Издательство Эксмо, 2003. – 672 с.
- 154Кузнецова А.В. Фигуры контраста и их функции в творчестве М.Ю. Лермонтова: дисс... канд. филол. наук. – Ростов-на-Дону, 1998. –158 с.
- 155 Станиславская С.А. Контраст как принцип организации поэтического текста (на материале ранней поэзии А. Ахматовой и Н. Гумилева) : дисс. ... канд. филол. наук. – Саратов, 2001. – 195 с.
- 156Купина Т.А. Марина Цветаева. Эволюция образов. – Москва, 1985. – 112 с.
- 157Азнаурова Б.С. Очерки по стилистике слова. – Ташкент: Издательство ФАН, 1973. – 406 с.
- 158Одинцов В. В. Стилистика текста. – Москва: Наука, 1980. – 263 с.
- 159Соколова Н.Л. Антонимия с точки зрения теории оппозиций // Структурно-семантические и коммуникативно-функциональные характеристики языковых единиц. – Москва, 1989. – С.11-20.
- 160Некрасова Е.А. Как сделаны стихи Блока // Родная речь. Москва, 1981. – №2. – С. 15-22.
- 161 Султаниязова И.С. Контрасттың стильдік фигуралар арқылы көрініс табуы // «Заманауи филологиялық ғылымдар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары жинағы. – Алматы, 2013. – Б. 583-585.
- 162Зиновьев А. Основания русской стилистики по новой и простой системе. – Москва: Университетская типография, 1858. – 52 с.
- 163Леммерман Х. Учебник риторики. Тренировка речи с упражнениями: Пер. с нем. – Москва: АО «Интерэксперт», 1999. – 256 с.

- 164Москвин В.П. Стилистика русского языка: Приемы и средства выразительности и образной речи (общая классификация): Пособие для студентов. – Волгоград: Учитель, 2000. – 198 с.
- 165Щербаков А.В. Стилистический контраст // Культура русской речи. Энциклопедический словарь-справочник. – Москва: Флинта: Наука, 2003. – С. 690-692.
- 166Сковородников А.П.Оксюморон или оксиморон// Культура русской речи. Энциклопедический словарь-справочник. – Москва: Флинта: Наука, 2003. –С. 386 - 388.
- 167Горнфельд А. Фигура в поэтике // Вопросы теории и психологии творчества. Т. 1. –Харьков: Типография «Мирный труд», 1911. – 432 с.
- 168Кожевникова Н. Л. Словоупотребление в русской поэзии начала XX в. – Москва: Наука, 1986. – 252 с.
- 169Мезенин С. М. Образные средства языка (на материале произведений Шекспира): Учебное пособие. – Тюмень: Изд-во Тюменского госуниверситета, 2002. – 124 с.
- 170Матвеева Т. В. Учебный словарь: русский словарь, культура речи, стилистика, риторика. – Москва: Флинта: Наука, 2003. – 432 с.
- 171Скребнев Ю. М. Фигура речи // Энциклопедия. Русский язык. / Гл. ред. Ю. Н. Караулов. – Москва: Большая Российская энциклопедия, 1998. – С. 590-594.
- 172М. Әуезов Абай жолы Роман-эпопея. – Алматы: «Жеті жарғы», 1997. – 320 б.
- 173Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
- 174Голуб И.Б. Русский язык и культура речи: Учебное пособие. –Москва: Логос, 2002. – 432 с.
- 175Борев Ю.Б. Эстетика. – Москва: Политиздат, 1988. – 496 с.
- 176Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов: Пособие для учителя. – Москва: Просвещение, 1985. – 399 с.
- 177Квятковский А. Поэтический словарь. – Москва, 1966. – 366 с.
- 178Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. – Москва: УРСС, 2004. – 576 с.
- 179Граудина Л.К., Кочеткова Г.И. Русская риторика. – Москва: Центрполиграф, 2001. – 669 с.
- 180Культура русской речи: Энциклопедический словарь-справочник/Под ред. Л.Ю. Иванова, А.П. Сковородникова, Е.Н. Ширяева и др. – Москва: Флинта: Наука, 2003. – 840 с.
- 181Львов М.Р. Риторика. Культура речи: Учеб. пособие для студентов гуманитарных факультетов вузов. Москва: Издательский центр «Академия», 2003. – 272 с.
- 182Пекарская И.В. Контаминация в контексте проблемы системности стилистических ресурсов русского языка. 4.П. – Абакан, 2000. – 344 с.

- 183 Ломоносов М.В. Краткий энциклопедический словарь/ Ред-сост. Э.Л. Карпеев. – Санкт- Петербург: Наука, 1999. – 257 с.
- 184 Муравьева Н.В. Риторические средства: от практики к теории и обратно// Речевое общение: Специализированный вестник/ Краен, гос. ун-т.; Под ред. А.П. Сковородникова Вып. 2 (10). Красноярск, 2000. – С. 27-32.
- 185 Боженкова Н.А. Стилистические фигуры и типологические аспекты исследования: Дисс. . .кфилн. М, 1998.
- 186 Бабаханова Л.Г. Структурно-семантические особенности антитезы как стилистического приема: Автореф. дис.... канд. филол. наук. – Москва, 1967. – 22 с.
- 187 Матвиевская Л.А. Контраст и антитеза // Русский язык в школе, 1978, № 5. С. 50-65.
- 188 Русский язык. Энциклопедия./ Под ред. Ю.Н. Караулова. – Москва: Большая Российская энциклопедия: Дрофа, 1998. – 703 с.
- 189 Хазагеров Т.Г., Ширина Л.С. Общая риторика: Курс лекций; Словарь риторических фигур. – Ростов н/Д: Феникс, 1999. – 320 с.
- 190 Розенталь Д.Э., Голуб И.Б. Секреты стилистики. – Москва: Рольф, 2002. – 208 с.
- 191 Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы: оқу құралы. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. – 104 б.
- 192 Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы: оқу құралы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007. – 66 б.
- 193 Арнольд И.В. Стилистика. Современный английский язык: Учебник для вузов. – Москва: Флинта: Наука, 2002. – 384 с.
- 194 Иконников С.Н. Стилистический анализ текста. – Киев: Радянська школа, 1982. – 162 с.
- 195 Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі: морфология, лексикология және синтаксис: оқу құралы. – Алматы: Зият-Пресс, 2006. – 256 б.
- 196 Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – Москва, 1983. – 276 с.
- 197 Бектұрғанова Ж.М. Стилистикалық жаттығу: әдістемесі және тәжірибесі. // М.Өтемісов ат. БҚМУ Хабаршысы. – 2011. – № 3. – Б. 79-85.
- 198 Есенова Қ.Ө. Медиалингвистика: мерзімді баспасөз тілін зерттеудің прагматикалық аспектісі. Оқу құралы. – Алматы, 2012. – 290 б.
- 199 Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. - Алматы: Ғылым, 1971. -188 б.
- 200 Алдашева А. Қазіргі баспасөз тілі: жанрлық-стильдік ерекшеліктер // Мемлекеттік тіл: терминология, ісқағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. - Астана, 1999. -364-370 бб.
- 201 Бүркіт О. Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі. - Алматы: Ғылым, 2001. -270 б.
- 202 Момынова Б. Газет лексикасы: жүйесі мен құрылымы. - Алматы, 1999. - 140 б.

- 203 Гальперин П.Я. К проблеме внимания// Хрестоматия по вниманию. - М., 1976. - С. 37-45.
- 204 Кузнец М.Д., Скребнев Ю.М. Стилистика английского языка. – Ленинград: Ленинградск. отд-ние: Учпедгиз, 1960. –173 с.
- 205 Егемен Қазақстан, 2012.
- 206 Невинская М.Д. Концептуальная оппозиция «народ – власть» в политическом дискурсе: дисс. канд. фил. наук. – Волгоград, 2006. – 177 с.
- 207 Султаниязова И. Публицистикада антонимдік оппозициялардың қолданылуы // «Наука и жизнь Казахстана // Қазақстанның ғылымы мен өмірі» журналы. 2015 жылғы № 2 (29). Б. 191-195.
- 208 Ыбырайым Б. Заман және жаңашылдық. /Саясат – Policy, №10 2003.
- 209 Карасик В.И. Языковой круг личность концепты дискурс . – Москва, 2004. – 390 с.
- 210 Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса: монография. – Волгоград: Перемена, 2000 – 368 с.
- 211 Солтанбекова Ғ. Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және оның ықпал ету қызметі: филол.ғыл.канд.дисс... -Алматы, 2001. -131 б.
- 212 Почепсов Г.Г. Теория и практика коммуникации (от речи президентов до переговоров с террористами). – Москва: Центр, 1998. – 352 с.
- 213 Moris Ch.W. Foundations of the Theory of Signs (Основания теории знаков). – 1938.
- 214 Grice H.P. Logic and conversation. – In “Syntax and semantics”, v.3, ed by P.Cole and J.L. Morgan. – N.York: Academic Press, 1975. – p. 41-58.
- 215 Султаниязова И., Беласарова Ж. Қарама-қарсы тілдік бірліктердің жарнама мәтінін көркемдеудегі рөлі //«Профессор Қ.Қ. Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы. – Алматы, 2015. – Б. 580-583.
- 216 Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. 4 – том. Сөздер сөйлейді. – Алматы: 2014. – 429 б.
- 217 Б.Шалабай. Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. Монография. – Алматы: ҚазМемАгрУ «Агроуниверситет» баспасы, 1997 ж. –129 б.
- 218 Кирилов В.И., Старченко А.Л. Логика. – Москва, 1982. – 185 с.
- 219 Арнольд И.В. Стилистика современного английского языка (стилистика декодирования). – Ленинград: Просвещение, 1981. – 295 с.
- 220 Кухаренко В. А. Интерпретация текста. – Москва: Просвещение, 1988. – 192 с.
- 221 Қауыпбаев Т. Бетегелі бел. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1986. – 264 б.
- 222 Ахметбеков К. Қасірет. Роман. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2010. – 408 б.
- 223 Жұмаділов Қ. Дарабоз. Тарихи роман-диалогия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. 1-кітап. – 416 б.

- 224Батыр Д. Жарсыз өткен ғұмыр: Роман, әңгімелер. – Алматы: «Құс жолы», 2008. – 336 б.
- 225Ахметжан Т. Ақиқат жолы. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2008. – 240 б.
- 226Sultaniyazova I., Zhumabekova A. Antonymic opposition as a reflection of the universal and national linguistic picture of the world (On the material of Kazakh language). // Mediterranean Journal of Social Sciences Vol 6 , No 4; 2015: P. 448-455.
- 227Цивьян Т.В. өзінің «Модель мира и ее лингвистические основы. – Москва: Ком Книга, 2006. – 280 с.
- 228Belassarova Zh, Muratbek N., Sultaniyazova I., Nurbaeva A, Sabirova D. Realisation of Parameters of Bologna Process at Teaching of Philologists in the Republic of Kazakhstan // Canadian Center of Science and Education Review of European Studies; Vol. 7, No. 7; 2015: P. 356-364.
- 229Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997. – 176 б.
- 230Митина Л.М. Психология развития конкурентоспособности личности / Л.М.Митина. – Москва: Московский психолого-социальный институт; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2002.
- 231Адольф В.А. Профессиональная компетентность современного учителя: Монография / Красноярский государственный университет: Красноярск, 1998.
- 232Овсяникова А.В. Профессиональная компетентность преподавателя вуза как психолого-педагогическая категория // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. № 121, 2010.
- 233Deakin Crick, Ruth: “Key Competencies for Education in a European Context: narratives of accountability or care” European Educational Research Journal Volume 7 N 3, 2008.
- 234Педагогика и психология высшей школы. Учеб. пособие. Ростов-на-Дону, 2002 – 543стр.
- 235Кайкаус. Кабуснама. Алматы, 2002
- 236Қыдыршаев А.С. Шешен-лектор профессиограммасы. – Орал, 2004ж. – 144 б.
- 237Қоянбаев Р.М.Қысқаша педагогикалық сөздік. Педагогтік оқу орындарының студенттеріне арналған. – Алматы: Абай атындағы мемлекеттік университет, 2003. – 62 б.
- 238Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Словарь по педагогике (междисциплинарный). – Москва: ИКЦ «Март», 2005. – 448 с.
- 239Нұрбекова Г.Д. Жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің жоғары сынып оқушыларын диалог сөзге үйретуде интерактивті тәсілді қолдану әдістемесі: пед.ғыл.док. ... автореф. – Алматы, 2002. – 25 б.
- 240Гузеев В.В. Методы и организационные формы обучения. – Москва: Народное образование, 2001. – 128 с.

- 241Бөлекбаева Г.К. Қазақ тілі сабағында интерактивтік әдісті қолданудың тиімділігі. // Профессионал Казахстана. – 2006. – № 2 (33). – Б. 19-21.
- 242Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. – Москва: Арена, 1994. – 215 с.
- 243Осипова Ю., Адильгазин Г. К определению понятия «интерактивные технологии» обучения. //Высшая школа Казахстана. –2001. – № 4,5. – С. 44-49.
- 244Дүзбаева Р.М. Дидактические основы формирования готовности студентов к интерактивному обучению: дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2001. – 161 с.
- 245Сыдықов Т.С., Абылқасымов А.Е. Дидактические основы образования в высшей школе: учебное пособие. – Алматы: РИК Казахской академии образования им. И.Алтынсарина, 2000. – 187 с.
- 246Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М. Диалоги в школе XXI века / под ред. К.Х. Закирьянова. – Алматы: Ғылым, 1995. – 207 с.
- 247Тұрғынбаева В.А. Студенттердің субъектілігін қалыптастыру // Қазақстан кәсіпкері. –2008. – №12. – Б. 47-48.
- 248Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. – Алматы: ҚазМЗА 2000. – 167 б.
- 249Мұқажанов М.Т.Роль интерактивного обучения в современном образовательном процессе // Вестник средней школы. – 2007. - №4(4). - С. 5-6.
- 250Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2008. – 50 б.
- 251Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 160 б.
- 252 Бейсембайқызы З.Б. Қазақ тілін модуль негізінде оқыту. – Алматы: Білім баспасы, 2001. – 174 б.
- 253Жақсылықова К. Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері пед. ғыл. докторы...дисс Алматы, 2001. – 300 б.
- 254 Лаврентьев Г.В., Лаврентьева Н.Б. Слагаемые технологии модульного обучения.- 1994, 21-26.
- 255Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде (Аударған Д.А.Қойшыбекова). – Алматы, 2002. – 180 б.
- 256Кенжебаева Г.М. Жоғары оқу орындарында «Қазақ диалектологиясы» пәнін модульдік технология арқылы оқыту пед. ғыл. канд. дисс.. автореф. – Алматы, 2010. – 34 б.
- 257«Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (Құрастырған С.А. Жиренов). - Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, 2013. – 16 б.
- 258«Қазақ тілінің стилистикасы» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (Құрастырған Е. С. Қасенов). - Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, 2013. – 12 б.

- 259«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» пәнінен білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік кешені (Дайындаған Ф.Ш. Оразбаева, Р.Қ. Бақбергенова). – Алматы: Абай атындағы Қаз ҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2012. – 96 б.
- 260Аханов К. Тіл білімінің негіздері басылым. – Алматы, 1978. – 234 б.
- 261Қордабаев Т. Жалпы тіл бөлімі: оқулық. – Алматы: «Мектеп», 1983. – 232 б.
- 262Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997. – 256 б.
- 263Смағұлова Г.Н. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. 500 тест. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 90 б.
- 264Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы: Эверо, 2008. – 464 б.
- 265Шаталов В.Ф. Точка опоры. Об экспериментальной точке преподавания. – Москва: «Педагогика», 1987. – 158 с.
- 266Султанязова И.С. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктерді оқытудың әдістемелік аспектілері // «Наука и жизнь Казахстана // Қазақстанның ғылымы мен өмірі» журналы. 2015 жылғы № 3 (30). Б. 179-183.
- 267Galton, M. & Hargreaves, L., (2002). Transfer from the Primary School: 20 Years On. [Бастауыш мектептен көшу: 20 жылдан кейін] London: Routledge.
- 268Сатбекова А.А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері пед.ғыл.док. ... дисс... Алматы, 2009. – 260 б.
- 269Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. – 207 б.
- 270Mercer, N. and Littleton, K., (2007). Dialogue and the development of thinking. A sociocultural approach. [Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл] NY: Routledge.
- 271Alexander, R., (2004). Towards dialogic teaching: rethinking classroom talk. [Диалогтік сөйлесуді оқыту: сыныптағы әңгімелесулерді қайта түсіну] Cambridge: Dialogos UK.
- 272Mercer, N. (2000). Words and Minds: how we use language to think together [Сөз бен сана: Бірлесіп ойлану үшін тілді қалай пайдаланамыз]. London: Routledge. Mercer, N., (1995).
- 273Wragg, E. and Brown, G. (2001) Questioning in the Primary School [Бастауыш мектептің мәселелері] Routledge Falmer
- 274Колшанский Г.В. Контекстная семантика. – Москва: Наука, 1980. Ильенко С.Г. Изучение слова и проблемы развития речи. // Слово как предмет изучения: Сб. науч. трудов. – Ленинград: ЛГПИ, 1977. – 389с